

**Бір жағынан, Қазақстан Республикасы мен екінші жағынан, Еуропалық Одақтың және оған мүше мемлекеттердің арасындағы кеңейтілген әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 25 наурыздағы № 475-V ҚРЗ

2015 жылғы 21 желтоқсанда Астанада жасалған бір жағынан, Қазақстан Республикасы мен екінші жағынан, Еуропалық Одақтың және оған мүше мемлекеттердің арасындағы кеңейтілген әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісім ратификациялансын.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

*Н. Назарбаев*

**БІР ЖАҒЫНАН, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН ЕКІНШІ ЖАҒЫНАН,  
ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ ЖӘНЕ ОҒАН МҮШЕ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ  
АРАСЫНДАҒЫ  
КЕҢЕЙТІЛГЕН ӘРІПТЕСТІК ПЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ  
КЕЛІСІМ**

**МАЗМҰНЫ**

АТАУЫ

КІРІСПЕ

I БӨЛІМ ОСЫ КЕЛІСІМНІҢ ЖАЛПЫ ҚАҒИДАТТАРЫ ЖӘНЕ МАҚСАТТАРЫ

II БӨЛІМ СЯСИ ДИАЛОГ. СЫРТҚЫ САЯСАТ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК  
САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

III БӨЛІМ САУДА ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК

1 - Т А Р А У ТА У А Р Л А Р СА У Д А С Ы

2 - Т А Р А У К Е Д Е Н

3 - Т А Р А У САУДАДАҒЫ ТЕХНИКАЛЫҚ ТОСҚАУЫЛДАР

4 - Т А Р А У САНИТАРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ФИТОСАНИТАРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

5 - Т А Р А У КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР САУДАСЫ ЖӘНЕ ҚҰРУ

1 - БӨЛІМ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

2 - БӨЛІМ ҚҰРУ ЖӘНЕ КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІ ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ

Б Е Р У

1 - КІШІ БӨЛІМ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ БАРЛЫҚ ТҮРЛЕРІ

2 - КІШІ БӨЛІМ КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР САЛАСЫН ҚОСПАҒАНДА,

## ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

3-БӨЛІМ	ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ІСКЕРЛІК МАҚСАТТАРДА УАҚЫТША
Қ А Т Ы	С У Ы
4 - БӨЛІМ	І Ш К І Р Е Т Т Е У
5-БӨЛІМ	ЖЕКЕ СЕКТОРЛАР БОЙЫНША ЕРЕЖЕЛЕР
6 - БӨЛІМ	ЕРЕКШЕЛІКТЕР
7 - БӨЛІМ	ИНВЕСТИЦИЯЛАР
6-ТАРАУ	КАПИТАЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМДЕР
7-ТАРАУ	ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК
1 - БӨЛІМ	Қ А Ф И Д А Т Т А Р
2-БӨЛІМ	ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ СТАНДАРТТАРЫ
3-БӨЛІМ	ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ
4-БӨЛІМ	ДЕЛДАЛ РЕТІНДЕ ӘРЕКЕТ ЕТЕТІН КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР ПРОВАЙДЕРЛЕРІНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ
8-ТАРАУ	МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ
9-ТАРАУ	ШИКІЗАТ МАТЕРИАЛДАРЫ ЖӘНЕ ЭНЕРГЕТИКА
10-ТАРАУ	САУДА ЖӘНЕ ОРНЫҚТЫ ДАМУ
11 - ТАРАУ	БӘСЕКЕЛЕСТІК
12-ТАРАУ	МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРЫНДАР, МЕМЛЕКЕТ БАҚЫЛАЙТЫН КӘСІПОРЫНДАР ЖӘНЕ АРНАЙЫ НЕМЕСЕ ЭКСКЛЮЗИВТІ ҚҰҚЫҚТАР НЕМЕСЕ АРТЫҚШЫЛЫҚТАР БЕРІЛГЕН КӘСІПОРЫНДАР
13 - ТАРАУ	ТРАНСПАРЕНТТІЛІК
14 - ТАРАУ	ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУ
1-БӨЛІМ	МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ
2-БӨЛІМ	КОНСУЛЬТАЦИЯЛАР ЖӘНЕ МЕДИАЦИЯ
3-БӨЛІМ	ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУ РӘСІМДЕРІ
1 - КІШІ	БӨЛІМ ТӨРЕЛІК РӘСІМ
2 - КІШІ	БӨЛІМ САҚТАУ
3 - КІШІ	БӨЛІМ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР
4-БӨЛІМ	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР
IV БӨЛІМ	ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ
1-ТАРАУ	ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДИАЛОГ
2-ТАРАУ	МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ПЕН ІШКІ БАҚЫЛАУДЫ ҚОСА АЛҒАНДА, МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫНЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ
Ы Н Т Ы М А Қ Т А С Т Ы Қ	
3-ТАРАУ	САЛЫҚ САЛУ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ
4-ТАРАУ	СТАТИСТИКА САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ
5-ТАРАУ	ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

- 6-ТАРАУ КӨЛІК САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ
- 7-ТАРАУ ҚОРШАҒАН ОРТА САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ
- 8-ТАРАУ КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ
- 9-ТАРАУ ӨНЕРКӘСІП САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ
- 10-ТАРАУ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПОРЫНДАР САЛАСЫНДАҒЫ  
Ы Н Т Ы М А Қ Т А С Т Ы Қ
- 11-ТАРАУ КОМПАНИЯЛАР ТУРАЛЫ ЗАҢНАМА САЛАСЫНДАҒЫ  
Ы Н Т Ы М А Қ Т А С Т Ы Қ
- 12-ТАРАУ БАНК ІСІ, САҚТАНДЫРУ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҚАРЖЫЛЫҚ  
КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ
- 13-ТАРАУ АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ
- 14-ТАРАУ ТУРИЗМ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ
- 15-ТАРАУ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ АУМАҚТАРДЫ  
Д А М Ы Т У  
САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ
- 16-ТАРАУ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ, ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ, ӘЛЕУМЕТТІК  
С А Я С А Т  
ЖӘНЕ ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕРДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ  
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ
- 17-ТАРАУ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ
- V БӨЛІМ ЕРКІНДІК, ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ӘДІЛЕТ САЛАСЫНДАҒЫ  
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ
- VI БӨЛІМ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ БАСҚА ДА БАҒЫТТАРЫ
- 1-ТАРАУ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ
- 2-ТАРАУ МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ
- 3-ТАРАУ ЗЕРТТЕУЛЕР ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛАР САЛАСЫНДАҒЫ  
Ы Н Т Ы М А Қ Т А С Т Ы Қ
- 4-ТАРАУ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ЖӘНЕ ДЫБЫС-БЕЙНЕ  
САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ
- 5-ТАРАУ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ
- 6-ТАРАУ СПОРТ ЖӘНЕ ДЕНЕ БЕЛСЕНДІЛІГІ САЛАСЫНДАҒЫ  
Ы Н Т Ы М А Қ Т А С Т Ы Қ
- 7-ТАРАУ АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ
- 8-ТАРАУ ҒАРЫШ ҚЫЗМЕТІ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ
- 9-ТАРАУ ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ  
Ы Н Т Ы М А Қ Т А С Т Ы Қ
- 10-ТАРАУ ӨҢІРЛІК ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ
- 11-ТАРАУ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ
- VII БӨЛІМ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

VIII БӨЛІМ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ НЕГІЗДЕР

IX БӨЛІМ ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

I ҚОСЫМША 46-БАПҚА СӘЙКЕС АЛЫП ҚОЮЛАР

II ҚОСЫМША 48-БАПТЫҢ 2-ТАРМАҒЫНА СӘЙКЕС ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ

ҚОЛДАНАТЫН ШЕКТЕУЛЕР

III ҚОСЫМША III БӨЛІМНІҢ (САУДА ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК) 8-ТАРАУЫНЫҢ  
(МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ) ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ

IV ҚОСЫМША III БӨЛІМНІҢ (САУДА ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК) 8-ТАРАУЫНА  
(МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ) СӘЙКЕС САТЫП АЛУ ТУРАЛЫ  
АҚПАРАТТЫ ЖӘНЕ ХАБАРЛАНДЫРУЛАРДЫ ЖАРИЯЛАУҒА

АРНАЛҒАН

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ

V ҚОСЫМША III БӨЛІМНІҢ (САУДА ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК) 14-ТАРАУЫНА  
(ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУ) СӘЙКЕС ТӨРЕЛІК РӘСІМНІҢ ҚАҒИДАЛАРЫ

VI ҚОСЫМША III БӨЛІМНІҢ (САУДА ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК) 14-ТАРАУЫНА  
(ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУ) СӘЙКЕС ТӨРЕЛІК КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІ МЕН  
МЕДИАТОРЛАРДЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ КОДЕКСІ

VII ҚОСЫМША III БӨЛІМНІҢ (САУДА ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК) 14-ТАРАУЫНА  
(ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУ) СӘЙКЕС МЕДИАЦИЯ ТЕТІГІ

## **КЕДЕН ІСТЕРІНДЕГІ ӨЗАРА ӘКІМШІЛІК КӨМЕК ТУРАЛЫ ХАТТАМА**

### **КІРІСПЕ**

Бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатын бір жағынан,  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ мен екінші жағынан,  
АУСТРИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ,  
БЕЛЬГИЯ КОРОЛЬДІГІ,  
БОЛГАРИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ,  
ГЕРМАНИЯ ФЕДЕРАТИВТІК РЕСПУБЛИКАСЫ,  
ГРЕК РЕСПУБЛИКАСЫ,  
ДАНИЯ КОРОЛЬДІГІ,  
ИРЛАНДИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ,  
ИСПАНИЯ КОРОЛЬДІГІ,  
ИТАЛИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ,  
КИПР РЕСПУБЛИКАСЫ,  
ЛАТВИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ,  
ЛИТВА РЕСПУБЛИКАСЫ,

ЛЮКСЕМБУРГ ҰЛЫ ГЕРЦОГТІГІ,  
МАЖАРСТАН,  
МАЛЬТА РЕСПУБЛИКАСЫ,  
НИДЕРЛАНД КОРОЛЬДІГІ,  
ПОЛЬША РЕСПУБЛИКАСЫ,  
ПОРТУГАЛИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ,  
РУМЫНИЯ,  
СЛОВАК РЕСПУБЛИКАСЫ,  
СЛОВЕНИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ,  
ҰЛЫБРИТАНИЯ ЖӘНЕ СОЛТҮСТІК ИРЛАНДИЯ ҚҰРАМА КОРОЛЬДІГІ  
ФИНЛЯНДИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ,  
ФРАНЦУЗ РЕСПУБЛИКАСЫ,  
ХОРВАТИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ,  
ЧЕХ РЕСПУБЛИКАСЫ,  
ШВЕЦИЯ КОРОЛЬДІГІ,  
ЭСТОНИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ,

бұдан әрі "мүше мемлекеттер" деп аталатын Еуропалық Одақ туралы Шарттың және Еуропалық Одақтың жұмыс істеуі туралы Шарттың Уағдаласушы Тараптары,  
ж ә н е

## Е У Р О П А Л Ы Қ О Д А Қ ,

Тараптар арасындағы берік байланыстарды және оларға ортақ құндылықтарды, сондай-ақ олардың 1995 жылғы 23 қаңтарда Брюссельде қол қойылған бір жағынан, Қазақстан Республикасы мен екінші жағынан, Еуропалық Қоғамдастықтардың және оларға мүше мемлекеттердің арасындағы Әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісімнің және 2007 жылғы маусымда Еуропалық Кеңес қабылдаған Еуропалық Одақ пен Орталық Азия арасындағы Жаңа әріптестік стратегиясының, сондай-ақ 2008 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының «Еуропаға жол» атты мемлекеттік бағдарламасының орындалуы арқылы бұрын орнатылған байланыстарды одан әрі нығайту және кеңейту ниетін НАЗАРҒА АЛА ОТЫРЫП;

Тараптардың Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының (БҰҰ Жарғысы), Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының және Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының (ЕКҰҰ), атап айтқанда, Хельсинки Қорытынды актісінің, сондай-ақ басқа да жалпыға бірдей танылған халықаралық құқық нормаларының қағидаттары мен ережелерін толық көлемде басшылыққа алу міндеттемесін НАЗАРҒА А Л А О Т Ы Р Ы П ;

Тараптардың адамның негізгі бостандығы мен құқықтарын көтермелеуді, қорғауды және жүзеге асыруды, демократиялық қағидаттарды құрметтеуді, заңның үстемдігін және тиісінше басқаруды нығайтуға нық міндеттемесін НАЗАРҒА АЛА ОТЫРЫП;

Тараптардың адам құқықтары және демократия саласындағы өзінің

ынтымақтастығында мынадай: ортақ мақсаттарды ілгерілету, ашық және сындарлы саяси диалог, транспаренттілік және адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттарды сақтау қағидаттарына нық бейілділігін **МОЙЫНДАЙ ОТЫРЫП;**

Тараптардың еркін нарықтық экономика қағидаттарын сақтау міндеттемесін  
**НАЗАРҒА АЛА ОТЫРЫП;**

Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақ арасындағы сауда және инвестициялық қарым-қатынастардың өскелең маңыздылығын **МОЙЫНДАЙ ОТЫРЫП;**

Осы Келісім Тараптар арасындағы тығыз экономикалық қарым-қатынастарды одан әрі нығайтуға және олардың арасындағы сауда мен инвестицияларды, оның ішінде энергетика саласын одан әрі дамыту үшін жаңа ахуал және барынша қолайлы жағдайлар жасауға ықпал ететінін **НАЗАРҒА АЛА ОТЫРЫП;**

Күшейтілген құқықтық база негізінде, атап айтқанда, осы Келісімнің және Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы келісімнің (ДСҰ келісімі) негізінде барлық секторларда сауда мен инвестицияларды ұлғайту мақсатын **НАЗАРҒА АЛА ОТЫРЫП;**

Тараптардың халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке және дауларды бейбіт жолмен реттеуге, атап айтқанда, осы мақсатта БҰҰ мен ЕҚЫҰ шеңберінде тиімді ынтымақтастық арқылы жәрдемдесу міндеттемесін **НАЗАРҒА АЛА ОТЫРЫП;**

Тараптардың өзара мүддені білдіретін екіжақты және халықаралық мәселелер бойынша ұдайы саяси диалогты одан әрі дамытуға дайындығын **НАЗАРҒА АЛА ОТЫРЫП;**

Тараптардың жаппай қырып-жою қаруларын және оларды жеткізу құралдарын таратуға қарсы күрес жөніндегі халықаралық міндеттемелерге және оларды таратпау, ядролық қауіпсіздік пен физикалық ядролық қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастыққа бейілділігін **НАЗАРҒА АЛА ОТЫРЫП;**

Тараптардың атыс қаруын және жеңіл қару-жарақтардың заңсыз саудасы мен жинақталуына қарсы күресу міндеттемесін **НАЗАРҒА АЛА ОТЫРЫП** және БҰҰ Бас Ассамблеясының Қару саудасы туралы шартты (ҚСШ) қабылдағанын есте ұстай **ОТЫРЫП;**

Қазақстан Республикасының Еуропалық Одақ пен Орталық Азия арасындағы Жаңа әріптестік стратегиясын іске асыруға белсене қатысуының маңыздылығын **НАЗАРҒА АЛА ОТЫРЫП;**

Тараптардың ұйымдасқан қылмысқа және адам саудасына қарсы күрес және терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы ынтымақтастықты тереңдету міндеттемесін  
**НАЗАРҒА АЛА ОТЫРЫП;**

Тараптардың заңды көші-қон жөніндегі ынтымақтастыққа және заңсыз көші-қон мен адам саудасына қарсы күреске бағытталған кешенді тәсіл негізінде көші-қонмен байланысты мәселелер жөніндегі диалогты және ынтымақтастықты кеңейту міндеттемесін **НАЗАРҒА АЛА ОТЫРЫП** және осы Келісімнің реадмиссия туралы

ережесінің маңыздылығын тани отырып;

Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақ арасындағы екіжақты сауда қатынастарында теңдестірілген жағдайларды қамтамасыз етуге НИЕТ БІЛДІРЕ  
О Т Ы Р Ы П ;

Тараптардың Дүниежүзілік сауда ұйымындағы (ДСҰ) мүшелігінен туындайтын құқықтар мен міндеттерді сақтау, сондай-ақ осы құқықтар мен міндеттерді транспарентті кемсітпеушілік бойынша жүзеге асыру жөніндегі міндеттемесін ЕСКЕРЕ  
О Т Ы Р Ы П ;

Тараптардың орнықты даму қағидатын, оның ішінде көпжақты халықаралық шарттарды орындауды және өңірлік ынтымақтастықты ілгерілету арқылы сақтау міндеттемесін  
ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП;

Өзара мүддені білдіретін барлық салалардағы өзара тиімді ынтымақтастықты кеңейтуге және орындылығына қарай оның негіздерін нығайтуға НИЕТ БІЛДІРЕ  
О Т Ы Р Ы П ;

2006 жылғы 4 желтоқсанда Брюссельде жасалған Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақ арасындағы энергетика саласындағы ынтымақтастық жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандум негізінде және энергетикалық Хартияға Шарттың түпмәтінінде энергетика саласындағы ынтымақтастықты, энергетиканы беру қауіпсіздігін нығайту және тиісті инфрақұрылымды дамытуға жәрдемдесу қажеттілігін  
М О Й Ы Н Д А Й О Т Ы Р Ы П ;

Ядролық энергияны бейбіт мақсатта пайдалану саласындағы кез келген ынтымақтастық 1999 жылғы 19 шілдеде Брюссельде қол қойылған Қазақстан Республикасы мен Атом энергиясы жөніндегі Еуропалық Қоғамдастық арасындағы ядролық қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық туралы келісіммен реттелетінін және осы Келісімнің қолданылу саласына жатпайтынын  
М О Й Ы Н Д А Й О Т Ы Р Ы П ;

Тараптардың орнықты даму мен экономикалық өсудің алғышарты ретінде халықтың денсаулығын қорғау және адам денсаулығын сақтау деңгейін арттыру міндеттемесін  
НАЗАРҒА АЛА ОТЫРЫП;

Тараптардың адамдар арасындағы байланыстарды, оның ішінде ғылым және технологиялар, инновацияларды дамыту, білім беру және мәдениет салаласындағы ынтымақтастық пен алмасулар арқылы кеңейту міндеттемесін  
НАЗАРҒА АЛА О Т Ы Р Ы П ;

Тараптардың өзара пайдалы байланыстарды және орнықты дамуды одан әрі нығайту үшін өзара түсіністікке және өз заңнамасы мен нормативтік құқықтық базасын жақындастыруға ықпал ететінін  
НАЗАРҒА АЛА ОТЫРЫП;

Егер Тараптар осы Келісім шеңберінде Еуропалық Одақтың жұмыс істеуі туралы шарттың Үшінші бөлігінің V бөліміне сәйкес Еуропалық Одақпен жасалуы мүмкін еркіндік, қауіпсіздік және әділет саласында нақты келісімдер жасайтынын шешкен жағдайда, егер Еуропалық Одақ Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама

Корольдігімен және/немесе Ирландия Республикасымен бірлесіп, өздерінің бұрын туындаған тиісті екіжақты қарым-қатынастарын ескере отырып, Еуропалық Одақ туралы шартқа және Еуропалық Одақтың жұмыс істеуі туралы шартқа қоса берілетін Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі және Ирландия Республикасының еркіндік, қауіпсіздік және әділет кеңістігіне қатысты ұстанымдары туралы № 21 хаттамаға сәйкес, Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі және/немесе Ирландия Республикасы осындай келісімдермен Еуропалық Одақтың бір бөлігі ретінде байланысты болғандары/болғаны туралы Қазақстан Республикасын хабардар етпесе ғана, онда болашақтағы осындай келісімдердің ережелері Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігіне және/немесе Ирландия Республикасына міндеттемелер жүктемейтін болады. Ұқсас түрде, осы Келісімді орындау үшін жоғарыда көрсетілген V бөлімге сәйкес қабылдануы мүмкін Еуропалық Одақтың кез келген кейінгі ішкі шаралары, егер № 21 хаттамаға сәйкес олар өзінің қатысу немесе осындай шараларды қолдану ниеті туралы хабардар етпесе ғана Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі және/немесе Ирландия Республикасына міндеттемелер жүктемейтін болады. Осындай болашақтағы келісімдер немесе Еуропалық Одақтың осындай кейінгі ішкі шаралары аталған шарттарға қоса берілетін Дания Корольдігінің ұстанымы туралы № 22 хаттамаға жатқызылатынын да

**А Т А П    К Ө Р С Е Т Е    О Т Ы Р Ы П ,**

ТӨМЕНДЕГІЛЕР ТУРАЛЫ КЕЛІСТІ:

## **I БӨЛІМ**

### **ОСЫ КЕЛІСІМНІҢ ЖАЛПЫ ҚАҒИДАТТАРЫ ЖӘНЕ МАҚСАТТАРЫ**

#### **1-БАП**

##### **Жалпы қағидаттар**

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында, ЕҚЫҰ-ның Хельсинки Қорытынды актісінде және Жаңа Еуропаға арналған Париж хартиясында және басқа да адам құқықтары жөніндегі тиісті халықаралық құжаттарда бекітілген демократиялық қағидаттар мен адам құқықтарын және заң үстемдігі қағидатын құрметтеу екі Тараптың ішкі және халықаралық саясатының негізіне алынған және осы Келісімнің елеулі элементі болып табылады.

Тараптар еркін нарықтық экономика қағидаттарына, орнықты даму мен экономикалық өсуді ілгерілетуге өздерінің бейілділігін тағы да мәлімдейді.

Осы Келісімді орындау диалог, өзара сенім және құрметтеу, тең құқықты әріптестік, өзара пайда қағидаттарына және БҰҰ Жарғысында бекітілген қағидаттар мен құндылықтарды толық құрметтеуге негізделеді.



## **2-БАП**

### **Осы Келісімнің мақсаттары**

1. Осы Келісім ортақ мүддеге және оны қолданудың барлық салалардағы қатынастарды тереңдетуге негізделген өздерінің тиісті құзыреттері шегінде Тараптар арасындағы кеңейтілген әріптестік пен ынтымақтастықты белгілейді.

2. Бұл ынтымақтастық халықаралық және өңірлік бейбітшілік пен тұрақтылыққа, экономикалық дамуға жәрдемдесетін және Тараптардың өздерінің халықаралық міндеттемелерімен, атап айтқанда, БҰҰ және ЕҚЫҰ шеңберінде қайта растайтын қағидаттарға құрылған Тараптар арасындағы процесті білдіреді.

## **3-БАП**

### **Өңірлік және халықаралық ұйымдардағы ынтымақтастық**

Тараптар өңірлік және халықаралық форумдар мен ұйымдар шеңберінде ынтымақтасуға және пікір алмасуға келіседі.

## **II БӨЛІМ**

### **САЯСИ ДИАЛОГ. СЫРТҚЫ САЯСАТ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ**

## **4-БАП**

### **Саяси диалог**

Тараптар өзара мүддені білдіретін барлық салаларда, оның ішінде Еуразиялық континентте, халықаралық құқық, көпжақты институттар мен ортақ құндылықтар шеңберіндегі тиімді ынтымақтастық негізінде халықаралық бейбітшілікке, тұрақтылық пен қауіпсіздікке жәрдемдесу мақсатында тиімді саяси диалогты дамытады және нығайтады.

Тараптар БҰҰ мен ЕҚЫҰ рөлін нығайту және тиісті халықаралық және өңірлік ұйымдардың тиімділігін арттыру мақсатында ынтымақтасады.

Тараптар ағымдағы жаһандық және өңірлік қыр көрсетулер мен негізгі қатерлерге ден қою мақсатында халықаралық қауіпсіздік және дағдарысты басқару мәселелері бойынша ынтымақтастық пен диалогты тереңдетеді.

Тараптар өзара мүддені білдіретін барлық, атап айтқанда, халықаралық құқықты сақтау, демократиялық қағидаттарды құрметтеуді нығайту, заң үстемдігі, адам құқықтары және тиісті басқару сияқты мәселелер бойынша ынтымақтастықты

нығайтуға міндеттенеді. Тараптар өңірлік ынтымақтастықты, атап айтқанда, Орталық Азия шеңберінде және одан тысқары жерлерде одан әрі дамыту үшін жағдайларды жақсарту жөнінде жұмыс жүргізуге келіседі.

## **5-БАП**

### **Демократия және заң үстемдігі**

Тараптар адам құқықтарын ілгерілету мен тиімді қорғауда және заң үстемдігін, оның ішінде адам құқықтары саласындағы тиісті халықаралық құралдарды пайдалана отырып, қамтамасыз етуде ынтымақтасуға келіседі.

Мұндай ынтымақтастық Тараптармен өзара келісілген қызмет арқылы, оның ішінде заң үстемдігін құрметтеуді нығайту, адам құқықтары жөніндегі қазіргі диалогты одан әрі кеңейту, демократиялық институттарды одан әрі дамыту, адам құқықтары туралы хабардарлықты арттыруға жәрдемдесу және БҰҰ мен ЕҚЫҰ құқық қорғау органдары шеңберінде ынтымақтастықты кеңейту жолымен жүзеге асырылады.

## **6-БАП**

### **Сыртқы саясат және қауіпсіздік**

Тараптар сыртқы саясат және қауіпсіздік саласындағы диалог пен ынтымақтастықты жандандырады және атап айтқанда, жанжалдарды болғызбау және дағдарысты басқару, өңірлік тұрақтылық, қару-жарақты таратпау, қарусыздану және қару-жарақты бақылау, ядролық қауіпсіздік және қару мен қосарлы мақсаттағы тауарлардың экспортын бақылау мәселелерін қарайды.

Ынтымақтастық саясаттың тиімділігі мен жақындасуын арттыру және екіжақты, өңірлік және халықаралық форумдарды пайдалануға бағытталған ортақ құндылықтар мен өзара мүдделерге негізделеді.

Тараптар БҰҰ Жарғысы мен ЕҚЫҰ-ның Хельсинки Қорытынды актісінде айқындалған аумақтық тұтастықты, шекараның мызғымастығын, егемендік пен тәуелсіздікті құрметтеу қағидаттарына өзінің бейілділігін, сондай-ақ өздерінің екіжақты және көпжақты қатынастарында осы қағидаттарды ілгерілетуді ұстанатындықтарын тағы да растайды.

## **7-БАП**

### **Ғарыш қауіпсіздігі**

Тараптар ғарыш кеңістігіне байланысты бүкіл қызметтің қауіпсіздігін, сенімділігін және орнықтылығын арттыруға ықпал етеді және ғарыш кеңістігін бейбіт мақсаттарда

пайдаланылуын қамтамасыз ету мақсатында екіжақты, өңірлік және халықаралық деңгейлерде бірлесіп жұмыс істеуге келіседі. Екі Тарап та ғарыш кеңістігінде жанталаса қарулануды болғызбаудың маңыздылығын атап көрсетеді.

## **8-БАП**

### **Халықаралық қоғамдастықтың алаңдаушылығын туғызатын елеулі қылмыстар**

Тараптар бүкіл халықаралық қоғамдастықтың алаңдаушылығын туғызатын ең елеулі қылмыстар жазасыз қалмауға тиіс екенін және оларды соттық қудалау ұлттық немесе халықаралық деңгейде шаралар қолдану арқылы, оның ішінде Халықаралық қылмыстық сот арқылы қамтамасыз етілуге тиіс екенін тағы да растайды.

Рим статуты тұтастығының сақталуына тиісті назар аудара отырып, Тараптар Рим статуты туралы диалог жүргізуге келіседі және өздерінің заңнамасына сәйкес оның әмбебап болуына қол жеткізу үшін әлеуетті нығайтуға жәрдем көрсетуді қоса алғанда, шаралар қолдануға ұмтылады.

## **9-БАП**

### **Жанжалдарды болғызбау және дағдарысты басқару**

Тараптар бейбітшілік пен тұрақтылық жағдайын жасау мақсатында жанжалдарды болғызбау, өңірлік жанжалдарды реттеу және дағдарысты басқару жөніндегі ынтымақтастықты нығайтады.

## **10-БАП**

### **Өңірлік тұрақтылық**

Тараптар Орталық Азиядағы тұрақтылық пен қауіпсіздікке жәрдемдесу, сондай-ақ БҰҰ Жарғысында, ЕҚЫҰ-ның Хельсинки Қорытынды актісінде және екі Тарап та қатысушысы болып табылатын басқа да тиісті көпжақты құжаттарда айқындалған қағидаттар негізінде одан әрі өңірлік ынтымақтастыққа арналған жағдайларды жақсарту үшін бірлескен күш-жігерді жандандырады.

## **11-БАП**

### **Жаппай қырып-жою қаруын таратуға қарсы іс-қимыл**

Тараптар жаппай қырып-жою қаруын (ЖҚҚ) және оны жеткізу құралдарын мемлекеттік субъектілерге де мемлекеттік емес субъектілерге де тарату халықаралық тұрақтылық пен қауіпсіздікке төнетін ең елеулі қатерлердің бірі деп есептейді.

Тараптар өздерінің тиісті халықаралық-шарттық міндеттемелерін және қарусыздану

мен қаруды таратпау саласындағы өзге де тиісті халықаралық міндеттемелерін толық сақтау және орындау арқылы ЖҚҚ-ны және оны жеткізу құралдарын таратуға қарсы іс-қимыл жасауға ынтымақтасады және ықпал етеді. Тараптар осы ереже осы Келісімнің елеулі элементі болып табылатынына келіседі.

Бұл саладағы ынтымақтастық, оның ішінде:

(а) әскери және қосарлы мақсаттағы тауарлар мен технологияларға қатысты экспорттық бақылау жүйелерін одан әрі дамыту;

(b) осы бапта қамтылатын мәселелер бойынша ұдайы саяси диалог орнату арқылы жүзеге асырылады.

## **12-БАП**

### **Атыс қаруы және жеңіл қару-жарақтар**

Тараптар барлық тиісті деңгейлерде ынтымақтасады және оқ-дәріні қоса алғанда, атыс қаруы мен жеңіл қару-жарақтардың заңсыз саудасына қарсы күрес бойынша өздерінің күш-жігерін үйлестіруді, өзара толықтыруды және өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді және ұдайы саяси диалогты, оның ішінде көпжақты негіздегі диалогты жалғастыруға келіседі.

Тараптар бұл ынтымақтастықты қолданыстағы халықаралық шарттарға және БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің қарарларына, сондай-ақ Тараптар қатысушысы болып табылатын, осы салада қолданылатын басқа да халықаралық құжаттар шеңберіндегі өздерінің міндеттемелеріне толық сәйкестікте жүзеге асырады. Осыған байланысты екі Тарап та ҚСШ-ның құндылығына сенеді.

## **13-БАП**

### **Терроризмге қарсы іс-қимыл**

Тараптар заңның үстемдігі қағидатына, халықаралық құқыққа, адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттарға, гуманитарлық құқыққа және БҰҰ-ның Жаһандық терроризмге қарсы стратегиясын қоса алғанда, БҰҰ-ның тиісті шешімдеріне толық сәйкес келетін, терроризмнің алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жасау үшін екіжақты, өңірлік және халықаралық деңгейлерде бірлесіп жұмыс істеуге келіседі.

Тараптар арасындағы ынтымақтастық:

(а) БҰҰ-ның қарарларын, БҰҰ-ның Жаһандық терроризмге қарсы стратегиясын және терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы басқа да халықаралық конвенциялар мен құралдар бойынша өздерінің міндеттемелерін қажеттілігіне қарай орындауға;

(b) жоспарланып жатқан және жасалған террористік актілер, оларды жүзеге асырудың нысандары мен әдістері және халықаралық құқыққа және ұлттық заңнамаға сәйкес екінші Тараптың аумағында қылмыс жасауды жоспарлаған, жасап жатқан немесе жасаған террористік топтар туралы ақпаратпен алмасуға;

(с) терроризмнің барлық нысандарының, оның ішінде интернетті пайдалана отырып, террористік қылмыс жасауға жария түрде айдап салудың алдын алу жөнінде тәжірибе, сондай-ақ терроризмге қарсы іс-қимыл құралдары және әдістері жөнінде тәжірибе, техникалық саладағы тәжірибе алмасуға және Еуропалық Одақтың институттары, органдары мен агенттіктері ұсынатын немесе қаржыландыратын оқытуға;

(d) терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес бойынша ортақ күш-жігерді жандандыруға және радикалдандыру мен оған тарту процестері туралы пікірлер алмасуға; және

(e) терроризмге қарсы күресте адам құқықтарын қорғау саласында озық тәжірибемен алмасуға бағытталады.

## **III БӨЛІМ**

### **САУДА ЖӘНЕ КӘСПКЕРЛІК**

#### **1-ТАРАУ**

#### **ТАУАРЛАР САУДАСЫ**

##### **14-БАП**

##### **Неғұрлым қолайлы режим**

1. Осы Келісімге *mutatis mutandis* енгізілген және оның бір бөлігі болып табылатын, оған Түсіндірме ескертулерді қоса алғанда, 1994 жылғы Тарифтер мен сауда жөніндегі бас келісімнің (1994 ж. ТСБК) I бабына сәйкес әрбір Тарап екінші Тараптың тауарларына неғұрлым қолайлы режим (НҚР) ұсынады.

2. 1-тармақ 1994 ж. ТСБК-ға сәйкес кез келген Тараптың басқа елдің тауарларына ұсынатын преференциялық режиміне қатысты қолданылмайды.

##### **15-БАП**

##### **Ұлттық режим**

Осы Келісімге *mutatis mutandis* енгізілген және оның бір бөлігі болып табылатын, оған Түсіндірме ескертулерді қоса алғанда, 1994 ж. ТСБК-ның III бабына сәйкес әрбір Тарап екінші Тараптың тауарларына ұлттық режим ұсынады.

##### **16-БАП**

##### **Импорттық және экспорттық кеден баждары**

Әрбір Тарап импорттық және экспорттық кеден баждарын ДСҰ шеңберіндегі өздерінің тарифтік міндеттемелеріне сәйкес қолданады.

## **17-БАП**

### **Импортқа және экспортқа шектеу**

Тараптардың бірде біреуі екінші Тараптың кез келген тауарын импорттауға немесе осы Келісімге *mutatis mutandis* енгізілген және оның бір бөлігі болып табылатын, оған Түсіндірме ескертулерді қоса алғанда, 1994 ж. ТСБК-ның XI бабына сәйкес квоталар, импортқа немесе экспортқа лицензиялар немесе басқа да шаралар нысанында енгізілген, кедендік баждардан, салықтардан немесе өзге де алымдардан басқа, екінші Тараптың аумағына арналған кез келген тауарды экспорттауға немесе экспортқа сатуға кез келген тыйым салуды немесе шектеуді белгілей алмайды немесе сақтай алмайды.

## **18-БАП**

### **Тауарларды уақытша әкелу**

Әрбір Тарап тауарларды уақытша әкелу жөніндегі өзі үшін міндетті кез келген халықаралық конвенцияда көзделген жағдайларға және рәсімдерге сәйкес екінші Тарапқа уақытша әкелінетін тауарларға қатысты салықтар мен кедендік баждарды төлеуден босатуды ұсынады. Бұл босату босатуды ұсынатын Тараптың заңнамасына сәйкес қолданылады.

## **19-БАП**

### **Транзит**

Тараптар транзит еркіндігі қағидаты осы Келісімнің мақсаттарына қол жеткізудің елеулі шарты болып табылатынына келіседі. Осыған байланысты, осы Келісімге *mutatis mutandis* енгізілген және оның бір бөлігі болып табылатын, оған Түсіндірме ескертулерді қоса алғанда, 1994 ж. ТСБК-ның V бабына сәйкес әрбір Тарап екінші Тараптың кеден аумағынан жөнелтілген немесе кеден аумағына арналған тауарлардың өз аумағы арқылы еркін транзитін қамтамасыз етеді.

## **20-БАП**

### **Қорғау шаралары**

Осы Келісімде ештеңе де 1994 ж. ТСБК-ның XIX бабы және ДСҰ-ның Қорғау шаралары жөніндегі келісімі бойынша кез келген Тараптың құқықтары мен міндеттемелеріне нұқсан келтірмейді немесе ықпал етпейді.

## **21-БАП**

### **Ауыл шаруашылығының арнайы қорғау шаралары**

Осы Келісімде ештеңе де ДСҰ-ның Ауыл шаруашылығы жөніндегі келісімінің 5-бабы (Ауыл шаруашылығының арнайы қорғау шаралары) бойынша кез келген Тараптың құқықтары мен міндеттемелеріне нұқсан келтірмейді немесе ықпал етпейді.

## **22-БАП**

### **Демпингке қарсы және өтемақы шаралары**

1. Осы Келісімде ештеңе де 1994 ж. ТСБК-ның VI бабы, 1994 ж. ТСБК-ның VI бабын қолдану жөніндегі ДСҰ-ның келісімі мен ДСҰ-ның Субсидиялар және өтемақы шаралары жөніндегі келісімі (СӨШ жөніндегі келісім) бойынша кез келген Тараптың құқықтары мен міндеттемелеріне нұқсан келтірмейді немесе ықпал етпейді.

2. Түпкілікті шешім қабылдау алдында Тараптар 1994 ж. ТСБК-ның VI бабын қолдану жөніндегі ДСҰ келісімінің 6-бабының 5-тармағына және СӨШ жөніндегі келісімнің 12-бабының 4-тармағына нұқсан келтірмей, шараларды қолдану туралы шешім қабылдау үшін негіз болып табылатын барлық қарастырылып отырған елеулі фактілерді ашуды қамтамасыз етеді. Ақпаратты ашқан кезде мүдделі тараптарға олардың түсіндірмелерін ұсыну үшін жеткілікті уақыт беріледі.

3. Бұл тексеруді жүргізуге шамадан тыс кідіртуге әкеп соқпайтын жағдайларда, әрбір мүдделі тарапқа демпингке қарсы немесе өтемақы тексерулері барысында өз пікірін білдіру үшін тыңдалу мүмкіндігі беріледі.

4. Осы Келісімнің дауларды реттеу жөніндегі ережелері осы баптың ережелеріне қолданылмайды.

## **23-БАП**

### **Баға белгілеу**

Әрбір Тарап өзі арнайы немесе эксклюзивті құқықтар беретін немесе өзі бақылайтын және тауарларын ішкі нарықта сататын, сондай-ақ осындай өнімді экспорттайтын кәсіпорындардың немесе ұйымдардың мынадай:

(а) ішкі және халықаралық нарықтағы қызметпен байланысты шығыстар мен кірістерді; және

(б) ішкі және халықаралық нарықтағы қызметтен шығыстар мен кірістерді айқындау немесе бөлу әдістері туралы толық ақпаратты нақты белгілеу үшін бөлек есеп жүргізуін қамтамасыз етеді.

Мұндай бөлек есеп халықаралық танылған бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес себеп-салдарлық байланыстар, объективтілік, ашықтық және дәйектілік қағидаттары мен аудит деректеріне негізделеді.

## 24-БАП

### Ерекшеліктер

1. Тараптар 1994 ж. ТСБК-ның XX бабы және оған Түсіндірме ескертулер бойынша өздерінің қолда бар құқықтары мен міндеттемелері осы Келісімде қамтылатын тауарлар саудасына *mutatis mutandis* қолданылатынын растайды. Осы мақсатта 1994 ж. ТСБК-ның XX бабы және оған Түсіндірме ескертулер осы Келісімге *mutatis mutandis* енгізілді және оның бір бөлігі болып табылады.

2. Тараптар 1994 ж. ТСБК-ның XX бабының (i) және (j) тармақшаларында көзделген қандай да бір шараларды қолданар алдында шара қолдануға ниеттенген Тарап Тараптар үшін қолайлы шешім табу мақсатында екінші Тарапқа барлық тиісті ақпаратты беретінін түсінеді. Тараптар қиындықтарды еңсеруге қажетті кез келген шаралар туралы уағдаласа алады. Егер Тараптар мұндай ақпаратты бергеннен кейін 30 күн ішінде келісімге қол жеткізбесе, Тарап осы бапқа сәйкес қаралатын тауарға қатысты шаралар қолдана алады. Егер дереу әрекет етуді талап ететін ерекше және қиын жағдайлар алдын ала ақпарат беруге немесе зерделеуге мүмкіндік бермесе, шаралар қолдануға ниеттенген Тарап жағдайды шешу үшін қажетті сақтық шараларын шұғыл қолданады және бұл туралы екінші Тарапқа дереу хабарлайды.

3. Қазақстан Республикасы ДСҰ-ға Қазақстан Республикасының қосылуы туралы Хаттамада айқындалған осы Келісімнің 14-бабына, 15-бабына және 17-бабына сәйкес келмейтін белгілі бір шараларды, осы Хаттамада бұл шаралар үшін көзделген өтпелі кезеңдер аяқталғанға дейін сақтай алады.

## 2-ТАРАУ

### КЕДЕН

## 25-БАП

### Кедендік ынтымақтастық

1. Тараптар ашық сауда ортасын қамтамасыз ету, саудаға жәрдемдесу, жеткізіп беру тізбегінің қауіпсіздігін арттыру, тұтынушылардың қауіпсіздігін арттыру, зияткерлік меншік құқықтарын бұзатын тауарлар легіне кедергі болу және контрабанда мен алаяқтыққа қарсы күрес мақсатында кеден ісі саласында ынтымақтастықты нығайтады.

2. Тараптар бұл міндеттерді іске асыру үшін және қолда бар ресурстар шегінде, өзгелерімен қатар мынадай:

(а) кеден ісі және саудаға жәрдемдесу саласында қолданылатын, оның ішінде Еуропалық Одақ («Customs Blueprints» Кедендік практика мәселелері бойынша практикалық ұсынымдарды қоса алғанда), Дүниежүзілік сауда ұйымы және Дүниежүзілік кеден ұйымы әзірлеген (атап айтқанда, қайта қаралған Киото



конвенциясы) халықаралық конвенциялар мен стандарттарға сәйкес кеден заңнамасын жақсарту, кедендік рәсімдерді үйлестіру және оңайлату;

(b) кедендік тазартудың қазіргі заманғы технологияларын, уәкілетті экономикалық операторлар туралы ережелерді, тәуекелді бағалауға негізделген автоматтандырылған талдау мен бақылауды, тауарларды шығару үшін оңайлатылған рәсімдерді, кеденнен кейінгі бақылауды, ашық кедендік бағалауды және кеден мен бизнес арасындағы әріптестік туралы ережелерді қоса алғанда, қазіргі заманғы кеден жүйелерін орнату;

(c) кеден ісі саласында, атап айтқанда, шекарада, Дүниежүзілік кеден ұйымы Аруша Декларациясында белгіленген қағидаттарды көрсететін шараларды қолдану арқылы кәсіптік этиканың ең жоғары стандарттарын көтермелеу;

(d) әлеуетті жоспарлау мен нығайту және кәсіптік этиканың ең жоғары стандарттарын қамтамасыз ету үшін озық тәжірибе алмасу, оқыту мен техникалық көмек ұсыну ;

(e) қажет болған кезде Тараптардың құпия деректердің құпиялылығы және дербес деректерді қорғау туралы қағидалары сақталған кезде тиісті ақпарат пен деректер алмасу ;

(f) Тараптардың кеден органдары арасында үйлестірілген кедендік әрекеттерге қатысу ;

(g) саудаға жәрдемдесу жөніндегі барабар шараларды қоса алғанда, тиісті жағдайларда және қажет болған кезде уәкілетті экономикалық операторлардың бағдарламаларын және кедендік бақылауды өзара тануды белгілеу;

(h) тиісті жағдайларда және қажет болған кезде тиісті кедендік транзит жүйелерінің өзара байланыстылығына арналған мүмкіндіктерді дамыту мақсатында ынтымақтасады .

3. Ынтымақтастық кеңесі Кедендік ынтымақтастық жөніндегі кіші комитетті құрады .

4. Осы тарауда қамтылатын мәселелер бойынша ұдайы диалог жүргізіледі. Ынтымақтастық комитеті осындай диалог жүргізу қағидаларын белгілей алады.

## **26-БАП**

### **Өзара әкімшілік көмек**

Осы Келісімде, атап айтқанда, 25-бапта көзделген ынтымақтастықтың басқа да нысандарына нұқсан келтірмей, Тараптар осы Келісімге Кеден істеріндегі өзара әкімшілік көмек туралы хаттамаға сәйкес кеден істерінде бір-біріне өзара әкімшілік көмек көрсетеді.

## **27-БАП**

### **Кедендік бағалау**

Тараптар арасындағы саудада тауарларды кедендік бағалау 1994 ж. ТСБК-ның VII бабын қолдану жөніндегі келісімімен реттеледі. Оның ережелері осы Келісімге *mutatis mutandis* енгізілді және оның бір бөлігі болып табылады.

### **3-ТАРАУ**

## **САУДАДАҒЫ ТЕХНИКАЛЫҚ ТОСҚАУЫЛДАР**

### **28-БАП**

#### **ДСҰ-ның Саудадағы техникалық тосқауылдар жөніндегі келісімі**

Тараптар өздерінің қарым-қатынастарында осы Келісімге *mutatis mutandis* енгізілген және оның бір бөлігі болып табылатын ДСҰ-ның Саудадағы техникалық тосқауылдар жөніндегі келісімінің (СТТ жөніндегі келісім) құқықтары мен міндеттемелерін сақтайтынын растайды.

### **29-БАП**

#### **Техникалық реттеу, стандарттау, метрология, аккредиттеу, нарықты қадағалау және сәйкестікті бағалау**

1 . Т а р а п т а р :

(а) техникалық реттеу, стандарттау, заңнамалық метрология, аккредиттеу, нарықты қадағалау және сәйкестікті бағалау салаларында, оның ішінде осы салаларда қабылданған халықаралық құралдарды пайдалануды көтермелеу арқылы өздерінің арасындағы бар айырмашылықты азайтуға;

(b) сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарды және олардың қызметін қолдау үшін халықаралық қағидаларға сәйкес аккредиттеуді пайдалануды ілгерілетуге;

(с) қызметі стандарттауға, метрологияға, сәйкестікті бағалауға және тиісті функцияларға байланысты еуропалық ұйымдарға Қазақстан Республикасының және оның тиісті органдарының қатысуына және мүмкіндігіне қарай мүше болуына жәрдемдесуге келіседі.

2. Тараптар бұның негізінде өздерінің техникалық регламенттерін, стандарттарын және сәйкестікті бағалау рәсімдерін бірте-бірте жақындастыруға қол жеткізуге болатын процесті орнатуға және қолдауға ұмтылады.

3. Жақындастыруға қол жеткізілген салалар үшін Тараптар сәйкестікті бағалау және өнеркәсіп өнімін тану туралы келісімдер бойынша келіссөздер жүргізу мәселесін қарай алады.

## **30-БАП**

### **Транспаренттілік**

1. Әрбір Тарап осы Бөлімнің 13-тарауының (Транспаренттілік) ережелеріне нұқсан келтірмей, қауіпсіздік, денсаулық, қоршаған ортаны қорғау немесе ұлттық қауіпсіздік үшін төтенше жағдайға немесе төтенше жағдай қатеріне орай мүмкін болмайтын жағдайларды қоспағанда, оның техникалық регламенттерді және сәйкестікті бағалау рәсімдерін әзірлеу жөніндегі рәсімдері жария талқылаулар нәтижесінде алынған түсіндірмелер әлі енгізілуі және назарға алынуы мүмкін тиісті ерте сатыда мүдделі тараптармен жария талқылауды көздеуін қамтамасыз етеді.

2. СТТ жөніндегі келісімнің 2-бабының 9-тармағына сәйкес әрбір Тарап ұсынылатын техникалық регламенттер немесе сәйкестікті бағалау рәсімдері туралы хабарламадан кейін тиісті ерте сатыдағы түсіндірмелер үшін кезең ұсынады. Егер ұсынылатын техникалық регламенттердің жобаларын немесе сәйкестікті бағалау рәсімдерін талқылау процесі қоғам үшін ашық болып табылған жағдайда, әрбір Тарап екінші Тарапқа немесе екінші Тараптың аумағында орналасқан жеке немесе заңды тұлғаларға қолайлылығы осы Тараптың аумағында орналасқан жеке немесе заңды тұлғаларға ұсынылатыннан кем болмайтын жағдайларда қатысуға рұқсат береді.

3. Әрбір Тарап өзінің қабылданған техникалық регламенттеріне және сәйкестікті бағалау рәсімдеріне жалпыға бірдей қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

## **4-ТАРАУ**

### **САНИТАРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ФИТОСАНИТАРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР**

## **31-БАП**

### **Мақсаты**

Тараптар арасындағы саудада санитариялық және фитосанитариялық (СФС) шараларға және жануарларды қорғау мәселелеріне қолданылатын қағидаттарды белгілеу осы тараудың мақсаты болып табылады. Бұл қағидаттарды Тараптар саудаға жәрдемдесетіндей түрде қолданады, бұл ретте әрбір Тарап адамының өмірін немесе денсаулығын, жануарларын немесе өсімдіктерін қорғау деңгейін сақтайды.

## **32-БАП**

### **Қағидаттар**

1. Тараптар СФС шаралардың пропорционалдық, ашықтық, кемсітпеушілік және ғылыми негізделген қағидаттары негізінде әзірленуін және қолданылуын қамтамасыз е т е д і .

2. Бірдей немесе ұқсас жағдайлар басым болатын жағдайларда Тараптар өзінің СФС шаралары оның аумағы мен екінші Тараптың аумағы арасында еркін немесе жөнсіз кемсітушілік құралы болмауын қамтамасыз етеді. СФС шаралары сауданың жасырын шектеу түрін білдіретін осындай тәсілмен қолданылмайды.

3. Тараптар СФС шараларын, рәсімдерді немесе бақылауды, сондай-ақ ұқсас отандық өнімге қарағанда импорттық өнімге қатысты қолайлылығы кем болмайтын түрде жүзеге асыруын және ақпаратқа сұрау салуларды әрбір Тараптың тиісті органдарының жөнсіз кешіктірусіз қанағаттандыруын қамтамасыз етеді.

## **33-БАП**

### **Импортқа қойылатын талаптар**

1. Импорттаушы Тараптың импортына қойылатын талаптар, осы тараудың 35-бабы ескеріле отырып, экспорттаушы Тараптың бүкіл аумағына қолданылады. Егер импортқа қойылатын талаптар Санитариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану жөніндегі ДСҰ-ның келісімімен (СФС жөніндегі келісім) көзделген қолданылатын халықаралық қағидаларға сәйкес жүргізілген, ғылыми негізделген тәуекелді бағалаумен бекітілмесе, сертификаттарда белгіленген импортқа қойылатын талаптар Кодекс Алиментариус Комиссиясының (Кодекс), Жануарлардың саулығы жөніндегі дүниежүзілік ұйымының (ЖСДҰ) және Өсімдіктер карантині мен оларды қорғау жөніндегі халықаралық конвенцияның (ӨКҚХК) қағидаттарына негізделеді.

2. Импортқа рұқсаттарда белгіленген талаптар осы баптың 1-тармағында көрсетілген сертификаттарда жазылған шарттарға қарағанда, неғұрлым қатаң санитариялық және ветеринариялық шарттарды қамтымайды.

## **34-БАП**

### **Барабарлық**

Экспорттаушы Тараптың сұрау салуы бойынша және импорттаушы Тараптың қанағаттанарлық бағасы болған жағдайларда, Тараптар тиісті халықаралық рәсімдерге сүйене отырып, тұтастай немесе секторға немесе сектордың бір бөлігіне қолданылатын жекелеген шараларға және/немесе шаралар тобына және/немесе жүйелерге қатысты барабарлықты мойындайды.

## **35-БАП**

### **Жануарлар мен өсімдіктердің саулығына байланысты шаралар**

1. Тараптар СФС жөніндегі келісімге және Кодекстің, ЖСДҰ және ӨКҚХК-ның тиісті стандарттарына, нұсқауларына немесе ұсынымдарына сәйкес зиянкестерден немесе аурулардан таза аймақтардың және зиянкестердің немесе аурулардың елеусіз

таралу аймақтарының тұжырымдамасын таниды.

2. Зиянкестерден немесе аурулардан таза аймақтарды және зиянкестердің немесе аурулардың елеусіз таралу аймақтарын айқындау кезінде Тараптар географиялық жағдай, экожүйелер, эпидемиологиялық қадағалау және осындай аймақтардағы санитариялық немесе фитосанитариялық бақылаудың тиімділігі сияқты факторларды ескереді.

## **36-БАП**

### **Сауда рәсімдерін оңайлату**

1. Тараптар сауда рәсімдерін оңайлату құралдарын экспорттаушы Тараптың инспекциялау және сертификаттау жүйелерін импорттаушы Тараптың тануы негізінде әзірлейді және қолданады.

2. Сауда рәсімдерін оңайлатудың мұндай құралдары қолданыстағы заңнамаға сәйкес экспорттаушы Тарап аумағында әрбір тауар партиясын немесе әрбір экспорттаушы кәсіпорынды импорттаушы Тараптың инспекциялауын болғызбауға бағытталған. Олар экспорттаушы кәсіпорынның мақұлдауын және экспорттаушы Тарап берген кепілдіктер негізінде экспорттаушы Тараптың аумағындағы экспорттаушы кәсіпорындардың тізімдерін жасауды қамтуы мүмкін.

## **37-БАП**

### **Инспекциялар мен аудиттер**

Экспорттаушы Тараптың инспекциялау және сертификаттау жүйелерін бағалау үшін оның аумағында импорттаушы Тарап жүргізетін инспекциялар мен аудиттер тиісті халықаралық стандарттарға, нұсқаулар мен ұсынымдарға сәйкес жүзеге асырылады. Инспекциялар мен аудиттерге арналған шығыстарды аудиттер мен инспекцияларды жүргізетін Тарап көтереді.

## **38-БАП**

### **Ақпарат алмасу және ынтымақтастық**

1. Тараптар қолданыстағы СФС шаралары мен жануарларды қорғау жөніндегі шаралар туралы және оларды әзірлеу мен қолдану туралы талқылайды және ақпарат алмасады. Мұндай талқылаулар мен ақпарат алмасу кезінде тиісті жағдайларда, СФС жөніндегі келісім және Кодекстің, ЖСДҰ және ӨКҚХК-ның стандарттары, нұсқамалары немесе ұсынымдары назарға алынады.

2. Тараптар осы саладағы әлеуетті ұлғайту мақсатында ақпаратпен, сараптамалық білімдермен және тәжірибемен алмасу арқылы жануарлар мен өсімдіктерді қорғау жөнінде ынтымақтасуға келіседі. Мұндай ынтымақтастық Тараптың қажеттілігін

қанағаттандыруға нақты бағытталған және әрбір Тарапқа екінші Тараптың құқықтық базасын сақтауға жәрдем көрсету мақсатында жүзеге асырылады.

3. Кез келген Тараптың сұрау салуы бойынша СФС-мен байланысты мәселелерді және осы тарауда қамтылатын басқа да шұғыл мәселелерді қарау үшін СФС мәселелері бойынша ұдайы диалог орнатады. Ынтымақтастық комитеті осындай диалогтарды өткізу қағидаларын қабылдай алады.

4. Тараптар осы тарауда қамтылатын мәселелер бойынша ақпарат алмасу үшін байланыс пункттерін тағайындайды және оларды ұдайы нақтылап отырады.

## **5-ТАРАУ**

### **КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР САУДАСЫ ЖӘНЕ ҚҰРУ**

#### **1-БӨЛІМ**

#### **ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

#### **39-БАП**

#### **Мақсаты, қолданылу аясы және қамтылуы**

1. Тараптар ДСҰ келісімі бойынша өздерінің тиісті міндеттемелерін тағы да растай отырып, көрсетілетін қызметтер саудасы және құру үшін өзара жағдайларды жақсарту мақсатында қажетті уағдаластықтарды орнатады.

2. Осы тарауда ештеңе де осы Бөлімнің 8-тарауы (Мемлекеттік сатып алу) ережелерінің нысанасы болып табылатын, мемлекеттік сатып алуға қатысты қандай да бір міндеттемені жүктеу ретінде түсіндірілмейді.

3. Осы тараудың ережелері Тараптар беретін субсидияларға қолданылмайды.

4. Осы Келісімнің ережелеріне сәйкес әрбір Тарап заңды мақсаттарға қол жеткізу үшін реттеу және жаңа реттеуді енгізу құқығын сақтайды.

5. Осы тарау Қазақстан Республикасының немесе Еуропалық Одақтың жұмыспен қамту нарығына қол жеткізуге ұмтылатын жеке тұлғаларға қатысты шараларға қолданылмайды және азаматтыққа, тұрақты тұрғылықты жерге немесе тұрақты негізде жұмыспен қамтуға қатысты шараларға қолданылмайды.

6. Осы тарауда ештеңе де Тараптарға жеке тұлғалардың өз аумағына кіруін немесе олардың онда уақытша болуын реттеуге арналған шараларды, оның ішінде өз шекараларының тұтастығын қорғау және жеке тұлғалардың өз шекаралары арқылы тәртіпке келтірілген жүріп-тұруын қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды, мұндай шаралар осы тараудың<sup>1</sup> ережелеріне сәйкес кез келген Тарап алатын пайданы жоятындай немесе азайтатындай түрде қолданылмайтын жағдайларда, қолдануға келдірмейді.

7. Осы тарау дыбыстау-бейнелеу секторындағы көрсетілетін қызметтер саудасын және құруды қозғайтын, Тараптар белгілеген немесе сақтайтын шараларға қолданылмайды.

-----  
<sup>1</sup>Белгілі бір елдердің жеке тұлғаларына виза алуға қойылатын талаптар фактісінің өзі және басқа да елдердің жеке тұлғаларына қатысты осындай талаптардың болмауы осы Келісім бойынша пайданы жою немесе азайту ретінде қаралмайды.

## 40-БАП

### Айқындамалар

Осы тараудың мақсаттары үшін:

(a) «шара» Тараптың заң, қаулы, қағидалар, рәсімдер, шешімдер, әкімшілік әрекеттер нысанындағы немесе кез келген басқа да нысандағы кез келген шарасын білдіреді;

(b) «Тарап белгілеген немесе қолдайтын шаралар»:

(i) Тараптың орталық, өңірлік немесе жергілікті үкіметтері немесе биліктері; және

(ii) Тараптың орталық, өңірлік немесе жергілікті үкіметтері немесе биліктері берген өкілеттіктерді жүзеге асыру кезінде Тараптың үкіметтік емес ұйымдары қолданатын шараларды білдіреді;

(c) «Қазақстан Республикасының жеке тұлғасы» немесе «Еуропалық Одақтың жеке тұлғасы» Қазақстан Республикасының немесе өз заңнамасына сәйкес Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттердің бірінің азаматын білдіреді;

(d) «заңды тұлға» кез келген корпорацияны, трестті, серіктестікті, бірлескен кәсіпорынды, жеке-дара меншікті немесе қауымдастықты қоса алғанда, пайда алу мақсатында немесе өзге де мақсатта қолданыстағы заңнамаға сәйкес тиісті түрде құрылған немесе өзге де түрде ұйымдастырылған және жеке немесе мемлекеттік меншіктегі, құқықтық мәртебесі бар кез келген мекемені білдіреді;

(e) «Тараптың заңды тұлғасы» тиісінше Қазақстан Республикасының немесе Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылған және тиісінше Қазақстан Республикасының аумағында немесе Еуропалық Одақтың жұмыс істеуі туралы шарт қолданылатын аумақта өзінің заңды мекенжайы, орталық әкімшілігі немесе шаруашылық қызметтің негізгі орны бар Қазақстан Республикасының немесе Еуропалық Одақтың заңды тұлғасын білдіреді.

Егер тиісінше Қазақстан Республикасының немесе Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғаның Қазақстан Республикасының аумағында немесе Еуропалық Одақтың жұмыс істеуі туралы шарт қолданылатын аумақта өзінің заңды мекенжайы немесе орталық әкімшілігі ғана болған жағдайда, егер ол тиісінше Қазақстан Республикасының аумағында немесе Еуропалық

Одақтың жұмыс істеуі туралы шарт қолданылатын аумақта елеулі іскерлік операцияларды жүзеге асырмаса ғана, ол тиісінше Қазақстан Республикасының немесе Еуропалық Одақтың заңды тұлғасы ретінде қаралмайды;

(f) теңіз учаскесін пайдалана отырып, интермодальды көлік тасымалдары бойынша операцияларды қоса алғанда, (e) тармағына қарамастан, халықаралық теңіз көлігіне қатысты тиісінше Қазақстан Республикасынан немесе Еуропалық Одақтан тыс жерлерде құрылған және Қазақстан Республикасының немесе Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттің азаматтары бақылайтын кеме қатынасы компаниялары, егер олардың кемелері тиісті заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасында немесе Еуропалық Одаққа сол мүше мемлекетте тіркелген болса және Қазақстан Республикасының немесе Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттің туын көтеріп жүзсе, олар да осы тараудың е р е ж е л е р і н қ о л д а н а д ы ;

(g) «экономикалық интеграция туралы келісім» ДСҰ-ның Көрсетілетін қызметтер саудасы жөніндегі бас келісіміне (КҚСБК), атап айтқанда, КҚСБК-нің V және V бис баптарына сәйкес құруды қоса алғанда, көрсетілетін қызметтерді елеулі түрде ырықтандыратын келісімді және/немесе қызметтің осындай түрлеріне қатысты КҚСБК-нің V және V бис баптарының өлшемшарттарына *mutatis mutandis* сай келетін экономикалық қызметтің басқа да түрлеріндегі құруды елеулі түрде ырықтандыратын ережелері бар келісімді білдіреді;

(h) «экономикалық қызмет» мемлекеттік билік функцияларын орындау кезінде жүзеге асырылатын экономикалық қызметті қоспағанда, экономикалық сипаттағы қ ы з м е т т і қ а м т и д ы ;

(i) «мемлекеттік билік функцияларын орындау кезінде жүзеге асырылатын экономикалық қызмет» коммерциялық емес негізде және бір немесе бірнеше экономикалық операторлармен бәсекелес емес жағдайларда жүзеге асырылатын қ ы з м е т т і б і л д і р е д і ;

(j) «қызмет» экономикалық қызметті жүзеге асыруды және қолдауды білдіреді;

(k) заңды тұлғаның «еншілес компаниясы» сол Тараптың басқа заңды тұлғасының тиімді бақылауындағы заңды тұлғаны білдіреді<sup>1</sup>;

(l) заңды тұлғаның «филиалы» заңды тұлға мәртебесі жоқ, қажет болған жағдайда, мұндай үшінші тараптар бас офисі шетелде орналасқан негізгі компаниямен заңды байланыс орната алатынын біле отырып, осы негізгі компаниямен тікелей істерді жүргізбей, негізгі компанияның бір тармағы болып табылатын осы бөлімшеде істерді жүргізе алатындай, үшінші тараптармен іскерлік қатынастарды жүзеге асыру үшін басқармасы бар және материалдық жарақтандырылған негізгі компанияның бір тармағы ретінде тұрақтылық белгісіне ие бөлімшені білдіреді;

(m) «құру», мыналарды :

(i) заңды тұлғаны құруды, иемденуді немесе қолдауды;<sup>2</sup> немесе



-----  
<sup>1</sup>Заңды тұлға, егер екінші заңды тұлға оның директорларының көпшілігін тағайындау немесе өзге де түрде оның қызметін заңды түрде бағыттау өкілеттіктеріне ие болса, соңғысының бақылауында болады.

<sup>2</sup>Заңды тұлғаны «құру» және «иемдену» терминдері ұзақ мерзімді экономикалық қатынастар орнату және оны қолдау мақсатында заңды тұлғаның капиталына қатысуын қамту ретінде түсініледі.

(ii) экономикалық қызметті жүзеге асыру мақсатында Тараптың аумағында филиал немесе өкілдік<sup>1</sup> құруды немесе қолдауды қоса алғанда, кәсіпкерліктің немесе коммерциялық қатысудың кез келген түрін білдіреді;

(n) Тарап «инвесторы» мекемені құру арқылы экономикалық қызметті жүзеге асыруға ұмтылатын немесе жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғаны білдіреді;

(o) «көрсетілетін қызметтер» мемлекеттік билік функцияларын орындау кезінде берілетін көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, кез келген сектордағы кез келген көрсетілетін қызметтерді<sup>2</sup> қамтиды;

(p) «мемлекеттік билік функцияларын орындау кезінде берілетін қызмет» комерциялық емес негізде және бір немесе бірнеше көрсетілетін қызметтерді берушілермен бәсекелес емес жағдайларда берілетін кез келген көрсетілетін қызметті білдіреді;

(q) «көрсетілетін қызметтерді беруші» көрсетілетін қызметтерді беретін кез келген жеке немесе заңды тұлғаны білдіреді;

(r) «көрсетілетін қызметтерді беру» көрсетілетін қызметтің өндірісін, бөлінуін, маркетингін, сатылуын және жеткізілуін қамтиды.

-----  
<sup>1</sup>Екінші Тараптың заңды тұлғасының өкілдіктеріне Қазақстан Республикасының аумағында коммерциялық негізде экономикалық қызметті жүзеге асыруға рұқсат берілмейді. Еуропалық Одақ осы ретте қарымта әрекет ету құқығын өзіне қалдырады.

<sup>2</sup>Анығырақ болу үшін, осы тараудың мақсаты үшін ДСҰ-ның MTN.GNS/W/120 құжатында оның соңғы нұсқасында көрсетілген қызметтер көрсетілетін қызметтер деп есептеледі.

## **2-БӨЛІМ**

### **ҚҰРУ ЖӘНЕ КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІ ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ БЕРУ**

#### **1-КІШІ БӨЛІМ**

#### **ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ БАРЛЫҚ ТҮРЛЕРІ**

## **41-БАП**

### **Қолданылу және қамтылу саласы**

1. Осы кіші бөлім Тараптардың экономикалық қызметтің барлық түрлеріндегі құруға және көрсетілетін қызметтердің трансшекаралық берілуіне қатысты болатын шараларына қолданылады.

2. Тараптар КҚСБК бойынша олардың міндеттемелерінен туындайтын өздерінің тиісті құқықтары мен міндеттемелерін растайды.

Айқынырақ болуы үшін, көрсетілетін қызметтерге қатысты, ескертпелерді және неғұрлым қолайлы режимнен алып қоюлар тізбелерін қоса алғанда, Тараптардың КҚСБК бойынша тиісті Ерекше міндеттемелер тізбелері<sup>1</sup> осы Келісімге енгізілген және оның бір бөлігі болып табылады және қолданылуға жатады.

-----  
<sup>1</sup>Қазақстан Республикасы үшін сілтеме Қазақстан Республикасының ДСҰ-ға қосылуы туралы хаттаманың Көрсетілетін қызметтер жөніндегі бөлімін қамтиды.

## **42-БАП**

### **Құру үшін жағдайларды бірте-бірте жақсарту**

1. Сауда құрамында отырыстарын өткізетін Ынтымақтастық комитеті Тараптарға осы Келісім тұрғысынан құруды одан әрі ырықтандыру жөнінде ұсынымдар береді.

2. Тараптар осы Келісімге қол қойылатын күннің алдындағы күнгі жағдаймен салыстырғанда құру үшін барынша шектейтін жағдайлар туғызатын кез келген шараларды қоданудан аулақ болуға ұмтылады.

## **43-БАП**

### **Көрсетілетін қызметтерді трансшекаралық беру үшін жағдайларды бірте-бірте жақсарту**

1. Тараптар арасындағы көрсетілетін қызметтерді трансшекаралық беруді ырықтандырудың маңыздылығын Тараптар толықтай таниды.

2. Сауда құрамында отырыстарын өткізетін Ынтымақтастық комитеті Тараптарға осы Келісім тұрғысынан көрсетілетін қызметтерді трансшекаралық беруді одан әрі ырықтандыру жөнінде ұсынымдар береді.

## **2-КІШІ БӨЛІМ**

### **КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР САЛАСЫН ҚОСПАҒАНДА, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ**

## 44-БАП

### Қолданылу және қамтылу саласы

Осы кіші бөлім көрсетілетін қызметтер саласын қоспағанда, Тараптардың экономикалық қызметтің барлық түрлеріндегі құруды қозғайтын шараларына қолданылады.

## 45-БАП

### Неғұрлым қолайлы режим

1. Әрбір Тарап екінші Тараптың заңды тұлғаларына кез келген үшінші елдің заңды тұлғаларына олардың құрылуына қатысты ұсынылатын режимнен қолайлылығы кем емес режимді ұсынады.

2. Әрбір Тарап екінші Тараптың заңды тұлғаларына бірінші Тараптың аумағында құрылған екінші Тараптың заңды тұлғаларының қызметіне қатысты ол кез келген үшінші елдің заңды тұлғаларына ұсынатын режимінен қолайлылығы кем емес режимді ұсынады.

3. ДСҰ мүшесінің Қазақстан Республикасында заңды тұлға нысанында құрылған заңды тұлғаларына жергілікті қамту талаптарына қатысты Қазақстан Республикасы беретін басымдық, жеңілдік, артықшылық немесе иммунитет Еуропалық Одақтың Қазақстан Республикасында заңды тұлға нысанында құрылған заңды тұлғаларына қатысты дереу және сөзсіз беріледі.

4. 1 және 2-тармақтарына сәйкес ұсынылатын режим, экономикалық интеграция туралы келісімдерге, еркін сауда туралы келісімдерге, қосарланған салық салуды болғызбау туралы келісімдерге және ең алдымен, салық салу мәселелерін реттейтін келісімдерге сәйкес Тарап ұсынған режимге қатысты қолданылмайды, сондай-ақ инвестор мен мемлекет арасындағы дауларды реттеу рәсімін қоса алғанда, 46-баптан туындайтын режимді қоспағанда, инвестицияларды қорғауға қолданылатын ретінде түсіндірілмейді.

5. 4-тармаққа қарамастан, стратегиялық ресурстар мен объектілерге қатысты, Қазақстан Республикасы Еуропалық Одақтың Қазақстан Республикасында заңды тұлға нысанында құрылған заңды тұлғаларының еншілес компанияларына кез келген үшінші елдің Қазақстан Республикасында заңды тұлға нысанында құрылған заңды тұлғаларының еншілес компанияларына осы Бөлім қолданыла бастаған күннен кейін ұсынылатын режимінен қолайлылығы кем режимді кез келген жағдайда ұсынбайды.

## 46-БАП

### Ұлттық режим

Тараптардың I қосымшада көзделген алып қоюлары ескеріле отырып,  
(а) Әрбір Тарап бірінші Тараптың аумағында құрылған екінші Тараптың заңды тұлғаларының еншілес компанияларына осы Тараптың меншікті заңды тұлғаларына ұсынылатын режимнен қолайлылығы кем емес режимді олардың қызметіне қатысты ұсынады ;

(b) Қазақстан Республикасы Еуропалық Одақтың заңды тұлғаларына және филиалдарына тиісінше Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына және филиалдарына ұсынылатын режимінен қолайлылығы кем емес режимді, көрсетілетін қызметтер саласын қоспағанда, олардың құрылуына және экономикалық қызметіне қатысты ұсынады. Қазақстан Республикасы ұсынатын ұлттық режим Қазақстанның ДСҰ-ға қосылуы туралы Хаттаманың шарттарына нұқсан келтірмейді.

### **3-БӨЛІМ**

## **ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ІСКЕРЛІК МАҚСАТТАРДА УАҚЫТША ҚАТЫСУЫ**

### **47-БАП**

#### **Қамтылуы және айқындамалар**

1. Осы бөлім 39-баптың 5 және 6-тармақтарына сәйкес құру мақсаты үшін келуші іскер адамдардың, ішкі корпоративтік ауысулардың және келісімшарт бойынша көрсетілетін қызметтерді берушілердің Тараптардың аумағына келуіне және онда уақытша болуына қатысты шараларына қолданылады.

2. Осы бөлімнің мақсаттары үшін:

(а) «құру мақсаты үшін келуші іскер адамдар» екінші Тараптың аумағында мекемені құру үшін жауап беретін, Тараптың заңды тұлғасында басшы лауазымда жұмыс істейтін жеке тұлғаларды білдіреді. Олар көрсетілетін қызметтерді ұсынбайды немесе бермейді немесе құру мақсаты үшін талап етілетіндерден басқа, экономикалық қызметтің кез келген басқа түрлеріне қатыспайды. Олар қабылдауашы Тарапта орналасқан қаржы көзінен сыйақы алмайды;

(b) «ішкі корпоративтік ауысулар» Тараптың заңды тұлғасы жалдаған немесе кемінде бір жыл ішінде онда әріптестер болып табылатын<sup>1</sup> және екінші Тараптың аумағында Тараптың заңды тұлғасының еншілес компаниясы, филиалы немесе бас компаниясы болуы мүмкін мекемеге уақытша ауыстырылған жеке тұлғаларды білдіреді .

-----  
<sup>1</sup>Айқынырақ болуы үшін, әріптестер нақ сол бір заңды тұлғаның бөлігі болып табылады .

Осы жеке тұлға осы бөлімнің мақсаттары үшін экономикалық қызметтің барлық

түрлеріне қолданылатын КҚСБК бойынша Тараптар міндеттемелерінің тиісті тізбелерінде айқындалған санаттардың біреуіне тиесілі болуға тиіс;

(с) «келісімшарт бойынша көрсетілетін қызметтерді беруші» Тараптың заңды тұлғасы жалдаған жеке тұлғаны білдіреді, ол өздігінен жұмысқа орналастыру және персоналды жалдау бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсыну агенттігі болып табылмайды және осындай агенттіктер арқылы өз қызметін жүзеге асырмайды және екінші Тараптың аумағында мекемесі жоқ және көрсетілетін қызметтерді беруге арналған келісімшартты орындау мақсатында уақытша негізде соңғы Тарапта оның қызметкерлерінің қатысуын талап ететін, сол Тарапта түпкі тұтынушымен бірге көрсетілетін қызметтерді<sup>1</sup> беруге адал келісімшарт жасасқан;

(d) «біліктілік» кәсіптік білім алуды табысты аяқтағаны туралы куәландыратын заңнамалық, нормативтік немесе әкімшілік ережелерге сәйкес тағайындалған орган берген дипломдарды, сертификаттарды және басқа да ресми біліктілік куәліктерін б і л д і р е д і .

<sup>1</sup>Көрсетілетін қызметтерді беруге келісімшарт осы келісімшарт орындалатын Тараптың заңдарына, заңға тәуелді актілеріне және заңды талаптарына сәйкес келеді.

## **48-БАП**

### **Ішкі корпоративтік ауысулар және құру мақсаты үшін келуші іскер адамдар**

1. Көрсетілетін қызмет саласына қатысты, Тараптар ішкі корпоративтік ауысуларға немесе құру мақсаты үшін келуші іскер адамдардың келуіне және уақытша болуына қатысты олардың КҚСБК бойынша міндеттемелерінен туындайтын тиісті міндеттемелерін тағы да растайды. Онда тізбеленген алып қоюлар қолданылуға жатады

2

2. Көрсетілетін қызметтер саласын қоспағанда, экономикалық қызметке қатысты және II қосымшада көрсетілген алып қою ескеріле отырып:

(a) әрбір Тарап екінші Тараптың аумағында тауарлар өндірісімен айналысатын инвесторларға 47-баптың 2-тармағының (b) тармақшасында айқындалған ішкі корпоративтік ауысуларды және 47-баптың 2-тармағының (a) тармақшасында айқындалған құру мақсаты үшін келуші іскер адамдарды ауыстыруға рұқсат етеді. Келу және уақытша болу ішкі корпоративтік ауысулар үшін үш жылға дейінгі кезеңге және құру мақсаты үшін келуші іскер адамдарға кез келген 12 айлық кезеңде тоқсан күнге р ұ қ с а т б е р і л е д і ;

(b) бір де бір Тарап сандық квоталар немесе экономикалық орындылығына тест талап ету нысанында ішкі корпоративтік ауысулар немесе құру мақсаты үшін келуші

іскер адамдар ретінде инвестор ауыстыра алатын жеке тұлғалардың жалпы саны бойынша шектеулер және кемсітушілік шектеулер сияқты айқындалатын шараларды сақтамайды немесе белгілемейді.

<sup>2</sup>Анығырақ болуы үшін, алып қоюлар ішкі корпоративтік ауысулар мен құру мақсаты үшін келуші іскер адамдар санаттарының айқындамаларындағы алып қоюды да қамтиды.

## 49-БАП

### Келісімшарт бойынша көрсетілетін қызметтерді берушілер

1. Қазақстан Республикасы Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттердің азаматтары болып табылатын жеке тұлғалардың қатысуы арқылы Еуропалық Одақтың заңды тұлғаларына өз аумағында көрсетілетін қызметтерді беруге мынадай шарттар сақталған к е з д е :

(а) Қазақстан Республикасына кіретін жеке тұлғалардың:

(i) университеттік дәрежесі немесе баламалы деңгейдегі білімді көрсететін жоғары техникалық біліктілігі; және

(ii) Қазақстан Республикасының заңына, заңға тәуелді актілеріне немесе талаптарына сәйкес тиісті секторда қызметті жүзеге асыру үшін талап етілетін кәсіби біліктіліктігі болса;

(b) Еуропалық Одақтың заңды тұлғасы төлейтін сыйақыны қоспағанда, Қазақстан Республикасында болған кезінде қызметтер көрсеткені үшін жеке тұлғалар сыйақы алмаса;

(c) Қазақстан Республикасына кіретін жеке тұлғалар Қазақстан Республикасына кіруге өтінім берілген күнге дейін кем дегенде бір жыл Еуропалық Одақтың заңды тұлғасында жұмыс істесе рұқсат етеді. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасына кіруге өтінім берілген күні жеке тұлғалардың келісімшарт нысанасы болып табылатын қызмет секторында кем дегенде бес жыл кәсіби тәжірибесі бар болса;

(d) Қазақстан Республикасы экономикалық орындылығына тесті және Қазақстан Республикасының көрсетілетін қызметтер нарығына қол жеткізуге рұқсат алатын Еуропалық Одақтың келісімшарты бойынша көрсетілетін қызметтерді берушілер үшін резервке қойылған, жұмыс істеуге арналған рұқсаттарды беруге жыл сайынғы квотаны қолдана алса рұқсат етеді. Қазақстан Республикасының қызмет көрсету нарығына кіретін, Еуропалық Одақтың келісімшарты бойынша көрсетілетін қызметтерді берушілердің жалпы саны жылына 800 адамнан аспаса;

(e) Қазақстан Республикасы ДСҰ-ға кіргеннен кейін бес жылдық кезең өткен соң экономикалық орындылығына тест қолданылмаса<sup>1</sup> рұқсат етеді.

<sup>1</sup>Кіруді, болуды және жұмыс істеуді реттейтін барлық басқа да талаптар, заңдар және заңға тәуелді актілер қолданыла береді.

Қазақстан Республикасы экономикалық орындылығына тест<sup>1</sup> қолданатын кезең ішінде жеке тұлғалардың келісімшартты орындау тәртібімен Қазақстан Республикасына кіруі және онда уақытша болуы жиынтығында қайсысының қысқа болуына қарай кез келген 12 айлық кезеңде төрт айдан аспайтын мерзімді немесе келісімшарттың қолданыс мерзімін құраса рұқсат етеді. Қазақстан Республикасы ДСҰ-ға кіргеннен кейін бес жылдық кезең өткен соң, кіруі және уақытша болуы жиынтығында қайсысының қысқа болуына қарай кез келген 12 айлық кезеңде алты айдан аспайтын мерзімді немесе келісімшарттың қолданыс мерзімін құраса рұқсат етеді. Еуропалық Одақтың заңды тұлғалары өз қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының аумағынан уақтылы шығуы үшін жауапты болса рұқсат етеді.

2. Қазақстан Республикасы, егер көрсетілетін қызметтерді беруге арналған келісімшарт мынадай шарттарға:

көрсетілетін қызметтерді беруге арналған келісімшарт:

(i) Еуропалық Одақтың заңды тұлғасы мен Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы болып табылатын түпкі тұтынушы арасында тікелей жасалса;

(ii) көрсетілетін қызметтерді беру үшін осы заңды тұлға қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының аумағында уақытша қатысуын талап етсе; және

(iii) Қазақстан Республикасының заңдарына, заңға тәуелді актілеріне және талаптарына сәйкес келсе, жеке тұлғалардың қатысуы арқылы Еуропалық Одақтың заңды тұлғаларына өз аумағына көрсетілетін қызметтерді беруге рұқсат етеді.

(b) көрсетілетін қызметтерді беруге арналған келісімшарт КҚСБК бойынша Қазақстан Республикасы міндеттемелерінің тізбесіне енгізілген және онда айқындалған қызметтің мынадай:

(i) заң қызметтері

(ii) бухгалтерлік қызметтер және шоттарды тексеру жөніндегі көрсетілетін қызметтер

(iii) салық салу саласында көрсетілетін қызметтер

(iv) сәулет саласында көрсетілетін қызметтер

(v) инженерлік қызметтер

(vi) кешенді инженерлік қызметтер

(vii) қала құрылысын және ландшафты жобалау жөнінде көрсетілетін қызметтер

(viii) компьютерлік және оған байланысты көрсетілетін қызметтер

(ix) жарнама саласында көрсетілетін қызметтер

(x) нарықты зерттеу жөнінде көрсетілетін қызметтер

(xi) басқару саласында көрсетілетін консультациялық қызметтер

(xii) басқару саласында көрсетілетін консультациялық қызметпен байланысты

к ө р с е т і л е т і н

қ ы з м е т т е р

(xiii) техникалық сынақ және талдау жөнінде көрсетілетін қызметтер

(xiv) кен өндіруші өнеркәсібіне байланысты консультациялық қызметтер

(xv) аралас ғылыми және техникалық салаларда көрсетілетін консультациялық

қ ы з м е т т е р

(xvi) жазбаша және ауызша аударма жөнінде көрсетілетін қызметтер

(xvii) жабдықтарға, оның ішінде сатылымнан кейінгі қызмет көрсетуге арналған келісімшарт тұрғысында көлік жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу жөнінде көрсетілетін қызметтер

(xviii) қоршаған ортаны қорғаумен байланысты көрсетілетін қызметтер секторларының бірінде жасалса;

(с) осы тармақтың ережелеріне сәйкес ұсынылатын қол жеткізу келісімшарт нысанасы болып табылатын көрсетілген қызметтер жөніндегі қызметке ғана қатысты болса жеке тұлғалардың қатысуы арқылы Еуропалық Одақтың заңды тұлғаларына өз аумағында көрсетілетін қызметтерді беруге рұқсат етеді; ол Қазақстан Республикасының аумағында кәсіп атауын пайдалануға құқық бермейді.

-----  
<sup>1</sup>Анығырақ болуы үшін, Қазақстан Республикасы үшін «экономикалық орындылыққа арналған тест» дегеніміз шетелдік жұмыс күшін қабылдау кезінде ұлттық еңбек нарығы талаптары ескерілуге тиіс келісімшарт бойынша көрсетілетін қызметтерді берушілерді тарту кезінде Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы пайдаланатын рәсімдерді білдіреді. Бұл шарттар, егер бұқаралық ақпарат құралдарында бос орындар туралы хабарландырулар жарияланғаннан кейін және құзыретті органның базасынан құзыретті тұлғаны іздегеннен кейін өтініш берушілердің бір де біреуі бос орындар туралы хабарландыруда сипатталған талаптарға сай келмейтін болса, орындалған деп есептеледі. Бұл рәсім бір айдан аспауға тиіс. Заңды тұлға осы рәсімнен кейін ғана келісімшарт бойынша көрсетілетін қызметтерді берушілерді жалдау рәсімін аяқтай а л а д ы .

3. Еуропалық Одақ келісімшарт бойынша көрсетілетін қызметтерді берушілердің кіруі мен уақытша болуына қатысты КҚСБК бойынша міндеттемелерден туындайтын өздерінің тиісті міндеттемелерін тағы да растайды. Онда тізбеленген алып қоюлар қ о л д а н ы л у ғ а ж а т а д ы <sup>1</sup>.

-----  
<sup>1</sup>Анығырақ болуы үшін, алып қоюлар санаттар айқындамаларындағы алып қоюды да қамтиды.

## 50-БАП

### Неғұрлым қолайлы режим



1. Еуропалық Одақтың Қазақстан Республикасының келісімшарт бойынша көрсетілетін қызметтерді берушілеріне ұсынатын режимі кез келген үшінші елдің келісімшарты бойынша көрсетілетін қызметтерді берушілерге ұсынатын режимінен қолайлылығы кем емес болып табылады.

2. КҚСБК-нің V бабына сәйкес хабарланған немесе КҚСБК бойынша Еуропалық Одақтың неғұрлым қолайлы режимінен алып қоюлар тізбесінің қамтылуынан пайда алып, Еуропалық Одақтың үшінші тараппен жасасқан басқа келісімдері бойынша ұсынылған режим 1-тармақтың қолданылу аясынан алып тасталды. Еуропалық Одақ жасасқан, КҚСБК-нің VII бабына сәйкес өзара тану көзделетін, келісімдер негізінде нормативтық актілерді үйлестіруден туындайтын режим де 1-тармақтың қолданылу аясынан алып тасталды.

3. Егер Қазақстан Республикасы, ТМД елдерін және Қазақстан Республикасымен экономикалық интеграция туралы келісімдердің тараптары болып табылатын елдерді қоспағанда, ДСҰ-ның кез келген басқа мүшесінің келісімшарт бойынша көрсетілетін қызметтерді берушілеріне осы Келісімде көзделген режимнен неғұрлым тиімді режим ұсынатын болса, онда осы режим Еуропалық Одақтың келісімшарт бойынша көрсетілетін қызметтерді берушілеріне қолданылады. Қазақстан Республикасы жасасқан, КҚСБК-нің VII бабына сәйкес өзара тану көзделетін, келісімдер негізінде нормативтық актілерді үйлестіруден туындайтын режим де осы ережеден алып тасталды.

## **51-БАП**

### **Жеке тұлғалардың іскерлік мақсаттарда уақытша қатысуы үшін жағдайларды бірте-бірте жақсарту**

Сауда құрамда отырыстарын өткізетін Ынтымақтастық комитеті Тараптарға жеке тұлғалардың іскерлік мақсаттарда уақытша қатысуын одан әрі ырықтандыру жөнінде ұсынымдар береді.

## **4-БӨЛІМ**

### **ІШКІ РЕТТЕУ**

## **52-БАП**

### **Қолданылу аясы және қамтылуы**

1. 53-бапта көзделген қағидалар Тараптардың:
  - (a) көрсетілетін қызметтерді трансшекаралық беруді;
  - ( b ) құруды ;
  - (c) осы тараудың 3-бөліміне сәйкес екінші Тараптың аумағында жеке тұлғаның

қатысуы арқылы көрсетілетін қызметтерді беруді қозғайтын лицензиялау және біліктілік рәсімдеріне байланысты шараларына қолданылады.

2. 53-бапта көзделген қағидалар осы тараудың қолданылу аясына жататын экономикалық қызметтің барлық түрлеріне қолданылады. Көрсетілетін қызметтерге қатысты, олар КҚСБК<sup>1</sup> бойынша тиісті Тараптың Ерекше міндеттемелері шегінде қолданылады. Егер шаралар КҚСБК-нің XVI және XVII баптарына сәйкес тізбелерге қосылуға жататын шектеулер болып саналатын жағдайда, осы қағидалар оларға қолданылмайды.

-----  
<sup>1</sup>Қазақстан Республикасы үшін сілтеме Қазақстан Республикасының ДСҰ-ға қосылуы туралы хаттамасының Көрсетілетін қызметтер жөніндегі бөлімін қамтиды.

## **53-БАП**

### **Лицензиялау және біліктілік**

1. Әрбір Тарап талаптарға қойылатын сипатты және бағалайтын өлшемшарттарды ескере отырып, көрсетілетін қызметтерді беруге немесе құруға рұқсат алу үшін лицензиялау және біліктілік рәсімдерінің ақылға қонымды, түсінікті және саясаттың негізгі мақсаттарына сай болып табылатынын және олардың көрсетілетін қызметтерді беру немесе құру үшін шектеу болып табылмайтынын қамтамасыз етеді.

2. Егер өтінімдерге арналған нақты мерзімдері бар болса, өтініш берушіге өтінім беру үшін ақылға қонымды мерзім беріледі. Құзыретті орган өтінімді жөнсіз кешіктірмей өңдеуді бастайды. Мүмкін болған жағдайларда, өтінімдер, қағаз түріндегі өтінімдер сияқты түпнұсқалық шарттарымен электрондық форматта да қабылдануға тиіс.

3. Мүмкін болған жағдайларда, расталған көшірмелер түпнұсқа құжаттардың орнына қабылдануға тиіс.

4. Әрбір Тарап түпкілікті шешім қабылдауды қоса алғанда, өтінімді өңдеу оның заңнамасында белгіленген ақылға қонымды уақыт кезеңінде немесе кез келген жағдайда жөнсіз кешіктірусіз жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді. Әрбір Тарап өтінімді өңдеу үшін қалыпты мерзімдерді белгілеуге ұмтылады. Әрбір Тарап берілген лицензияның немесе рұқсаттың оларда көрсетілген шарттарға сәйкес жөнсіз кешіктірілмей қолданысқа енгізілуін қамтамасыз етеді.

5. Әрбір Тарап лицензиялық алымдардың<sup>1</sup> құзыретті органдар жұмсаған шығыстар тұрғысынан негізді болып табылатынын және олардың көрсетілетін қызметтерді беруді немесе құруды шектемейтінін қамтамасыз етеді.

6. Егер құзыретті орган өтінімді толық емес деп есептесе немесе оған қосымша ақпарат қажет деп шешсе, онда ол ақылға қонымды уақыт кезеңінде:  
(а) өтініш берушіге хабарлайды,

(b) мүмкіндігіне қарай, талап етілетін ақпаратты айқындайды, және

(с) мүмкіндігіне қарай, кемшіліктерді түзетуге мүмкіндік береді.

7. Егер құзыретті орган өтінімді қабылдамаса, ол бұл туралы өтініш берушіге жөнсіз кешіктірусіз және мүмкіндігіне қарай, жазбаша нысанда хабарлайды. Құзыретті орган сұрау салу бойынша өтініш берушіге өтінімді қабылдамау себептері туралы және мүмкіндігіне қарай кез келген кемшіліктер туралы хабарлауға тиіс. Ол өтініш берушіге тиісті заңнамаға сәйкес шешімге шағымдану рәсімдері туралы хабарлауға тиіс. Құзыретті орган тиісті орган лицензиялар немесе біліктілік айқындамаларының санын шектейтін жағдайларды қоспағанда, өтініш берушіге тиісті органның белгілеген рәсімдеріне сәйкес жаңа өтінім беруге рұқсат беруге тиіс.

8. Әрбір Тарап құзыретті орган лицензиялау немесе рұқсат беру процесі барысында қолданатын рәсімдердің және оның шешімдерінің барлық өтініш берушілерге қатысты бейтарап болуын қамтамасыз етеді. Құзыретті орган өз шешімдерін тәуелсіз түрде қабылдауға және лицензия немесе рұқсат талап етілетін кез келген көрсетілетін қызметтерді берушіге немесе инвесторға есеп бермеуге тиіс.

-----  
<sup>1</sup>Лицензиялық алымдар табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін алымдар, аукциондар, тендерлер немесе концессиялар ұсынудың басқа да кемсітпейтін тәсілдерін өткізу үшін төлемдерді, сондай-ақ, әмбебап қызметтер көрсеткені үшін міндетті жарналарды қамтымайды.

## **5-БӨЛІМ**

### **ЖЕКЕ СЕКТОРЛАР БОЙЫНША ЕРЕЖЕЛЕР**

#### **54-БАП**

##### **Халықаралық теңіз көлігі**

1. Осы бап халықаралық теңіз көлігінің көрсетілетін қызметтерін ырықтандыру жөніндегі қағидаттарды белгілейді. Осы бап КҚСБК бойынша әрбір Тараптың міндеттемелерінен туындайтын құқықтарға және міндеттемелерге нұқсан келтірмейді.

2. Осы баптың мақсаттары үшін «халықаралық теңіз көлігі» бірыңғай көлік құжаты бойынша және осы мақсатқа сәйкес халықаралық теңіз көлігінің көрсетілетін қызметтерді берушілердің көліктің басқа түрлерін берушілермен тікелей келісімшарт жасасу құқығын қамтитын, көліктің бірнеше түрін пайдалана отырып, оның ішінде теңіз учаскесі арқылы жүктерді тасымалдауды білдіретін «есіктен есікке дейін» тасымалдауды және мультимодальды көлік тасымалдауын қамтиды.

3. 4-тармақта аталған және кеме қатынасы агенттіктері халықаралық теңіз көлігіне қатысты қызметтер көрсету үшін жүзеге асыратын қызмет түрлеріне қатысты әрбір

Тарап екінші Тараптың заңды тұлғаларына құру және қызмет шарттарына сәйкес қайсысы жақсы болуына қарай, өздерінің меншікті еншілес компанияларына немесе филиалдарына немесе кез келген үшінші елдің филиалдарына немесе еншілес компанияларына берілетіннен қолайлылығы кем емес жағдайда еншілес компанияларды немесе филиалдарды өз аумағында құруға рұқсат етеді.

Осы тармақ Қазақстан Республикасының немесе Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттің ұлттық туын көтеріп жүзетін кемелерді пайдалану мақсатында құруға қ о л д а н ы л м а й д ы .

4. Осындай қызмет түрлері мыналарды қамтиды, бірақ онымен шектелмейді:

(а) көрсетілетін қызметтерді берушілердің өздерінің немесе көрсетілетін қызметтерді сатушы тұрақты іскерлік келісімдер жасасқан көрсетілетін қызметтерді берушінің осы көрсетілетін қызметтерді беруіне немесе ұсынуына қарай, баға ұсыныстарынан бастап шотты беруге дейін клиенттермен тікелей байланыс арқылы жүзеге асырылатын теңіз көлігі қызметтерінің және оған байланысты көрсетілетін қызметтердің маркетингі мен саудасы;

(b) интермодальды көрсетілетін қызметті беру үшін қажетті кез келген ішкі көлік көрсететін көлік қызметтерін қоса алғанда, өз атынан немесе өз клиенттерінің атынан кез келген көлік қызметін және оған байланысты көрсетілетін қызметтерді сатып алу және пайдалану (және өз клиенттеріне қайта сату);

(c) көліктік құжаттарына, кедендік құжаттарға жататын немесе тасымалданатын жүктердің шығарылған жері мен сипатына қатысты, басқа құжаттарға құжаттама ә з і р л е у ;

(d) компьютерлендірілген ақпараттық жүйелерді және деректермен электрондық алмасуды (телекоммуникацияға қатысты кез келген кемсітпейтін шектеулерді сақтау кезінде) қоса алғанда, іскерлік ақпаратты кез келген құралдармен ұсыну;

(e) компания капиталына қатысуды және жергілікті жерде іріктелген персоналды тағайындауды (немесе осы Келісімнің тиісті ережелерін сақтау кезінде шетелдік персоналды тағайындау) қоса алғанда, басқа кеме қатынасы агенттіктерімен, жергілікті жерде құрылған кеме қатынасы агенттігімен кез келген іскерлік шарттарды жасасу;

(f) қажет болған жағдайда, кемең кіруін немесе жүкті қабылдауды ұйымдастыру кезінде, өзгелерімен қатар, заңды тұлға атынан әрекет ету.

5. Халықаралық теңіз көлігі саласында көрсетілетін қызметтердің Тараптар арасында трансшекаралық берілуін ырықтандырудың қолданыстағы деңгейін назарға а л а о т ы р ы п :

(a) Тараптар халықаралық нарықтарға және мәмілелерге коммерциялық және кемсітпейтін негізде шектеусіз қол жеткізу қағидаттарын тиімді қолданады;

(b) әрбір Тарап екінші Тараптың көрсетілетін қызметтерді берушілері пайдаланатын кемелерге, өзгелерімен қатар, порттарға қол жеткізуге, порттардың инфрақұрылымын және көрсетілетін қызметтерді пайдалануға, теңізде қосалқы көрсетілетін қызметтерді

пайдалануға, сондай-ақ олармен байланысты алымдарға, төлемдерге, кедендік қызмет көрсетуге және айлақтар ұсынуға және тиеу мен түсіру жабдықтарын ұсынуға қатысты қайсысының жақсы болуына қарай, өзінің меншікті кемелеріне немесе кез келген үшінші елдің кемелеріне ұсынылатын режимнен қолайлылығы кем емес режимді ұсынады.

6. 5-тармақта белгіленген қағидаттарды қолдану кезінде, Тараптар:

(a) осы Келісім күшіне енген кезден бастап Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одаққа мүше кез келген мемлекет арасындағы екіжақты келісімдердің жүк партияларын бөлу туралы ешқандай ережелерін қолданбайды;

(b) осы Келісімнің сол немесе өзге Тарапының желілік кеме қатынасы компанияларының тиісті үшінші елге немесе үшінші елден қатынауының шынайы мүмкіндігі болмайтындай өзге жағдайлардан басқа, үшінші елдермен келешекте жасалатын екіжақты келісімдерге жүк партияларын бөлу туралы ережелерді енгізбейді;

(c) үймелі және құймалы жүктер саудасына қатысты келешекте жасалатын екіжақты келісімдерде жүк партияларын бөлу туралы уағдаластыққа тыйым салады;

(d) осы Келісім күшіне енгеннен кейін жасырын шектеуді білдіруі немесе халықаралық теңіз көлігі саласында көрсетілетін қызметтердің еркін ұсынылуына кемсітушілік ықпалы болуы мүмкін кез келген біржақты шаралардың және әкімшілік, техникалық және басқа да кедергілердің күшін жояды және оларды енгізуден бас тарттады.

7. Халықаралық теңіз көлігі саласында көрсетілетін қызметтерді ұсынатын Еуропалық Одақтың жеке және заңды тұлғалары Қазақстан Республикасының ішкі суларында халықаралық «теңіз-өзен» және керісінше қызметтерді еркін ұсынады.

8. Тараптар екінші Тараптың халықаралық теңіз көлігі көрсетілетін қызметтерді берушілерге ақылға қонымды және кемсітпейтін шарттар негізінде портта мынадай қызметтерді: лоцмандық алып өткізу, тіркеп сүйреу, азық-түлікпен жабдықтау, отынмен және сумен жабдықтау, қоқыс жинау және балластық суларды кәдеге жарату, порт капитаны көрсететін қызметтер, навигациялық көмек, байланысты, сумен және электрмен жабдықтауды қоса алғанда, кеме қызметі үшін қажетті жағалау пайдалану қызметтері, авариялық жөндеу, зәкірге қою, айлақ және айлақ қызметтерін ұсынады.

9. Егер Қазақстан Республикасы, Каспий теңізі жағалауы мемлекеттері мен ТМД елдерін қоспағанда, ДСҰ-ның кез келген басқа мүшесіне теңіз тасымалдары үшін неғұрлым қолайлы режим ұсынатын болса, онда мұндай жағдайлар Еуропалық Одақтың жеке және заңды тұлғаларына да қолданылады.

## **54-БИС-БАП**

**Автомобиль, теміржол, ішкі су жолдары арқылы тасымалдар және әуе тасымалдары**

Тараптар арасында олардың өзара коммерциялық қажеттіктерге сай келетін, тасымалдарды үйлестірілген дамытуды қамтамасыз ету мақсатында автомобиль, теміржол тасымалдары мен ішкі су жолдары арқылы тасымалдар және, егер бұл қолданылатын болса, әуе тасымалдары нарықтарына өзара қол жеткізу шарттары осы Келісім күшіне енгеннен кейін Тараптар арасында жасалған ықтимал нақты келісімдерде ескертілуі мүмкін.

## **6-БӨЛІМ**

### **ЕРЕКШЕЛІКТЕР**

#### **55-БАП**

##### **Жалпы ерекшеліктер**

1. Қызметті немесе трансшекаралық беруге арналған көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда, құру үшін ұқсас жағдайлар немесе жасырын шектеу басым елдер арасында қисынсыз немесе жөнсіз кемсітушілік құралын жасайтын тәсілмен мұндай шаралар қолданылмайды деген талап сақталған кезде осы тарауда ештеңе де:

(а) қоғамдық қауіпсіздікті немесе қоғамдық моральды қорғау үшін немесе қоғамдық тәртіпті<sup>1</sup> сақтау үшін қажет;

<sup>1</sup>Қоғамдық тәртіпті сақтау тұрғысындағы ерекшеліктер қоғамның негізгі мүдделерінің біріне қатысты шынайы және жеткілікті елеулі қауіп төнген жағдайда ғана қолданылуы мүмкін.

(b) адамдардың өмірін немесе денсаулығын, жануарларды немесе өсімдіктерді қорғау үшін қажет;

(c) егер мұндай шаралар ішкі инвесторларға немесе көрсетілетін қызметтерді ішкі берулерге немесе тұтынуға қатысты шектеулермен қатар қолданылатын болса, сарқылып бара жатқан табиғи ресурстарды сақтауға байланысты;

(d) көркем, тарихи немесе археологиялық құндылықтарды білдіретін ұлттық қазыналарды қорғау үшін қажет;

(e) - мыналарға:

(i) адастыруға әкеп соғатын және жосықсыз практиканың алдын алуға немесе келісімшарттарды сақтамаудың салдарын еңсеруге;

(ii) дербес деректерді өңдеу мен тарату кезінде жекелеген адамдардың жеке өміріне араласудан қорғауға және жеке өмірі мен шоттары туралы мәліметтердің құпиялығын қорғауға;

(iii) қауіпсіздікке қатыстыларын қоса алғанда, осы Бөлімге қайшы келмейтін заңдардың немесе нормативтік құқықтық актілердің сақталуы үшін қажет;

(f) режимдегі өзгешілік екінші Тараптың<sup>1</sup> экономикалық қызметіне, инвесторларға немесе көрсетілетін қызметтерді берушілерге қатысты тиімді немесе әділ тікелей салық салуды немесе оларды алуды қамтамасыз етуге бағытталған жағдайда, 46-баппен үйлеспейтін шараларды кез келген Тараптың қабылдауына немесе қолдануына кедергі келтіру ретінде түсіндірілмейді.

2. Осы тарау Тараптарды әлеуметтік қамсыздандырудың тиісті жүйелеріне немесе тіптен кейде мемлекеттік билік функцияларын орындауға байланысты әрбір Тараптың аумағындағы қызметке қолданылмайды.

-----  
<sup>1</sup>Тікелей салық салуды немесе оларды алуды тиімді немесе әділ қамтамасыз етуге бағытталатын шаралар өздерінің салық салу жүйесіне сәйкес Тарап қабылдайтын мынадай шараларды қамтиды:

(i) осы Тараптың аумағында болатын немесе орналасқан салық салу объектілеріне қатысты бейрезиденттердің салықтық міндеттемелері айқындалатын фактіні назарға ала отырып, резидент болып табылмайтын инвесторлар мен көрсетілетін қызметтерді берушілерге қолданылады;

(ii) осы Тараптың аумағындағы салық салуды немесе салықтарды алуды қамтамасыз ету үшін бейрезиденттерге қолданылады;

(iii) сақтау бойынша шараларды қоса алғанда, салық салуды болғызбаудың немесе салықтарды төлеуден жалтарудың алдын алу үшін бейрезиденттерге немесе резиденттерге қолданылады;

(iv) осы Тараптың аумағындағы көздерден осындай тұтынушыларға салық салуды немесе салықтар алуды қамтамасыз ету үшін екінші Тараптың аумағына немесе оның аумағынан берілетін қызметтерді тұтынушыларға қолданылады;

(v) бүкіл әлемде пайдаланылатын, салық салу баптары бойынша салық салынуға жататын инвесторлар мен көрсетілетін қызметтерді берушілер арасындағы және басқа инвесторлар мен көрсетілетін қызметтерді берушілерден айырмашылықты олардың салық базасының әртүрлі сипатын тани отырып, жүргізеді; немесе

(vi) резиденттер болып табылатын тұлғалардың немесе филиалдардың немесе осы Тараптың салықтық базасын қорғау мақсатында нақ сол бір тұлғаның өзара байланысты тұлғаларының немесе филиалдарының арасындағы кірісін, табысын, пайдасын, шығынын, шегерімін немесе кредит беруін айқындайды, таратып бөледі немесе бөледі.

(f)-тармағындағы немесе осы сілтемедегі салық терминдері немесе ұғымдары салық айқындамалары мен ұғымдарына немесе шара қолданылатын Тараптың ұлттық заңнамасы бойынша баламалы немесе ұқсас айқындамалары мен ұғымдарына сәйкес айқындалады.

## **7-БӨЛІМ**

### **ИНВЕСТИЦИЯЛАР**

#### **56-БАП**

##### **Шолу және консультациялар**

Инвестициялар үшін кез келген тосқауылдарды анықтау мақсатында Тараптар осы Бөлім қолданыла бастаған күннен кейін үш жылдан кешіктірмей инвестициялық құқықтық базаға шолуды бірлесіп жүзеге асырады. Осы шолу негізінде осы Келісімді толықтыру мақсатында, оның ішінде инвестицияларды қорғаудың жалпы қағидаттарына қатысты мұндай тосқауылдарды жою үшін олар келіссөздерді бастау мүмкіндігін қарайды.

#### **6-ТАРАУ**

### **КАПИТАЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМДЕР**

#### **57-БАП**

##### **Ағымдағы шот**

1. Тараптар еркін айырбасталатын валютада және қолданылуына қарай, Халықаралық валюта қоры келісімінің Баптарына сәйкес Тараптар арасындағы төлем теңгерімінің ағымдағы шотына кез келген төлемдер мен аударымдарды жасауға рұқсат береді.

#### **58-БАП**

##### **Капитал қозғалысы**

1. Төлем теңгерімінің капитал және қаржы шоты бойынша операцияларға қатысты және осы Келісімнің басқа ережелеріне нұқсан келтірмей, Тараптар қабылдаушы тараптың заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын тікелей инвестицияларға, 5-тарауда (Көрсетілетін қызметтер саудасы және құру) қамтылатын экономикалық қызметке және осындай инвестицияланған капиталды жою мен репатриациялауға және одан алынған кез келген пайдаға байланысты капиталдың еркін қозғалысына қатысты шектеулерді белгілемеуге міндеттенеді.

2. 1-тармақта қамтылмайтын төлем теңгерімінің капитал және қаржы шоты бойынша операцияларға қатысты және осы Келісімнің басқа да ережелеріне нұқсан келтірмей, әрбір Тарап өз заңнамасына сәйкес, өзгелерімен қатар:

(а) Тарап резиденті қатысатын көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда,



коммерциялық мәмілелерге байланысты кредиттермен;  
(b) қаржылық қарыздармен және кредиттермен; немесе  
(c) ұзақ мерзімді экономикалық байланыстарды орнату немесе сақтау ниетінсіз  
заңды тұлғадағы капиталға қатысуымен байланысты капиталдың еркін қозғалысын  
қ а м т а м а с ы з е т е д і .

3. Тараптар осы Келісімнің басқа да ережелеріне нұқсан келтірмей, Тараптар резиденттері арасындағы капитал қозғалысына қандай да бір жаңа шектеулерді енгізбейді және қолданыстағы уағдаластықтарды онша шектемейді.

4. Тараптар өз арасындағы капитал қозғалысын одан әрі жеңілдету мақсатында консультациялар өткізуі мүмкін.

## 59-БАП

### Ерекшеліктер

Мұндай шаралар капитал қозғалысы үшін ұқсас жағдайлар немесе жасырын шектеу басым елдер арасында қисынсыз немесе жөнсіз кемсітушілік құралын жасайтын тәсілмен қолданылмайды деген талап сақталған кезде осы тарауда ештеңе де:

(a) қоғамдық қауіпсіздікті және қоғамдық моральді қорғау үшін немесе қоғамдық тәртіпті сақтау үшін қажет;

(b) мыналармен:

(i) криминалдық немесе қылмыстық құқық бұзушылықтарды, адастыруға және жосықсыз практикаға әкеп соғатын алдын алуға немесе келісімшарттарды сақтамаудың салдарын (банкроттық, дәрменсіздік және кредиторлардың құқықтарын қорғау) еңсерумен;

(ii) Тараптың қаржылық жүйесінің тұтастығын және тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін белгіленген немесе сақталатын шаралармен;

(iii) бағалы қағаздар, опциондар, фьючерстер немесе өзге де туынды қаржылық құралдар шығарумен, оның саудасымен немесе олармен жасалатын операциялармен;

(iv) құқық қорғау органдарына немесе қаржылық реттеу органдарына жәрдем көрсету қажет болған жағдайда, қаржылық есептілікпен немесе ақшалай аударымдардың есебімен; немесе

(v) сот немесе әкімшілік процестер қорытындылары бойынша қаулылардың немесе сот шешімдердің орындалуын қамтамасыз етумен байланыстыларын қоса алғанда, осы Бөлімнің ережелеріне қайшы келмейтін заңдардың немесе нормативтік құқықтық актілердің сақталуы үшін қажет шараларды кез келген Тараптың қабылдауына немесе қолдануына кедергі келтіру ретінде түсіндірілмейді.

## **60-БАП**

### **Капитал қозғалысына, төлемдерге немесе аударымдарға қатысты уақытша қорғау шаралары**

Қазақстан Республикасы жағдайында ақша-кредиттік саясатты және айырбас бағамы саласындағы саясатты іске асыру үшін немесе Еуропалық Одақ жағдайында экономикалық және валюталық одақтың қызметі үшін елеулі қиындықтар болған немесе оларға қатысты қауіп-қатерлер болған ерекше жағдайларда, мүдделі Тарап аса қажет болған жағдайда капитал қозғалысына, төлемдерге немесе аударымдарға қатысты аса қажетті қорғау шараларын бір жылдан аспайтын мерзімге қабылдауы мүмкін. Мұндай шараларды сақтайтын немесе белгілейтін Тарап екінші Тарапты кідіртпей хабардар етеді және олардың күшін жоюдың кестесін мүмкіндігінше қысқа мерзімде ұсынады.

## **7-ТАРАУ**

### **ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК**

## **61-БАП**

### **Мақсаттар**

О с ы      т а р а у д ы ң      м а қ с а т т а р ы :

- (a) Тараптар арасындағы инновациялық және шығармашылық өнімдерді өндіруге және коммерцияландыруға жәрдемдесу; және
- (b) зияткерлік меншік құқықтарын сақтау мен қорғаудың тиісті және тиімді деңгейіне қол жеткізу болып табылады.

## **1-БӨЛІМ**

### **ҚАҒИДАТТАР**

## **62-БАП**

### **Міндеттемелердің мәні мен қолданылу аясы**

1. Тараптар ДСҰ-ның Зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері жөніндегі келісімін (ЗМҚСА келісімі) қоса алғанда, өздері қатысушысы болып табылатын зияткерлік меншікке қатысты халықаралық шарттарды барабар әрі тиімді түрде орындауды қамтамасыз етуге өз міндеттемесін растайды. Осы тараудың ережелері Тараптар арасындағы құқықтар мен міндеттемелерді ЗМҚСА келісіміне және зияткерлік меншік саласындағы басқа да халықаралық шарттар бойынша толықтырады

2. Осы Келісімнің мақсаттары үшін «зияткерлік меншік» термині, өзгелерімен қатар , 65-96-баптарда аталған зияткерлік меншіктің барлық санаттарына жатады.

3. Зияткерлік меншікті қорғау қайта қаралған және өзгерілген, 1883 жылғы Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенциясының (Париж конвенциясы) 10-бис бабында көзделгендей жосықсыз бәсекелестіктен қорғауды қамтиды.

4. Осы тарау зияткерлік меншік құқықтарын сақтау және қорғау үшін неғұрлым жоғары стандарттарды көздейтін өз заңнамасының ережелерін, егер олар осы тараудың ережелеріне қайшы келмеген жағдайда, Тараптардың қолдануына кедергі келтірмейді.

## **63-бап**

### **Технологияларды беру**

1. Тараптар технологияларды беруді қозғайтын зияткерлік меншікті сақтау мен қорғау бойынша өз заңнамасы және халықаралық тәжірибе туралы пікірлерімен және ақпаратпен алмасуға келіседі. Бұл, атап айтқанда, ақпараттық ағымдарға жәрдемдесу, іскерлік әріптестікті дамыту және ерікті лицензиялық және қосалқы мердігерлік шарттарды жасасу бойынша шаралармен алмасуды қамтиды. Басты назар қабылдаушы елдерде технологияларды беру үшін тиісті қолайлы орта жасау үшін қажетті жағдайға, оның ішінде тиісті құқықтық базаны қамтамасыз ету және адам капиталын дамыту сияқты мәселелерге бөлінеді.

2. Технологияларды беруге қатысты шараларды қолдану кезінде зияткерлік меншік құқықтары иелерінің заңды мүдделері қорғалуға тиіс.

## **64-БАП**

### **Құқықтардың түгесілуі**

Әрбір Тарап өзінің ұлттық заңнамасына сәйкес авторлық құқыққа және сабақтас құқықтарға, өнеркәсіптік үлгілер мен тауар таңбаларына қатысты зияткерлік меншік құқықтарының ұлттық немесе өңірлік<sup>1</sup> түгесілу қағидатын пайдаланады.

-----  
<sup>1</sup>«Өңірлік» термині тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің еркін қозғалысын қамтамасыз ететін ішкі нарықты құратын өңірлік экономикалық интеграциялық ұйымдарға қатысты.

## **2-БӨЛІМ**

### **ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ СТАНДАРТТАРЫ АВТОРЛЫҚ**

# ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ САБАҚТАС ҚҰҚЫҚТАР

## 65-БАП

### Ұсынылатын қорғау

Әрбір Тарап мына халықаралық шарттарда белгіленген құқықтар мен міндеттемелерді сақтайды:

(a) Әдеби және көркем туындыларды қорғау жөніндегі Берн конвенциясы (Берн конвенциясы);

(b) Орындаушылардың, фонограмма жасаушылардың және хабар тарату ұйымдарының құқықтарын қорғау туралы халықаралық конвенция (Рим конвенциясы);

(c) Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының (ДЗМҰ) авторлық құқық жөніндегі шарты;

(d) ДЗМҰ-ның орындаушылықтар және фонограммалар жөніндегі шарты;

(e) ЗМҚСА Келісімі.

## 66-БАП

### Авторлар

Әрбір Тарап авторларға қатысты:

(a) олардың туындыларын кез келген тәсілмен және кез келген нысанда, тікелей немесе жанама, уақытша немесе тұрақты, толық немесе ішінара қайта шығаруға;

(b) туындылардың түпнұсқаларын немесе көшірмелерін сату арқылы немесе өзге тәсілмен кез келген нысанда олардың таратуға;

(c) жұртшылық өкілдері өздерінің қалауы бойынша кез келген жерден және кез келген уақытта қол жеткізуді жүзеге асыра алатындай түрде жалпы жұрттың назарына жеткізуді қоса алғанда, желілер арқылы немесе сымсыз байланыс құралдары арқылы жалпы жұрттың назарына олардың туындыларын кез келген хабарлауға рұқсат беруге немесе тыйым салуға айрықша құқық береді.

## 67-БАП

### Орындаушылар

Әрбір Тарап орындаушыларға қатысты:

(a) олардың орындаушылықтарын жазуға<sup>1</sup>;

(b) олардың орындаушылықтарының жазбаларын кез келген тәсілмен және кез келген нысанда, тікелей немесе жанама, уақытша немесе тұрақты, толық немесе ішінара қайта шығаруға;

(с) олардың орындаушылықтарының жазбаларын сату арқылы немесе өзге түрде т а р а т у ғ а ;

(d) жұртшылық өкілдері өздерінің қалауы бойынша кез келген жерден және кез келген уақытта қол жеткізуді жүзеге асыра алатындай түрде желілер арқылы немесе сымсыз байланыс құралдары арқылы, олардың жазбаларын жалпы жұрттың назарына ж е т к і з у ғ е ;

(е) орындаушылық өздігінен трансляция болып табылатын немесе жазба негізінде жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда, олардың орындаушылықтарының сымсыз трансляциялануына немесе жалпы жұрттың назарына хабарлауға рұқсат ететін немесе тыйым салатын айрықша құқық береді.

-----  
<sup>1</sup>Осы тараудың мақсаты үшін «жазба» дыбыстарды не олардың бейнелерін тиісті құрылғының көмегімен қабылдауды, қайта жасауды немесе хабарлауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, жаңғырта басуды білдіреді.

## 68-БАП

### Фонограмма жасаушылар

Әрбір Тарап фонограмма жасаушыларға қатысты:

(a) олардың фонограммаларын кез келген тәсілмен және кез келген нысанда, тікелей немесе жанама, уақытша немесе тұрақты, толық немесе ішінара қайта шығаруға;

(b) олардың фонограммаларын сату арқылы немесе өзге түрде, оның ішінде к ө ш і р м е л е р і н т а р а т у ғ а ;

(с) жұртшылық өкілдері өздерінің қалауы бойынша кез келген жерден және кез келген уақытта қол жеткізуді жүзеге асыра алатындай түрде желілер арқылы немесе сымсыз байланыс құралдары арқылы жалпы жұрттың назарына олардың өз фонограммаларын жеткізуге рұқсат ететін немесе тыйым салатын айрықша құқық береді.

## 69-БАП

### Хабар тарату ұйымдары

Әрбір Тарап хабар тарату ұйымдарға қатысты:

(a) олардың хабарларын жазуға;

(b) олардың хабарларының жазбаларын қайта шығаруға;

(с) жұртшылық өкілдері өздерінің қалауы бойынша кез келген жерден және кез келген уақытта қол жеткізуді жүзеге асыра алатындай, желілер арқылы немесе сымсыз байланыс құралдары арқылы жалпы жұрттың назарына олардың хабарларының ж а з б а л а р ы н ж е т к і з у ғ е ; және

(d) сымсыз байланыс құралдары арқылы олардың хабарларын ретрансляциялауға, сондай-ақ егер осындай хабарлау жалпы жұрт үшін кіру ақысын төлеп қол жеткізетін орындарда жүзеге асырылса, олардың хабарларын жалпы жұрттың назарына хабарлауға рұқсат ететін немесе тыйым салатын айрықша құқық береді.

## **70-БАП**

### **Эфирге беру және жұртшылыққа хабарлау**

Әрбір Тарап, егер фонограмма коммерциялық мақсатта жарияланса немесе осындай фонограмманы қайта шығару жалпы жұрттың назарына сымсыз байланыс құралдары арқылы эфирге беру немесе кез келген тәсілмен хабарлау үшін пайдаланылатын болса, пайдаланушы біржолғы әділ сыйақы төлеуге кепілдік беретін және осындай сыйақыны тиісті орындаушылар мен фонограмма жасаушылар арасында бөлуді қамтамасыз ететін құқық береді. Әрбір Тарап орындаушылар мен фонограмма жасаушылар арасында келісім болмаған кезде олардың арасында осындай сыйақыны бөлу шарттарын айқындай алады.

## **71-БАП**

### **Қорғау мерзімі**

1. Әдеби немесе көркем туынды авторының құқықтары Берн конвенциясы 2-бабының мағынасы бойынша автордың өмірі бойына және ол қайтыс болғаннан кейін кемінде 70 жыл қолданыста болады.

2. Тең авторлықпен жасалған туынды жағдайында, 1-тармақта көрсетілген мерзім авторлардың соңғысының қайтыс болған күннен бастап есептеледі.

3. Орындаушылардың құқығы орындау күннен кейін кемінде 50 жыл өткен соң аяқталады. Алайда, егер орындаушылықтың жазбасы осы кезең ішінде заңды түрде жарияланса немесе жалпы жұрттың назарына заңды түрде хабарланса, оған қатысты құқық осындай алғаш жарияланған немесе осындай жалпы жұрттың назарына алғаш хабарланған күннен кейін, қайсысы ерте басталатынына байланысты, кемінде 50 жыл өткен соң аяқталады.

4. Фонограмма жасаушылардың құқықтары жазба жүзеге асырылғаннан кейін кемінде 50 жыл өткен соң аяқталады. Алайда, егер фонограмма осы кезең ішінде заңды түрде жарияланса, көрсетілген құқықтар алғаш заңды түрде жарияланған күннен кейін кемінде 50 жыл өткен соң аяқталады. Егер, құқыққа сыйымды түрде жарияланым бірінші сөйлемде көрсетілген мерзімде жасалмаса және егер фонограмма осы кезең ішінде жалпы жұрттың назарына құқыққа сыйымды түрде хабарланса, көрсетілген құқықтар жалпы жұрттың назарына алғаш рет құқыққа сыйымды түрде хабарлау күннен кейін кемінде 50 жыл өткен соң аяқталады.

5. Хабар тарату ұйымдарының құқықтары осы хабар кабель бойынша немесе

спутник арқылы берілуін қоса алғанда, желілер арқылы немесе сымсыз байланыс құралдары арқылы берілетін-берілмейтіндігіне қарамастан, хабар алғаш берілген күннен кейін кемінде 50 жыл өткен соң аяқталады.

6. Осы бапта жазылған шарттар оларды тудыратын оқиғадан кейінгі жылдың бірінші қаңтарынан бастап есептеледі.

7. Қорғау мерзімі осы бапта көзделген мерзімнен асуы мүмкін.

## **72-БАП**

### **Техникалық шараларды қорғау**

1. Әрбір Тарап оның осы мақсатты көздейтіндігін білетін немесе білуге жеткілікті негіздері бар мүдделі тұлға жүзеге асыратын кез келген тиімді техникалық шаралардан айналып өтуге қарсы тиісті құқықтық қорғауды көздейді.

2. Әрбір Тарап өндіріске, әкелуге, таратылымға, сатылымға, жалға беруге, сату немесе жалға беру мақсатындағы жарнамаға немесе, коммерциялық мақсаттағы құрылғыларды, өнімдерді немесе компоненттерді иеленуге, немесе негізінен кез келген тиімді техникалық шаралардан айналып өтуге бағытталған немесе оған мүмкіндік туғызатын қызметтерді ұсынуға қарсы тиісті құқықтық қорғауды көздейді.

3. Осы Келісімнің мақсаттары үшін «техникалық шаралар» түсінігі ұлттық заңнамамен көзделген кез келген авторлық құқықтың немесе сабақтас құқықтың иеленушісі рұқсат етпеген туындыларға немесе басқа да объектілерге қатысты іс-қимылдарды болдырмауға немесе шектеуге арналған жұмыстың қалыпты режиміндегі кез келген технологияны, құрылғыны немесе компонентті білдіреді. Техникалық шаралар, егер туындылардың немесе басқа да объектінің пайдаланылуын құқық иеленуші қолжетімділікті бақылауды немесе сақтау мақсатына жетуді қамтамасыз ететін шифрлеу, кодтау немесе туындының немесе өзге объектінің өзгеше түрлендірілуі немесе көшіруді басқару тетігін қолдану сияқты қорғау процесін қолдану арқылы бақылайтын жерде «тиімді» болып саналады.

## **73-БАП**

### **Құқықтарды басқару жөніндегі ақпаратты қорғау**

1. Әрбір Тарап мына іс-қимылдардың кез келгенін:

(a) құқықтарды басқару жөніндегі кез келген электрондық ақпаратты жоюды немесе өзгертуді;

(b) құқықтарды басқару жөніндегі электрондық ақпараттың рұқсатсыз жойылған немесе өзгертілген, осы Келісім бойынша сақталатын туындыларды немесе басқа да объектілерді таратуды, тарату мақсатында импорттауды, хабар таратуды, хабарлауды немесе жалпы жұрттың назарына жеткізуді бұл адам осындай іс-қимылдар арқылы тудыратынын, мүмкіндік беретінін немесе ұлттық заңнамада көзделген кез келген

авторлық құқықтың немесе сабақтас құқықтардың бұзылуына жәрдемдесетінін немесе оны жасыратынын білетін немесе білуге жеткілікті негіздерге ие болған жағдайларда рұқсатсыз жүзеге асыратын кез келген адамнан тиісті құқықтық қорғауды көздейді.

2. Осы тараудың мақсаттары үшін «құқықтарды басқару жөніндегі ақпарат» түсінігін автордың немесе басқа да кез келген құқық иеленушінің, авторлық құқықпен немесе сабақтас құқықтармен сақталатын туындыны немесе басқа объектіні сәйкестендіретін құқық иеленуші ұсынған кез келген ақпаратты немесе туындыны және басқа да объектіні пайдалану шарттары туралы ақпаратты және осындай ақпарат берілген кез келген цифрларды немесе кодтарды білдіреді.

3. 1-тармақ ақпарат элементтерінің кез келгені туындының немесе авторлық құқықпен немесе сабақтас құқықтармен қорғалатын басқа да объектінің данасына қоса берілетін не жалпы жұрттың назарына хабарлауға байланысты пайда болатын кезде қолданылады.

## **74-БАП**

### **Ерекшеліктер және шектеулер**

1. Әрбір Тарап өздері тараптары болып табылатын конвенцияларға және халықаралық келісімдерге сәйкес туындылардың немесе басқа объектінің қалыпты пайдаланылуына қайшы келмейтін және құқық иеленушінің заңды мүдделеріне негізсіз нұқсан келтірмейтін кейбір ерекше жағдайларда ғана 66-70 баптарда жазылған шектеулерді немесе құқықтардан ерекшеліктерді көздеуі мүмкін.

2. Әрбір Тарап 66-70 баптарда аталған, аралық немесе кездейсоқ болып табылатын және жалғыз мақсаты туындыны немесе басқа объектіні:

(а) үшінші тұлғалар арасында делдал арқылы желіге беру, немесе

(б) туындының немесе басқа объектінің құқыққа сыйымды пайдаланылуын қамтамасыз ету технологиялық процестің ажырамас әрі маңызды бөлігі болып т а б ы л а т ы н

және тәуелсіз экономикалық маңызы жоқ қайта шығарудың уақытша актілері 60-69 баптарда көзделген қайта шығару құқығы қолданысына жатпайтынын көздейді.

## **75-БАП**

### **Қайта сату құқығы**

Әрбір Тарап екінші Тараптың азаматы болып табылатын түпнұсқа өнер туындысы авторының мүддесінде және оның құқықтық мирасқорының мүддесінде, тіптен алдын ала бас тартуға болмайтын оның иеліктен алынбайтын құқығы ретінде айқындалатын қайта сатуға құқығын, автор туындыны алғаш бергеннен кейін туындыны қайта сатудан алынған сатылым бағасына негізделген сыйақы алу құқығын береді. Сыйақы алымының шекті деңгейлері мен мөлшерлемелері қайта сату орын алатын Тараптың



ҰЛТТЫҚ заңнамасына сәйкес белгіленуге тиіс<sup>1</sup>.

-----  
<sup>1</sup>Тарап ұлттық заңнамаға сәйкес өнер туындылары саласындағы дилерлердің катысуымен мәмілерді қайта сату құқығын шектей алады.

## **76-БАП**

### **Құқықтарды ұжымдық басқару саласындағы ынтымақтастық**

Тараптар туындыларға және басқа да қорғалатын объектілерге неғұрлым өзара жеңіл түрде қол жеткізілуін қамтамасыз ету, сондай-ақ Тараптар аумақтары арасында оларды жеткізу, сондай-ақ осындай туындыларды немесе қорғалуға жататын басқа да объектілерді пайдаланғаны үшін олардың арасында сыйақы беру үшін құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі өз ұйымдары арасында уағдаластықтарды орнатуға жәрдемдесу мақсатында өздеріне қолжетімді ақылға қонымды шараларды қолданады. Тараптар өздерінің құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдарының мақсаттарын орындауға қатысты ұтымдылық пен ашықтықтың мейілінше жоғары деңгейіне жету үшін оларға қолжетімді ақылға қонымды шараларды қолданады.

## **ТАУАР ТАҢБАЛАРЫ**

## **77-БАП**

### **Халықаралық келісімдер**

Ә р б і р Т а р а п

(a) Таңбаларды халықаралық тіркеу туралы Мадрид Келісіміне Хаттаманы және тауар таңбалары жөніндегі заңдар туралы ДЗМҰ шартын сақтайды; және

(b) Тауар таңбалары жөніндегі заңдар туралы Сингапур шартына қосылу үшін ақылға қонымды барлық күш-жігерін жұмсайды.

## **78-БАП**

### **Тіркеу рәсімі**

1. Әрбір Тарап тауар таңбаларының тіркелу жүйесін көздейді, онда тауар таңбалары жөніндегі тиісті құзыретті орган қабылдаған әрбір түпкілікті шешім, тиісті түрде негізделген және ол өтінім берушіге жазбаша нысанда хабарланады, өтініш беруші оған тауар таңбалары жөніндегі құзыретті органға дау айтуға және сотқа апелляция беруге қ ұ қ ы л ы .

2. Әрбір Тарап құқық иеленушілердің өтінімге немесе тауар таңбасын тіркеуге қарсылық білдіру мүмкіндігін көздейді. Қарсылық білдірілген жағдайда рәсімдер

ж а р ы с п а л ы

б о л ы п

т а б ы л а д ы .

3. Әрбір Тарап тауар таңбаларын тіркеудің жалпыға қолжетімді электрондық дерекқорының болуын көздейді.

## **79-БАП**

### **Жалпыға бірдей белгілі тауар таңбалары**

Тараптар Париж конвенциясының 6-бис бабында және ЗМҚСА Келісімінің 16-бабының 2 және 3-тармақтарында көзделгендей жалпыға бірдей белгілі тауар таңбаларын тиімді қорғауды қамтамасыз ету мақсатында ынтымақтасады.

## **80-БАП**

### **Тауар таңбасы ұсынатын құқықтардың ерекшеліктері**

Әрбір Тарап сипаттамалық терминдерді адал пайдалану, географиялық көрсеткіштерді пайдалану сияқты тауар таңбасы ұсынатын құқықтардан шектеулі ерекшеліктерді немесе тауар таңбасы иесінің және үшінші тұлғаның заңды мүдделерін ескеретін басқа шектеулі ерекшеліктерді көздейді.

## **ГЕОГРАФИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР**

## **81-БАП**

### **Айқындама**

Осы Келісімнің мақсаттары үшін географиялық көрсеткіш дегеніміз белгіні білдіреді, ол белгілі бір сапасы, өтімділігі немесе басқа сипаттамалары елеулі дәрежеде оның географиялық шығарылған жерімен байланысты болатын тауарды Тарап аумағынан немесе өңірінен немесе осы аумақтағы жерлерден шығарылған ретінде идентификациялайды.

## **82-БАП**

### **Географиялық көрсеткіштерді қорғау қағидаттары**

1. Әрбір Тарап географиялық көрсеткіштердің тиісті және мерзімсіз қорғалуын ерекше түрде қорғау жүйесі арқылы және ұлттық заңнамаға сәйкес географиялық көрсеткіштер шығарылған елінде қорғалғанға дейін қамтамасыз етеді.

2. Осы мақсатта Тараптар ЗМҚСА Келісімнің тиісті ережелерінде белгіленген ең төмен стандарттарды толықтыратын, осы баптың негізінде географиялық көрсеткіштер с а л а с ы н д а

ы н т ы м а қ т а с а д ы .

3. Әрбір Тарап өзінің географиялық көрсеткіштерін қорғау жүйесінің екінші

Тараптың географиялық көрсеткіштерін тіркеу үшін ашық болуын қамтамасыз етеді. Әрбір Тарап тіркелген географиялық көрсеткіштердің жалпыға қолжетімді электрондық дерекқорының болуын көздейді.

4. Өзінің аумағында қорғалатын географиялық көрсеткіштерді қорғауға қатысты әрбір Тарап мыналарға:

(а) тіркелуге жатпайтын өнімдерге қатысты тіркелген атауды кез келген тікелей немесе жанама коммерциялық пайдалануға тыйым салады және оның алдын алады, с е б е б і :

(i) бұл өнімдер осы атаумен қорғалатын өнімдермен салыстырылады, немесе

(ii) осылай пайдалану қорғалатын атаудың беделін теріс пайдалану болып табылады ;

(b) егер тіпті өнімнің шынайы шығарылған жері көрсетілсе де немесе қорғалатын атау аударылса, транскрипцияланса, транслитерацияланса да немесе «стиль», «үлгі», «әдіс», «шығарылған», «түр», «имитация» сияқты немесе оларға ұқсас тұжырымдармен сүйемелденсе де тіркелген атауды кез келген теріс пайдалануға, имитацияға немесе а с с о ц и а ц и я ғ а ;

(c) өнімнің сыртқы және ішкі орамасында, жарнамалық материалдарында немесе құжаттарда, сондай-ақ контейнердегі өнімнің орамасында оның шығарылған жері туралы жаңсақ түсінік беруі мүмкін өнімнің шығарылған көзіне, жеріне, сипатына немесе елеулі сапасына қатысты кез келген жаңсақ немесе жалған көрсететін нұсқамаға ;

(d) тауардың шынайы шығарылған жеріне қатысты тұтынушыны жаңылыстыратын кез келген басқа да іс-қимылдарға тыйым салады және оның алдын алады.

5. Әрбір Тарап 81-83-баптарда көзделген қорғауды, оның ішінде мүдделі тараптың сұратуы бойынша қорғауды ұлттық заңнамаға сәйкес тиісті әкімшілік әрекеттерді қолдану арқылы жүзеге асырады.

6. Әрбір Тарап тауарды жеткізетін, тиісті ерекшелікке сай келетін нарыққа кез келген қатысушының қорғалатын географиялық көрсеткіштерді пайдалана алуын қ а м т а м а с ы з е т е д і .

7. Әрбір Тарап өзінің ұлттық заңнамасына сәйкес қорғайтын атаулардың жалпы өсім болмауын қ а м т а м а с ы з е т е д і .

8. Тараптар, егер тауар таңбасы беделінің болуына немесе жалпыға бірдей танымалдығына орай тіркеу тұтынушыларды тауардың шынайы түпнұсқалығына қатысты жаңылыстыруы мүмкін жағдайларда, географиялық көрсеткіштерді тіркеуге м і н д е т т і е м е с .

9. Әрбір Тарап неғұрлым ерте тауар таңбасы бар болған жағдайларда, осы бапқа нұқсан келтірместен географиялық көрсеткіштерді қорғайды. «Неғұрлым ерте тауар таңбасы», егер мұндай мүмкіндік географиялық көрсеткішті тіркеу туралы өтінім осы Тараптың құзыретті органдарына берілген күнге дейін ұлттық заңнамада көзделсе, ол

мәлімделсе, тіркелсе немесе пайдалану арқылы жасалса, пайдаланылуы 4-тармақта аталған жағдайлардың біріне жататын тауар таңбасын білдіреді. Мұндай мейілінше бұрынғы тауар таңбасы ол тіркелген немесе пайдаланылатын Тараптың тауар таңбалары саласындағы заңнамасында тауар таңбасының жарамсыздығы немесе оны қайтарып алу үшін негіздер болмаған жағдайда географиялық көрсеткіштің қорғалуына қарамастан пайдаланылып, жаңартыла беруі мүмкін.

## **83-БАП**

### **Келіссөздер**

Тараптар осы Бөлім қолданыла бастаған күннен кейін жеті жылдан кешіктірмей өздерінің аумақтарында географиялық көрсеткіштерді қорғау туралы келісімді жасасу мақсатында келіссөздерге кіріседі.

## **ӨНЕРКӘСПТІК ҮЛГІЛЕР**

## **84-БАП**

### **Халықаралық шарттар**

Еуропалық Одақ 1999 жылғы Өнеркәсіптік үлгілерді халықаралық тіркеу туралы Гаага Келісімінің Женева актісіне өзінің бейілділігін растайды. Қазақстан Республикасы оған қосылу үшін ақылға қонымды күш-жігерін жұмсайды.

## **85-БАП**

### **Тіркелген өнеркәсіптік үлгілерді қорғауға қойылатын талаптар**

1. Әрбір Тарап жаңа және түпнұсқа болып табылатын тәуелсіз жасалған өнеркәсіптік үлгілерді қорғауды көздейді. Бұл қорғау тіркеу арқылы қамтамасыз етіледі және ұлттық заңнамаға сәйкес тіркелген өнеркәсіптік үлгінің иесіне айрықша құқық береді. Осы баптың мақсаттары үшін Тарап жеке сипатқа ие өнеркәсіптік үлгіні түпнұсқа деп есептей алады.

2. Бұйымға қолданылатын немесе күрделі бұйымның бөлігі болып табылатын бұйымға енгізілген өнеркәсіптік үлгі:

(а) егер құрамдық бұйымға енгізілгеннен кейін бұйым бөлігі техникалық қызмет көрсетуді, сервис немесе жөндеу жұмыстарын қоспағанда, осы бұйымды қалыпты пайдалану процесінде көзге көрінетін болып қалса; және

(б) егер бұйым бөлігінің осы көзге көрінетін сипаттамалары жаңалықтың және дара сипаттың талаптарына өзінен өзі сай келетін жағдайда ғана жаңа және дара сипатқа ие ретінде қаралады.

## **86-БАП**

### **Тіркеу арқылы берілетін құқықтар**

Тіркелген өнеркәсіптік үлгі иесінің оны пайдалануға және бұйымға өнеркәсіптік үлгі енгізілген немесе ол қолданылатын, егер, бұйымды, өзгелерімен қатар, жасау, сатуға ұсыну, сату, импорттау, экспорттау, сақтау немесе пайдалану сияқты әрекеттер коммерциялық мақсаттарда қолданылса, иесі келісім бермеген мұндай әрекеттерге кез келген үшінші тарапқа тыйым салуға айрықша құқығы бар.

## **87-БАП**

### **Тіркелмеген өнеркәсіптік үлгілерді қорғау**

Қазақстан Республикасы осы Бөлім қолданыла бастаған күннен кейін жеті жылдан кешіктірмей Еуропалық Одақ осы жеті жылдық кезең аяқталғанға дейін екі жылдан кешіктірмей уәкілетті органдардың, ұйымдардың өкілдерін және судьяларды тиісті оқытуды қамтамасыз ететін жағдайда, тіркелмеген өнеркәсіптік үлгілерді оларға көшірме жасаудан құқықтық қорғауды қамтамасыз етеді.

## **88-БАП**

### **Қорғау мерзімі**

Өтінім берілген күннен бастап ұсынылатын қорғау мерзімі кемінде он жылды құрайды. Әрбір Тарап құқық иесінің қорғау мерзімін ұлттық заңнамада белгіленген ең жоғары қорғау мерзіміне дейін әрқайсысын бес жылдан бір немесе одан астам кезеңдерге ұзарта алатындай түрде қамтамасыз етеді.

## **89-БАП**

### **Ерекшеліктер**

1. Әрбір Тарап өнеркәсіптік үлгілерді қорғаудан шектеулі ерекшеліктерді, қорғалатын өнеркәсіптік үлгілерді әдеттегідей қолдана отырып, мұндай ерекшеліктер негізсіз қайшы келмейтін және үшінші тұлғалардың заңды мүдделерін ескере отырып, қорғалатын өнеркәсіптік үлгі иесінің заңды мүдделеріне негізсіз нұқсан келтірмейтін жағдайда, к ө з д е у і м ү м к і н .

2. Өнеркәсіптік үлгілерді қорғау бұйымның тек техникалық функцияларымен байланысты сыртқы түрінің ерекшелігіне де, басқа бұйыммен үйлесімділігін қамтамасыз ету үшін қажет бұйымның сыртқы түрінің элементіне де қолданылмайды<sup>1</sup>.

3. Өнеркәсіптік үлгіге арналған құқық қоғам мүдделеріне немесе жалпыға бірдей

қабылданған мораль қағидаттарына қайшы келетін үлгіге қолданылмайды.

-----  
<sup>1</sup>Еуропалық Одақта бұл ереже модульдік бұйымдарға қолданылмайды.

## **90-БАП**

### **Авторлық құқыққа қатынас**

Тарапта тіркелген өнеркәсіптік үлгіге арналған құқықпен қорғалатын өнеркәсіптік үлгінің де осы Тараптың авторлық құқық туралы заңнамасы бойынша, өнеркәсіптік үлгі кез келген нысанда жасалған немесе тіркелген күннен бастап қорғау құқығы болады. Түпнұсқалықтың талап етілетін деңгейін қоса алғанда, мұндай қорғауды ұсыну көлемі мен шарттарын әрбір Тарап айқындайды.

## **ПАТЕНТТЕР**

## **91-БАП**

### **Халықаралық шарттар**

Әрбір Тарап Патенттік құқық туралы шарттың 1-16 баптарының талаптарын сақтау үшін ақылға қонымды барлық күш-жігерін жұмсайды.

## **92-БАП**

### **Патенттер және халық денсаулығы**

1. Тараптар 2001 жылғы 14 қарашада қабылданған ЗМҚСА келісімі және халық денсаулығы туралы ДСҰ-ның Министрлік Конференциясы декларациясының маңыздылығын таниды. Осы тарау бойынша құқықтар мен міндеттемелерді түсіндіру және орындау кезінде әрбір Тарап осы Декларацияға сәйкестікті қамтамасыз етеді.

2. Әрбір Тарап 1-тармақта айтылған Декларацияның 6-тармағына қатысты 2003 жылғы 30 тамыздағы ДСҰ-ның Бас Кеңесінің Шешімін құрметтейді.

## **93-БАП**

### **Қосымша қорғау куәліктері**

1. Тараптар өздерінің аумағында патентпен қорғалатын дәрілік заттар мен өсімдіктерді қорғау заттары олар нарыққа шығарылғанға дейін әкімшілік рұқсат беру рәсімдеріне жатуы мүмкін екенін таниды. Олар патенті алуға өтінім беру және өнімді нарыққа шығару туралы алғашқы рұқсат алу арасындағы уақыт кезеңі, тиісті ұлттық заңнамада осы мақсат үшін белгіленгендей, патентпен берілетін тиімді қорғау мерзімін қысқартуы мүмкін екенін таниды.

2. Әрбір Тарап патентпен қорғалатын және әкімшілік рұқсат беру рәсіміне жататын дәрілік заттар мен өсімдіктерді қорғау заттарын қорғаудың 1-тармақтың екінші сөйлемінде көрсетілген, бес жылға қысқартылған кезеңге тең келетін қосымша кезеңін көздейді.

3. 2-тармаққа қарамастан, қорғаудың қосымша кезеңінің ұзақтығы бес жылдан аспайды.

## 94-БАП

### **Фармацевтикалық өнімді<sup>1</sup> нарыққа шығару туралы рұқсат алуға ұсынылған деректерді қорғау**

1. Әрбір Тарап фармацевтикалық өнімді нарыққа шығару туралы рұқсат алу үшін ұсынылған деректердің құпиялығына, ашылмауына және оларға сілтеме жасауға тыйым салынуына кепілдік беретін жан-жақты жүйені көздейді.

2. Әрбір Тарап ЗМҚСА Келісімінің 39-бабының 3-тармағында көрсетілгендей фармацевтикалық өнімді нарыққа шығару туралы рұқсат алу үшін ұсынылған кез келген ақпараттың үшінші тұлғаларға ашылмауын қамтамасыз етеді және кез келген Тарапта нарыққа шығару туралы рұқсат берген күннен бастап кемінде алты жыл ішінде жосықсыз коммерциялық пайдаланудан қорғалуын қамтамасыз етеді.

О с ы м а қ с а т т а

(а) нарыққа шығару туралы рұқсат берілген күннен бастап кемінде алты жыл ішінде осындай ашылмаған деректерді ұсынған адамнан немесе ұйымнан басқа ешбір адамға немесе мемлекеттік немесе жеке ұйымға, фармацевтикалық өнімді нарыққа шығару туралы рұқсатты алуға арналған өтінішті негіздеу үшін осы деректерді ұсынған адамның немесе ұйымның анық келісуінсіз осындай деректерге тікелей немесе жанама түрде сүйенуге рұқсат етілмейді;

(б) егер келесі өтініш беруші алғашқы өтініш берушінің деректері сияқты сол талаптарға сай келетін өзінің жеке деректерін немесе алғашқы рұқсат иесінің келісуімен пайдаланылған деректерді ұсынбаса, нарыққа шығару туралы рұқсатты ұсынған күннен бастап кемінде алты жыл ішінде фармацевтикалық өнімді нарыққа шығару туралы рұқсатқа кез келген кейінгі өтініш қанағаттандырылмайды. Осы алты жылдық кезең ішінде осындай деректер ұсынылмай тіркелген өнім осы талаптар қанағаттандырылмайынша нарықтан шеттетіледі.

-----  
<sup>1</sup> «Фармацевтикалық өнім» термині осы тарауда Еуропалық Одақ жағдайында дәрілік заттарға қатысты, оның айқындамасы Адамға арналған дәрілік заттар жөніндегі Қоғамдастық Кодексі туралы 2001 жылғы 6 қарашадағы Еуропалық Парламент пен Кеңестің 2001/83/ЕО Директивасында берілген.

## 95-БАП

### Өсімдіктерді қорғау заттары туралы деректерді қорғау және сынақтарды қайталауды болдырмау қағидалары

1. Тараптар өсімдіктерді қорғау заттарын нарыққа шығаруға рұқсат алғанға дейін олардың қауіпсіздік талаптарына және тиімділігіне сәйкестігін тексереді.

2. Әрбір Тарап өсімдіктерді қорғау заттарын нарыққа шығару туралы рұқсатты алу үшін алғаш ұсынылған, өткізілген сынақтар немесе зерттеулер туралы мәліметтер иесінің деректерді уақытша қорғау құқығын таниды.

Өткізілген сынақтар немесе зерттеулер туралы мәліметтер деректерді қорғау құқығының қолданылу кезеңі ішінде иеленушінің анық келісімі болуы жағдайларын қоспағанда, өсімдіктерді қорғау затын нарыққа шығару туралы рұқсатты алуға ұмтылатын басқа тұлғаның мүддесінде пайдаланылмайды. Бұл құқық осы жерде және бұдан әрі «деректерді қорғау» ретінде айтылады.

3. Өткізілген сынақтар немесе зерттеулер туралы мәліметтер:

(a) басқа дақылдар үшін пайдалануға жол беруге рұқсат алу немесе рұқсатқа өзгерістер енгізу үшін қажет; және

(b) тиісті зертханалық практика немесе тиісінше эксперименттік практика қағидаттарына сәйкестікке сертификатталады.

4. Тарапта өсімдіктерді қорғау заттары үшін деректерді қорғау мерзімі осы Тараптың аумағында алғашқы рұқсатты алған күннен бастап он жылды құрайды. Өсімдіктерді қорғау заттарына, мысалы жоғары тәуекелді білдірмейтін немесе сирек пайдаланылатын рұқсаттар алуды көтермелеу мақсатында әрбір Тарап неғұрлым ұзақ қорғау мерзімдерін көздеуі мүмкін.

5. Өткізілген сынақтар немесе зерттеулер туралы деректер де, егер рұқсатты жаңарту немесе қайта қарау үшін қажет болса, қорғалуға жатады.

6. Тараптар омыртқалы жануарларға сынақтар өткізуді қайталауды болдырмау жөнінде қағидаларды көздейді. Омыртқалы жануарлардың қатысуымен сынақтар мен зерттеулерді өткізуге ниетті кез келген өтініш беруші осы сынақтар мен зерттеулердің өткізілмегеніне немесе басталып қоймағанына көз жеткізу үшін қажетті шараларды қолданады.

7. Болашақ өтініш беруші және тиісті рұқсаттардың иесі немесе иелері олардың омыртқалы жануарлардың қатысуымен өткізілген сынақтар мен зерттеулер туралы деректерді бірлесіп пайдалануды қамтамасыз ету үшін барлық күш-жігерін жұмсайды. Сынақтар мен зерттеулер туралы ұсынылған деректердің құны әділ, ашық және кемсітпейтін негізде белгіленеді. Болашақ өтініш берушіден рұқсат алу талаптарына сәйкес ұсынуға тиіс сол бір ақпараттың құнын төлеу ғана талап етіледі.

8. Егер болашақ өтініш беруші және өсімдіктерді қорғау заттарына тиісті рұқсаттардың иесі немесе иелері омыртқалы жануарлардың қатысуымен өткізілген



сынақтар мен зерттеулер туралы деректерді бірлесіп пайдалану туралы келісімге келе алмаса, болашақ өтініш беруші бұл туралы тиісті Тараптың құзыретті органдарына х а б а р л а й д ы .

9. Омыртқалы жануарлардың қатысуымен сынақтар мен зерттеулер туралы деректерді бірлесіп пайдалану туралы келісімге қол жеткізудің мүмкін еместігі тиісті Тараптың құзыретті органдарына болашақ өтініш беруші өтінішінің мақсаттары үшін осындай деректерді пайдалануына кедергі болып табылмайды.

Тиісті рұқсаттардың иесі немесе иелері болашақ өтініш берушіден өздерін көтерген шығыстарды әділ бөлуді талап ете алады. Тарап аталған мәселені ұлттық заңнамаға сәйкес ресми және міндетті төрелік арқылы шешу үшін қатысушы тараптарды жібере алады.

## **96-БАП**

### **Өсімдіктердің сұрыптары**

Еуропалық Одақ Өсімдіктердің жаңа сұрыптарын қорғау жөніндегі халықаралық конвенцияға (УПОВ конвенциясы) өзінің бейілділігін растайды, оған қосылуы үшін Қазақстан Республикасы ақылға қонымды күш-жігерін жұмсайды.

## **3-БӨЛІМ**

### **ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ**

## **97-БАП**

### **Жалпы міндеттемелер**

1. Тараптар ЗМҚСА Келісімі, атап айтқанда оның III бөлігі бойынша өз міндеттемелерін растайды және зияткерлік меншік<sup>1</sup> құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету үшін қажетті, осы бөлімде көзделген қосымша шараларды, рәсімдерді және құқықтық қорғау құралдарын қамтамасыз етеді.

2. Бұл шаралар, рәсімдер мен құқықтық қорғау құралдары әділетті және тең болуға тиіс және аса күрделі немесе аса қымбат болмауы немесе мерзімдердерді негізсіз ұлғатуға немесе орынсыз кідірістерге әкелмеуге тиіс. Олар тиімді, өлшемдес және тежеуші болуға тиіс және заңды сауда үшін тосқауылдардың жасалуын болдырмайтындай және оларды теріс пайдалануға қарсы кепілдікті қамтамасыз ететіндей түрде болуға тиіс.

-----  
<sup>1</sup>98-110-баптардың мақсаттары үшін «зияткерлік меншік құқықтары» термині кем дегенде мынадай құқықтарды қамтиды: авторлық құқық; сабақтас құқықтар; дерекқорды құрушының айрықша түрдегі құқықтары; жартылай өткізгіш бұйымдардың

топологияларын құрушының құқықтары; тауар таңбасына құқықтар; өнеркәсіптік үлгіге құқықтар; қосымша қорғаудың куәліктері берілетін құқықтарды қоса алғанда, патенттік құқықтар; географиялық көрсеткіштер; пайдалы модельдерге арналған құқықтар; өсімдіктер сұрыптарына құқықтар; және ұлттық заңнамаға сәйкес ерекше құқық ретінде қорғалатын мөлшердегі сауда атаулары.

## 98-БАП

### Уәкілетті өтініш берушілер

1. Әрбір Тарап осы бөлімде және ЗМҚСА Келісімнің III бөлігінде көрсетілген шараларды, рәсімдер мен құқықтық қорғау құралдарын қолдануға жүгіну құқығына не т ұ л ғ а л а р р е т і н д е :

(a) ұлттық заңнаманың ережелеріне сәйкес зияткерлік меншік құқықтарының и е л е р і н ;

(b) жол берілетіндей және ұлттық заңнаманың ережелеріне сәйкес келетіндей шамада осы құқықтарды пайдалану құқығына ие барлық басқа да тұлғаларды, атап а й т қ а н д а , л и ц е н з и а т т а р д ы ;

(c) жол берілетіндей және ұлттық заңнаманың ережелеріне сәйкес келетіндей шамада зияткерлік меншік құқықтары иелерінің атынан өкілдік ету құқығына ие деп тұрақты түрде танылатын зияткерлік меншіктің ұжымдық құқықтарын басқару ж ө н і н д е г і ұ й ы м д а р ы н ;

(d) бұған жол берілетіндей және ұлттық заңнаманың ережелеріне сәйкес келетін шамада зияткерлік меншік құқықтары иелерінің атынан өкілдік ету құқығына ие деп танылған кәсіби қорғау органдарын немесе басқа да тұлғаларды таниды.

## 99-БАП

### Дәлелдемелер

1. Егер тарап өздерінің талаптарын күшейту үшін жеткілікті түрде қолда бар объективті дәлелдемелерді ұсынса және өз талаптарын растауға қарсы тараптың бақылауындағы дәлелдемелерге көрсетсе, әрбір Тараптың сот органдарының құпиялы ақпараттың қорғалуын ескере отырып, қарсы тарап осы дәлелдемелерді ұсынуы үшін б ұ й ы р ы қ ш ы ғ а р у ғ а ө к і л е т т і г і б о л а д ы .

2. 1-тармақта аталған шарттар да, коммерциялық ауқымда жасалған зияткерлік меншік құқықтары бұзылған жағдайда әрбір Тарап құзыретті сот органдарының тиісті жағдайларда және өтініш бойынша құпиялы ақпараттың қорғалуын ескере отырып, қарсы тараптың бақылауындағы банктік, қаржылық немесе коммерциялық құжаттарды беру туралы бұйрық шығаруға уәкілетті болуы үшін қажетті шараларды қолданады.

## 100-БАП

### Дәлелдемелерді сақтау жөніндегі шаралар

1. Әрбір Тарап зияткерлік меншікке құқықтарының бұзылғандығы немесе бұзылуы мүмкін екендігі туралы өздерінің талаптарын қолдау үшін қолда бар объективті дәлелдемелерді ұсынған құқық иеленушінің өтініші бойынша құзыретті сот органдарының істі мәні бойынша талқылауды бастағанға дейін құпиялы ақпараттың қорғалуын ескере отырып, болжанып отырған бұзушылыққа қатысты тиісті дәлелдемелерді сақтау үшін дереу және тиімді уақытша шараларды қолдану туралы бұйрық шығаруын қамтамасыз етеді.

2. Мұндай шаралар болжамды контрафактілік тауарлардың үлгілерін алып қою немесе алмасу немесе оларды, сондай-ақ тиісті жағдайларда осы тауарларды өндіру және/немесе тарату кезінде пайдаланылатын материалдар мен жабдықтарды және осыған қатысты құжаттарды іс жүзінде алып қою арқылы толық сиппатаманы қамтуы мүмкін. Қажет болған жағдайда, бұл шаралар екінші тарапты тындамастан, атап айтқанда кез келген кідіріс құқық иеленушіге орны толмас нұқсан келтіруі ықтимал немесе дәлелдемелердің жойылатындығы туралы айқын тәуекелдер бар жағдайларда қолданылуы мүмкін.

## 101-БАП

### Ақпаратқа құқық

1. Әрбір Тарап зияткерлік меншік құқықтарының бұзылғанына қатысты талқылау аясында және талап қоюшының негізді және мөлшерлес өтініш жасауына жауап ретінде зияткерлік меншік құқықтарын бұзатын тауарлардың немесе көрсетілетін қызметтердің шығарылған жері және таралу желілері туралы ақпаратты:

(а) құқық бұзатын тауарды коммерциялық ауқымда иеленгені анықталған;

(b) құқық бұзатын көрсетілетін қызметтерді коммерциялық ауқымда пайдаланғаны анықталған ;

(с) құқыққа сыйымсыз қызметте пайдаланылатын көрсетілетін қызметтерді коммерциялық ауқымда ұсынғаны анықталған, немесе

(d) (а), (b) немесе (с) тармақшаларда аталған тұлғаның, осындай тауарларды өндіруге, дайындауға немесе таратуға немесе қызметтер ұсынуға тартылғанын көрсеткен, бұзушы және/немесе басқа да кез келген тұлға ұсынуы үшін құзыретті сот органдарының бұйрық шығара алуын қамтамасыз етеді.

2. 1-тармақта көрсетілген ақпарат:

(а) өндірушілердің, дайындаушылардың, дистрибьюторлардың, өнім берушілердің және тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің басқа да бұрынғы иелерінің, сондай-ақ болжамды көтерме және бөлшек сауда өнім берушілерінің атауларын және

м е к е н ж а й л а р ы н ;

(b) өндірілген, дайындалған, жеткізілген, алынған немесе тапсырыс берілген тауарлардың немесе көрсетілетін қызметтердің саны туралы, сондай-ақ осындай тауарлар мен көрсетілетін қызметтер үшін алынған сомалар туралы мәліметтерді қ а м т и д ы .

3 . 1 ж әне 2 - т а р м а қ т а р :

(a) құқық иеленушіге неғұрлым егжей-тегжейлі ақпарат алу құқығын ұсынатын;  
(b) осы бапқа сәйкес берілген ақпаратты азаматтық немесе қылмыстық процесте п а й д а л а н у д ы р е т т е й т і н ;

(c) ақпаратқа арналған құқықты теріс пайдаланғаны үшін жауапкершілікті реттейтін ;

(d) 1-тармақта аталған тұлғаны өзінің немесе оның жақын туыстарының зияткерлік меншік құқығын бұзуға қатысқанын мойындауға мәжбүр ететін ақпаратты ұсынадан бас тарту мүмкіндігін көздейтін, немесе

(e) ақпарат көздерінің құпиялылығын қорғауды немесе дербес деректерді өңдеуді реттейтін басқа да заңнамалық ережелерге нұқсан келтірілмей қолданылады.

## 102-БАП

### Уақытша және ескерту шаралары

1. Әрбір Тарап өтініш берушінің өтініші бойынша сот органдарының болжамды құқық бұзушыға қатысты зияткерлік меншікке құқықты кез келген алдағы бұзушылықтың алдын алуға бағытталған қамтамасыз ету шараларын не уақытша негізінде және қолданылуына қарай, ұлттық заңнамада көзделген жағдайда тиісті айыппұлды ескере отырып, осы құқықтың болжамды бұзылуын одан әрі жүзеге асыруға тыйым салуын немесе мұндай жүзеге асыруды құқық иеленушіге өтемақы төлеуді қамтамасыз етуге бағытталған кепілдік берумен шарттасуын қамтамасыз етеді. Қамтамасыз ету шаралары сондай жағдайларда және ұлттық заңнамаға сәйкес, үшінші тарап зияткерлік меншік құқықтарын бұзу үшін көрсетілетін қызметтерін пайдаланатын делдалға қатысты да қолданылуы мүмкін.

2. Қамтамасыз ету шаралары, зияткерлік меншік құқықтарының бұзылуына күдік келтірген тауарларды сауда арналарында шығаруды немесе өткізуді болдырмау үшін оларды алып қою немесе беру үшін де қолданылуы мүмкін.

3. Коммерциялық ауқымда жасалған бұзушылықтар жағдайында, әрбір Тарап, егер өтініш беруші залалды өтеуге қауіп төндіруі ықтимал мән-жайларды көрсететін жағдайда, сот органдары ұлттық заңнамаға сәйкес болжамды тәртіп бұзушының жылжымалы және/немесе жылжымайтын мүлкін алып қою немесе оған тыйым салу, оның ішінде оның банк шоттарын және басқа да активтерін бұғаттау туралы бұйрық шығаруын қамтамасыз етеді. Осы мақсатта сот органдары банк, қаржылық немесе

коммерциялық құжаттарды ұсынуды немесе тиісті ақпараттарға қолжетімділікті талап етуі мүмкін.

## **103-БАП**

### **Түзеу шаралары**

1. Әрбір Тарап құзыретті сот органдарының өтініш берушінің сұратуы бойынша және бұзушылық жасаумен байланысты құқық иеленушіге өтелуге жататын залалдарға нұқсан келтірместен және қандай да бір өтемақысыз, зияткерлік меншік құқығын бұзып жатыр деп анықталған тауарларға қатысты сауда арналарынан оларды қайтарып алу, түпкілікті шеттету немесе жою мақсатында бұйрық шығаруын қамтамасыз етеді. Қажет болған кезде құзыретті сот органдары осы тауарларды жасау немесе дайындау кезінде пайдаланылған материалдар мен жабдықтарды да жою туралы бұйрық шығара алады.

2. Әрбір Тараптың сот органдарының, егер осыны жасау үшін ерекше себептер болмаса, көрсетілген шаралардың бұзушы есебінен орындалуы туралы бұйрық шығаруға өкілеттігі болады.

## **104-БАП**

### **Сот тыйымдары**

Әрбір Тарап зияткерлік меншік құқықтарының бұзылғанын айқындаған сот шешімі қабылданған жағдайда, сот органдарының бұзушыға қатысты бұзушылықты тоқтатуға бағытталған сот тыйымын шығара алуын қамтамасыз етеді. Ұлттық заңнамада көзделген жағдайларда, сот тыйымының сақталмауы, қолданылуына қарай, оны сақтау мақсатында айыппұл салуға әкеледі. Әрбір Тарап құқық иеленушілердің зияткерлік меншік құқықтарын бұзу үшін үшінші тарап көрсетелетін қызметтерін пайдаланатын делдалдарға қатысты сот тыйымын қолдану туралы өтініш беруін қамтамасыз етеді.

## **105-БАП**

### **Балама шаралар**

Әрбір Тарап ұлттық заңнамаға сәйкес, тиісті жағдайларда және оған 103-бапта және /немесе 104-бапта көзделген шаралар қолданылуы тиіс тұлғаның сұрау салуы бойынша құзыретті сот органдары, егер осы тұлға абайсызда және қасақана емес әрекет етсе, егер бұл шараларды қолдану ол үшін пропорционалды емес зиянға әкеп соқса және егер ақшалай өтемақы жәбірленуші тарапқа жеткілікті қанағаттанарлық түрде ұсынылса, 103-бапта және/немесе 104-бапта көзделген шараларды қолданудың орнына жәбірленуші тарапқа төленуге тиіс ақшалай өтемақы туралы бұйрық шығара алуын көздей алады.

## 106-БАП

### Залалдар

1. Әрбір Тарап сот органдары залалды белгілеген кезде:

(а) теріс экономикалық салдар, оның ішінде жәбірленуші тараптың жіберіп алған пайдасы, бұзушы тапқан кез келген заңсыз пайда және тиісті жағдайларда құқық иеленушіге бұзушы келтірген моральдық зиянды қоса алғанда, экономикалық факторлардан тыс басқа элементтер сияқты барлық тиісті аспектілерді назарға алады;

н е м е с е

(б) тиісті жағдайларда, егер бұзушы қарастырылатын зияткерлік меншік құқығын пайдалануға рұқсат беру туралы өтінішпен жүгінсе, кем дегенде сыйақы немесе төленуі тиіс алымдар сомасы сияқты осындай элементтер негізінде бір реттік сома түріндегі залалды белгілеуді қамтамасыз етеді.

2. Егер бұзушы білмей немесе білуге жеткілікті негіздері болмай құқыққа қарсы әрекеттер жасауға қатысса, әрбір Тарап сот органдарының жәбірленуші тарапқа пайдасын қалпына келтіру немесе алдын ала белгіленуі мүмкін шығындарды өтеу туралы бұйрық шығара алуын көздеуі мүмкін.

## 107-БАП

### Сот шығындары

Әрбір Тарап ақылға қонымды және мөлшерлес сот шығындарын және істі жеңіп шыққан тарап көтерген басқа да шығыстарды әдетте, егер бұл әділдік қағидатына қайшы келмесе, жеңілген тараптың төлеуін қамтамасыз етеді.

## 108-БАП

### Сот шешімдерін жариялау

Әрбір Тарап зияткерлік меншік құқығының бұзылуына байланысты бастамашылық етілген сот талқылаулары шеңберінде сот органдарының өтініш берушінің сұрау салуы бойынша және бұзушының есебінен шешімге қатысты ақпаратты, оның ішінде таныстыру және оны толық көлемде немесе ішінара жариялау үшін ұсыну туралы шешімге қатысты тиісті шараларды қолдану туралы бұйрық шығаруын қамтамасыз етеді.

## 109-БАП

### Авторлық немесе меншік презумпциясы

Осы бөлімде көзделген шараларды, рәсімдерді және құқықтық қорғау құралдарын қолдану мақсатында әдеби немесе көркем туындының авторы үшін, оны автор деп тану

үшін және қарсы дәлелдемелердің болмауы мен соған орай, бұзушылыққа байланысты сот процесіне бастамашылық етуге оның атын туындыда қалыпты көрсету жеткілікті болып табылады. Бұл олардың қорғалатын объектісіне қатысты авторлық құқықтардың құқық иеленушілеріне де *mutatis mutandis* қолданылады.

## **110-БАП**

### **Әкімшілік сот ісін жүргізу**

Кез келген құқық қорғау құралы азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен әкімшілік сот ісін жүргізу нәтижесінде қабылдануы мүмкін, мұндай сот ісін жүргізу осы бөлімнің тиісті ережелерінде көзделгендерге мәні бойынша барабар қағидаттарға сәйкес келеді.

## **111-БАП**

### **Кедендік шаралар**

1. Зияткерлік меншік құқығын қорғау мақсатында кедендік шараларды қолдану кезінде әрбір Тарап 1994 ж. ТСБК Келісімі және ЗМҚСА Келісімі бойынша өздерінің міндеттемелеріне сәйкестікті қамтамасыз етеді.

2. Әрбір Тараптың кедендік аумағында зияткерлік меншік құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында кеден органдары өз өкілеттіктері шегінде 3 және 4-тармақтарда көрсетілген зияткерлік меншік құқықтарының бұзылуына күдік келтірген тауарларды қамтитын берілімдерді табу үшін бірқатар тәсілдерді пайдаланады. Осы тәсілдер, оның ішінде құқық иеленушілер ұсынған ақпаратқа, барлау деректерін жинауға және жүктерді инспекциялауға негізделген тәуекелдерді талдау техникасын қ а м т и д ы .

3. Кеден органдарының құқық иеленушілердің сұрау салуы бойынша тауар таңбасына, авторлық құқыққа және сабақтас құқықтарға немесе географиялық көрсеткіштерге құқықтардың бұзылуына күдік келтірген кедендік бақылаудағы тауарларды шығаруды анықтау немесе тоқтата тұру шараларын қолдану өкілеттіктері б о л а д ы .

4. Қазақстан Республикасының кеден органдарына осы Бөлім қолданыла бастаған күннен кейін үш жыл өткеннен кешіктірмей Еуропалық Одақ осы үш жылдық кезең аяқталғанға дейін екі жылдан кешіктірмей кеден қызметкерлері, прокурорлар, судьялар және қажет болған кезде басқа да өкілдер сияқты уәкілетті органдардың осындай өкілдері үшін тиісті оқытуды жүргізген жағдайларда, патенттерге, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, интегралдық микросхемалардың топологиясына немесе өсімдіктердің сұрыпына құқықтары бұзылды деп күдік келтірілген кедендік бақылаудағы тауарларды шығаруды табу немесе тоқтата тұру жөнінде құқық иеленушінің өтініші бойынша шараларды қолдануға өкілеттіктер берілетін болады.

5. Кеден органдарының тауар таңбасына, авторлық құқық пен сабақтас құқықтарға

немесе географиялық көрсеткіштерге құқықтарды бұзды деп күдік келтірілген, кедендік бақылаудағы тауарларды шығаруды өз бастамасы бойынша табуға немесе тоқтата тұруға өкілеттіктері болады.

6. Қазақстан Республикасының кеден органдарына осы Бөлім қолданыла бастаған күннен кейін бес жыл өткеннен кешіктірмей Еуропалық Одақ осы бес жылдық кезең аяқталғанға дейін екі жылдан кешіктімей кеден қызметкерлері, прокурорлар, судьялар және қажет болған кезде басқа да өкілдер сияқты уәкілетті органдардың өкілдері үшін оқытуды жүргізген кезде, патенттерге, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, интегралдық микросхемалардың топологиясына немесе өсімдіктердің сұрыпына құқықтары бұзылды деп күдік келтірілген кедендік бақылаудағы тауарларды шығаруды өз бастамасы бойынша табу немесе тоқтата тұру жөніндегі өкілеттіктер берілетін болады.

7. 3-6-тармақтардың ережелеріне қарамастан, құқық иеленуші немесе оның келісімімен басқа елдің нарығында орналастырылған тауарлар импортына, табу және тоқтата тұру бойынша шараларды қолдану міндеттеме болып табылмайды.

8. Тараптар зияткерлік меншік құқықтары бұзылды деп күдік келтірілген тауарлардың халықаралық саудасына қатысты ЗМҚСА Келісімінің 69-бабын орындауға келіседі. Осы мақсатта әрбір Тарап ынтымақтастыққа жәрдемдесу мақсатында өзінің кедендік органындағы байланыс пунктін айқындайды және ол туралы екінші Тарапқа хабарлайды. Мұндай ынтымақтастық құқық иеленушілерден ақпаратты алу тетіктері туралы ақпаратпен, озық практика және тәуекелді басқару стратегиясын қолдану жөніндегі тәжірибе, сондай-ақ зияткерлік меншік құқығын бұзатын тауарларды камтиды деп күдік келтірілген жүктерді сәйкестендіруге жәрдемдесу үшін ақпарат алмасуды қамтуы мүмкін.

9. Әрбір Тараптың кеден органдары екінші Тараптың сұрау салуы бойынша немесе өз бастамасы бойынша екінші Тараптың кеден органдарына тиісті қолжетімді, атап айтқанда, екінші Тараптың аумағына арналған немесе аумағынан шығарылған, Тараптар аумағы бойынша транзиттеге тауарлар туралы ақпаратты беру мақсатында ынтымақтасуға дайын.

10. Ынтымақтастықтың басқа нысандарына нұқсан келтірмей, зияткерлік меншік құқықтарына байланысты кеден заңнамасын бұзуға қатысты осы баптың 8 және 9-тармақтарына Кеден істеріндегі өзара әкімшілік көмек туралы Хаттама қолданылады.

11. Ынтымақтастық кеңесінің өкілеттіктері үшін нұқсан келтірмей, 25-баптың 3-тармағында аталған Кедендік ынтымақтастық жөніндегі кіші комитет осы баптың тиісті жұмыс істеуін және қолданылуын қамтамасыз етуге жауапты. Кедендік ынтымақтастық жөніндегі кіші комитет Тараптардың уәкілетті органдары арасындағы ынтымақтастықтың басымдықтарын айқындайды және тиісті рәсімдерін көздейді.



## **4-БӨЛІМ**

### **ДЕЛДАЛ РЕТІНДЕ ӘРЕКЕТ ЕТЕТІН КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР ПРОВАЙДЕРЛЕРІНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

#### **112-БАП**

##### **Делдалдардың көрсетілетін қызметтерін пайдалану**

Тараптар үшінші адамдар құқық бұзушылық жасау мақсатында делдалдық көрсетілетін қызметтерді пайдалануы мүмкін екендігін мойындайды. Ақпараттық көрсетілетін қызметтердің еркін қозғалысын және цифрлық ортадағы зияткерлік меншік құқықтарын бір мезгілде қорғауды қамтамасыз ету үшін әрбір Тарап, бұл провайдерлер берілетін ақпаратпен ешқандай да байланыспайтын жағдайларда, делдал ретінде әрекет ететін көрсетілетін қызметтердің провайдерлері туралы осы бөлімде көзделген шараларды қамтамасыз етеді.

#### **113-БАП**

##### **Делдал ретінде әрекет ететін көрсетілетін қызметтер провайдерлерінің жауапкершілігі: «жай хабар беру»**

1. Егер ақпараттық қоғамның көрсетілетін қызметі көрсетілетін қызметтерді алушы ұсынған ақпарат байланыс желісінде беруден немесе байланыс желісіне қол жетімділікті ұсынудан тұратын болса, әрбір Тарап, егер провайдер:

(a) хабар беруге бастамашылық етпейтін;

(b) хабар алушыны таңдамайтын; және

(c) хабар беруде қамтылған ақпаратты таңдамайтын немесе өзгертпейтін жағдайда, көрсетілетін қызметтер провайдері берілетін ақпарат үшін жауапты болмайтынына к е п і л д і к б е р е д і .

2. 1-тармақта айтылған хабар беру және қолжетімділікті ұсыну бойынша іс-қимылдар, байланыс желісіндегі хабарлар беруді жүзеге асыру мақсатында ғана және ақпарат хабар беруге қажетті ақылға қонымды уақыттан аспайтын кезең ішінде сақталмайтын жағдайда берілетін ақпаратты автоматты, аралық және қысқа уақытша с а қ т а у д ы қ а м т и д ы .

3. Осы бап ұлттық заңнамаға сәйкес сот немесе әкімшілік органының көрсетілетін қызметтер провайдерінен бұзушылықтарды тоқтатуды немесе болдырмауды талап ету мүмкіндігіне ықпал етпейді.

## 114-БАП

### Делдал ретінде әрекет ететін көрсетілетін қызметтер провайдерлерінің жауапкершілігі: «кәштеу»

1. Егер ақпараттық қоғамның көрсетілетін қызметі көрсетілетін қызметтерді алушы ұсынған ақпарат байланыс желісінде хабар беруден тұратын болса:

- (a) провайдер ақпаратты өзгертпейтін;
- (b) провайдер ақпаратқа қол жеткізу шарттарын сақтайтын;
- (c) провайдер осы салада кеңінен танылған және пайдаланатын ақпаратты жаңартуға қатысты қағидаларды сақтайтын;
- (d) провайдер ақпаратты пайдалану туралы деректерді алу үшін осы салада кеңінен танылған және пайдаланылатын технологияларды құқыққа сыйымды түрде пайдалануға кедергі келтірмейтін; және
- (e) провайдер хабарды берудің бастапқы пунктінде ақпараттың желіден жойылғандығы немесе оған қол жеткізудің тоқтатылғаны туралы немесе сот немесе әкімшілік орган осындай жою немесе қол жеткізуді тоқтату туралы бұйрық шығарғаны туралы нақты деректерді алғаннан кейін сақтаған ақпаратты жоюды немесе қол жеткізуді тоқтату үшін жедел әрекет ететін жағдайда, әрбір Тарап олардың сұрау салуы бойынша көрсетілетін қызметтерді басқа да алушыларға анағұрлым тиімді ақпаратты кейіннен беру мақсаттында ғана жүзеге асырылатын, осы ақпаратты автоматты, аралық және қысқа уақытша сақтау үшін көрсетілетін қызметтердің провайдері жауапты болмайтындығына кепілдік береді.

2. Осы бап ұлттық заңнамаға сәйкес соттың немесе әкімшілік органның көрсетілетін қызметтер провайдерінен бұзушылықтарды тоқтатуды немесе болдырмауды талап ету мүмкіндігіне ықпал етпейді.

## 115-БАП

### Делдал ретінде әрекет ететін көрсетілетін қызметтер провайдерлерінің жауапкершілігі: «сақтау»

1. Егер ақпараттық қоғамның көрсетілетін қызметі көрсетілетін қызметтерді алушы ұсынған ақпаратты сақтауды қамтитын болса:

- (a) провайдер заңсыз қызметтің немесе ақпарат туралы нақты мәліметтері жоқ және залалдарды өтеу туралы арызға қатысты заңсыз қызмет жүзеге асырылатын немесе ақпаратты беру айқын болып табылатын фактілерді немесе мән-жайларды білмейтін; н е м е с е
- (b) провайдер, осындай мәліметтерді немесе ақпаратты алғаннан кейін ақпаратты жою немесе оған қол жеткізуді тоқтату үшін жедел әрекет ететін жағдайда, әрбір Тарап

көрсетілетін қызметтер провайдерінің қызметті алушының сұрау салуы бойынша сақталатын ақпаратқа жауапты болмайтынына кепілдік береді.

2. Егер көрсетілетін қызметтерді алушы провайдердің басшылығымен немесе бақылауымен әрекет ететін болса, 1-тармақ қолданылмайды.

3. Осы бап ұлттық заңнамаға сәйкес соттың немесе әкімшілік органның көрсетілетін қызметтер провайдерінен бұзушылықтарды тоқтатуды немесе болдырмауды талап ету мүмкіндігіне ықпал етпейді, сондай-ақ Тараптардың ақпаратты жоюды немесе оған қол жеткізуді тоқтатуды реттейтін рәсімдерді белгілеу мүмкіндігіне ықпал етпейді.

## **116-БАП**

### **Бақылау жөніндегі жалпы міндеттемелердің болмауы**

1. Тараптар 113-115-баптарда көзделген қызметтер көрсету кезінде провайдерлерге олардың беретін немесе сақтайтын ақпаратын бақылауға жалпы міндеттемелерді жүктемейді, сондай-ақ заңсыз қызметті көрсететін фактілер мен мән-жайларды белсенді түрде іздеуге жалпы міндеттемелерді белгілемейді.

2. Тараптар ақпараттық қоғамның көрсетілетін қызметтерінің провайдерлері үшін ұсынған болжамды заңсыз қызмет немесе олардың көрсетілетін қызметтерін алушылар ұсынатын ақпарат туралы құзыретті мемлекеттік органдарға жедел хабарлау міндеттемелерін белгілей алады. Тарап ақпараттық қоғамның көрсетілетін қызметтер провайдерлері үшін құзыретті органдардың сұрау салуы бойынша ақпаратты сақтау туралы шарты бар олардың көрсетілетін қызметтерін алушыларды сәйкестендіруге мүмкіндік беретін ақпаратты хабарлау міндеттемелерін де белгілей алады.

## **117-БАП**

### **112-116-баптары қолдану мерзімдері**

Қазақстан Республикасы осы Бөлім қолданыла бастаған күннен кейін бес жыл ішінде 112-116-баптарда көзделген міндеттемелерді толық көлемде орындайды.

## **118-БАП**

### **Ынтымақтастық**

1. Тараптар зияткерлік меншік құқықтарын қорғау мен сақтауға бағытталған сауда немесе кәсіби қауымдастықтар немесе ұйымдар арасындағы ынтымақтастықты дамытуды көтермейді.

2. Тараптар осы тарауға сәйкес қабылданған міндеттемелерді орындау үшін қолдау көрсету мақсатында ынтымақтасуға келіседі. Ынтымақтастық саласы мынадай қызмет түрлерін қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

(а) өздерінің зияткерлік меншіктің құқықтық жүйелері және қорғау мен сақтаудың

тиісті қағидалары туралы ақпаратпен алмасу; осы салалардағы заңнамалық прогресс мәселелері бойынша тәжірибе алмасу;

(b) зияткерлік меншік құқықтарын қорғау мен сақтау бойынша тәжірибе алмасу;

(c) кеден, полиция және әкімшілік және сот органдары мен мүдделі ұйымдар арасында қорғау мен сақтау бойынша тәжірибе алмасу; контрафактілі тауарларды экспорттауды болдырмау мақсатында үйлестіру;

(d) әлеуетті нығайту; және

(d) әлеуетті нығайту; және

(e) өзгелерімен қатар, бизнес топтарда және азаматтық қоғамда зияткерлік меншік құқықтары туралы ақпаратты және білімдерді ілгерілету мен тарату; тұтынушылардың және құқық иеленушілердің хабардар болуын және білімдерін арттыру.

## 8-ТАРАУ

### МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ

#### 119-БАП

##### Айқындамалар

Осы тараудың мақсаттары үшін:

(a) «коммерциялық тауарлар немесе көрсетілетін қызметтер» мемлекеттік емес сатып алушыларға, әдетте коммерциялық нарықта сатылатын немесе сату үшін ұсынылатын және әдетте, олар мемлекеттік емес мақсаттар үшін сатып алатын тауарларды немесе көрсетілетін қызметтерді білдіреді;

(b) «құрылыс қызметі», мақсаты Біріккен Ұлттар Ұйымының Негізгі өнімдерді Алдын ала жіктеменің (БҰҰ НӨЖ) 51-бөлімі негізінде азаматтық немесе құрылыс жұмыстарын кез келген құралдармен орындау болып табылатын көрсетілетін қызметті білдіреді;

(c) «күндер» күнтізбелік күндерді білдіреді;

(d) «электрондық аукцион» - жаңа бағаларды, төмендету жағына қайта қаралған бағаларды және (немесе) тендерлік ұсынымдардың бастапқы толық бағалаудан кейін пайда болатын, тендерлік ұсынымдардың жекелеген элементтеріне қатысты және автоматты бағалау тәсілін қолданып, оларды саралауға мүмкіндік беретін жаңа бағаларды ұсыну үшін электрондық құрылғыларды пайдалана отырып, қайталанатын процесті білдіреді. Демек, құрылыс жобасы сияқты нысана ретінде зияткерлік нәтижесі бар белгілі бір көрсетілетін қызметтерге және жұмыстарға арналған шарттар электрондық аукционның нысанасы бола алмайды;

(e) «жазбаша нысанда» немесе «жазбаша» оқуға, жаңғыртуға және одан соң беруге болатын кез келген сөзкөрсеткішін немесе сандық көрсеткішті білдіреді. Оған электрондық түрде берілетін және сақталатын ақпарат кіруі мүмкін;

- (f) «қатысуы шектеулі тендер» сатып алушы ұйым өзінің таңдауы бойынша өнім берушімен немесе өнім берушілермен байланысатын сатып алу әдісін білдіреді;
- (g) «шара» қамтылатын сатып алуға байланысты кез келген заңды, заңға тәуелді актіні, рәсімді, әкімшілік нұсқаманы немесе сатып алушы ұйымның практикасын немесе кез келген әрекетін білдіреді;
- (h) «көп мәрте пайдалану тізімі» осы тізімге қатысу үшін шарттарды қанағаттанушы ретінде айқындайтын және сатып алушы ұйым бір реттен көп қолдануға ниеттенген өнім берушілердің тізімін білдіреді;
- (i) «алдағы сатып алу туралы хабарландыру» сатып алушы ұйым жариялаған, мүдделі өнім берушілерді қатысуға өтінім, тендерлік ұсыныс немесе екеуін де ұсынуға шақыратын хабарландыруды білдіреді;
- (j) «ашық тендер» барлық мүдделі өнім берушілер тендерлік ұсыныс бере алатын сатып алу әдісін білдіреді;
- (k) «тұлға» жеке немесе заңды тұлғаны білдіреді;
- (l) «сатып алушы ұйым» III қосымшаның 1-3-бөліктерінде көрсетілген ұйымды білдіреді;
- (m) «білікті өнім беруші» сатып алушы ұйым қатысу үшін шарттарға қанағаттандырушы ретінде танитын өнім берушіні білдіреді;
- (n) «іріктелген тендер» сатып алушы ұйым тендерлік ұсынысты беруге білікті өнім берушілерді ғана шақыратын сатып алу әдісін білдіреді;
- (o) «көрсетілетін қызметтер», егер өзгеше көзделмесе, құрылыс қызметтерін қамтиды;
- (p) «стандарт» жалпы және көп мәрте қолдану үшін қағидаларды, басшылық ету қағидастарын немесе тауарлар немесе көрсетілетін қызметтер сипаттарын белгілейтін немесе сақталуы міндетті болып табылмайтын, онымен байланысты өндіріс процестері мен әдістерін белгілейтін, танылған орган бекіткен құжатты білдіреді. Ол сондай-ақ тауарға, көрсетілетін қызметке, өндіріс процесіне немесе тәсіліне қолданылатын терминологияға, белгілеулерге, буып-түюге, таңбалауға немесе заттаңбаларға қойылатын талаптарды қамтиды немесе толық түрде соған арналуы да мүмкін;
- (q) «өнім беруші» тауарлар немесе көрсетілетін қызметті ұсынатын немесе ұсынуы мүмкін тұлғаны немесе тұлғалар тобын білдіреді;
- (r) «техникалық ерекшелік» мыналардың:
- (i) сатып алынатын тауарлардың немесе көрсетілетін қызметтердің, оның ішінде оларды өндірудің немесе ұсынудың сапасын, орындалуын, қауіпсіздігін және мөлшерін немесе процестері мен тәсілдерінің сипатын белгілейтін; немесе
- (ii) тауарға немесе көрсетілетін қызметке қолданылатын терминологияға, белгілеулерге, буып-түюге, таңбалауға немесе заттаңбаларға қолданылатын талаптар жататын тендерлік талапты білдіреді.

## 120-БАП

### Қолданылу аясы және қамтылуы

Осы тараудың қолданылуы

1. Осы тарау, қамтылатын сатып алуға қатысты ол тек қана немесе ішінара электрондық құралдар көмегімен өткізілетіні-өткізілмейтініне қарамастан, кез келген шараға қатысты қолданылады.

2. Осы тараудың мақсаттары үшін «қамтылатын сатып алу» мемлекеттік мақсаттар үшін мыналарды:

(а) мыналарды:

(і) III қосымшада көрсетілген; және

(ii) коммерциялық сату немесе қайта сату мақсатында емес, не коммерциялық сату немесе қайта сату үшін тауарларды немесе көрсетілетін қызметтерді өндірісте немесе беруге пайдалану үшін емес жүзеге асырылатын тауарлар, көрсетілетін қызметтер немесе олардың кез келген қосындысын;

(b) сатып алуды, лизингті, сатып алу құқығымен немесе құқығынсыз, жалға алу немесе мерзімін ұзартып сатып алуды қоса алғанда, кез келген шарттық әдістерді пайдалана отырып;

(c) 124-бапқа сәйкес хабарландыру жарияланған кезде, құны III қосымшада көрсетілген тиісті шекті мәнге тең немесе асып түсетін;

(d) сатып алушы ұйым жүзеге асыратын; және

(e) осы баптың 3-тармағының немесе III қосымшаның қамтылуы аясынан өзге түрде алып тасталмаған сатып алуды білдіреді;

Егер сатып алу құны анықталмалса, онда ол 6-8-тармақтарға сәйкес есептеледі.

3. Егер III қосымшада өзгеше көзделмесе, осы тарау:

(a) жерді, қолда бар ғимараттарды немесе өзге де жылжымайтын мүлікті немесе оған құқықтарды иемденуге немесе жалға алуға;

(b) ынтымақтастық туралы келісімдерді, гранттарды, кредиттерді, күрделі салымдарды, кепілдіктерді және салық жеңілдіктерін қоса алғанда, шарттан тыс келісімдерге немесе Тарап көрсететін кез келген нысандағы көмекке;

(c) салық органдарының немесе депозитарийлердің көрсетілетін қызметтерді, реттелетін қаржы институттары үшін тарату мен басқару жөніндегі көрсетілетін қызметтерді немесе мемлекеттік борышты, оның ішінде қарыздар мен мемлекеттік облигацияларды, векселдерді және басқа да құнды қағаздарды қоса алғанда, сатуға, өтеуге және бөлуге байланысты көрсетілетін қызметтерді сатып алуына немесе иеленіп алуына;

(d) мемлекеттік секторда жалдау шарттарына;

(e) мыналарды:

(i) даму көмегін қоса алғанда, халықаралық көмек көрсету үшін нақты мақсаты бар;

(ii) әскерді орналастыруға немесе келісімге қол қойған елдердің жобаны бірлесіп жүзеге асыруына байланысты нақты рәсімге немесе халықаралық келісімнің шарттарына сәйкес; немесе

(iii) халықаралық ұйымның нақты рәсіміне немесе шартына сәйкес немесе егер қолданылатын рәсім немесе шарт осы тарауға сәйкес келмейтін халықаралық гранттар, қарыздар немесе өзге де көмек есебінен қаржыландырылған кезде сатып алуды жүзеге асыруға қолданылмайды.

4. Әрбір Тарап үшін III қосымшада мынадай ақпарат көрсетіледі:

(a) 1-бөлікте - сатып алуына осы тараудың ережелері қолданылатын орталық мемлекеттік органдар;

(b) 2-бөлікте - сатып алуына осы тараудың ережелері қолданылатын жергілікті (өңірлік) мемлекеттік органдар;

(c) 3-бөлікте - сатып алуына осы тараудың ережелері қолданылатын барлық өзге мекемелер;

(d) 4-бөлікте - осы тарауда қамтылатын тауарлар;

(e) 5-бөлікте - құрылыс қызметтерін қоспағанда, осы тарауда қамтылатын көрсетілетін қызметтер;

(f) 6-бөлікте - осы тарауда қамтылатын құрылыс қызметтері; және

(g) 7-бөлікте - кез келген жалпы ескертулер.

5. Егер сатып алушы ұйым қамтылатын сатып алу тұрғысынан, III қосымшада көрсетілмеген тұлғалар нақты талаптарға сәйкес сатып алуды жүзеге асыруын талап етсе, мұндай талаптарға қатысты *mutatis mutandis* 122-бабы қолданылады.

Бағалау

6. Сатып алу құнын оның қамтылатын сатып алуға жататынын-жатпайтынын айқындау мақсатында бағалау кезінде сатып алушы ұйым:

(a) осы тараудың қолданылу аясынан толықтай немесе ішінара алып тастау ниетімен сатып алуды жекелеген сатып алуға бөлуден, сатып алу құнын айқындау үшін бағалаудың белгілі бір әдісін таңдаудан немесе пайдаланудан тартынады; және

(b) сыйақы төлеудің барлық нысандарын ескере отырып, бір немесе бірнеше өнім берушілерді таңдауға қарамастан, оларды жүзеге асырудың барлық кезеңінде сатып алудың есептік ең жоғары жалпы құнын енгізеді, ол мыналарды қамтиды:

(i) сыйлықақылар, алымдар, комиссиялық төлемдер мен пайыздар; және

(ii) егер сатып алуда басқа нұсқалардың мүмкіндігі көзделсе, осындай нұсқалардың жалпы құны.

7. Егер сатып алуға қатысты жекелеген талап бірнеше шартты жасауға немесе жекелеген бөліктерге шарттар (бұдан әрі «қайталама шарттар» деп аталатын) жасауға алып келсе, онда есептік ең жоғары жалпы құн:

(a) алдыңғы 12 ай ішінде немесе сатып алушы ұйымның алдыңғы қаржы жылы ішінде, алдыңғы 12 айда сатып алатын тауар немесе көрсетілетін қызметтер санындағы

немесе құнындағы күтілетін өзгерістер, мүмкіндігіне қарай ескеріліп түзетілген, тауардың немесе көрсетілетін қызметтің сол бір ғана түріне жасалған қайталама шарттардың құны; немесе

(b) сатып алушы ұйымның бастапқы шартты жасағаннан кейін 12 ай ішінде немесе сатып алушы ұйымның қаржы жылы ішінде тауардың немесе көрсетілетін қызметтің сол бір ғана түріне жасалған қайталама шарттың есептік құны негізінде есептеледі.

8. Тауарларды және көрсетілетін қызметтерді лизинг, жалға алу немесе бөліп төлеу арқылы иемдену есебінен сатып алу жағдайында немесе жалпы сатып алу құны айқындалмаса, мыналар бағалауға негіз болады:

(a) шарт белгілі бір мерзімге жасалған жағдайда:

(i) егер шарттың қолданыс мерзімі 12 айды құрайтын немесе одан төмен болса оның қолданыс мерзімінде жалпы есептік ең жоғары құн; немесе

(ii) егер шарттың қолданыс мерзімі 12 айдан асса кез келген есептік қалдық құнды қоса алғанда, жалпы есептік ең жоғарғы құн;

(b) егер шарт белгіленбеген мерзімге жасалса, 48-ге көбейтілген есептік ай сайынғы жарна; және

(c) егер шарт белгілі бір мерзімге жасалатыны анық белгілі болмаған жағдайда, (b) тармақшаға сәйкес бағалау негіз қолданылады.

## 121-БАП

### Жалпы ерекшеліктер

Мұндай шаралар Тараптар арасында еркін немесе негізделмеген кемсітушілікті немесе халықаралық сауда үшін жасырын шектеуді білдіретіндей түрде қолданылмайтын талапты сақтаған кезде, осы тарауда ештеңе кез келген Тараптың:

(a) қоғамдық моральды, қоғамдық тәртіпті немесе қоғамдық қауіпсіздікті қорғау үшін қажетті;

(b) адамдардың өмірін немесе денсаулығын, жануарларды немесе өсімдіктерді қорғау үшін қажет;

(c) зияткерлік меншікті қорғау үшін қажетті; немесе

(d) еңбек қабілеті шектеулі адамдар, қайырымдылық мекемелері ұсынатын немесе қамаудағы адамдардың көмегімен өндірілген тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге қатысты шараларды қабылдауына немесе қолданылуына кедергі келтіру ретінде түсіндірілмейді.

## 122-БАП

### Жалпы қағидаттар

#### Кемсітпеушілік

1. Әрбір Тарап, оның ішінде оның сатып алушы ұйымдары қамтылатын сатып алуға



байланысты кез келген шараға қатысты екінші Тараптың тауарларына немесе көрсетілетін қызметтеріне, сондай-ақ осындай тауарларды немесе көрсетілетін қызметтерді ұсынатын екінші Тараптың өнім берушілеріне, сол Тарап, оның ішінде оның сатып алушы ұйымдары өз тауарларына, көрсетілетін қызметтеріне және отандық өнім берушілерге ұсынатыннан кем емес қолайлы режим ұсынады.

2. Қамтылатын сатып алуға байланысты кез келген шараға қатысты Тараптардың ешқайсысы, оның ішінде оның сатып алушы ұйымдары:

(а) шетелдік қатысу дәрежесінің немесе меншік негізінде, бір отандық өнім берушіге басқа отандық өнім берушіге қарағанда, қолайлылығы кем жағдайлар ұ с ы н б а й д ы ; н е м е с е

(b) отандық өнім берушіні нақты сатып алу үшін осындай өнім беруші ұсынатын тауарлар немесе көрсетілетін қызметтер екінші Тараптың тауарлары мен көрсетілетін қызметтері болып табылатын негізінде кемсітпейді.

Электрондық құралдарды пайдалану

3. Электрондық құралдардың көмегімен қамтылатын сатып алуды өткізу кезінде, с а т ы п а л у ш ы ұ й ы м :

(а) ақпараттық технологиялар жүйелері мен бағдарламалық қамтылымды, оның ішінде жалпы қолжетімді және басқа да жалпы қолжетімді ақпараттық технологиялық жүйелермен және бағдарламалық қамтылыммен үйлесімді, ақпараттың шынайылығын тексерумен және шифрлаумен байланысты құралдарды пайдалана отырып, сатып алу жүргізілуін қамтамасыз етеді; және

(b) алу уақытын белгілеуді және рұқсат етілмеген қол жеткізуді болдырмауды қоса алғанда, қатысуға арналған өтінімдердің және тендерлік ұсыныстардың сақталуын қамтамасыз ететін тетіктерге қолдау жасайды.

С а т ы п а л у д ы ө т к і з у

4. Сатып алушы ұйым қамтылатын сатып алуды:

(а) ашық тендер, іріктелген тендер, қатысуы шектеулі тендер немесе электрондық аукцион сияқты әдістерді пайдалана отырып, осы тараудың ережелеріне сәйкес келетін;

(b) мүдделер қақтығысына жол берілмейтін; және

(c) сыбайлас жемқорлық әрекетінің алдын алатын түрде ашық және әділ өткізеді.

Ш ы ғ а р ы л у қ а ғ и д а л а р ы

5. Тарап қамтылатын сатып алудың мақсаттары үшін Тарап қолданатын шығарылу қағидаларынан ерекшеленетін, сонымен бірге сол Тараптан осындай тауарлардың немесе көрсетілетін қызметтердің импортына немесе берілуіне кәдімгі сауда қатынастары барысында екінші Тараптан импортталатын немесе берілетін тауарлардың және көрсетілетін қызметтердің шығарылу қағидаларын қолданбайды.

С а т ы п а л у ғ а ж а т п а й т ы н ш а р а л а р

6. 1 және 2-тармақтар әкелу кезінде алынатын немесе сонымен байланысты кедендік баждарға және кез келген түрдегі алымдарға, осындай баждар мен алымдарды

алу әдісіне, басқа да әкелу қағидаларына немесе қамтылатын сатып алуды реттейтін шараларды қоспағанда, көрсетілетін қызметтер саудасына әсер ететін формальдылықтар мен шараларға қатысты қолданылмайды.

## **123-БАП**

### **Сатып алу жүйесі туралы ақпарат**

1. Ә р б і р Т а р а п :

(a) кез келген заңдарды, заңға тәуелді актілерді, сот шешімдерін, жалпы пайдаланылатын әкімшілік қағидаларды, оларға кез келген өзгерістерді қоса алғанда, және заңда немесе заңға тәуелді актіңде көзделген және қамтылатын сатып алуға қатысты хабарландыруларға немесе тендерлік құжаттамаға және рәсімге сілтеме ретінде енгізілген, шарттардың стандартты талаптарын, кең таралатын және жұртшылық үшін алуға жеңіл болатын, ресми тағайындалған электрондық немесе қағаз түріндегі бұқаралық ақпарат құралдарында жедел жариялайды; және

(b) сұрау салу бойынша екінші Тарапқа жоғарыда аталған құжаттарға түсіндірмелер ұ с ы н а д ы .

2. IV қосымшаның 1-бөлігінде мыналар санамаланған:

(a) осы баптың 1-тармағында көрсетілген ақпаратты әрбір Тарап жариялайтын электрондық немесе қағаз түріндегі бұқаралық ақпарат құралдары;

(b) 124-бапқа, 126-баптың 7-тармағына және 133-баптың 2-тармағына сәйкес қажетті хабарландыруларды әрбір Тарап жариялайтын электрондық немесе қағаз түріндегі бұқаралық ақпарат құралдары; және

(c) 133-баптың 2-тармағына сәйкес Тарап жасасқан шарттар туралы өзінің хабарландыруларын жариялайтын веб-сайттардың мекенжайы (ларын).

3. Әрбір Тарап IV қосымшаның 1-бөлігінде берілген Тараптың ақпаратына кез келген өзгерістер туралы Ынтымақтастық комитетін жедел хабардар етеді. Ынтымақтастық Комитеті IV қосымшаның 1-бөлігіндегі өзгерістерді көрсететін шешімдерді жүйелі түрде қабылдайды.

## **124-БАП**

### **Хабарландырулар**

Алдағы сатып алу туралы хабарландыру

1. Әрбір қамтылатын сатып алу үшін сатып алушы ұйым, 130-бапта көзделген жағдайларды қоспағанда, IV қосымшаның 2-бөлігінде көрсетілген тиісті қағаз түріндегі немесе электрондық бұқаралық ақпарат құралдарында алдағы сатып алу туралы хабарландыруды жариялайды. Мұндай бұқаралық ақпарат құралдары кең таралған және мұндай хабарландыруларға, кем дегенде хабарландыруда көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін жұртшылық үшін қол жетімді болады. III қосымшаның 1, 2 және 3-

бөліктерінде көрсетілген сатып алушы ұйымдардың хабарландырулары, IV қосымшаның 2-бөлігінде көрсетілген, кем дегенде ең аз мерзім ішінде қол жеткізудің бірыңғай ену нүктесі арқылы ақысыз негізде электрондық түрде қол жетімді болады.

2. Егер осы тарауда өзгеше көзделмесе, алдағы сатып алу туралы әрбір хабарландыру мыналарды қамтуға тиіс:

(a) сатып алушы ұйымның атауы мен мекенжайы және сатып алушы ұйыммен байланыс жасау үшін және сатып алуға байланысты барлық қажетті құжаттарды алу үшін қажетті басқа да ақпарат, сондай-ақ егер мұндайлар бар болса, олардың құны және төлем мерзімдері туралы ақпарат;

(b) сатып алуды сипаттау, оның ішінде сатып алынатын тауарлар немесе көрсетілетін қызметтер түрі және саны немесе егер саны белгісіз болса, онда болжамды саны;

(c) қайталанатын шарттар үшін, егер мүмкін болса, алдағы сатып алу туралы кейінгі хабарландырулар мерзімдерін бағалау;

(d) кез келген опциялардың сипаты;

(e) тауарларды немесе көрсетілетін қызметтерді беру мерзімі немесе келісімшарттың қолданыс мерзімі;

(f) қолданылатын сатып алу әдісі және ол келіссөздерді немесе электрондық аукциондарды өткізуді болжайтыны-болжамайтыны;

(g) қолданылуына қарай мекенжай және сатып алуға қатысуға өтінімдер берудің түпкі мерзімі;

(h) мекенжай және тендерлік ұсыныстар берудің соңғы мерзімі;

(i) егер сатып алушы ұйым Тарапының ресми тілінен өзге кез келген басқа тілде ұсынылатын болса, тендерлік ұсыныстар немесе қатысуға өтінімдер ұсынылуы мүмкін тіл (дер);

(j) егер мұндай талаптар алдағы сатып алу туралы хабарландырумен қатар, барлық мүдделі өнім берушілерге ұсынылатын тендерлік құжаттамаға енгізілген болмаса, осы байланысқа өнім берушілер ұсынатын нақты құжаттарға немесе сертификаттарға қойылатын талаптарды қоса алғанда, өнім берушілердің қатысуы үшін барлық шарттардың тізбесі және қысқаша сипаттамасы;

(k) егер 126-бапқа сәйкес, сатып алушы ұйым тендерге қатысу үшін білікті өнім берушілердің шектеулі санын таңдауға ниеттенсе іріктеу үшін пайдаланылатын өлшемшарттар және қолданылуына қарай тендерге қатысуға жіберілетін өнім берушілер санына кез келген шектеулер.

Қысқаша хабарландыру

3. Алдағы сатып алудың әрбір жағдайы үшін сатып алушы ұйым алдағы сатып алу туралы хабарландыруды ағылшын немесе француз тілінде бір мезгілде жариялаумен қатар, жұртшылық үшін алуға жеңіл болатын қысқаша хабарландыру жариялайды. Қысқаша хабарландыру, кем дегенде, мынадай мәліметтерді қамтиды:

( а ) с а т ы п а л у м ә н і ;

(b) тендерлік ұсыныстарды берудің түпкі мерзімі немесе қолданылуына қарай, сатып алуға қатысуға немесе көп мәрте пайдалану тізіміне енгізуге өтінімдерді ұсынуудың түпкі мерзімі; және

(c) сатып алуға байланысты құжаттар сұратылуы мүмкін болатын мекенжай.

Жоспарланған сатып алу туралы хабарландыру

4. Сатып алушы ұйымдарға өздерінің алдағы сатып алу жоспарлары туралы хабарландыруды (бұдан әрі - «жоспарланған сатып алу туралы хабарландыру») әрбір қаржы жылы ішінде мүмкіндігінше ертерек түрде, V қосымшаның 2-бөлігінде көрсетілген тиісті қағаз немесе электрондық бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау ұсынылады. Жоспарланған сатып алу туралы хабарландыру сатып алудың мәнін және алдағы сатып алу туралы хабарландыруды жариялаудың жоспарланған күнін қамтуға тиіс.

5. III қосымшаның 3-бөлігінде көрсетілген сатып алушы ұйым өзіндегі осы баптың 2-тармағында көрсетілген, жоспарланған сатып алу туралы хабарландыру сатып алушы ұйымда бар, мүмкіндігінше көп ақпаратты қамтитын жағдайда, алдағы сатып алу туралы хабарландыру ретінде жоспарланған сатып алу туралы хабарландыруды, сондай-ақ мүдделі өнім берушілер сатып алушы ұйымның сатып алуға өзінің мүдделілігін білдіруге тиіс өтінішті пайдалануы мүмкін.

## 125-БАП

### Қатысуға арналған шарттар

1. Сатып алушы ұйым сатып алуға қатысуға арналған кез келген шарттарды қамтылатын сатып алуды орындау үшін, өнім берушінің құқықтық және қаржылық мүмкіндігін, сондай-ақ коммерциялық және техникалық әлеуеті болуын қамтамасыз ету үшін қажетті талаптармен шектеуге тиіс.

2. Сатып алушы ұйым қатысу шарттарын айқындау кезінде:

(a) өнім беруші сатып алуға қатысуы үшін бұрын Тараптың сатып алушы ұйымымен бір немесе бірнеше шарт жасасқаны туралы талапты белгілемейді;

(b) сатып алу талаптарын қанағаттандыру үшін елеулі болған жағдайда, тиісті жұмыс тәжірибесінің болуын талап етуі мүмкін; және

(c) Тараптардың өнім берушісінің сатып алуға қатысуы немесе шарт жасасуы үшін екінші Тараптың сатып алушы ұйымымен бұрын бір немесе бірнеше шарт жасасқаны немесе өнім берушінің, бұрынғы тәжірибесі сатып алу талаптарын қанағаттандыру үшін айтарлықтай маңызды екенін қоспағанда, сол Тараптың аумағында жұмыс тәжірибесінің болуы туралы шартты белгілемейді.

3. Өнім берушінің қатысу шарттарын қанағаттандыру-қанағаттандырмауын анықтау кезінде сатып алушы ұйым:

(а) сатып алушы ұйым Тарап аумағы шегінде, сол сияқты одан тыс жерде өнім беруші жүргізетін сол қызмет негізінде өнім берушінің қаржылық мүмкіндігі мен коммерциялық және техникалық әлеуетін бағалауды жүргізеді; және

(b) сатып алушы ұйым хабарландыруда немесе тендерлік құжаттамада алдын ала көрсеткен шарттарға сәйкес өз бағалауын жүргізеді.

4. Тарап растайтын дәлелдемелер болған кезде, оның сатып алушы ұйымдарын қоса алғанда, өнім беруші мына негіздер:

( а ) б а н к р о т т ы қ ;

( b ) ж а л ғ а н д е к л а р а ц и я л а р ;

(c) бұрын жасалған шарт немесе шарттар бойынша қандай да бір айтарлықтай талаптарды немесе міндеттемелерді орындау кезіндегі едәуір немесе тұрақты кемшіліктер ;

(d) елеулі қылмыстарға немесе басқа да елеулі құқық бұзушылықтарға байланысты түпкілікті сот шешімдері ;

(e) өнім берушінің коммерциялық беделіне жағымсыз әсер ететін кәсіби функцияларды тиісінше жүзеге асырмауы немесе әрекет немесе әрекетсіздік;

(f) салықтарды төлемеуі бойынша алып тасталуы мүмкін.

## 126-БАП

### Өнім берушілердің біліктілігі

Тіркеу жүйелері және біліктілік рәсімдері

1. Тараптың, оның ішінде оның сатып алушы ұйымдарының, мүдделі өнім берушілер тіркелуі және белгілі бір ақпаратты ұсынуы тиіс өнім берушілерді тіркеу жүйесі болуы мүмкін.

2 . Ә р б і р Т а р а п :

(а) өзінің сатып алушы ұйымдары біліктілік рәсімдеріндегі айырмашылықтарды барынша азайту үшін күш-жігер жұмсауын; және

(b) егер өзінің сатып алушы ұйымдарының тіркеу жүйесі болса, олар өздерінің тіркеу жүйелеріндегі айырмашылықтарды барынша азайту үшін күш-жігер жұмсауын қамтамасыз етеді .

3. Тарап, оның ішінде оның сатып алушы ұйымдары, сатып алуға екінші Тарап өнім берушілерінің қатысуы үшін артық кедергілер жасау мақсатында немесе оларды жасау қандай да бір тіркеу жүйесін немесе біліктілік рәсімдерін белгілемейді немесе қолданбайды .

І р і к т е л г е н т е н д е р

4. Егер сатып алушы ұйым іріктелген тендер қолдануға ниет етсе, ол:

(а) алдағы сатып алу туралы хабарландыруға кемінде 124-баптың 2-тармағының (а), (b), (f), (g), (j) және (k) тармақшаларында көрсетілген ақпаратты енгізеді және өнім

берушілерге қатысу өтінімін беруге шақырады; және

(b) 128-баптың 3-тармағының (b) тармақшасына сәйкес, өзі хабарландыратын білікті өнім берушілерге 124-баптың 2-тармағының (c), (d), (e), (h) және (i) тармақшаларында көрсетілген ақпаратты кемінде тендер өткізу мерзімі басталғанша ұ с ы н а д ы .

5. Сатып алушы ұйым, егер алдағы сатып алу туралы хабарландыруды тендерге қатысуға жіберілетін өнім берушілердің саны бойынша қандай да бір шектеу туралы, сондай-ақ өнім берушілердің шектеулі санын іріктеу өлшемшарттары туралы мәлімдемесе, сатып алушы ұйым барлық білікті өнім берушілерге нақты сатып алуға қ а т ы с у ғ а м ү м к і н д і к б е р е д і .

6. Егер 4-тармақта аталған хабарландыру жарияланған күннен бастап, тендерлік құжаттама жалпы қол жетімді болмаса, сатып алушы ұйым 5-тармаққа сәйкес іріктелген барлық білікті өнім берушілерге осы құжаттардың бір мезгілде қолжетімді б о л у ы н қ а м т а м а с ы з е т е д і .

Көп мәрте пайдалану тізімдері

Көп мәрте пайдалану тізімдері

7. Сатып алушы ұйым мүдделі өнім берушілерді тізімге енгізу үшін өтінім беруге ш а қ ы р а т ы н х а б а р л а н д ы р у :

IV қосымшаның 2-бөлігінде көрсетілген тиісті бұқаралық ақпарат құралдарында:

(a) жыл сайын жария етілетін; және

(b) егер электрондық түрде жария етілсе, үнемі қолжетімді болып табылатын жағдайда, өнім берушілердің көп мәрте пайдалану тізімін жүргізуі мүмкін.

8. 7-тармақта көзделген хабарландыру:

(a) оларға қатысты тізім пайдаланылуы мүмкін тауарлардың және көрсетілетін қызметтердің сипаттамасын немесе олардың санаттарын;

(b) тізімге енгізу үшін өнім берушілер сәйкес келуге тиіс қатысу шарттарын және өнім берушінің шарттарға сәйкестігін тексеру үшін сатып алушы ұйым пайдаланатын ә д і с т е р д і ;

(c) сатып алушы ұйымның атауы мен мекенжайын және онымен байланыс жасау үшін қажетті басқа да ақпаратты және тізімге қатысты барлық тиісті құжаттарды алуды ;

(d) тізімнің қолданыс мерзімін және оны ұзартуға немесе тоқтатуға арналған құралдарды немесе егер қолданыс мерзімі көрсетілмесе, тізімді пайдалануды тоқтату туралы хабарлама жіберілетін тәсілді көрсетуді;

(e) тізім осы тарауда қамтылатын сатып алулар үшін пайдаланылуы мүмкін е к е н д і г і н к ө р с е т у д і қ а м т и д ы .

9. Егер көп мәрте пайдалану тізімі үш жыл немесе одан аз мерзім ішінде жарамды болса, 7-тармаққа қарамастан, сатып алушы ұйым 7-тармақта аталған хабарландыруды, е г е р м ү н д а й х а б а р л а н д ы р у :

(а) хабарландырудың қолданыс мерзімін және қосымша жарияланбайтын мән-жайларды белгілейтіндігі;

(б) электрондық түрде жарияланатындығы және оның қолданыс мерзімі ішінде ұдайы қолжетімді болатындығы шартымен, тізімнің қолданылу мерзімінің басында бір рет қана жариялауы мүмкін.

10. Сатып алушы ұйым өнім берушілерге кез келген уақытта көп мәрте пайдалану тізіміне енгізу үшін өтінім беруге мүмкіндік береді және ақылға қонымды қысқа мерзімде оған барлық білікті өнім берушілерді енгізеді.

11. Егер көп мәрте пайдалану тізіміне кірмеген өнім беруші осындай тізімнің негізінде өткізілетін сатып алуға қатысуға өтінімді және 128-баптың 2-тармағында көзделген мерзім ішінде барлық қажетті құжаттарды ұсынса, сатып алушы ұйым осы өтінімді қарайды. Сатып алушы ұйым, егер сатып алудың күрделі болуына байланысты ұйым тендерлік ұсыныстарды беру үшін көзделген мерзім ішінде өтінімді қарауды аяқтай алмаған ерекше жағдайларда ғана болмаса, өзінің өтінімді қарау үшін уақыты жеткіліксіз болуы негізінде өнім берушіні сатып алуға қатысты қараудан алып тастамайды.

III қосымшаның 3-бөлігінде көрсетілген ұйымдар

12. III қосымшаның 3-бөлігінде көрсетілген сатып алушы ұйым, мынадай шартпен:

(а) хабарландыру осы баптың 7-тармағына сәйкес жарияланған болса және осы баптың 8-тармағына сәйкес талап етілетін ақпаратты, 124-баптың 2-тармағына сәйкес талап етілетін барлық қолда бар ақпаратты және алдағы сатып алу туралы хабарландыру немесе өнім берушілер тек көп мәрте пайдалану тізімінен көп мәрте пайдалану тізімнің негізінде өткізілетін сатып алу туралы хабарландыруды одан әрі алып тұратындығын білдіретін өтінішті қамтыса; және

(б) ұйым осы сатып алуда ұйымдар мүдделілік білдірген өнім берушілерге, 124-баптың 2-тармағына сәйкес талап етілетін барлық қалған мәліметтерді қоса алғанда, олар сатып алуға өзінің мүдделілігін бағалай алатындай жеткілікті ақпаратты, егер мұндай ақпаратқа қолжетімді болған жағдайда, дереу ұсынса, өнім берушілерді алдағы сатып алу туралы хабарландыру ретінде көп мәрте пайдалану тізіміне енгізуге өтінім беруге шақыратын хабарландыруды пайдалана алады.

13. III қосымшаның 3-бөлігінде көрсетілген сатып алушы ұйым, осы баптың 10-тармағына сәйкес көп мәрте пайдалану тізімге енгізуге өтінім берген өнім берушіге, егер өнім берушінің қатысу шарттарына сай келетіндігін зерттеу үшін сатып алушы ұйымның жеткілікті уақыты болса, осы сатып алу үшін тендерлік ұсыныс беруге мүмкіндік береді алады.

Сатып алушы ұйымның шешімдері туралы ақпарат

14. Сатып алушы ұйым сатып алуға қатысуға өтінім беретін немесе көп мәрте пайдалану тізіміне енгізу үшін өтініш беретін өнім берушіге сатып алушы ұйымның өтінімге немесе өтінішке қатысты шешімін дереу хабарлайды.

15. Егер сатып алушы ұйым сатып алуға қатысуға арналған өтінімді немесе көп мәрте пайдалану тізіміне енгізуге берілген өтінішті қабылдамайтын болса, өнім берушінің біліктілігін тануды тоқтатады немесе өнім берушіні көп мәрте пайдалану тізімінен шығарып тастайды, ұйым бұл туралы өнім берушіге дереу хабарлайды және өнім берушінің сұрау салуы бойынша өз шешімінің себептері туралы жазбаша түсініктемені дереу өнім берушіге ұсынады.

## 127-БАП

### Техникалық ерекшеліктер және тендерлік құжаттама

#### Техникалық ерекшеліктер

1. Сатып алушы ұйым халықаралық сауда үшін артық кедергілерді жасау мақсатында немесе олардың туындауына әкелетін техникалық ерекшеліктерді жасаудан, қабылдаудан немесе қолданудан немесе сәйкестікті бағалау рәсімін тағайындаудан тартынады.

Техникалық ерекшеліктер өнім берушілерге тең қолжетімділікті ұсынуға тиіс және бәсекелестік үшін сатып алу нарықтарын ашуға жөнсіз кедергілер жасауға әкелмеуге тиіс.

2. Сатып алынатын тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге арналған техникалық ерекшеліктерді сипаттауда, сатып алушы ұйым қолданылуына қарай:

(а) дизайн және түсіндірмелік сипаттамаларға қойылатын талаптарды емес, пайдалану қасиеттері мен жұмыс істеу талаптары негізінде техникалық ерекшеліктерді белгілейді;

(b) техникалық ерекшеліктерді, егер олар бар болса халықаралық стандарттарға не ұлттық техникалық регламенттерге, танылған ұлттық стандарттарға немесе құрылыс нормалары мен қағидаларына негіздейді.

3. Егер техникалық ерекшеліктерде дизайн немесе түсіндірмелік сипаттамалар пайдаланылса, сатып алушы ұйым қолданылуына қарай тендерлік құжаттамаға «немесе барабар» сияқты сөздерді енгізе отырып, сатып алу талаптарын көрнекі қанағаттандыратын, барабар тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге тендерлік ұсыныстың қаралатындығы туралы көрсетеді.

4. Егер сатып алуға ешқандай да өзге жеткілікті нақты немесе түсінікті тәсіл талаптарының сипатталуы болмаса ғана және осындай жағдайларда ұйым тендерлік құжаттамаға «немесе барабар» деген сөздерді қосатын жағдайда, сатып алушы ұйым белгілі бір тауар таңбасын немесе сауда маркасын, патентті, авторлық құқықты, дизайнды, үлгіні, нақты шығу орнын, өндірушіні немесе өнім берушіні көрсетуді талап ететін немесе сілтеме жасайтын техникалық ерекшеліктерді белгілемейді.

5. Сатып алушы ұйым нақты бір сатып алуға арналған кез келген техникалық ерекшелікті жасау немесе қабылдау кезінде пайдаланылуы мүмкін кеңесті



бәсекелестікке кедергі болатындай түрде сатып алуға коммерциялық мүддесі болуы мүмкін тұлғаға сұрау салмайды немесе одан қабылдамайды.

6. Айқынырақ болуы үшін, Тарап өзінің сатып алушы ұйымдарын қоса алғанда, осы бапқа сәйкес, табиғи ресурстарды сақтауға немесе қоршаған ортаны қорғауға жәрдемдесу үшін техникалық ерекшеліктер жасауы, қабылдауы немесе қолдануы мүмкін.

#### Тендерлік құжаттама

7. Сатып алушы ұйым өнім берушілерге, өнім берушілердің тиісті тендерлік ұсыныстарды дайындауына немесе ұсынуына мүмкіндік беретін барлық қажетті ақпаратты қамтитын, тендерлік құжаттамаға қол жеткізуді ұсынады. Егер бұл алдағы сатып алу туралы хабарландыруда ұсынылмаса, мұндай құжаттама:

(a) сатып алынатын тауарлардың немесе көрсетілетін қызметтердің негізгі қасиетін және санын немесе саны белгісіз болғанда, болжамды саны және орындалуға тиісті талаптарды қоса алғанда, кез келген техникалық ерекшеліктерді, сәйкестікті бағалау туралы куәлігін, жоспарларды, сызбаларды немесе нұсқаулықтарды қоса алғанда, с а т ы п а л у д ы ;

(b) қатысу шарттарына байланысты өнім берушілер ұсынуға тиіс ақпарат пен құжаттардың тізімін қоса алғанда, өнім берушілердің қатысуына арналған кез келген ш а р т т а р д ы ;

(c) баға жалғыз өлшемшарт болып табылатын жағдайларды қоспағанда, шартты жасасу кезінде және осындай өлшемшарттардың маңыздылығына қарай сатып алушы ұйым қолданатын бағалаудың барлық өлшемшарттарын;

(d) егер сатып алушы ұйым сатып алуды электрондық тәсілмен өткізетін болса, төлнұсқалығы және шифрлаудың кез келген талаптарын немесе ақпаратты электрондық тәсілмен ұсынуға байланысты басқа да талаптарды;

(e) егер сатып алушы ұйым электрондық аукцион өткізетін болса, оған сәйкес аукцион өткізілетін бағалау өлшемшарттарына байланысты тендер элементтерін идентификациялауды қоса алғанда, қағидаларды;

(f) егер тендерлік ұсыныстардың жария ашылуы болжанса, ашылатын күнін, уақыты мен орнын және қолданылуына қарай, қатысуға уәкілетті тұлғаларды;

(g) төлем шарттарын және тендерлік ұсыныстар, мысалы қағаз түрінде немесе электрондық тәсілмен ұсынылуы мүмкін тәсіл бойынша кез келген шектеуді қоса алғанда, басқа кез келген шарттарды;

(h) тауарларды беру немесе көрсетілетін қызметтерді ұсыну күндерін толық с и п а т т а у д ы қ а м т и д ы .

8. Сатып алушы ұйым сатып алынатын тауарларды берудің немесе көрсетілетін қызметтерді ұсынудың кез келген күнін белгілеген кезде, сатып алудың күрделілігі, қосалқы мердігерлердің қатысуының күтілетін дәрежесі және беру пунктінен немесе қызмет көрсету үшін тауарларды өндіру, жөнелту және тасымалдау үшін қажетті нақты

уақыт сияқты факторларды назарға алады.

9. Алдағы сатып алу немесе тендерлік құжаттама туралы хабарландыруда белгіленген бағалау өлшемшарттары, басқаларымен қатар, бағалар мен құнның басқа да факторларын, сапаны, техникалық өлшемшарттарды, экологиялық сипаттамаларды және өнім беру шарттарын қамтуы мүмкін.

10. Сатып алушы ұйым дереу:

(а) үдделі өнім берушілерді тиісті тендерлік ұсыныстарды беруге жеткілікті уақытпен қамтамасыз ету үшін тендерлік құжаттаманы ұсынады;

(б) кез келген мүдделі өнім берушіге сұрау салу бойынша тендерлік құжаттаманы ұсынады; және

(с) кез келген мүдделі немесе қатысатын өнім берушіге тиісті ақпарат туралы, егер осындай ақпарат басқа өнім берушілер алдында осы өнім берушіге артықшылық бермейтін жағдайда, кез келген негізді сұрау салуға жауап қайтарады.

Ө з г е р і с т е р

11. Егер сатып алушы ұйым шарт жасасқанға дейін қатысатын өнім берушілер ұсынған, алдағы сатып алу немесе тендерлік құжаттама туралы хабарландыруда белгіленген өлшемшарттарды немесе талаптарды өзгерткен немесе хабарландыруды немесе тендерлік құжаттаманы түзететін немесе қайта басып шығаратын болса, ол барлық өзгерістерді немесе түзетілген немесе қайта басып шығарылған хабарландыруды немесе тендерлік құжаттаманы:

(а) өзгерістер, түзетулер немесе қайта басып шығару кезінде қатысатын барлық өнім берушілерге, егер сатып алушы ұйымға өнім берушілер белгілі болған жағдайда және басқа да жағдайларда, ақпараттың алғашқы берілген тәсілімен;

(б) осындай өнім берушілердің жағдайға қарай түзетілген тендерлік ұсыныстарды өзгертуге және қайта ұсынуға болатын тиісті мерзімдер жазбаша нысанда береді.

## 128-БАП

### Мерзімдер

Ж а л п ы е р е ж е л е р

1. Сатып алушы ұйым, өзінің ақылға қонымды қажеттіліктерін ескере отырып, өнім берушілерге қатысу туралы өтінімдер мен тиісті тендерлік ұсыныстарды әзірлеуі және ұсынуы үшін:

(а) сатып алудың сипаты және күрделілігі;

(б) қосалқы мердігерлер қатысуының күтілетін дәрежесі; және

(с) егер электрондық беру құралдары қолданылмаса, шетелден, сондай-ақ ел ішінде электрондық емес тәсілмен тендерлік ұсынысты жіберу үшін қажет болатын уақыт сияқты факторларды назарға ала отырып, жеткілікті уақыт мөлшерін ұсынады.

Мұндай мерзімдер, кез келген мерзімдерді ұлғайтуды қоса алғанда, барлық мүдделі

немесе қатысушы өнім берушілер үшін бірдей болуға тиіс.

С о ң ғ ы м е р з і м д е р

2. Іріктелген тендер қолданатын сатып алушы ұйым қатысуға өтінімдерді берудің соңғы мерзімі, негізінде, алдағы сатып алу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап кемінде 25 күн мерзімді құрайтындығын белгілейді. Егер осы уақыт кезеңі жеткіліксіз екенін сатып алушы ұйым тиісінше дәлелдеген шұғыл жағдайға байланысты мерзім кемінде он күнге дейін азайтылуы мүмкін.

3. 4, 5, 7 және 8-тармақтарда көзделген жағдайларды қоспағанда:

(а) ашық тендер жағдайында, алдағы сатып алу туралы хабарландыру жарияланған;  
н е м е с е

(b) іріктелген тендер жағдайында, көп мәрте пайдалану тізімін пайдаланатыны-пайдаланбайтынына қарамастан, сатып алушы ұйым өнім берушілерді тендерлік ұсыныстарды беруге олардың шақырылатындығы туралы хабарландырылған күннен бастап тендерлік ұсыныстарды берудің түпкілікті мерзімі кем дегенде 40 күнді құрайтындығын белгілейді.

4. Сатып алушы ұйым 3-тармаққа сәйкес белгіленген тендер өткізу мерзімін, егер:

(а) сатып алушы ұйым алдағы сатып алу туралы хабарландыру жарияланғанға дейін 124-баптың 4-тармағында жазылғандай, кемінде 40 күн бұрын және 12 айдан асырмай, жоспарланған сатып алу туралы хабарландыру жариялаған болса және жоспарланған сатып алу туралы хабарландыру:

(i) сатып алудың сипаттамасын;

(ii) тендерлік ұсыныстарды немесе қатысуға өтінімдерді ұсыну үшін шамалас түпкілікті мерзімдерін;

(iii) мүдделі өнім берушілер сатып алушы ұйымға сатып алуға өзінің мүдделілігін білдіретін өтінішті;

(iv) сатып алуға қатысты құжаттарды алуға болатын мекенжайды; және

(v) мүмкіндігіне қарай, 124-баптың 2-тармағына сәйкес алдағы сатып алу туралы хабарландыру үшін көрсетілуге тиіс барлық қолда бар ақпаратты қамтыса;

(b) сатып алушы ұйым қайталама сатып алу үшін алдағы сатып алу туралы бастапқы хабарландыруды, осы тармақтың негізінде кейінгі хабарландыруларда тендер үшін мерзім нұсқайтынын көрсетеді; немесе

(c) шұғыл жағдайларда, 3-тармаққа сәйкес белгіленген тендер өткізу мерзімін сатып алушы ұйым орындаудың мүмкін еместігін тиісті түрде дәлелдеген тендер өткізуге арналған мерзімді кемінде он күнге дейінгі мерзімге қысқарта алады.

5. Сатып алушы ұйым 3-тармаққа сәйкес белгіленген тендер өткізу мерзімін, мынадай:

(а) алдағы сатып алу туралы хабарландыру электрондық тәсілмен жарияланған;

(b) алдағы сатып алу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап барлық тендерлік құжаттама электрондық түрде қолжетімді болып табылатын; және

(с) ұйым тендерлік ұсыныстарды электрондық тәсілмен қабылдаған жағдайлардың әрқайсысы үшін жеті күнге қысқарта алады.

6. 4-тармақпен бірге 5-тармақтың ережелерін пайдалану, ешбір жағдайда да 3-тармаққа сәйкес алдағы сатып алу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап кемінде жеті күнге дейін белгіленген тендер өткізу мерзімін қысқартуға алып келмейді.

7. Осы баптың кез келген өзге де ережесіне қарамастан, егер сатып алушы ұйым коммерциялық тауарларды немесе көрсетілетін қызметтерді немесе олардың кез келген қосындысын сатып алса, ол 3-тармаққа сәйкес белгіленген тендер өткізу мерзімін алдағы сатып алу туралы хабарландыруды және тендерлік құжаттаманы бір уақытта электрондық тәсілмен жариялаған жағдайда, кемінде 13 күнге дейін қысқарта алады. Бұдан өзге, егер сатып алушы ұйым коммерциялық тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге қатысты тендерлік ұсыныстарды электрондық тәсілмен қабылдаса, ол 3-тармаққа сәйкес белгіленген мерзімді кем дегенде жеті күнге дейін азайта алады.

8. Егер III қосымшаның 3-бөлігінде көрсетілген сатып алушы ұйым білікті өнім берушілердің барлығын немесе шектеулі санын таңдап алса, тендерді өткізу мерзімі сатып алушы ұйым мен таңдалған өнім берушілер арасындағы өзара уағдаластық негізінде белгіленуі мүмкін. Уағдаластық болмаған кезде, мерзім кем дегенде жеті күнді құрайды.

## **129-БАП**

### **Келіссөздер**

1. Тарап сатып алушы ұйымдарға:

(а) егер 124-баптың 2-тармағына сәйкес алдағы сатып алу туралы хабарландыруда сатып алушы ұйым өзінің келіссөздер жүргізу ниетін білдірсе; немесе

(б) егер бағалау нәтижесінде алдағы сатып алу туралы хабарландыруда немесе тендерлік құжаттамада белгіленген ерекше бағалаудың нақты өлшемшарттарын ескере отырып, ешбір тендерлік ұсыныс аса тиімді емес екені анықталса, келіссөздер жүргізу мүмкіндігін бере алады.

2. Сатып алушы ұйым:

(а) келіссөздерге қатысушы өнім берушілерді кез келген шығару алдағы сатып алу туралы хабарландыруды немесе тендерлік құжаттамада белгіленген бағалау өлшемшарттарына сәйкес жүргізілуін қамтамасыз етеді; және

(б) келіссөздер аяқталғаннан кейін, қалған қатысушы өнім берушілердің кез келген жаңа немесе қайта қаралған тендерлік ұсыныстарды беруі үшін бірыңғай соңғы мерзімді қамтамасыз етеді.

## **130-БАП**

### **Қатысуы шектеулі тендер**

1. Осы ережені сатып алушы ұйым өнім берушілер арасындағы бәсекелестікті болғызбау немесе екінші Тараптың өнім берушілерін кемсіту немесе отандық өнім берушілерді қорғау мақсатында пайдаланбайтын жағдайда, ол тек мынадай кез келген м ә н - ж а й л а р б о л ғ а н к е з д е :

(a) тендерлік құжаттама талаптары айтарлықтай өзгермеген кезде, егер:  
(i) бірде-бір тендерлік ұсыныс берілмесе немесе бірде-бір өнім беруші қатысуды с ұ р а м а с а ;

(ii) тендерлік құжаттаманың негізгі талаптарын қанағаттандыратын бірде-бір тендерлік ұ с ы н ы с б е р і л м е с е ;

(iii) ешқандай да өнім берушілер қатысу шарттарын қанағаттандырмаса; немесе

(iv) берілген ұсыныстар ымыраласуға негізделсе;

(b) егер тауарларды немесе көрсетілетін қызметтерді беруді белгілі бір өнім беруші ғана жүзеге асыруы мүмкін болса және тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге ақылға қонымды балама болмаса немесе оларды алмастыру мынадай:

(i) өнер туындысына қойылатын талаптар;

(ii) патенттерді, авторлық құқықтарды немесе басқа да айрықша құқықтарды қорғау ; н е м е с е

(iii) техникалық себептер бойынша бәсекелестіктің болмауы негіздері бойынша жоқ б о л с а ;

(c) алғашқы сатып алуға енгізілмеген алғашқы өнім беруші жүзеге асырған тауарларды немесе көрсетілетін қызметтерді қосымша беру мақсатында, егер осындай қосымша тауарлар немесе көрсетілетін қызметтер үшін өнім берушіні ауыстыру:

(i) өзара ауыстыру талаптары немесе қолда бар жабдықтарды, бағдарламалық қамтылымды, көрсетілетін қызметтерді немесе алғашқы сатып алу кезінде алынған қондырғыларды өзара алмастыру немесе олардың өзара іс-қимыл жасауы талаптары сияқты экономикалық немесе техникалық себептер бойынша жүргізу мүмкін болмаса; ж ә н е

(ii) сатып алушы ұйым үшін айтарлықтай қолайсыздықтар тудыруы немесе шығындардың елеулі қайталануы мүмкін болса;

(d) сатып алушы ұйым алдын ала болжай алмаған оқиғалардан туындаған, төтенше шұғыл себептер бойынша, ашық немесе іріктелген тендерді пайдалану кезінде тауарларды немесе көрсетілетін қызметтерді уақтылы алу мүмкін болмаған қатаң қ а ж е т т і л і к ж а ғ д а й ы н д а ;

(e) тауар нарығында иемденіп алынған тауарлар үшін;

(f) егер сатып алушы ұйым өз тапсырысы бойынша орындалу барысында немесе ғылыми-зерттеу, эксперименттік немесе бастапқы әзірleme жүргізуге арналған белгілі бір шарттар мақсатында әзірленген прототиптерді немесе алғашқы тауарларды немесе көрсетілетін қызметтерді иемденіп алса қатысуы шектеулі тендерін пайдалана алады және 124, 125, 126, 127 (7-11-тармақтары), 128, 129, 131 және 132-баптардың

ережелерін қолданбауды шеше алады. Алғашқы тауарды немесе көрсетілетін қызметті бастапқы әзірлеу шектеулі өндірісті немесе сынақ нәтижелерін қорыту үшін өнім беруді және қолайлы сапа стандартын қамтамасыз ететін көлемде өндіру немесе өнім беру үшін тауардың немесе көрсетілетін қызметтің жарамдылығын көрсетуді қамтуы мүмкін, бірақ тауардың немесе көрсетілетін қызметтің коммерциялық тіршілік қабілетін қамтамасыз ететін сериялы өндіруді жүзеге асыруды немесе өнім беруді немесе зерттеуге және әзірлеуге жұмсалған шығындарды өтеуді қамтымайды;

(g) тұрақты өнім берушілерден жүйелі сатып алуларын емес, тарату, конкурстық басқару және банкроттық сияқты мүлікті болжанбаған иеліктен шығару жағдайында өте қысқа мерзімде туындайтын аса тиімді жағдайларда жасалған сатып алулар үшін;

(h) егер үздік дизайнға арналған конкурс жеңімпазымен;

(i) конкурс осы тараудың қағидаттарына сәйкес, атап айтқанда, алдағы сатып алулар туралы хабарландыруды жариялауға қатысты ұйымдастырылған;

(ii) жеңімпазбен дизайн шартын жасау мақсатында қатысушыларды тәуелсіз конкурстық комиссия бағалаған жағдайда шарт жасалса, қатысушы шектеулі тендерін пайдалана алады және 124, 125, 126, 127 (7-11-тармақтары), 128, 129, 131 және 132-баптардың ережелерін қолданбауды шеше алады.

2. Сатып алушы ұйым 1-тармаққа сәйкес жасалған әрбір шарт бойынша жазбаша есеп жасайды. Есеп сатып алушы ұйымның атауын, сатып алынатын тауарлардың немесе көрсетілетін қызметтердің құны мен түрін, сондай-ақ қатысушы шектеулі тендерін пайдалануға негіз болған, 1-тармақта баяндалған сол мән-жайлар мен шарттарды көрсетуді қамтиды.

## 131-БАП

### Электрондық аукциондар

1. Сатып алушы ұйымдар электрондық аукциондарды пайдалануы мүмкін.

2. Ашық тендерлер, қатысушы шектеулі тендерлер немесе келіссөздер рәсімдері кезінде шарттың ерекшеліктері нақты белгіленуі мүмкін болғанда, сатып алушы ұйым шарт жасасу электрондық аукцион алдында болуға тиіс екенін шешуі мүмкін.

Э л е к т р о н д ы қ            а у к ц и о н :

(a) шарт ең төменгі баға бойынша жасалатын бағаларға ғана; немесе

(b) шарт аса қолайлы тендерлік ұсыныс бойынша жасалатын бағаларға және/немесе ерекшелікте белгіленген тендерлік ұсыныстар сипаттамаларының жаңа мәніне негізделеді.

3. Электрондық аукцион өткізуді шешкен сатып алушы ұйым бұл фактіні алдағы сатып алу туралы хабарландыруда көрсетеді.

Ерекшеліктерде, өзгелерімен қатар, мынадай:

(a) сипаттамалар, өлшенетін және сандармен немесе пайыздармен көрсетілетін

болып табылатын жағдайда, мәні электрондық аукционның нысанасы болатын с и п а т т а м а л а р ;

(b) сатып алу нысанасына қатысты ерекшеліктерден туындайтын түрде ұсынылуы мүмкін болатын мәндерге кез келген шектеулер;

(c) электрондық аукцион барысында қатысушыларға қолжетімді болатын ақпарат және орындылығына қарай, өздеріне қолжетімді болатын уақыт;

(d) электрондық аукционның процесіне қатысты тиісті ақпарат;

(e) қатысушылар өтінім жасай алатын шарттар және атап айтқанда, өтінім беру кезінде талап етілетін, орындылығына қарай, ең төменгі айырмашылықтар;

(f) пайдаланылатын электрондық жабдықтарға қатысты тиісті ақпарат, байланыс өлшемдері және техникалық ерекшеліктер егжей-тегжейі қамтылады.

4. Электрондық аукцион өткізгенге дейін сатып алушы ұйым олар үшін шарт жасасу өлшемшартына немесе белгіленген өлшемшарттар мен мәндер жиынтығына сәйкес тендерлік ұсыныстарды бастапқы толық бағалауды жүргізеді. Рұқсат етілген тендерлік ұсыныстарды берген барлық қатысушылар жаңа бағаларды және/немесе жаңа мәндерді бір уақытта электрондық тәсілмен ұсынуға шақырылады; шақыруда пайдаланылатын электрондық жабдыққа жеке қосылуға қатысты барлық тиісті ақпарат қамтылады және электрондық аукционның өткізілетін күні және басталу уақыты көрсетіледі. Электрондық аукцион бірнеше дәйекті кезеңдер арқылы өтуі мүмкін. Электрондық аукцион шақыру жіберілген күннен кейін екі жұмыс күнінен бұрын б а с т а л м а у ғ а т и і с .

5. Егер шарт ең тиімді тендерлік ұсыныс негізінде жасалса, шақыру тиісті қатысушыны толық бағалаудың нәтижесімен бірге жүреді. Шақыруда ұсынылған жаңа бағалар және/немесе жаңа мәндер негізінде автоматты түрде жаңартылатын рейтингті айқындау үшін электрондық аукционда пайдаланылатын математикалық формула да көрсетіледі. Бұл формула шарт немесе ерекшеліктер туралы хабарландыруда көрсетілгеніндей, ең тиімді тендерлік ұсынысты айқындау үшін белгіленген барлық өлшемшарттардың өлшемін қамтиды; алайда, осы мақсаттар үшін кез келген ауқым алдын ала берілген мәнге дейін азайтылады.

6. Электрондық аукционның әрбір кезеңі ішінде тапсырыс берушілер барлық қатысушыларға олар кез келген сәтте өздерінің рейтингтегі салыстырмалы орнын білуі үшін, кем дегенде, жеткілікті ақпаратты кідіртпей ұсынады. Сондай-ақ, олар бұл ерекшеліктерде көрсетілген жағдайда, өзге де ұсынылған бағаларға немесе мәндерге қатысты басқа да ақпаратты хабарлай алады. Олар кез келген уақытта аукцион өткізудің сол кезеңіндегі қатысушыларының санын да жария етуі мүмкін. Алайда, олар электрондық аукционның кез келген кезеңінде қатысушылардың жеке басы мәліметтерін ешбір жағдайда ашып көрсете алмайды.

7. Сатып алушы ұйым электрондық аукционды мынадай:

(a) аукционға қатысу туралы шақыруда алдын ала белгіленген күні мен уақытын

к ө р с е т е

о т ы р ы п ;

(b) аукционға қатысу туралы шақыруда, егер ең төменгі айырмашылыққа қатысты талаптарды қанағаттандыратын жаңа бағаларды немесе жаңа мәндерді ала алмаса, электрондық аукционды жапқанға дейін, соңғы өтінімді алған сәттен бастап, белгіленген мерзімді көрсете отырып;

(c) егер аукционға қатысу туралы шақыруда саны көрсетілген аукционның барлық кезеңдері аяқталса, осындай тәсілдердің бірімен немесе бірнешеуімен жабады.

8. Егер сатып алушы ұйым электрондық аукционды 7-тармақтың (c) тармақшасына сәйкес жабуды шешкен болса, сол тармақтың (b) тармақшасында жазылған ережелермен үйлестіре отырып, аукционға қатысу туралы шақыруда аукционның әрбір кезеңінің мерзімі көрсетіледі.

9. Электрондық аукционды жапқаннан кейін сатып алушы ұйым электрондық аукцион нәтижелері негізінде 132-бапқа сәйкес шарт жасайды.

10. Сатып алушы ұйымдар электрондық аукциондарға құқыққа сыйымсыз түрде сүйене алмайды және бәсекелестікке кедергі жасау, оны шектеу немесе бұрмалау немесе алдағы сатып алу туралы жарияланған хабарландыруда және ерекшелікте айқындалған тендерге қойылған шарттың нысанасын өзгерту үшін пайдалана алмайды.

## **132-БАП**

### **Тендерлік ұсыныстарды қарау және шарттар жасау**

Т е н д е р л і к      ұ с ы н ы с т а р д ы      қ а р а у

1. Сатып алушы ұйым сатып алу процесінің әділдігіне және бейтараптығына, сондай-ақ тендерлік ұсыныс құпиялығына кепілдік беретін тәртіпке сәйкес барлық тендерлік ұсыныстарды алады, ашады және қарайды.

2. Егер кешіктіру сатып алушы ұйымның тарапынан болған немқұрайлықтан ғана туындаған болса, сатып алушы ұйым тендерлік ұсынысы тендерлік ұсыныстарды алу үшін белгіленген мерзімнен кейін алынған, өнім берушіге айыппұл салмайды.

3. Егер сатып алушы ұйым өнім берушіге тендерлік ұсыныстарды ашу мен шартты жасасу арасында абайсыз қателіктерді түзету мүмкіндігін беретін болса, сатып алушы ұйым осындай мүмкіндікті өнім берушілердің барлық қатысушыларына ұсынады.

Ш а р т т а р д ы      ж а с а с у

4. Тендерлік ұсыныс шартты жасасуға қаралу үшін жазбаша нысанда беріледі және ашылу кезінде хабарландыру мен конкурстық құжаттамада жазылған негізгі талаптарға сәйкес келеді және оны қатысу талаптарын қанағаттандыратын өнім беруші ұсынады.

5. Сатып алушы ұйым шартты жасауды қоғамдық мүддеге сәйкес емес деп шешкен жағдайларды қоспағанда, шарттың талаптарын орындауға қабілетті деп айқындаған және хабарландыру мен конкурстық құжаттамада көрсетілген бағалау өлшемшарттарының ғана негізінде, ұйым:



(а) ең пайдалы тендерлік ұсынысты; немесе  
(b) егер баға жалғыз өлшемшарт болып табылса, ең төменгі баға ұсынған өнім беруші мен шарт жасасады.

6. Егер сатып алушы ұйым ұсынылған өзге тендерлік ұсыныстардағы бағамен салыстырғанда шамадан тыс төмен баға болып табылатын тендерлік ұсыныс алған болса, ол өнім берушінің қатысу шарттарына сәйкестігін, сондай-ақ шарт талаптарын орындауға қабілеттілігін тексере алады.

7. Сатып алушы ұйым опцион пайдаланбайды, сатып алуды болдыртпай тастай алмайды немесе жасалып қойған шарттарды осы тарау бойынша өзінің міндеттемелерін айналып өтіп, өзгерістер енгізбейді.

## 133-БАП

### Сатып алу туралы ақпараттың ашықтығы

Өнім берушілерге ұсынылатын ақпарат

1. Сатып алушы ұйым қатысушы өнім берушілерге шарт жасасу туралы өзінің шешімі туралы дереу хабарлайды және өнім берушінің сұрау салуы бойынша мұны жазбаша нысанда жасайды. 134-баптың 2 және 3-тармақтарының ережелерін ескере отырып, сатып алушы ұйым сұрау салу бойынша ұтылыс тапқан өнім берушіге, оның тендерлік ұсынысын ұйымның неліктен таңдамау себебі және жеңген өнім берушінің тендерлік ұсынысының артықшылықтарына қатысты түсіндірме ұсынады.

Шарт жасасу туралы ақпаратты жариялау

2. Осы тарауда қамтылған әрбір шарт жасалғаннан кейін 72 күн өткеннен кешіктірмей, сатып алушы ұйым IV қосымшаның 2-бөлігінде келтірілген тиісті қағаз түрінде немесе электронды бұқаралық ақпарат құралдарында хабарландыру жариялайды. Егер ұйым хабарландыруды электрондық бұқаралық ақпарат құралдарында ғана жариялайтын болса, ақпарат ақылға қонымды уақыт кезеңінде оңай қолжетімді болып қала береді. Хабарландыру кем дегенде, мынадай ақпаратты:

(a) сатып алынатын тауарлардың немесе көрсетілетін қызметтердің сипаттамасын;

(b) сатып алушы ұйымның атауын және мекенжайын;

(c) жеңімпаз өнім берушінің атауын және мекенжайын;

(d) жеңген тендерлік ұсыныстың құнын немесе шарт жасау кезінде назарға алынған ең жоғарғы және ең төменгі ұсыныстарды;

(e) шарт жасасу күнін; және

(f) пайдаланылған сатып алу тәсілін және 130-бапқа сәйкес қатысуы шектеулі тендер пайдаланылған жағдайда, қатысуы шектеулі тендердің пайдаланылуын негіздейтін мән-жағдайлардың сипаттамасын қамтиды.

Құжаттамаларды, есептерді және электрондық қадағалауды жүргізу

3. Әрбір сатып алушы ұйым шарт жасалған күннен бастап, кемінде үш жыл ішінде:

(а) қамтылатын сатып алуға байланысты тендерлік рәсімдер және шарттар жасасу туралы құжаттар мен есептерді, оның ішінде 130-бапқа сәйкес талап етілетін есептерді; ж ә н е

(b) электрондық тәсілдермен қамтылатын сатып алуды жүргізудің тиісінше қадағалануын қамтамасыз ететін деректерді жүргізеді.

## 134-БАП

### Ақпаратты ашу

#### Т а р а п т а р ғ а а қ п а р а т т а р ұ с ы н у

1. Екінші Тараптың сұрау салуы бойынша Тарап сатып алудың адал, бейтарап жүргізілгенін анықтау үшін қажетті кез келген ақпаратты және осы тарауға сәйкес, оның ішінде жеңген тендерлік ұсыныстың сипаттамалары мен салыстырмалы артықшылықтары туралы ақпаратты дереу ұсынады. Егер ақпаратты ашу болашақтағы тендерлердің бәсекелестігіне нұқсан келтіруі мүмкін болса, ақпаратты ұсынған Тарап бұл мәселені Тараптар арасында талқылау нәтижесінде өз келісімін беретін жағдайды қоспағанда, ақпаратты алатын Тарап оны ешбір өнім берушіге жария етпеуге тиіс.

#### А қ п а р а т т ы ж а р и я л а м а у

2. Осы тараудың өзге де ережелеріне қарамастан, Тарап, оның ішінде оның сатып алушы ұйымдары, өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестікке нұқсан келтіруі мүмкін ақпаратты кез келген жекелеген өнім берушіге ұсынбайды.

3. Осы тарауда ештеңе де Тараптан, оның ішінде оның сатып алушы ұйымдарынан, билік органдарынан және қадағалау органдарынан, ашылуы:

(а) заңды қолдануға кедергі жасайтын;

(b) өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестікке нұқсан келтіретін;

(c) белгілі бір жеке тұлғалардың заңды коммерциялық мүдделеріне, оның ішінде зияткерлік меншікті қорғауға нұқсан келтіретін; немесе

(d) өзгедей жолмен қоғамдық мүдделерге қайшы келетін, құпия ақпаратты ашуға қойылатын талап ретінде түсіндірілмейді.

## 135-БАП

### Шағым берудің ішкі рәсімдері

1. Қамтылатын сатып алу тұрғысында мүддесі бар немесе болған өнім беруші:

(а) осы тарау талаптарының бұзылғанына, немесе

(b) егер өнім берушінің Тараптың Ұлттық заңнамасына сәйкес осы тараудың бұзылғанына орай тікелей шағым жасауға құқығы болмаса, Тараптың осы тараудың талаптарын орындау бойынша шараларына сәйкес келуінің мүмкін еместігіне, шағым жасай алатын уақтылы, тиімді, ашық және кемсітілмейтін әкімшілік немесе соттық шағым беру рәсімін әрбір Тарап қамтамасыз етеді.

2. 1-тармаққа сәйкес барлық шағым жасаулар үшін рәсімдік қағидалар жазбаша нысанда және жалпыға қолжетімді болуға тиіс.

3. 1-тармақта көрсетілгеніндей, бұзушылық немесе шараларға сәйкес келудің мүмкін еместігі орын алғаны туралы өнім берушінің қамтылатын сатып алу тұрғысынан туындаған, мүддесі бар немесе болған, өнім беруші тарапынан шағым түскен жағдайда, сатып алуды жүргізетін сатып алушы ұйым Тарапы осы ұйымға және өнім берушіге консультациялар арқылы проблеманы реттеуді ұсынады. Сатып алушы ұйым әкімшілік немесе соттық шағым беру рәсіміне сәйкес өнім берушінің ағымдағы және болашақтағы сатып алуға қатысуға немесе оның түзету шараларын талап ету құқығына нұқсан келтірмей, осындай кез келген шағымды бейтарап және уақтылы қ а р а й д ы .

4. Шағымды дайындау және ұсыну үшін әрбір өнім берушіге шағым үшін негізі белгілі болған немесе өнім берушіге белгілі болуы туралы жеткілікті негіздер бар кезден бастап ешқандай жағдайда 10 күннен кем болмайтын жеткілікті уақыт мөлшері б е р і л е д і .

5. Әрбір Тарап, қамтылатын сатып алуға байланысты туындаған, өнім берушінің шағымын алу және қарау үшін, өзінің сатып алушы ұйымдарына тәуелсіз, кем дегенде бір бейтарап әкімшілік немесе сот органын құрады немесе тағайындайды.

6. Егер бастапқыда 5-тармақта көрсетілген органнан ерекшеленетін орган шағымды қарайтын болса, Тарап сатып алу ұйымынан сатып алу кімнің шағымының нысанасы болып табылатындығына қарамастан, одан тәуелсіз бейтарап әкімшілік немесе сот органында өнім берушінің алғашқы шешімді даулай алуын қамтамасыз етеді.

7. Әрбір Тарап, сот болып табылмайтын шағым беру органы, соттық тәртіппен қайта қарауға жататын шешімді қабылдауды қамтамасыз етеді немесе мыналарды көздейтін рәсімді белгілейді:

(a) сатып алушы ұйым шағымға жазбаша нысанда жауап береді және шағым беру жөніндегі органға барлық тиісті құжаттарды ашады;

(b) талқылауға қатысушылардың (бұдан әрі - «қатысушылар» деп аталады) шағым беру органы шағым бойынша шешім қабылдағанға дейін тыңдалуға құқығы бар;

(c) қатысушылардың өкіл болуға және бірге еріп жүруге құқығы бар;

(d) қатысушылар барлық рәсімдерге қол жеткізеді;

(e) қатысушылардың істің көпшілік алдында қаралуын және куәлардың қатысуын талап етуге құқығы бар;

(f) шағым беру органы өзінің әрбір шешімін немесе ұсынымдарын уақтылы жазбаша нысанда қабылдайды және әрбір шешім немесе ұсыным үшін негіздеме түсіндірме енгізеді.

8. Әрбір Тарап:

(a) өнім берушінің сатып алуға қатысуы үшін мүмкіндігін сақтау бойынша жедел аралық шараларды; және

(b) 1-тармақта көрсетілген шараларды бұзудың немесе оған сәйкес келмеудің мүмкін еместігі орын алғанын шағым беру органы анықтаған жағдайларда, түзетуші шараларды немесе мөлшері тендерлік өтінімге дайындық барысындағы шығындармен не шағым жасауға байланысты шығындармен не осылар бірге шектелетін шеккен шығындар немесе залал үшін өтемақыны көздейтін рәсімдерді белгілейді немесе с а қ т а й д ы .

9. 8-тармақтың (a) тармақшасында көрсетілген жедел түрдегі аралық шаралар сатып алу процесін тоқтата тұруға әкеліп соғуы мүмкін 8-тармақта көрсетілген рәсімдер, қоғамдық мүдделерді қоса алғанда, мүдделі тараптар үшін мейілінше жағымсыз салдарлардың болуын, осындай шараларды қолдану туралы шешімдер қабылдаған кезде оның назарға алынуын көздеуі мүмкін. Әрекетсіздіктің негізделген себебі жазбаша нысанда беріледі.

## 136-БАП

### Қолдану аясындағы өзгерістер мен нақтылаулар

1. Тарап аталған Тарапқа қатысты III қосымшадағы элементтерге өзгерістер немесе нақтылаулар енгізеді алады.

Ө з г е р і с т е р

2. Тарап өзгеріс енгізуді ұсынғанда, ол:

(a) екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етеді; және  
(b) өзгергенге дейін болған деңгеймен салыстырылатын, қамтылу саласы деңгейін қолдау мақсатында екінші Тарапқа тиісті өтемдік түзетулер туралы ұсынысты х а б а р л а м а ғ а е н г і з е д і .

3. 2-тармақтың (b) тармақшасына қарамастан, Тарап, егер:

(a) айтылып отырған өзгеріс өзінің қолданысы бойынша елеусіз болса; немесе  
(b) өзгеріс Тараптың өз бақылауын немесе ықпалын нақты алып тастаған ұйымға қатысты болса, өтемдік түзетулерді ұсынбайды.

4. Егер ол 2-тармақтың (a) тармақшасында көрсетілген:

(a) 2-тармақтың (b) тармақшасына сәйкес ұсынылған түзету өзара келісілген қамтудың салыстырмалы деңгейін қолдау үшін жеткілікті болып табылса;

(b) 3-тармақтың (a) тармақшасына сәйкес өзінің қолданысы бойынша өзгеріс елеусіз б о л ы п т а б ы л с а ; н е м е с е

(c) өзгеріс 3-тармақтың (b) тармақшасына сәйкес нақты түрде Тарап өзінің бақылауын немесе ықпалын алып тастаған ұйымды қозғайтыны туралы хабарламаны алған сәттен бастап 45 күннің ішінде жазбаша қарсылығын ұсынбаса, өзгерісті екінші Тарап, оның ішінде, осы Бөлімнің 14-тарауының (Дауларды реттеу) мақсаттары үшін қ а б ы л д а н ғ а н б о л ы п с а н а л а д ы .

Н а қ т ы л а у л а р

5. III қосымшаның 1-3-бөліктеріндегі мынадай:

(а) ұйым атауының өзгеруі;

(б) III қосымшаның сол бір бөлігінде санамаланған екі немесе одан да көп ұйымдардың қосылуы; және

(с) ұйымның екі немесе одан көп ұйымға бөлінуі барлық жаңа ұйымдар бастапқы ұйым сияқты III қосымшаның сол бір бөлігіне қосылуы жағдайында, өзгерістер осы тарауда көзделген өзара келісілген қамтуға ықпал етпейтін жағдайда, нақтылау болып есептеледі.

6. Нақтылауды ұсынатын Тарап осы Бөлім қолданыла бастаған күннен бастап әрбір екі жыл сайын екінші Тарапты хабардар етеді.<sup>1</sup>

7. Тарап 6-тармақта көрсетілген хабарламаны алған кезден бастап 45 күн ішінде ұсынылған нақтылауға қатысты қарсылығы туралы екінші Тарапты хабардар ете алады. Егер Тарап өзінің қарсылығын ұсынса, ол ұсынылған нақтылаудың 5-тармақта көзделген өзгеріс болып табылмайды деп санау себептерін көрсетеді және осы Келісімде көзделген өзара келісілген қамтуға ұсынылған нақтылаудың әсерін сипаттайды. Егер хабарлама алынған кезден бастап 45 күн ішінде жазбаша нысанда қарсылық келіп түспеген болса, Тарап ұсынылған нақтылаумен келіскен болып есептеледі.

Ынтымақтастық комитеті

8. Егер ұсынылған өзгеріске немесе нақтылауға қатысты 4 және 7-тармақтарда көзделген мерзім ішінде қарсылық келіп түспеген болса, Ынтымақтастық комитеті кез келген осындай өзгерісті және нақтылауды көрсету үшін III қосымшаға өзгерістер енгізеді. Өзгеріс немесе нақтылау 4 және 7-тармақтарда аталған мерзім аяқталған күннен кейінгі келесі күні күшіне енеді.

9. Егер ұсынылған өзгеріске немесе нақтылауға қатысты қарсылық келіп түскен болса, Ынтымақтастық комитеті аталған мәселені талқылайды. Ынтымақтастық комитеті өзгерісті немесе нақтылауды мақұлдауды шешіп, және тиісті түрде III қосымшаға өзгерістер енгізе алады.

<sup>1</sup>Егер Еуропалық Одақ ДСҰ-ның мемлекеттік сатып алу туралы Келісімі шеңберіндегі хабарламалар циклімен қатар Қазақстан Республикасын кез келген нақтылаулар жөнінде хабардар етсе, осы міндеттемені орындаған болып саналады.

## 137-БАП

### Өтпелі кезең

Осы Бөлім қолданыла бастаған күннен кейін бес жыл өткен соң осы тарау қолданыла бастайды. III қосымшаның 4-бөлігінде санамаланған тауарларға және III

қосымшаның 6-бөлігінде қамтылған көрсетілетін қызметтерге қатысты осы Бөлім қолданыла бастаған күннен кейін сегіз жыл өткен соң осы тарау қолданыла бастайды.

## 9-ТАРАУ

### ШИКІЗАТ МАТЕРИАЛДАРЫ ЖӘНЕ ЭНЕРГЕТИКА

#### 138-БАП

##### Айқындамалар

Осы тараудың мақсаттары үшін:

(a) «шикізат материалдары» энергетикалық тауарларды, өңделген балық өнімін немесе ауыл шаруашылығы өнімін қоспағанда, бірақ табиғи каучукты, өңделмеген терілер мен былғарыны, ағашты және целлюлозаны, жібекті, жүнді, мақтаны және басқа да өсімдік тоқыма материалдарын қоса алғанда, өнеркәсіптік тауарлардың өндірісінде пайдаланылатын заттарды білдіреді;

(b) «энергетикалық тауарлар» Дүниежүзілік кеден ұйымының Тауарларды сипаттау мен кодтаудың үйлестірілген жүйесі (ҮЖ) және Еуропалық Одақтың Аралас номенклатурасы негізіндегі табиғи газды, сұйытылған табиғи газды (СТГ), сұйытылған мұнай газын (СМГ) (ҮЖ 27.11), электр энергиясын (ҮЖ 27.16), шикі мұнайды және мұнай өнімдерін (ҮЖ 27.09-27.10 және 27.13-27.15), көмірді және басқа да қатты отынды (ҮЖ 27.01-27.04) білдіреді;

(c) «серіктестік» корпорация, трест, әріптестік, бірлескен кәсіпорын немесе қауымдастық сияқты, бірақ мұндаймен шектелмейтін, кез келген Тараптың юрисдикциясындағы немесе бақылауындағы коммерциялық ұйым болып табылатын кез келген заңды тұлғаны білдіреді;

(d) «көрсетілетін қызметті беруші» 40-баптың (q) тармағында анықталғандай көрсетілетін қызметтерді берушіні білдіреді;

(e) «шара» 40-баптың (a) тармағында анықталғандай шараны білдіреді;

(f) «тасымалдау» энергетикалық тауарларды мұнай мен мұнай өнімдеріне және жоғарғы қысымдағы табиғи газға арналған айдау құбырлары, электр энергиясының жоғары вольтты жүйелері мен тарату желілерін, теміржолдар мен автомобиль жолдары және басқа энергетикалық тауарларды тасымалдау үшін пайдаланылатын инфрақұрылым объектілері арқылы тарату мен бөлуді білдіреді;

(g) «санкцияланбаған іріктеу» энергетикалық тауарларды мұнай мен мұнай өнімдеріне және жоғары қысымдағы табиғи газға арналған айдау құбырларынан, жоғары вольттық жүйеден және электр тарату желілерінен, теміржолдар мен автомобиль жолдарынан және басқа энергетикалық тауарларды тасымалдауда пайдаланатын инфрақұрылым объектілерінен заңсыз электр тауарларын іріктеуден тұратын кез келген қызметті білдіреді;

(h) «төтенше жағдай» үшінші елдер арқылы транзитпен жеткізуді қоса алғанда, Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақ арасындағы табиғи газды, мұнайды немесе электр энергиясын жеткізу едәуір бұзуға немесе физикалық түрде үзуге әкеп соғатын жағдай немесе нарықтық шаралар жеткізіліксіз болып табылатын және қосымша нарықтық емес шаралар енгізілуі тиіс жағдайда Қазақстан Республикасында немесе Еуропалық Одақта энергетикалық тауарларға ерекше жоғары сұраныс жағдайын білдіреді;

(i) «жергілікті қамту талабы»:

(i) тауарларға қатысты, нақты өнімге қатысты, өнімнің көлеміне немесе құнына қатысты не оның жергілікті өндірістік көлемінің үлесіне немесе құнына қатысты көрсетілген, отандық немесе отандық көздерден шығарылған тауарларды кәсіпорындар үшін сатып алу немесе пайдалану талаптарын;

(ii) көрсетілген қызметтерге қатысты, көрсетілетін қызметтерді берушіні немесе көрсетілетін қызметтерді екінші Тараптың көрсетілетін қызметіне немесе көрсетілетін қызметті берушіге нұқсан келтіре отырып, таңдауын шектейтін талаптарды білдіреді;

(j) «мемлекеттік кәсіпорын» коммерциялық қызметке қатысатын, Тарап орталық немесе өңірлік деңгейде тікелей немесе жанама түрде кәсіпорынның акционерлік капиталының немесе кәсіпорын шығарған акцияларға бекітілген дауыстың 50%-дан астамына ие болатын кез келген кәсіпорынды білдіреді;

(k) «заңды тұлға» 40-баптың (d) тармағында анықталғандай заңды тұлғаны білдіреді ;

(l) «Тараптың заңды тұлғасы» 40-баптың (e) тармағында анықталғандай Тараптың заңды тұлғасын білдіреді.

## 139-БАП

### Бағаны реттеу

1. Тараптар, егер Тараптың үкіметі реттейтін болса, өнеркәсіптік тұтынушылар үшін шикізат материалдары немесе энергетикалық тауарларды жеткізіп беруге арналған бағаның шығындарды жабуына және ақылға қонымды пайданы қамтамасыз етуіне ұмтылады.

2. Егер ішкі нарықта сатылатын шикізат материалдарының немесе энергетикалық тауарлардың бағасы сол өнімнің экспорттық бағасынан ерекшеленетін болса, онда экспорттаушы Тарап екінші Тараптың өтініші бойынша экспортқа жұмсалған көлік шығыстары мен салықты қоспағанда, мұндай айырмашылық туралы ақпарат береді.

## 140-БАП

### Сауда және экспорттық монополиялар

Тарап шикі және құрғақ газды және алтынды сатып алуға өзінің басым құқығын ( артықшылығын) жүзеге асыру жағдайларын қоспағанда, Тараптар шикізат материалдарының немесе энергетикалық тауарлардың экспортына сауда немесе экспорттық монополияны қолдамайды немесе құрмайды.

## **141-БАП**

### **Көмірсутектерді (шикі мұнай мен табиғи газ) зерделеуге, барлауға және өндіруге қолжетімділік пен оларға құқықтар**

1. Осы Келісімде ештеңе де халықаралық құқыққа сәйкес Тараптардың өз аумақтарында, құрлықтық, архипелагтық және аумақтық суларында орналасқан көмірсутек ресурстарына қатысты толық егемендігін, сондай-ақ олардың айрықша экономикалық аймақтарында және құрлықтық қайраңында орналасқан көмірсутек ресурстарын барлау және пайдалану мақсаттарына арналған егеменді құқықтарын б ұ з б а й д ы .

2. Тараптар көмірсутектерді зерделеу, барлау және өндіру бойынша қызметті жүзеге асыру үшін өз аумақтарында, құрлықтық, архипелагтық, аумақтық сулары, айрықша экономикалық аймақтары мен құрлықтық қайраңы шегінде салаларды айқындау құқығын өзінде қалдырады.

3. 2-тармақта жазылған Тараптың егеменді шешімі қабылданған жағдайда, әрбір Тарап екінші Тараптың кәсіпорындары рұқсат беретін қабылдаушы Тараптың аумағында заңды тұлға ретінде құрылған көрсетілген кәсіпорын көмірсутектерді зерделеуге, барлауға және өндіруге қолжетімділікке және құқықтарды жүзеге асыруға қатысты кемсітілмеуін қамтамасыз етеді.

4. Әрбір Тарап көмірсутектерді зерделеу, барлау және өндіру бойынша қызметті жүзеге асыруға рұқсат берілген кәсіпорыннан ақшалай қаражат түрінде жарна енгізуін немесе көмірсутек ұсынуын талап ете алады.

5. Тараптар кәсіпорын көмірсутектерді зерделеуге, барлауға және өндіруге құқықтарын жүзеге асыруға құқылы лицензиялардың немесе басқа да рұқсаттардың жарияланған рәсімнен кейін немесе Тараптардың әлеуетті мүдделі өтінім берушілеріне өтініш беруін хабарлау арқылы шақырудан кейін берілуі үшін қажетті шараларды қолданады. Хабарламада лицензияның немесе басқа да рұқсаттың түрі, лицензияның немесе рұқсаттың басқа да түрлерін ұсыну үшін тиісті географиялық облыс пен болжанып отырған күн немесе мерзім көрсетіледі.

6. 3-5-тармақтар мемлекеттік кәсіпорынның өз Тарапымен тікелей келіссөздер жүргізу арқылы көмірсутектерді зерделеуге, барлауға және өндіруге қолжетімділік пен құқықтарды алу құқығына нұқсан келтірмейді. Егер мұндай мемлекеттік кәсіпорын көмірсутектерді зерделеуге, барлауға және өндіруге өз құқығын толықтай немесе ішінара беруді шешкен кезде, онда 3 және 5-тармақтарда көзделген міндеттемелер



қ о л д а н ы л а д ы .

7. 53-бап лицензиялау шарттарына және лицензия беру рәсіміне қатысты қолданылады.

## **142-БАП**

### **Шикізат материалдары мен энергетикалық тауарларға инвестициялар тарту шарттары**

Шикізат материалдары мен энергетикалық тауарларды зерделеу, барлау, өндіру және әзірлеу қызметіне инвестицияларды ынталандыру үшін, бірде бір Тарап:

(а) егер Қазақстан Республикасының ДСҰ-ға қосылуы туралы хаттамамен және КҚСБК шеңберінде Еуропалық Одақ пен оған мүше елдердің ерекше міндеттемелер Тізбелерінде өзгеше көзделмесе, екінші Тараптың тауарларға, көрсетілетін қызметті берушілерге, инвесторларға немесе инвестицияларға қатысты жергілікті қамту талаптарын көздейтін шараларды сақтамайды немесе белгілемейді;

(б) осы Тараптың аумағында тауарларды немесе көрсетілетін қызметтерді сату немесе инвестициялау үшін екінші Тараптың кәсіпорыны зияткерлік меншік құқықтарын беруге немесе оларды бөлісуге міндетті болатын шараларды сақтамайды немесе белгілемейді. Тараптар шикізат материалдары мен энергетикалық тауарларды зерделеуге, барлауға, өндіруге және әзірлеуге арналған құқықтарды алуға ұмтылатын инвесторлармен ерікті негізде мұндай берулер туралы келісімшарттарды, олар нарықтық шарттарда және нарықтық баға бойынша жүзеге асырылған жағдайда, жасаса алады.

## **143-БАП**

### **Транзит**

1. Тараптар транзит еркіндігі қағидатына сәйкес және энергетикалық Хартияға шарттың 7-бабының 1 және 7-тармақтарына сәйкес энергетикалық тауарлардың транзитіне жәрдемдесу үшін барлық қажетті шараларды қолданады.

2. Әрбір Тарап оның бақылауына немесе юрисдикциясына жататын кез келген кәсіпорынның өз аумағы арқылы транзиттеу немесе тасымалдау кезінде шикізат материалдары мен энергетикалық тауарларды рұқсат етілмеген іріктеуге тыйым салады және мұндай рұқсат етілмеген іріктеуге қарсы күрес үшін барлық қажетті шараларды қолданады.

## **144-БАП**

### **Тоқтата тұру**

1. Әрбір Тарап магистральды құбырлардың және энергияны транзиттеу немесе тасымалдау жүйелерінің операторлары:

(а) транзитті және/немесе тасымалдауды кенеттен үзу, қысқарту немесе тоқтату тәуекелін барынша азайтуды;

(b) кенеттен үзілген, қысқартылған немесе тоқтатылған осындай транзиттің немесе тасымалдаудың қалыпты жұмысын жедел қалпына келтіруді қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қолданады.

2. энергетикалық тауарларды транзиттеу немесе тасымалдау немесе аумағы арқылы көліктік/транзиттік маршруттың бөлігі ретінде оларды алу және сақтау жүзеге асырылатын Тарап Тараптардың немесе бір Тараптың бақылауындағы немесе юрисдикциясындағы бір немесе бірнеше кәсіпорынның қатысуымен кез келген мәселе бойынша дау болған жағдайда, бұл энергетикалық тауарларды транзиттеуді, тасымалдауды, көліктік/транзиттік маршрут бөлігі ретінде алуды және сақтауды реттейтін келісімшартпен немесе басқа шартпен арнайы көзделген жағдайларды қоспағанда, тиісті келісімшарт бойынша дауды реттеу жөніндегі рәсім немесе осы Бөлімнің 14-тарауында (Дауларды реттеу) белгіленген, 138-баптың (h) тармағында анықталған төтенше жағдайларға қатысты дауды реттеу жөніндегі рәсім аяқталғанға дейін энергетикалық тауарлардың қолданыстағы транзитті, тасымалдауды, көліктік/транзиттік маршрутының бөлігі ретінде алуды және сақтауды үзбейді немесе қысқартпайды немесе оның бақылауындағы немесе юрисдикциясындағы кез келген кәсіпорынға оны үзуге немесе қысқартуға рұқсат бермейді.

3. Тарап форс-мажорлық жағдайда немесе егер Тарап үшінші елге немесе үшінші елдің бақылауындағы немесе юрисдикциясындағы кәсіпорынға тіркелетін іс-қимылдың нәтижесінде энергетикалық тауарларды жеткізуді немесе транзитін жүзеге асыруды орындауға жағдайы келмесе, осы бапқа сәйкес транзитті үзгені немесе қысқартқаны үшін жауапты болып табылмайды.

## **145-БАП**

### **Электр энергиясының жоғары вольтты тораптары мен тарату желілеріне қол жеткізу**

1. Тарап рұқсат беретін Тараптың аумағында заңды тұлға ретінде құрылған екінші Тараптың кәсіпорындарына рұқсат беретін Тарапқа ішінара немесе толықтай тиесілі және ол реттейтін электр энергиясының жоғары вольтты тораптарына және тарату желілеріне кемсітушіліксіз қол жеткізуді осындай жүйелер мен желілердің қолда бар мүмкіндіктері шегінде қамтамасыз етеді. Қол жеткізу әділ және тең түрде ұсынылады.

2. Тарату тораптары мен желілеріне қатысты шаралар қолдану кезінде Тараптар мынадай қағидаттардың сақталуын қамтамасыз етеді:

(a) тасымалдауға қол жеткізу мен тарифтер жөніндегі барлық құқықтық және

реттеуші шаралар толығымен транспарентті болып табылады;

(b) шаралар электр энергиясының өз аумағында шығарылғанына қатысты және электр энергиясының межелі пунктіне қатысты кемсітушілік болып табылмайды; және

(c) Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақ кәсіпорындарына қатысты тасымалдауға кемсітушіліксіз тарифтер қолданылады.

## **146-БАП**

### **Электр және газ саласындағы реттеуші органдар**

1. Әрбір Тарап өзінің аумағында электр және газ нарықтарын басқару үшін реттеуші органдарды құрады және оларға құқықтар береді. Мұндай реттеуші органдар заңды түрде бөлінген және кез келген басқа мемлекеттік органдардан немесе нарық қатысушыларынан функционалды түрде тәуелсіз болады.

2. Реттеуші органдар қолданатын шешімдер мен рәсімдер барлық нарық қатысушыларына қатысты әділ болып табылады.

3. Реттеуші органның шешімі жағымсыз түрдегі ықпал еткен нарық қатысушысының аталған шешімге апелляциялық органда наразылық білдіруге құқығы бар. Егер апелляциялық орган тартылған тараптардан тәуелсіз болып табылмаса және өзінің сипаты бойынша сотқа қатысы жоқ болып табылса, онда апелляциялық органның шешімдері әділ және тәуелсіз сот органының қарауына жатады. Апелляциялық орган мен сот органы шешімдерінде оларды қабылдау себептері қамтылады және жазбаша нысанда беріледі. Тараптар апелляциялық органның немесе сот органының түпкілікті кім соңғы инстанция болып табылатынына қарамастан, тиімді орындалуын қамтамасыз етеді.

## **147-БАП**

### **Жаңартылатын энергия секторы**

1. Осы бап энергия өндірілетін өнімдерге емес, жаңартылатын қазба емес энергетикалық көздерден, өзгелерімен қатар, желдің, күн энергиясынан және судың күшінен энергия өндіруге байланысты, Тараптар арасындағы сауда мен инвестицияларға ықпал ететін шараларға қолданылады.

2 . Ә р б і р Т а р а п :

(a) жергілікті компаниялармен әріптестік құруды, егер мұндай әріптестік техникалық себептер бойынша қажет болып табылмаса және мұндай шараларды күшінде сақтайтын немесе белгілейтін Тарап екінші Тараптың сұрау салуы бойынша мұндай техникалық себептерді көрсете алатын болса, талап ететін шараларды күшінде сақтаудан немесе белгілеуден тартынады;

(b) қолданылуына қарай, атап айтқанда, жабдықтарға, зауыттарға қатысты және тарататын желілердің инфрақұрылымымен байланысты рұқсат беру, сертификаттау

және лицензиялау рәсіміне қатысты кез келген қағидалар объективті, транспарентті және еріксіз болуын және екінші Тараптың өтінім берушілерін кемсітпейтуін қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

(с) тұтынушылар, жобалаушылар, сәулетшілер, құрылысшылар мен монтаждаушылар және жабдықтарды жеткізіп берушілер төлейтін жаңартылатын энергия секторындағы әкімшілік алымдар транспарентті және көрсетілетін қызметтердің шамалас құнымен шектелген болуын қамтамасыз етеді;

(d) екінші Тараптан шығарылатын тауарды әкелу және пайдалану немесе екінші Тараптың өнім берушісінің тауарын жеткізу осы Бөлімнің 1-тарауының (Тауарлар саудасы) ережелерімен реттелуін қамтамасыз етеді;

(е) екінші Тараптың өнім берушілерінің қызметтер көрсетуі 53-баппен реттелуін қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

(f) электр энергиясын тарату тораптарына қосу және қол жеткізу мерзімдері, шарттары мен рәсімдері екінші Тараптың өнім берушілеріне немесе жаңартылатын ресурстардың электрге қатысты транспарентті және кемсітушіліксіз болып табылуын қамтамасыз етеді. Тараптар тораптармен және нарықпен байланысты тиісті шаралар жаңартылатын көздерден өндірілген электр көлемін қысқартуды (шектеуді) барынша азайту үшін қолдануын қамтамасыз етеді;

( g ) м ы н а д а й :

(i) екінші Тараптың кәсіпорнына нақты өнімге, өнімнің көлеміне немесе құнына қатысты не көлемінің үлесіне немесе оның жергілікті өндіріс құнына қатысты көрсетілген қойылатын талаптар жергілікті шығарылған немесе Тараптың кез келген жергілікті көзінің өнімін сатып алуына немесе пайдалануына; немесе

(ii) әкелінетін тауарларды кәсіпорынның сатып алу және пайдалану оны экспорттайтын жергілікті тауарлардың көлемімен немесе құнымен байланысты сомамен шектелуі үшін талап қоюдан немесе оны күшінде сақтаудан тартынады.

3. Егер жаңартылатын және қазба емес көздерден энергия өндіру жабдықтары мен жүйелеріне қатысты халықаралық және өңірлік стандарттар бар болса, Тараптар мұндай халықаралық стандарттар немесе олардың тиісті бөліктері тиімсіз немесе заңды мақсаттарды орындауға сәйкес емес болып табылатын жағдайларды қоспағанда, аталған стандарттарды немесе олардың тиісті бөліктерін өзінің техникалық регламенттері үшін негіз ретінде пайдаланады. Осы тармақты қолдану мақсатында Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым және Халықаралық электрлік-техникалық комиссия стандарттарды белгілейтін тиісті халықаралық органдар ретінде қ а р а с т ы р ы л а д ы .

4. Тиісті жағдайларда Тараптар өнімнің дизайнға немесе сипаттамаға қатысты емес, қоршаған ортаға әсерін қоса алғанда, өндіріске қатысты өнімге қойылатын талаптарға негізделген техникалық регламенттерін белгілейді.

5. Осы бапта ештеңе де, егер Тараптар арасындағы сауда мен инвестицияда ұқсас

жағдайлар немесе жасырын шектеу басым болса, Тараптардың өнімдері, көрсетілетін қызметтерді берушілер және инвесторлар арасында өз бетінше немесе негізсіз кемсіту құралы ретінде мұндай шаралардың қолданылмайтыны туралы талаптарды сақтаған жағдайда, қарастырылатын энергетикалық тараптарды қауіпсіз пайдалану немесе энергияны берудің қауіпсіздігі үшін қажетті шараларды кез келген Тараптың белгілеуіне немесе қолдануына кедергі келтіретіндей түрде түсіндірілмейді.

## **148-БАП**

### **Шикізат материалдары мен энергетикалық тауарлар**

#### **саласындағы ынтымақтастық**

1. Тараптар 204-208-баптардың ережелеріне нұқсан келтірмей, шикізат материалдары мен энергетикалық тауарлар саудасы саласында өздерінің арасындағы ынтымақтастықты және өзара түсіністікті ілгерілетуді нығайтуға келіседі.

2. Тараптар транспаренттік пен кемсітпеушілік қағидаттарын құрметтеу және қағидалардың сауданы бұрмаламайтынын қамтамасыз ету өндіріске және шикізат материалдарымен және энергетикалық тауарлармен саудаға тікелей шетелдік инвестициялар үшін қолайлы орта құрудың ең жақсы тәсілі болып табылады деп таниды. Жалпы алғанда, мұндай орта шикізат материалдары мен энергетикалық тауарларды тиімді бөлуге және пайдалануға жәрдемдеседі.

3. Ынтымақтастық пен өзара түсіністікті ілгерілету екіжақты сауда мәселелерін, сондай-ақ халықаралық саудадан туындайтын ортақ мүдде мәселелерін қамтиды. Мұндай мәселелер жаһандық нарыққа әсер ететін сауда бұрмалаушылығын, шикізат материалдары мен энергетикалық тауарлардың саудасымен нақты байланысты қоршаған орта мен даму мәселелерін, сондай-ақ ЭЫДҰ Трансұлттық кәсіпорындарға арналған басшылық қағидаттары және ЭЫДҰ-ның қақтығыс болып жатқан аймақтардан және қатері жоғары аймақтардан пайдалы қазбаларды жеткізу тізбектері үшін ұсынылған тәртібі сияқты халықаралық танылған стандарттарға сәйкес корпоративтік әлеуметтік жауаптылықты қамтиды. Ынтымақтастық пен өзара түсіністікті ілгерілету шикізат материалдары мен энергетика секторларына қатысты нормативтік құқықтық база туралы деректер мен ақпарат алмасуды қамтиды. Бұл Тараптардан ашылуы өздерінің қауіпсіздік мүдделеріне қайшы келеді деп санайтын кез келген ақпаратты беруді талап ету ретінде түсіндірілмейді.

4. Кез келген Тарап Ынтымақтастық комитетінің отырыстары кезінде шикізат материалдары мен энергетикалық тауарлар мәселелеріне байланысты арнайы отырысты немесе шикізат материалдары мен энергетикалық тауарлар мәселелері бойынша арнайы сессия ұйымдастыруды сұрай алады. Егер орынды болса, екіжақты ынтымақтастық екі Тарап қатысатын тиісті плюрилатеральды немесе көпжақты форумға дейін қосымша кеңейтілуі мүмкін.

## 149-БАП

### Ерте алдын алу тетігі

1. Тараптар төтенше жағдайдың немесе оның қатерінің алдын алуға және оларға жедел ден қоюға бағытталған практикалық шараларды қолдану мақсатында ерте алдын алу тетігін белгілейді.

2. Тараптар:

(i) табиғи газға, мұнай немесе электр энергиясына сұраныс пен ұсынысқа байланысты ықтимал тәуекелдер мен проблемаларды ерте бағалау үшін; және

(ii) төтенше жағдай немесе оның қатері жағдайында алдын алу және жедел ден қою үшін бірлесіп әрекет жасайды.

3. Егер Тарапқа, оның пікірінше, төтенше жағдай немесе төтенше жағдайға әкеп соғуы мүмкін оқиға туралы мәлім болса, онда сол Тарап екінші Тарапты мүмкіндігінше қысқа мерзімде хабардар етеді.

4. Осы баптың мақсаты үшін, Тараптар энергетика саласындағы тиісті мәселелер үшін жауап беретін Қазақстан Республикасының министрі және Еуропалық комиссияның энергетика мәселелері жөніндегі мүшесі жауапты адамдар болып табылатынына келіседі.

5. Тараптар хабарламаны алған кезде бір-біріне жағдайға берілетін өз бағаларын береді.

6. Кез келген Тарап:

(a) жағдайды жалпы бағалауды тұжырымдау;

(b) төтенше жағдайды жою және төтенше жағдайдың әсерін азайту бойынша ұсынымдар әзірлеу;

(c) қарастырылатын инфрақұрылымның тиісті орындарында, басқалармен қатар, энергия ағындарын мониторингілеу үшін арнайы мониторинг тобын құру мақсатында хабарламаны алған кезден бастап күнтізбелік үш күн ішінде консультациялар өткізуді сұрай алады.

7. Тараптар төтенше жағдай қатерін жою немесе төтенше жағдайды еңсеру мақсатында, егер орынды болса, үшінші елдермен ынтымақтасады.

8. Төтенше жағдай әрекеті жалғасқан жағдайда, кез келген Тарап осы Бөлімнің 14-тарауында (Дауларды реттеу) көзделген арнайы тетікке сәйкес дауларды реттеудің шұғыл рәсімін бастай алады.

9. Хабарламаны алған кезден бастап Тараптар төтенше жағдайды ушықтыруы немесе күшейтуі мүмкін осындай жағдайға орай шаралар қолдана отырып, қандай да бір әрекеттерден тартынады.

10. Тарап осы Келісімге сәйкес дауларды реттеу бойынша рәсімде:

(a) осы бапқа сәйкес екінші Тарап ұстанатын позицияларды немесе екінші Тарап рәсімдер барысында жасаған ұсыныстарды; немесе

(b) осы бапта айтылған төтенше жағдай бойынша шешім қабылдауға, екінші Тараптың ниетін көрсететін кез келген факторға сүйенбейді және дәлелдеме ретінде ұ с ы н б а й д ы .

11. Ынтымақтастық комитеті қажет болған кезде осы бапты қолдану үшін егжей-тегжейлі шаралар әзірлеуі мүмкін.

## **150-БАП**

### **Ерекшеліктер**

1. Осы тарау осы Келісімде көзделген кез келген ерекшеліктерге, алып қоюға, ескертпелерге немесе шектеулерге нұқсан келтірмейді.

2. Осы тарау коммерциялық емес негізде жүзеге асырылатын зерттеу жобаларына, әзірлеу немесе көрмелік жобаларға қолданылмайды.

3. Осы тарауда ешнәрсе де ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық қауіпсіздік мүдделері үшін энергияны тасымалдау және өндіру бойынша тиісті жабдықты қоса алғанда, төтенше жағдайдың алдын алу және оған ден қоюды қоса алғанда, энергетикалық инфрақұрылымды қауіпсіз пайдалануға қажетті шараларды, мұндай шаралар Тараптар арасында ұқсас шарттар немесе сауданы және инвестицияларды жасырын шектеу басым Тараптардың өнімдері, көрсетілетін қызметтерді берушілері немесе инвесторлары арасында еркін немесе жөнсіз кемсітушілік құралы ретінде қолданылмайтындай түрде, кез келген Тараптың белгілеуіне немесе орындауына кедергі келтіретіндей түсіндірілмейді.

## **10-ТАРАУ**

### **САУДА ЖӘНЕ ОРНЫҚТЫ ДАМУ**

## **151-БАП**

### **Түпмәтін және мақсаттар**

1. Тараптар БҰҰ-ның 1992 жылғы Қоршаған орта және даму жөніндегі конференцияның XXI ғасырға арналған Күн тәртібін, Халықаралық Еңбек Ұйымының (ХЕҰ) 1998 жылғы Еңбек саласындағы негіз қалаушы қағидаттар мен құқықтар туралы декларациясын, 2002 жылғы Орнықты даму жөніндегі шешімдерді орындаудың Йоханнесбург жоспарын, БҰҰ-ның Экономикалық және Әлеуметтік Кеңесінің 2006 жылы қабылданған Толық және өнімді жұмыспен қамту және барша адамдар үшін лайықты жұмыс мәселелері жөніндегі Министрлік декларациясын, сондай-ақ 2008 жылы қабылданған ХЕҰ-ның әділетті жаһандану мақсатындағы Әлеуметтік әділеттілік туралы декларациясын және БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы 2012 жылғы 27 шілдеде «Біз қалайтын болашақ» деген атаумен қабылдаған 66/288 Қарарына енгізілген БҰҰ-ның

2012 жылғы Орнықты даму жөніндегі конференциясының Қорытынды құжатын  
н а з а р ғ а а л а д ы .

2. Тараптар орнықты даму мақсатына ықпал ету үшін өздерінің бүгінгі және болашақ ұрпақтарының игілігі үшін халықаралық сауданың дамуына жәрдемдесу міндеттемесін тағы да растайды. Тараптар осы мақсат өздерінің сауда қарым-қатынастарының әрбір деңгейінде ықпалдасуына және көрсетілуіне ұмтылады.

## **152-БАП**

### **Қоршаған орта және еңбек саласындағы көпжақты стандарттар мен келісімдер**

1. Тараптар халықаралық қоғамдастықтың қоршаған ортаның жаһандық немесе өңірлік проблемаларына жауап ретінде халықаралық реттеудің маңызын және қоршаған орта саласындағы халықаралық келісімдерді таниды.

2. Тараптар толық және өнімді еңбекпен қамтылуды және барлық адамдар үшін лайықты жұмыс барлық елдер үшін орнықты дамудың негізгі элементтері және халықаралық ынтымақтастықтың басым мақсаты болып табылатынын таниды.

3. Осы түпмәтінде Тараптар өздері тараптары болып табылатын табиғатты қорғаудың көпжақты келісімдерін және тиісінше Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттер ратификациялаған ХЕҰ конвенцияларын өздерінің заңнамасында және практикада тиімді имплементациялау міндеттемесін тағы да растайды.

## **153-БАП**

### **Реттеуге құқық және қорғау деңгейлері**

1. Тараптар әрбір Тараптың қоршаған орта мен еңбекті ұлттық қорғаудың өз деңгейлерін белгілеуіне және өздерінің заңдары мен саясатын 152-бапта айтылған халықаралық танылған стандарттар мен келісімдерге сәйкес тиісінше қабылдау немесе өзгерту құқығын таниды. Тараптар қоршаған орта мен еңбекті қорғаудың жоғары деңгейіне ұ м т ы л а д ы .

2. Тараптар ұлттық экологиялық немесе еңбек заңнамасында көзделген қорғау деңгейін әлсірету немесе төмендету арқылы сауданы немесе инвестицияларды көтермелеуді орынсыз деп таниды.

3. Тарап сауданы немесе инвестицияларды көтермелеу мақсатында өзінің экологиялық және еңбек заңнамасынан кері шегінбейді немесе тұрақты немесе қайталанатын әрекет немесе әрекетсіздік арқылы оның тиімді орындалуынан тартынбайды.



## 154-БАП

### Орнықты дамуға жәрдемдесетін сауда және инвестициялар

1. Тараптар экономикалық, әлеуметтік және экологиялық өлшемдердегі орнықты даму мақсатына қол жеткізуде өзінің сауда үлесін кеңейту міндеттемесін тағы да растайды. Тиісінше олар:

(а) экологиялық таза тауарлармен және көрсетілетін қызметтермен, сондай-ақ климат үшін қолайлы өнімдермен және технологиялармен саудаға және инвестицияларға;

(б) әділетті және әдепті сауда немесе эко-таңбалау сияқты орнықтылықты қамтамасыз ету жүйелерін пайдалануға; және

(с) корпоративтік әлеуметтік жауаптылық практикасына жәрдемдесуге келіседі.

2. Тараптар сауда, әлеуметтік мақсаттар және қоршаған орта саласындағы мақсаттар арасындағы келісімділікті және өзара толықтыруды ілгерілету бойынша ақпарат алмасады және өз әрекеттері туралы тәжірибесін бөліседі. Бұдан өзге, Тараптар өздерінің сауда қатынастары тұрғысынан пайда болуы мүмкін орнықты даму мәселелері бойынша, оның ішінде IV Бөлімде (Экономикалық және орнықты даму саласындағы ынтымақтастық) айтылған тиісті аспектілер бойынша өз ынтымақтастығын және диалогты кеңейтеді.

3. Осы баптың 2-тармағында айтылған диалог пен ынтымақтастық тиісті мүдделі тараптарды, атап айтқанда, әлеуметтік әріптестерді, сондай-ақ 251-бапқа сәйкес белгіленген, азаматтық қоғамның ынтымақтастығы арқылы азаматтық қоғамның басқа да ұйымдарын қамтиды.

4. Ынтымақтастық комитеті мұндай ынтымақтастық пен диалогқа арналған қағидаларды қабылдауы мүмкін.

## 155-БАП

### Дауларды реттеу

Осы Бөлімнің 14-тарауы (Дауларды реттеу) 3-бөлімінің 2-кіші бөлімі осы тарау бойынша дауларға қолданылмайды. Кез келген мұндай дау үшін төрелік комиссия 180 және 182-баптарға сәйкес өзінің түпкілікті баяндамасын жібергеннен кейін, Тараптар баяндаманы назарға ала отырып, орындалуға жататын қолданылатын шараларды талқылайды. Ынтымақтастық комитеті кез келген мұндай шаралардың орындалуын қадағалайды және бұл мәселені шолуды, оның ішінде 154-баптың 3-тармағында айтылған тетік арқылы жүзеге асырады.

## 11-ТАРАУ

### БӘСЕКЕЛЕСТІК

## 156-БАП

### Қағидаттар

Тараптар өздерінің сауда қатынастарында еркін және бұрмаланбаған бәсекелестіктің маңыздылығын мойындайды. Тараптар бәсекелестікке қарсы іскерлік практика мен мемлекеттің араласуы, субсидияларды қоса алғанда, нарықтардың тиісінше жұмыс істеуін бұрмалау үшін әлеуетке ие екенін және сауданы ырықтандыру артықшылықтарын бұзатынын мойындайды.

## 157-БАП

### Монополияға қарсы заңнама мен бірігу жөніндегі заңнама және олардың орындалуы

1. Әрбір Тарап өз аумағында бәсекелестікке қарсы келісімдерге, нарықта басым жағдайға ие кәсіпорындардың келісілген әрекеттеріне және бәсекелестікке қарсы біржақты әрекеттеріне тиімді қарсы әрекет ететін бәсекелестік туралы түпкі заңнаманы күшінде сақтайды, сондай-ақ шоғырландыруларға тиімді бақылауды қамтамасыз етеді.

2. Әрбір Тарап 1-тармақта айтылған бәсекелестік туралы заңнаманың тиімді орындалуы үшін жауапты және тиісті түрде осыған жарақталған, функционалды тәуелсіз органдарды қолдайды.

3. Тараптар өздерінің бәсекелестік туралы заңнамасын ашық және кемсітпейтін түрде қолданылу, рәсімдік әділдік қағидаттарын және қаралатын кәсіпорындардың қорғалу құқығын сақтау маңыздылығын мойындайды.

## 158-БАП

### Мемлекеттік монополиялар, мемлекеттік кәсіпорындар және арнайы немесе эксклюзивті құқықтар немесе артықшылықтар берілген кәсіпорындар

1. Осы тарауда ешнәрсе де Тарапқа өз заңнамасына сәйкес мемлекеттік монополияларды немесе мемлекеттік кәсіпорындарды құруға немесе сақтауға немесе кәсіпорындарға арнайы немесе эксклюзивті құқықтар немесе артықшылықтар беруге кедергі келтірмейді.

2. Экономикалық қызметке тартылған мемлекеттік монополияларға, мемлекеттік кәсіпорындарға және арнайы немесе эксклюзивті құқықтар немесе артықшылықтар берілген кәсіпорындарға қатысты әрбір Тарап мұндай кәсіпорындарға 157-бапта айтылған бәсекелестік туралы заңнаманың қолданылғанын қамтамасыз етеді. Осы тараудың мақсаты үшін экономикалық қызмет нарықта тауарлар мен көрсетілетін қызметтер ұсынудан тұрады. Ол мемлекеттік билікті жүзеге асыру тәртібінде

орындалатын қызметті, атап айтқанда, бір немесе бірнеше экономикалық операторлармен коммерциялық емес негізде және бәсекелестік емес шарттарда жүзеге асырылатын қызмет түрлерін қамтымайды.

3. 157-бапта айтылған бәсекелестік туралы заңнаманы қолдану қарастырылатын кәсіпорындарға жүктелген қоғамдық мүдденің белгілі бір міндеттерін орындауға заңды түрде немесе практикада кедергі келтірмейді. Ерекшеліктер шектелген және транспарентті болуға тиіс. Сауда және инвестициялар осы Келісімнің мақсатын бұзатындай дәрежеге дейін қозғалмайды.

## 159-БАП

### Субсидиялар

1. Осы баптың мақсаты үшін «субсидия» кәсіпорындарға тауарларды өндіру үшін немесе көрсетілетін қызметтерді ұсыну үшін берілуіне қарамастан, СӨШ жөніндегі келісімнің 1-бабының шарттарын орындайтын және көрсетілген Келісімнің 2-бабының мағынасы бойынша ерекше болып табылатын шараны білдіреді.

2. Әрбір Тарап субсидиялар саласында транспаренттілікті қамтамасыз етеді. Осы мақсатта әрбір Тарап осы Бөлім қолданыла бастаған күннен бастап әр екі жыл сайын субсидия саясатының мақсатын немесе субсидия мақсатын, ұзақтығын немесе кез келген басқа да мерзімдерін, оның нысанын және мүмкіндігінше, үкімет не мемлекеттік орган берген субсидия мөлшерін немесе бюджетін және оны алушыны қоса алғанда, құқықтық негіз туралы есепті екінші Тарапқа береді. Мұндай есеп, егер тиісті ақпарат қолжетімді веб-сайтта немесе ДСҰ-ның хабарландыру тетігі арқылы жарияланса, берілген болып есептеледі.

3. Егер Тарап екінші Тарап берген субсидияны бірінші Тараптың мүдделеріне жағымсыз түрде әсер етеді деп есептесе, бірінші Тарап осы мәселе бойынша консультация сұрата алады. Сұрау салынатын Тарап мұндай сұрау салуды тиісті түрде қарайды. Консультациялар, атап айтқанда, субсидияның ынталандырушы әсері бар ма және ол үйлесімді ме әрі сұрау салушы Тараптың саудасы мен инвестицияларына ықтимал бұрмалаушы әсерін шектеу үшін қандай да бір шаралар қолданылады ма деген субсидияның мақсатын айқындауға бағытталған.<sup>1</sup>

4. Консультацияларға жәрдемдесу мақсатында сұрау салынатын Тарап қарастырылатын субсидия туралы ақпаратты сұрау салуды алған күннен бастап 90 күннен аспайтын уақыт ішінде береді. Егер сұрау салушы Тарап тиісті субсидия туралы ақпаратты алғаннан кейін қарастырылатын субсидия сұрау салушы Тараптың сауда немесе инвестициялық мүдделеріне жағымсыз әсер етеді немесе барабар емес түрде жағымсыз әсер етуі мүмкін деп есептесе, сұрау салынатын Тарап қарастырылатын субсидияның салдарынан туындаған сұрау салушы Тараптың сауда немесе инвестициялық мүдделеріне жағымсыз әсер етуіне қарсы күресу үшін барлық

к ү ш - ж і г е р і н

с а л а д ы .

5. 3 және 4-тармақтар ДСҰ-ның Ауыл шаруашылығы жөніндегі келісімінің 1-қосымшасына енгізілген балық шаруашылығы және тауарлар саудасына байланысты субсидияларға қолданылмайды.

-----  
<sup>1</sup>Егер субсидияның мөлшері мақсатқа қол жеткізу үшін қажетті мөлшерге дейін шектелетін болса, ол пропорционалды болады.

## **160-БАП**

### **Дауларды реттеу**

Осы Бөлімнің 14-тарауының (Дауларды реттеу) ережелері 156-158-баптарға және 159-баптың 3 және 4-тармақтарына қолданылмайды.

## **161-БАП**

### **ДСҰ-мен қарым-қатынастар**

Осы тараудың ережелері Тараптардың ДСҰ келісімі, атап айтқанда, СӨШ жөніндегі келісімі және ДСҰ-ның Дауларды реттеу қағидалары мен рәсімдері туралы уағдаластығы бойынша құқықтары мен міндеттемелеріне нұқсан келтірмейді.

## **162-БАП**

### **Құпиялылық**

Осы тарауға сәйкес ақпарат алмасу кезінде Тараптар кәсіби және іскерлік құпияны сақтау туралы талаптармен салынатын шектеулерді назарға алады.

## **12-ТАРАУ**

### **МЕМЛЕКЕТТІК КӘСПОРЫНДАР, МЕМЛЕКЕТ БАҚЫЛАЙТЫН**

### **КӘСПОРЫНДАР**

### **ЖӘНЕ АРНАЙЫ НЕМЕСЕ ЭКСКЛЮЗИВТІ ҚҰҚЫҚТАР НЕМЕСЕ**

### **АРТЫҚШЫЛЫҚТАР БЕРІЛГЕН КӘСПОРЫНДАР**

## **163-БАП**

### **Айқындамалар**

О с ы т а р а у д ы ң м а қ с а т ы ү ш і н :

(а) «мемлекеттік кәсіпорын» Тарап орталық немесе жергілікті деңгейде кәсіпорынның акционерлік капиталының немесе кәсіпорын шығарған акцияларға

бекітілген дауыстардың 50%-нан астамын иеленетін, коммерциялық қызметке тартылған кез келген кәсіпорынды білдіреді;

(b) «мемлекет бақылайтын кәсіпорын» Тарап орталық немесе жергілікті деңгейде ондағы өзінің қаржылық қатысу құқығына немесе қағидаларға немесе жұмыс істеу практикасына сәйкес немесе кез келген басқа тәсілмен тікелей немесе жанама шешуші ықпал ететін немесе мұндай шешуші ықпалды белгілеуге байланысты ықпал етуге мүмкіндігі бар, коммерциялық қызметке тартылған кез келген кәсіпорынды білдіреді. Тарап тікелей немесе жанама түрде кәсіпорынның әкімшілік, басқарушы немесе басшылық органы мүшелерінің жартысынан астамын тағайындай алатын болса, ол Тараптың шешуші ықпалы болып есептеледі;

(c) «арнайы немесе эксклюзивті құқықтар немесе артықшылықтар берілген кәсіпорын» Тарап орталық немесе жергілікті деңгейде, заңды түрде немесе іс жүзінде, арнайы немесе эксклюзивті құқықтар немесе артықшылықтар берген, коммерциялық қызметке тартылған кез келген мемлекеттік немесе жеке кәсіпорынды білдіреді. Осындай құқықтар немесе артықшылықтар тауарды сатып алу немесе сату немесе көрсетілетін қызмет ұсыну немесе алу үшін дистрибьютор, желілік жеткізуші немесе басқа да делдал ретінде әрекет ету құқығын қамтуы мүмкін. Арнайы немесе эксклюзивті құқықтар немесе артықшылықтар берілген кәсіпорындар коммерциялық қызметке тартылған монополияларды қамтиды;

(d) «монополия» Тараптардың бірінің аумағындағы тиісті нарықта орталық немесе жергілікті деңгейде тауар немесе көрсетілетін қызметті жалғыз жеткізуші немесе сатып алушы ретінде тағайындалған консорциумды қоса алғанда, коммерциялық қызметке тартылған кәсіпорынды білдіреді, бірақ оған зияткерлік меншікке айрықша құқық берілген кәсіпорын тек осындай құқық берілу себебінен кірмейді;

(e) «арнайы құқықтар» Тарап орталық немесе жергілікті деңгейде осы географиялық аймақта немесе тауар не көрсетілген қызметтер нарығында кәсіпорындардың шектелген саны үшін берген құқықтарды білдіреді, олардың қолданысы кез келген басқа кәсіпорынның сол бір географиялық ауданда елеулі баламалы жағдайларда өзінің қызметін жүзеге асыру мүмкіндігін айтарлықтай шектеуге тиіс. Объективті, пропорционалды және кемсітпейтін өлшемшарттар бойынша тапшы ресурсты бөлу үшін кәсіпорындардың шектеулі санына лицензия немесе рұқсат беру өздігінен арнайы құқық болып табылмайды;

(f) «кемсітпеушіліксіз режим» осы Келісімде көрсетілген, қайсысының жақсы болатынына қарай ұлттық режимді немесе неғұрлым қолайлы режимін білдіреді;

(g) «коммерциялық пайымдауларға сәйкес» өз қызметін халықаралық саудадағы нарықтық экономика қағидаттарына сәйкес жүзеге асыратын жеке кәсіпорынның кәдімгі іскерлік тәжірибесіне сәйкес дегенді білдіреді;

(h) «тағайындау» заңды түрде немесе іс жүзінде монополияны құруды немесе оған рұқсат беруді немесе монополия саласын кеңейтуді білдіреді.

## **164-БАП**

### **Қолданылу саласы**

1. Тараптар 1994 ж. ТСБК XVII бабының 1-3-тармақтарына, 1994 ж. ТСБК XVII бабын түсіндіру туралы уағдаластыққа, сондай-ақ КҚСБК VIII бабының 1, 2 және 5-тармақтарына және осы Келісімге енгізілген және оның бір бөлігі болып табылатын және қолданылатын, Қазақстан Республикасының ДСҰ-ға кіру туралы хаттамасының Мемлекеттік кәсіпорындар және мемлекет бақылайтын кәсіпорындар, арнайы немесе эксклюзивті артықшылықтар берілген кәсіпорындар туралы тарауына сәйкес өздерінің құқықтары мен міндеттемелерін растайды.

2. Осы тарау 120-баптың мағынасы бойынша Тараптың немесе оны сатып алушы ұйымдардың қамтылатын сатып алуларына қолданылмайды.

3. Осы тарау осы Келісімде қамтылатын бүкіл экономикалық қызметке қолданылады. КҚСБК бойынша Тараптың Ерекше міндеттемелері тізбесінде санамаланған көрсетілетін қызметтерге 166 және 167-баптардың ережелері қолданылмайды.

## **165-БАП**

1. Осы тарау бойынша Тараптардың құқықтары мен міндеттемелеріне нұқсан келтірмей, осы тарауда ешнәрсе де Тараптардың мемлекеттік кәсіпорындарды немесе мемлекет бақылайтын кәсіпорындарды құруына немесе сақтауына немесе монополиялар тағайындауына немесе сақтауына, немесе кәсіпорындарға арнайы немесе эксклюзивті құқықтар немесе артықшылықтар беруіне кедергі келтірмейді.

2. Егер кәсіпорын осы тараудың қолданылу аясына жататын болса, Тараптар мұндай кәсіпорынды осы Келісімді бұза отырып, әрекет етуді талап етпейді немесе көтермелемейді.

## **166-БАП**

### **Кемсітпеушілік**

Егер 142-бапта немесе КҚСБК бойынша Тараптың Ерекше міндеттемелері тізбесінде немесе I қосымшада белгіленген ұлттық режимге қатысты Тараптың алып қоюларында өзгеше көзделмесе, әрбір Тарап өз аумағында тауар не көрсетілетін қызметті сатып алуды немесе сатуды жүзеге асырған кезде 163-баптың (с) және (d) тармақтарында белгіленген шарттарды қанағаттандыратын кез келген кәсіпорын екінші Тараптың тауарына және/немесе көрсетілетін қызметіне не екінші Тараптың көрсетілетін қызметті берушілеріне кемсітпеушіліксіз режимді ұсынуын қамтамасыз етеді.

## **167-БАП**

### **Коммерциялық пайымдаулар**

Арнайы немесе эксклюзивті құқықтар немесе артықшылықтар берілген, қоғамдық көрсетілетін қызметтер ұсыну бойынша міндеттеме сияқты мақсатты орындауды қоспағанда, немесе мемлекеттік кәсіпорын немесе мемлекет бақылайтын кәсіпорын өзінің қоғамдық белгіленген мақсатын орындаған жағдайда және осы мақсатты немесе міндетті орындау үшін кәсіпорынның қызметі 166-баптың ережелерімен және осы Бөлімнің 11-тарауымен (Бәсекелестік) үйлескен жағдайда, әрбір Тарап 163-баптың (а)-(d) тармақтарында көрсетілген кез келген кәсіпорын өзінің тауарларды сатып алу және сатуды жүзеге асыру кезінде, оның ішінде сатып алу немесе сату бағасына, сапасына, қолжетімділігіне, бәсекеге қабілеттілігіне, тасымалдауына және тауарларды сату мен сатып алудың басқа да талаптарына қатысты, сондай-ақ өзінің көрсететін қызметтерді сатып алу немесе ұсынуды жүзеге асыру кезінде, оның ішінде бұл тауарлар немесе көрсетілетін қызметтер инвесторға немесе екінші Тарап инвесторының инвестициясымен жеткізілген кезде тиісті аумақта коммерциялық пайымдауларға сәйкес әрекет ететінін қамтамасыз етеді.

## **168-БАП**

### **Баға белгілеу**

Әртүрлі нарықтарда немесе сол нарықта әртүрлі бағаларды белгілеу, егер мұндай айырмашылық сұраныс пен ұсыныс шарттары сияқты қалыпты коммерциялық пайымдауларға негізделсе, 166 және 167-баптарға өздігінен қайшы келмейді.

## **169-БАП**

### **Корпоративтік басқару**

1. Тараптар 163-баптың (а)-(d) тармақтарында көрсетілген кәсіпорындар 2005 жылғы ЭЫДҰ-ның Мемлекеттік кәсіпорындарды корпоративтік басқару жөніндегі басшылық қағидаттарына сәйкес транспаренттілік пен корпоративтік басқарудың жоғары стандарттарын сақтауын қамтамасыз етеді. 163-баптың (а)-(d) тармақтарында көрсетілген кәсіпорындардағы корпоративтік басқару саясатын одан әрі дамыту осы Басшылық қағидаттарына сәйкес жүргізіледі.

2. Әрбір Тарап 163-баптың (а)-(d) тармақтарында көрсетілген кәсіпорындарды реттеу үшін кез келген жауапты реттеуші орган заңдық дербес және 163-баптың (а)-(d) тармақтарында көрсетілген кез келген кәсіпорындардан функционалдық тәуелсіз болып табылуын және оған есепті болмауын қамтамасыз етеді.

3. Әрбір Тарап мемлекеттік басқарудың орталық немесе жергілікті деңгейлерінде болсын барлық деңгейлерде, оның ішінде 163-баптың (а)-(d) тармақтарында

көрсетілген кәсіпорындарда заңдар мен заңға тәуелді актілердің рет-ретімен және кемсітпеушіліксіз негізде орындалуын қамтамасыз етеді. Ерекшеліктер шектеулі және транспарентті болып табылады.

## **170-БАП**

### **Ақпаратпен алмасу**

1. Осы Келісім бойынша өз мүдделеріне екінші Тараптың 163-баптың (a)-(d) тармақтарында көрсетілген кәсіпорнының немесе кәсіпорындарының әрекеттерімен нұқсан келтіріліп жатыр деп пайымдауға негіздемелері бар Тарап екінші Тараптан осы Келісімнің ережелерін орындауға байланысты өз кәсіпорнының әрекеттері туралы ақпараттың берілуін талап ете алады. Мұндай ақпарат ұйымдастырушылық, корпоративтік және қаржылық ақпаратты қамтуы мүмкін.

2. Әрбір Тарап екінші Тараптың сұрау салуы бойынша 163-баптың (a)-(d) тармақтарында көрсетілген, сұрау салынатын Тараптың заңнамасындағы анықтамаға сәйкес шағын және орта кәсіпорындарға жатпайтын нақты кәсіпорындар туралы ақпаратты береді. Мұндай ақпарат туралы сұрау салуларда кәсіпорындар, тауарлар немесе көрсетілетін қызметтер және тиісті нарықтар көрсетіледі және кәсіпорынның Тараптар арасындағы саудаға немесе инвестицияларға кедергі келтіретін практикаға тартылғаны туралы мәліметтер қамтылады.

3. Әрбір Тарап екінші Тараптың сұрау салуы бойынша 163-баптың (a)-(d) тармақтарында көрсетілген кез келген кәсіпорынға сұрау салынатын Тараптың аумағында қолданылатын ең қолайлы режимді қоса алғанда, ерекшеліктер, сәйкес келмейтін шаралар, иммунитеттер және кез келген басқа да шаралар туралы ақпаратты б е р е д і .

4. 1-3-тармақтар кез келген Тараптан заңнаманың қолданылуына кедергі келтіруі немесе қоғамдық мүдделерге өзге түрде қайшы келуі мүмкін немесе нақты кәсіпорындардың заңды коммерциялық мүдделеріне нұқсан келтіруі мүмкін құпия ақпаратты ашуды талап етпейді.

## **13-ТАРАУ**

### **ТРАНСПАРЕНТТІЛІК**

## **171-БАП**

1. Әрбір Тарап осы Бөлімге қатысы бар немесе әсер ететін жалпы қолданылатын кез келген өз шаралары немесе халықаралық келісімдер бойынша нақты ақпаратқа қатысты екінші Тараптың барлық сұрау салуларына дереу жауап береді. Әрбір Тарап екінші Тараптың мүдделі тұлғаларына барлық осындай мәселелер жөнінде нақты ақпаратты



сұрау салу бойынша беру үшін бір немесе бірнеше ақпараттық орталықтарды құрады.<sup>1</sup> Тараптар осы Бөлім қолданыла бастаған күннен бастап үш ай ішінде бір-бірін ақпараттық орталықтар туралы хабардар етеді. Ақпараттық орталықтардың заңдар мен нормативтік актілердің депозитарийі болуы міндетті емес.

2. Осы Бөлімде реттелетін кез келген мәселеге қатысы бар немесе оларға әсер ететін Тараптардың жалпы қолданылатын барлық заңдары, заңға тәуелді актілері, жарлықтары, шешімдері және әкімшілік қағидалары 1994 ж. ТСБК Х бабының, КҚСБК III бабы мен ЗМҚСА Келісімі 63-бабының талаптарын қоса алғанда, ДСҰ келісімінің қолданылатын талаптарына сәйкес болуы үшін дереу жарияланады. Тараптар осындай шараларды қамтитын жарияланатын ресурстарды, оның ішінде веб-сайттарды жүйелі түрде жаңартады және оларды мүдделі тұлғалар үшін қолжетімді етеді. Мұндай шаралар олардың қолданыс мерзімі ішінде және өздерінің қолданысын тоқтатқаннан кейін де ақылға қонымды кезең ішінде қолжетімді болады.

3. Тараптар осы Бөлімде реттелетін кез келген мәселеге қатысы бар немесе оларға әсер ететін жалпы қолданылатын барлық заңдарды, заңға тәуелді актілерді, жарлықтарды, шешімдерді және әкімшілік қағидаларды олар қабылданғанға дейін жариялайды. Олар тиісті шара келісілгенге немесе құзыретті органға оны қабылдау үшін берілгенге дейін жауапты органдардың түсіндірмелер ұсынуы үшін мүдделі тараптарға ақылға қонымды кезеңді, әдетте, кемінде күнтізбелік 30 күн уақыт береді. Түсіндірмелер үшін кезең ішінде алынған кез келген түсіндірмелер назарға алынады.

4. Тараптардың осы Бөлімде реттелетін кез келген мәселеге қатысы бар немесе оларға әсер ететін жалпы қолданылатын бірде бір заңы, нормативтік құқықтық актісі, жарлығы, шешімі немесе әкімшілік қағидасы жарияланғанға дейін қолданысқа е н г і з і л м е й д і .

5. Осы Келісімде ешнәрсе де Тараптан ашылуы заңнаманың қолданылуына кедергі келтіруі немесе өзге түрде қоғамдық мүдделерге қайшы келуі мүмкін немесе жекелеген мемлекеттік немесе жеке кәсіпорындардың заңды коммерциялық мүдделеріне нұқсан келтіруі мүмкін құпия ақпаратты беруді талап етпейді.

6. 55-бап осы тарауға қатысты қолданылады.

---

<sup>1</sup>КҚСБК-ге сәйкес белгіленген ақпараттық орталық Қазақстан Республикасының ақпараттық орталығы болып табылады.

## **14-ТАРАУ**

### **ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУ**

## **1-БӨЛІМ**

### **МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ**

#### **172-БАП**

##### **Мақсаты**

Осы тараудың мақсаты мүмкіндігіне қарай өзара келісілген шешім қабылдау үшін осы Келісімді түсіндіруге және қолдануға қатысты Тараптар арасындағы кез келген дауды болдырмау және реттеу бойынша тиімді әрі пәрменді тетік құру болып табылады.

#### **173-БАП**

##### **Қолданылу саласы**

Осы тарау, егер өзгеше көзделмесе, осы Бөлімді түсіндіруге және қолдануға қатысты кез келген дауға қатысты қолданылады.

## **2-БӨЛІМ**

### **КОНСУЛЬТАЦИЯЛАР ЖӘНЕ МЕДИАЦИЯ**

#### **174-БАП**

##### **Консультациялар**

1. Тараптар 173-бапта айтылған кез келген дауды өзара келісілген шешімге қол жеткізу мақсатында адал консультациялар жасау арқылы шешуге ұмтылады.

2. Тарап қаралатын шара мен 173-бапта айтылған қолданылуы мүмкін деп есептейтін ережелерді көрсете отырып, екінші Тарапқа жазбаша сұрау салу арқылы консультациялар сұратады, көшірмесі Ынтымақтастық комитетіне жіберіледі.

3. Егер осы Келісімде өзгеше көзделмесе немесе Тараптар арасында келісілмесе, сұрау жасалған Тарап консультациялар туралы сұрау салуға оны алған күннен бастап он күн ішінде жауап береді.

4. Егер Тараптар өзгеше уағдаласпаса, консультациялар сұрау салу алынған күннен бастап 30 күн ішінде, сұрау жасалған Тараптың аумағында өткізіледі. Егер Тараптың екеуі де консультацияларды жалғастыруға келіспесе, консультациялар сұрау салу алынған күннен бастап 30 күн ішінде аяқталды деп есептеледі. Консультациялар және, атап айтқанда, консультация барысында Тараптар алған барлық ашылған ақпарат пен ұстанымдар құпия болып табылады және бұдан әрі болатын кез келген талқылауларда кез келген Тараптың құқықтарына нұқсан келтірмейді.

5. Егер Тараптың екеуі де консультацияларды жалғастыруға келіспесе, жедел сипаттағы мәселелер бойынша консультациялар сұрау салынатын Тарап сұрау салу алған күннен бастап 15 күн ішінде аяқталды деп есептеледі.

6. Егер сұрау салу жасалған Тарап, консультациялар өткізу туралы сұрау салуға, оны алған күннен бастап он күн ішінде жауап бермесе немесе, егер консультациялар осы баптың 3 немесе 4-тармағында белгіленген мерзімде өткізілмесе, немесе егер Тараптар консультациялар өткізбеуге келіссе, немесе, егер консультациялар аяқталса және өзара келісілген шешімге қол жеткізілмесе, онда консультацияларға сұрау салған Тарап 176-бапқа жүгіне алады.

7. Консультациялар барысында әрбір Тарап, қаралатын шара осы Келісімнің қолданысы мен қолданылуына қалай әсер ете алатынын толық зерделеу мүмкіндігін беру үшін, жеткілікті нақты ақпаратты береді.

8. Егер Тараптар өзге туралы келіспесе, 138-баптың (h) тармағында айқындалған төтенше жағдайларға қатысты консультациялар туралы сұрау салуды алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде консультациялар аяқталды деп есептеледі.

## **175-БАП**

### **Медиация**

VII қосымшаға сәйкес кез келген Тарап екінші Тараптан Тараптар арасындағы саудаға немесе инвестицияларға жағымсыз әсер ететін кез келген шараға қатысты медиация рәсімін бастауды сұрай алады.

## **3-БӨЛІМ**

### **ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУ РӘСІМДЕРІ**

## **1-КІШІ БӨЛІМ**

### **ТӨРЕЛІК РӘСІМ**

## **176-БАП**

### **Төрелік рәсімге бастама жасау**

1. Егер Тараптар 174-бапта көзделген консультацияларға жүгіну арқылы дауды шеше алмаса, консультацияларды сұратқан Тарап, осы бапқа сәйкес төрелік комиссияны құру туралы сұрата алады.

2. Төрелік комиссияны құру туралы сұрау салу екінші Тарапқа және Ынтымақтастық комитетіне жазбаша нысанда сұрау салу арқылы жасалады. Шағым берген Тарап, өзінің сұрау салуында қаралатын шараны айқындайды және шағым

жасау үшін жеткілікті анық құқықтық негізді баяндау үшін осындай шара 173-бапта айтылған ережелерді қалай бұзатынын негіздейді.

## 177-БАП

### Төрелік комиссияның құрылуы

1. Төрелік комиссия үш төрешіден тұрады.

2. Өзіне қарсы шағым берілген Тарапқа төрелік комиссияның құрылуы туралы жазбаша сұрау салуды жеткізген күннен бастап он күн ішінде Тараптар төрелік комиссияның құрамы туралы келісімге қол жеткізу мақсатында консультациялар өткізеді.

3. Егер Тараптар осы баптың 2-тармағында белгіленген мерзімде төрелік комиссияның құрамы туралы уағдаласа алмаған жағдайда, әрбір Тарап осы баптың 2-тармағында белгіленген мерзімнің өтіп кеткен күннен бастап 5 күн ішінде, осы Тараптың 196-бапқа сәйкес жасалған тізімде бар осы Тараптың кіші тізімінен төреші тағайындай алады. Егер кез келген Тарап төрешіні тағайындамаса, онда төрешіні екінші Тараптың өтініші бойынша Ынтымақтастық комитетінің төрағасы немесе оның өкілі, 196-бапқа сәйкес белгіленген тізімде бар сол Тараптың кіші тізімінен жеребе бойынша таңдайды.

4. Егер Тараптар осы баптың 2-тармағында белгіленген мерзімде төрелік комиссияның төрағасына қатысты келісімге қол жеткізбесе, кез келген Тараптың өтініші бойынша Ынтымақтастық комитетінің төрағасы немесе оның өкілі 196-бапқа сәйкес белгіленген тізімде бар төрағалардың кіші тізімінен төрелік комиссияның төрағасын жеребе бойынша таңдайды.

5. Ынтымақтастық комитетінің төрағасы немесе оның өкілі 3 немесе 4-тармақта аталған кез келген Тарап сұрау салған күннен бастап бес күн ішінде төрешілерді таңдайды.

6. V қосымшада белгіленген Рәсім қағидаларына сәйкес барлық таңдалған үш төреші өз тағайындауларын қабылдауының соңғы күні төрелік комиссияның құрылған күні болып табылады.

7. Егер 196-бапта көзделген кез келген тізімдерден осы баптың 3 немесе 4-тармағына сәйкес жасалған сұрау салынған кезінде өсімдер анықталмаса немесе жеткілікті санын қамтымаса, төрешілер Тараптың бірі немесе екеуі ресми ұсынған адамдардың ішінен жеребе бойынша таңдалады.

8. Егер Тараптар өзгеше уағдаласпаса, 138-баптың (h)-тармағында Тараптар арасында айқындалған төтенше жағдайларға қатысты дауға, осы баптың 2-тармағына жүгінбей осы баптың 3-тармағының екінші сөйлемі және 4-тармағы қолданылады және осы баптың 5-тармағындағы мерзім екі күнді құрайды.

## **178-БАП**

### **Жеделдік туралы алдын ала қаулы**

Егер Тарап сұрау салу жасаса, төрелік комиссия ол құрылғанынан кейін 10 күн ішінде, өзі аталған істі жедел деп санайтын мәселе бойынша алдын ала қаулыны ұсынады.

## **179-БАП**

### **Энергетика саласындағы жедел даулар үшін татуластыру рәсімдері**

1. 138-баптың (h)-тармағында айқындалған төтенше жағдайларға қатысты дауда кез келген Тарап төрелік комиссияға сұрау салу жіберу арқылы комиссия төрағасын дауға қатысты кез келген мәселе бойынша татуластырушы ретінде болуына сұрау сала алады.

2. Татуластырушы даудың келісіліп шешілуіне қол жеткізуге ұмтылады немесе осындай шешімге қол жеткізу үшін рәсімді келісуге ұмтылады. Егер өзін тағайындаған күннен бастап 15 күн ішінде татуластырушы осындай шешімді қамтамасыз ете алмаса, ол дауды шешу немесе осындай шешімге қол жеткізу үшін рәсімі бойынша ұсынымды шығарады және дау шешілгенге дейін көрсетілетін күннен бастап сақталуы тиіс мерзімдер мен шарттарды айқындайды.

3. Тараптар және олардың бақылауындағы немесе юрисдикциясындағы кәсіпорындар татуластырушының шешімінен кейін немесе дау шешілгенге дейін олардың қайсысы бұрын болатынына байланысты үш ай ішінде 2-тармаққа сәйкес жасалған мерзімдер мен шарттар туралы ұсынымдарды сақтайды.

4. Татуластырушы VI қосымшада белгіленген Төрелік комиссия мүшелері мен медиаторлардың мінез-құлық кодексін (Мінез-құлық кодексі) сақтайды.

## **180-БАП**

### **Төрелік комиссияның баяндамалары**

1. Төрелік комиссия Тараптарға тиісті ережелердің белгіленген фактілерін, қолданылуын және өзі жасайтын кез келген қорытындылар мен ұсынымдардың негізгі негіздемелерін қамтитын, аралық баяндама жолдайды.

2. Кез келген Тарап аралық баяндаманың нақты аспектілерін қарастыру үшін, оны алғаннан кейін 14 күн ішінде төрелік комиссияға жазбаша өтініш бере алады.

3. Тараптардың аралық баяндама бойынша кез келген жазбаша түсіндірмелерін қарағаннан кейін, төрелік комиссия өзінің аралық баяндамасын өзгерте алады және өзі орынды деп санайтын кез келген қосымша сараптамадан өткізе алады.

4. Төрелік комиссияның түпкілікті баяндамасы 173-бапта көрсетілген тиісті ережелердің белгіленген фактілерін, қолданылуын және өзі жасайтын кез келген қорытындылар мен ұсынымдардың негізгі негіздемелерін қамтиды. Түпкілікті

баяндама аралық шолу кезеңінде ұсынылған дәлелдердің жеткілікті талқылауын қамтиды және Тараптардың сұрақтары мен ескертулеріне нақты жауап береді.

## **181-БАП**

### **Төрелік комиссияның аралық баяндамасы**

1. Төрелік комиссия аралық баяндамасын төрелік комиссия құрылған күннен кейін 90 күннен кешіктірмей Тараптарға жібереді. Егер төрелік комиссия соңғы мерзім сақталмайды деп есептесе, төрелік комиссияның төрағасы кешіктіру себебін және төрелік комиссия өзінің аралық баяндамасын жіберуді жоспарлаған күнін көрсете отырып, Тараптарға және Ынтымақтастық комитетіне жазбаша нысанда хабарлайды. Ешқандай жағдайда аралық баяндаманың жіберілуі төрелік комиссия құрылған күннен кейін 120 күннен кешіктірілмей жіберіледі.

2. Шұғыл жағдайларда төрелік комиссия аралық баяндамасын 45 күн ішінде және кез келген жағдайда төрелік комиссия құрылған күннен кейін 60 күннен кешіктірмей жіберу үшін бар күш-жігерін салады. Кез келген Тарап 180-баптың 2-тармағына сәйкес аралық баяндама ұсынылған кезден бастап 7 күн ішінде аралық баяндаманың нақты аспектілерін қарастыру үшін төрелік комиссияға жазбаша сұрау салу жібере алады.

3. 138-баптың (h)-тармағында Тараптар арасында айқындалған төтенше жағдайларға байланысты дауға қатысты аралық баяндама төрелік комиссия құрылған күннен кейін 20 күн ішінде жіберіледі және 180-баптың 2-тармағына сәйкес кез келген сұрау салу аралық баяндама ұсынылған кезден бастап 5 күн ішінде жіберіледі. Төрелік комиссия аралық баяндаманы ұсынбау шешімін де қабылдай алады.

## **182-БАП**

### **Төрелік комиссияның түпкілікті баяндамасы**

1. Төрелік комиссия өзінің түпкілікті баяндамасын Тараптар мен Ынтымақтастық комитетіне төрелік комиссия құрылған күннен бастап 120 күн ішінде жібереді. Егер төрелік комиссия соңғы мерзім сақталмайды деп есептесе, төрелік комиссияның төрағасы кешіктіру себебін және төрелік комиссия өзінің түпкілікті баяндамасын жіберуді жоспарлаған күнін көрсете отырып, Тараптарға және Ынтымақтастық комитетіне жазбаша нысанда хабарлайды. Ешқандай жағдайда түпкілікті баяндаманың жіберілуі төрелік комиссия құрылған күннен кейін 150 күннен кешіктірілмейді.

2. Шұғыл жағдайларда төрелік комиссия өзінің баяндамасын төрелік комиссия құрылған күннен кейін 60 күн ішінде жіберу үшін бар күш-жігерін салады. Ешқандай жағдайда түпкілікті баяндаманың жіберілуі төрелік комиссия құрылған күннен кейін 75 күннен кешіктірілмейді.

3. 138-баптың (h)-тармағында айқындалған Тараптар арасында төтенше жағдайларға байланысты дауға қатысты төрелік комиссия өзінің түпкілікті баяндамасын төрелік комиссия құрылған күннен бастап 40 күн ішінде жібереді.

## **2-КІШІ БӨЛІМ**

### **САҚТАУ**

#### **183-БАП**

##### **Төрелік комиссияның түпкілікті баяндамасын сақтау**

Өзіне қарсы шағым берілген Тарап төрелік комиссияның түпкілікті баяндамасын дереу және адал сақтау үшін қажетті шараларды қолданады.

#### **184-БАП**

##### **Сақтау үшін ақылға қонымды уақыт кезеңі**

1. Егер дереу сақтау мүмкін болмаса, Тараптар түпкілікті баяндаманы сақтау үшін уақыт кезеңі туралы уағдаласуға ұмтылады. Бұл жағдайда өзіне қарсы шағым берілген Тарап төрелік комиссияның түпкілікті баяндамасын алғаннан кейін 30 күннен кешіктірмей, шағым берген Тарапқа және Ынтымақтастық комитетіне сақтау үшін талап етілетін уақыт («ақылға қонымды уақыт кезеңі») туралы хабарлама жібереді.

2. Егер Тараптар арасында ақылға қонымды уақыт кезеңінің ұзақтығы туралы келіспеушіліктер болса, шағым берген Тарап осы баптың 1-тармағында аталған хабарламаны алған кезден бастап 20 күн ішінде, бастапқыда 177-бапқа сәйкес құрылған төрелік комиссия («бастапқы төрелік комиссия») ақылға қонымды уақыт кезеңінің ұзақтығын анықтағаны туралы жазбаша сұрау салу жібере алады. Осындай сұрау салу бір мезгілде екінші Тарапқа және Ынтымақтастық комитетіне жіберіледі. Төрелік комиссия өз баяндамасын Тараптарға және Ынтымақтастық комитетіне сұрау салуды алған күннен бастап 20 күн ішінде жібереді.

3. Өзіне қарсы шағым берілген Тарап шағым берген Тарапты төрелік комиссияның түпкілікті баяндамасын сақтау барысы туралы жазбаша хабардар етеді. Мұндай хабарлама ақылға қонымды уақыт кезеңі өткенге дейін кем дегенде бір ай бұрын ж а з б а ш а н ы с а н д а ұ с ы н ы л а д ы .

4. Ақылға қонымды уақыт кезеңі Тараптардың өзара келісуі бойынша ұзартылуы мүмкін.

## 185-БАП

### **Төрелік комиссияның түпкілікті баяндамасын сақтау үшін қабылданған кез келген шараға шолу**

1. Өзіне қарсы шағым берілген Тарап шағым берген Тарапты және Ынтымақтастық комитетін төрелік комиссияның түпкілікті баяндамасын сақтау үшін қабылданған кез келген шара туралы хабардар етеді. Мұндай хабарлама ақылға қонымды уақыт кезеңі аяқталғанға дейін жіберіледі.

2. Егер осы баптың 1-тармағына сәйкес хабарланған кез келген шараның болуына немесе 173-бапта көрсетілген ережелерге сәйкестігіне қатысты Тараптар арасында келіспеушіліктер болған жағдайда, шағым берген Тарап бастапқы төрелік комиссияға аталған мәселе бойынша шешім шығару туралы жазбаша сұрау салу жібере алады. Мұндай сұрау салу нақты шараны айқындайды және мұндай шара шағым жасау үшін жеткілікті дәрежеде құқықтық негіз бола алатын 173-бапта көрсетілген ережелерге қалайша сәйкес келмейтінін түсіндіреді. Төрелік комиссия сұрау салуды алған күннен бастап 45 күн ішінде өз баяндамасын Тараптарға және Ынтымақтастық комитетіне жібереді.

## 186-БАП

### **Сақтамаған жағдайда құқықтық қорғаудың уақытша құралдары**

1. Егер өзіне қарсы шағым берілген Тарап ақылға қонымды уақыт кезеңі аяқталғанға дейін төрелік комиссияның түпкілікті баяндамасын сақтау үшін қолданылған кез келген шаралар туралы хабарламаса немесе егер төрелік комиссия сақтау үшін қолданылған шара жоқ немесе 185-баптың 1-тармағына сәйкес хабарланған шара 173-баптың ережелеріне сай Тараптың міндеттемелеріне сәйкес келмейді деп шешсе, онда өзіне қарсы шағым берілген Тарап, егер бұл туралы шағым берген Тарап сұрау салса және осы Тараппен консультациялардан кейін өтемақы туралы ұсыныс береді.

2. Егер шағым берген Тарап осы баптың 1-тармағына сәйкес өтемақы сұрамауды шешсе немесе осындай сұрау салу ұсынған жағдайда, ақылға қонымды уақыт кезеңі аяқталған күннен бастап немесе төрелік комиссияның баяндамасы 185-баптың 2-тармағына сәйкес ұсынылған күннен бастап 30 күн ішінде өтемақыға қатысты келісімге қол жеткізілмесе, шағым берген Тарап екінші Тарапқа және Ынтымақтастық комитетіне хабарлағаннан кейін бұзушылықтан туындаған пайданы жоюға немесе қысқартуға<sup>1</sup> барабар деңгейде тиісті шаралар қолдануға құқылы. Хабарламада осындай шаралар көрсетіледі. Өзіне қарсы шағым берілген Тарап осы баптың 3-тармағы бойынша төрелік жолмен талқылауды сұратпаса, шағым берген Тарап шарларды өзіне



қарсы шағым берілген Тарап хабарламаны алған күннен бастап он күндік мерзім өткеннен кейін кез келген уақытта қолдана алады.

3. Егер өзіне қарсы шағым берілген Тарап тиісті шараларды 173-бапта көрсетілген ережелер бойынша осы Тараптың міндеттемелерді бұзушылықтан туындаған пайданы жоюға немесе қысқартуға барабар деңгейде емес деп есептесе, өзіне қарсы шағым берілген Тарап бастапқы төрелік комиссияға аталған мәселе бойынша шешім шығару туралы жазбаша нысанда сұрау салу жібере алады. Мұндай сұрау салу туралы шағым берген Тарапқа және Ынтымақтастық комитетіне осы баптың 2-тармағында көрсетілген он күндік мерзім аяқталғанға дейін хабарланады. Бастапқы төрелік комиссия сұрау салу жеткізілген күннен бастап 30 күн ішінде шағым берген Тарап хабарлаған шаралар туралы баяндамасын Тараптар мен Ынтымақтастық комитетіне жібереді. Шағым берген Тарап хабарланған шараларды бастапқы төрелік комиссия өз баяндамасын ұсынғанға дейін қолданысқа енгізбейді. Баяндама ұсынылғаннан кейін қолданысқа енгізілген мұндай шаралар төрелік комиссияның баяндамасына сәйкес келеді.

4. Шағым берген Тарап қолданысқа енгізілген шаралар және осы бапта көзделген өтемақы уақытша болып табылады және:

(а) Тараптар 191-бапқа сәйкес өзара келісілген шешімге қол жеткізгеннен кейін; н е м е с е

(b) Тараптар 185-баптың 1-тармағына сәйкес хабарланған шара өзіне қарсы шағым берілген Тарапты 173-бапта көрсетілген ережелерге сәйкес келтіретіні туралы у а ғ д а л а с қ а н н а н к е й і н ; н е м е с е

(c) 185-баптың 2-тармағы бойынша төрелік комиссия 173-бапта көрсетілген ережелерге сәйкес келмейтінін анықталған кез келген шара осы ережелерге сәйкес келтіру үшін кері қайтарылғаннан немесе өзгертілгеннен кейін қолданылмайды.

-----  
<sup>1</sup>«Пайданы жою немесе қысқарту» ДСҰ-ның Дауларды реттеудің қағидалары мен рәсімдері туралы уағдаластығына сәйкес «пайданы жою немесе қысқарту» ретінде түсіндіріледі.

## **187-БАП**

### **Сақталмауы кезінде құқықтық қорғаудың уақытша құралдары қолданылғаннан кейін сақтау үшін қабылданған кез келген шараларға шолу**

1. Өзіне қарсы шағым берілген Тарап шағым берген Тарап 186-бапқа сәйкес мән-жайларға байланысты өтемақыны қолданғаннан немесе тиісті шараларды қабылдағаннан кейін төрелік комиссияның түпкілікті баяндамасын сақтау мақсатында өзі қолданылған шаралар туралы шағым берген Тарапты және Ынтымақтастық комитетін хабардар етеді. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген жағдайларды

қоспағанда, шағым берген Тарап хабарламаны алған кезден бастап 30 күн ішінде шараны тоқтатады. Өтемақы қолданылған жағдайларда және осы баптың 2-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, өзіне қарсы шағым берілген Тарап төрелік комиссияның түпкілікті баяндамасын орындағаны туралы хабарламаны алған кезден бастап 30 күн ішінде мұндай өтемақының қолданылуын тоқтата алады.

2. Егер Тараптар өзіне қарсы шағым берілген Тараптың осы баптың 1-тармағына сәйкес хабарламаны алған күннен бастап 30 күн ішінде төрелік комиссияның түпкілікті баяндамасын орындағаны-орындамағанына қатысты келісімге келмесе, шағым берген Тарап бастапқы төрелік комиссияға аталған мәселе бойынша шешім шығару туралы жазбаша нысанда сұрау салу жібереді. Мұндай сұрау салу бір мезгілде екінші Тарапқа және Ынтымақтастық комитетіне жіберіледі. Төрелік комиссия сұрау салуды алған күннен бастап 45 күн ішінде баяндаманы Тараптарға және Ынтымақтастық комитетіне жібереді. Егер төрелік комиссия өзіне қарсы шағым берілген Тарап төрелік комиссияның түпкілікті баяндамасын орындады деп шешсе, шағым берген Тарап 186-бапқа сәйкес қолданылған тиісті шараны тоқтатады немесе шағым берген Тарап жағдайға байланысты өтемақыны тоқтатады. Егер төрелік комиссия өзіне қарсы шағым берілген Тарап төрелік комиссияның түпкілікті баяндамасын толық орындамады деп шешсе, өтемақы немесе 186-бапқа сәйкес қабылданған тиісті шара төрелік комиссияның баяндамасы шегінде бейімделінеді.

## **188-БАП**

### **Энергетика саласындағы жедел даулардағы құқықтық қорғау құралдары**

1. 138-баптың (h) тармағында Тараптар арасындағы айқындалған төтенше жағдайларға байланысты дауға қатысты осы бап қолданылады.

2. 184, 185 және 186-баптардан ауытқу тәртібінде, шағым берген Тарап төрелік комиссияның түпкілікті баяндамасын сақтауға шамасы келмеген Тараптан туындаған пайданы жоюға немесе қысқартуға тең деңгейдегі тиісті шараларды ол шыққан күннен бастап 15 күн ішінде қолдана алады. Мұндай шаралар күшіне дереу енуі мүмкін. Мұндай шаралар өзіне қарсы шағым берілген Тарап төрелік комиссияның баяндамасын орындағанға дейін қолданылуы мүмкін.

3. Егер өзіне қарсы шағым берілген Тарап сақтамаудың болуына немесе шағым берген Тараптың қолданысқа енгізген шараларының пропорционалдығын немесе сақталмауын дауласса, ол 186-баптың 3-тармағына және 187-бабына сәйкес, жедел қаралуға тиіс талқылауға бастамашылық ете алады. Шағым берген Тарап төрелік комиссия аталған мәселе бойынша шешім шығарғаннан кейін шараны жоюы немесе реттеуі тиіс және шараларды төрелік талқылауға дейін сақтай алады.

## **3-КІШ БӨЛІМ**

### **ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

#### **189-БАП**

##### **Төрешілерді ауыстыру**

Егер осы тарау бойынша төрелік талқылауға бастапқы төрелік комиссия немесе оның кейбір мүшелері қатыса алмаса, қатысудан бас тартса немесе олар VI қосымшада белгіленген Мінез-құлық кодексінің талаптарына сәйкес келмейтіндіктен ауыстырылуы тиіс болса, 177-бапта белгіленген рәсім қолданылады. Баяндаманы ұсыну мерзімі жаңа төрешіні тағайындау үшін қажетті, бірақ 20 күннен аспайтын уақытқа ұзартылуы мүмкін.

#### **190-БАП**

##### **Төрелік рәсімдерін және сақтау рәсімдерін тоқтата тұру және тоқтату**

Төрелік комиссия екі Тараптың сұрау салуы бойынша кез келген уақытта Тараптармен келісілген, жалғаспалы 12 айдан аспайтын кезеңге өз жұмысын тоқтата тұрады. Төрелік комиссия осы кезеңнің соңына дейін екі Тараптың жазбаша нысанда сұрау салуы бойынша немесе осы кезеңнің соңында кез келген Тараптың жазбаша нысанда сұрау салуы бойынша өз жұмысын қайта бастайды. Сұрау салушы Тарап бұл жөнінде тиісінше Ынтымақтастық комитетінің төрағасын және екінші Тарапты хабардар етеді. Егер Тарап келісілген кезең аяқталғаннан кейін төрелік комиссия жұмысының қайта басталуын сұрамаса, талқылау тоқтатылады. Төрелік комиссия жұмысын тоқтата тұру және тоқтату 197-бап ескеріле отырып, басқа талқылаулар шеңберінде кез келген Тараптың құқықтарына нұқсан келтірілмейді.

#### **191-БАП**

##### **Өзара келісілген шешім**

Тараптар осы тарауға сәйкес кез келген уақытта дау бойынша өзара келісілген шешімге қол жеткізулері мүмкін. Олар бірлесіп ынтымақтастық комитеті мен төрелік комиссияның төрағасын, қолданылуына қарай, кез келген осындай шешім туралы хабардар етеді. Егер тиісті ішкі рәсімдерге сәйкес шешім кез келген Тараптың мақұлдауын талап етсе, хабарламада аталған талапқа сілтеме жасалады және дауларды реттеу рәсімі тоқтатыла тұрады. Егер мұндай мақұлдау талап етілмесе немесе егер кез келген осындай ішкі рәсімдердің аяқталғаны туралы хабарлама жасалса, дауларды реттеу рәсімі тоқтатылады.

## **192-БАП**

### **Рәсімдер қағидалары**

1. Осы тарау бойынша дауларды реттеу рәсімдері V қосымшада белгіленген Рәсім қағидаларымен және VI қосымшада белгіленген Мінез-құлық кодексімен реттеледі.

2. Егер V қосымшада белгіленген Рәсім қағидаларында өзгеше көзделмесе, төрелік комиссияның кез келген тыңдауы жұртшылық үшін ашық болады.

## **193-БАП**

### **Ақпарат және техникалық консультациялар**

Төрелік комиссия Тараптардың сұрау салуы бойынша немесе өзінің жеке бастамасы бойынша, дауға қатысатын Тараптарды қоса алғанда, кез келген көздерден төрелік комиссияның талқылауы үшін қажет деп санайтын кез келген ақпаратты сұрата алады. Төрелік комиссия, егер өзі қажетті деп есептесе, сарапшылардың пікірін сұрауға да құқығы бар. Осындай сарапшыларды таңдау алдында төрелік комиссия Тараптармен кеңесе алады. Жеке тұлғалар немесе Тараптардың аумағында құрылған заңды тұлғалар V қосымшада белгіленген Рәсім қағидаларына сәйкес төрелік комиссияға дауға қатыспайтын *amicus curiae* тұлғаның ақпаратын алады. Осы бапқа сәйкес алынған кез келген ақпарат әрбір Тарап үшін ашылады және оған түсіндірмелер беру үшін ұсынылады.

## **194-БАП**

### **Түсіндіру қағидалары**

Кез келген төрелік комиссия 173-бапта көрсетілген ережелерді халықаралық жария құқықты түсіндірудің, оның ішінде 1969 жылғы Халықаралық шарттардың құқығы туралы Вена конвенциясымен кодификацияланған кәдімгі қағидаларына сәйкес түсіндіреді. Төрелік комиссия ДСҰ-ның дауларды реттеу жөніндегі органы (бұдан әрі ДРО деп аталатын) қабылдаған, ДСҰ комиссияларының және Апелляциялық органның тиісті түсіндірмелерін де ескереді. Төрелік комиссияның баяндамалары осы Келісім бойынша Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін толықтыра немесе қысқарта алмайды.

## **195-БАП**

### **Төрелік комиссияның шешімдері мен баяндамалары**

1. Төрелік комиссиядағы талқылаулар құпия болып табылады. Төрелік комиссия кез келген шешімдерді консенсус негізінде қабылдау үшін барлық күш-жігерін салады. Алайда, егер шешімге консенсус негізінде қол жеткізілмесе, мәселе көпшілік дауыспен

шешіледі. Ешбір жағдайда төрешілердің ерекше пікірлері ашылмайды.

2. Төрелік комиссияның баяндамалары Тараптардың қатысуынсыз жасалады. Төрелік комиссияның баяндамалары 173-бапта айтылған тиісті ережелердің қолданылуының белгіленген фактілерін және өзі жасайтын кез келген тұжырымдар мен қорытындылардың негізгі негіздемесін қамтиды.

3. Төрелік комиссияның баяндамаларын Тараптар сөзсіз қабылдайды. Олар жеке немесе заңды тұлғалар үшін қандай да бір құқықтар немесе міндеттемелер тудырмайды.

4. Тараптар төрелік комиссияның шешімдерін, V қосымшада белгіленген Рәсім қағидаларында көзделгеніндей құпия ақпарат қорғалған жағдайда, жариялайды.

## **4-БӨЛІМ**

### **ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

#### **196-БАП**

##### **Төрешілердің тізімдері**

1. Ынтымақтастық комитеті Тараптар жасаған ұсыныстардың негізінде, осы Келісім күшіне енгеннен кейін алты айдан кешіктірмей, төреші болуына ниеті бар және бола алатын, кем дегенде 15 адамның тізімін жасайды. Тізім үш кіші тізімнен: әр Тарап үшін бір кіші тізімнен және қандай да бір Тараптың азаматтары болып табылмайтын және төрелік комиссия төрағасы функциясын орындай алатын бір кіші тізімнен тұрады. Әр тізімге кем дегенде бес адам кіреді. Ынтымақтастық комитеті бұл тізімді әрқашан осы деңгейде сақтауын қамтамасыз етеді.

2. Төрешілердің құқық және халықаралық сауда саласындағы арнайы білімдері мен тәжірибесі болады. Олар тәуелсіз, өзі жеке болуға және қандай да бір ұйымнан немесе үкіметтен нұсқау алмауға немесе кез келген Тараптың үкіметімен байланысты болмауға және VI қосымшада белгіленген Мінез-құлық кодексін сақтауға тиіс.

3. Ынтымақтастық комитеті осы Келісім қамтитын: нақты салалардағы білімдері мен тәжірибесі бар 15 адамнан тұратын қосымша тізімді жасай алады. Тараптардың келісімі болған жағдайда осындай қосымша тізімдер 177-бапта белгіленген рәсімдерге сәйкес төрелік комиссия құру үшін пайдаланылады.

#### **197-БАП**

##### **ДСҰ шеңберіндегі міндеттемелерге қатысы**

1. Осы Бөлімнің дауларды реттеу туралы ережелеріне жүгіну, дауларды реттеу бойынша әрекетті қоса алғанда, ДСҰ шеңберіндегі кез келген әрекетке нұқсан келтірмейді.

2. Дегенмен, Тарап нақты шараға қатысты осы Келісімнің де, ДСҰ келісімінің де барабар елеулі міндеттемесін бұзушылықтарға байланысты екі қорғау органына жүгінеді. Мұндай жағдайда, егер бірінші таңдалған орган рәсімдік немесе юрисдикциялық себептер бойынша бұл міндеттемені өтеу туралы талап жөнінде қорытынды жасай алмаса, Тарап басқа келісім бойынша басқа органға барабар міндеттеменің мәні бойынша бұзушылық үшін залалды өтеу туралы шағым бермейді.

3. Осы баптың мақсаттары үшін:

(a) ДСҰ-ның Дауларды реттеудің қағидалары мен рәсімдері туралы уағдаластығының 6-бабына сәйкес Тараптың комиссия құру туралы сұрау салуы бойынша ДСҰ келісімі шеңберінде дауларды реттеу жөніндегі талқылаулар басталды деп есептеледі;

(b) 176-баптың 1-тармағына сәйкес төрелік комиссия құру туралы Тараптардың сұрау салуы бойынша осы тарау шеңберінде дауларды реттеу жөніндегі талқылаулар басталды деп есептеледі.

4. Осы Келісімде ештеңе де Тараптарға ДРО-да белгіленген міндеттемелерді орындауын тоқтатуға кедергі келтірмейді. ДСҰ келісімі Тараптарға осы тарау бойынша сақтамау кезінде уақытша құқықтық қорғау құралдарын қолдануға кедергі келтіру үшін пайдаланылмайды.

## **198-БАП**

### **Мерзімдер**

1. Осы тарауда белгіленген барлық мерзімдер, оның ішінде төрелік комиссиялар өз баяндамаларын ұсынатын мерзімдер, егер өзгеше көрсетілмесе, өздері қатысты болатын әрекеттен немесе фактілерден кейінгі бірінші күннен басталатын күнтізбелік күндермен есептеледі.

2. Осы тарауда көрсетілген кез келген мерзім дау Тараптарының өзара келісуі бойынша өзгертілуі мүмкін. Төрелік комиссия кез келген уақытта Тараптарға ұсыныстың себептерін жаза отырып, осы тарауда көрсетілген кез келген мерзімді өзгертуді ұсына алады.

## **IV БӨЛІМ**

### **ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ**

#### **1-ТАРАУ**

#### **ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДИАЛОГ**

## **199-БАП**

Тараптар ақылға қонымды макроэкономикалық саясатты қамтамасыз ете отырып, еркін нарықтық экономиканың қағидаттарын батыл ұстанады және өзара тиімді макроэкономикалық байланыстарды одан әрі кеңейтуге және тереңдетуге, сондай-ақ орнықты даму мен экономикалық өсуге бағытталған тұрақты экономикалық диалогты дамытады және нығайтады.

## **200-БАП**

Тараптар екіжақты ынтымақтастықтың жай-күйіне тұрақты шолу жүргізеді және тұрақты түрде ақпаратпен, сараптамалық білімдермен алмасуды және экономикалық саясат, экономикалық және қаржылық даму мен статистика саласындағы озық тәжірибе алмасуды жүзеге асырады.

## **2-ТАРАУ**

### **МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ПЕН ІШКІ БАҚЫЛАУДЫ ҚОСА АЛҒАНДА, МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫНЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ**

## **201-БАП**

Тараптар үнемділік, өнімділік және нәтижелілік, сондай-ақ айқындық пен есеп берушілік қағидаттарымен үйлесетін, мемлекеттік қаржыны басқарудың тиімді жүйесін одан әрі дамыту мақсатында, мемлекеттік аудит пен ішкі бақылауды қоса алғанда, мемлекеттік қаржыны басқару саласында ынтымақтасады.

**Ы н т ы м а қ т а с т ы қ :**

(a) қолайлы және жалпыға бірдей қабылданған халықаралық стандарттарды енгізуге, сондай-ақ Еуропалық Одақтың осы саладағы үздік тәжірибесімен жақындастыруға жәрдемдесуді;

(b) осы саладағы ақпаратпен және тәжірибемен алмасуды қамтиды.

## **3-ТАРАУ**

### **САЛЫҚ САЛУ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ**

## **202-БАП**

Тараптар салық салу саласындағы, атап айтқанда, заңды салық түсімдерін жинауға жәрдемдесу саласында халықаралық ынтымақтастықты жақсартуға және ашықтық пен

ақпарат алмасу қағидаттарын қоса алғанда, салық салу саласындағы тиісті басқару қағидаттарын тиімді қолдану үшін халықаралық стандарттарға сәйкес шараларды әзірлеуге ұмтылады. Тараптар жосықсыз салық практикасының алдын алу мақсатында диалогты нығайтады және тәжірибе алмасады.

## **4-ТАРАУ**

### **СТАТИСТИКА САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ**

#### **203-БАП**

Тараптар статистикалық деректерді жинау мен таратуды қоса алғанда, статистикалық әдістер мен практиканың үйлестірілуіне жәрдемдеседі. Статистика саласындағы ынтымақтастық білімдермен алмасуға, үздік тәжірибені көтермелеуге және БҰҰ-ның ресми статистикасының негіз қалаушы қағидаттарын және Еуропа статистикасы нормалары кодексін құрметтеуге назар аударады.

Еуропалық Одақ бұл мақсатқа жетуге Қазақстан Республикасына техникалық көмек көрсету арқылы ықпал етеді.

## **5-ТАРАУ**

### **ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ**

#### **204-БАП**

Тараптар энергетикалық қауіпсіздікті, тиімділікті, орнықтылықты және бәсекеге қабілеттілікті арттыру мақсатында энергетика мәселелері жөніндегі өздерінің ағымдағы ынтымақтастығын жалғастырады және нығайтады. Осы ынтымақтастық жан-жақты әріптестікке негізделеді және нарықтық экономика қағидаттары мен осы саладағы қолданыстағы көпжақты және екіжақты шарттарға сәйкес өзара мүдде, өзара тең қатынастар, ашықтық және болжамдылық қағидаттарын басшылыққа алады.

#### **205-БАП**

Ынтымақтастық, басқаларымен қатар, мынадай:

(а) энергетикалық стратегиялар мен саясаттарды іске асыру, энергия өнімдері үшін жаһандық нарықтық жағдайларға қатысты болжамдар мен сценарийлерді әзірлеу, сондай-ақ энергетикалық сектордағы статистикалық жүйені жетілдіру;

(б) тартымды және тұрақты инвестициялық ахуал құру және энергетика саласындағы өзара инвестицияларды кемсітпейтін және ашық негізде көтермелеу;

(с) Тараптар арасындағы энергетика саласындағы ынтымақтастықты қолдау үшін



Еуропа инвестициялық банкімен (ЕИБ), Еуропа қайта құру және даму банкімен (ЕҚКДБ) және басқа да халықаралық қаржы ұйымдарымен және құралдармен тиімді ынтымақтастық ;

(d) VI Бөлімнің 3-тарауына (Зерттеулер мен инновациялар саласындағы ынтымақтастық) сәйкес ғылыми-техникалық ынтымақтастықты кеңейту және энергияның тиімді және экологиялық қауіпсіз технологияларға ерекше назар аударатырып, энергетикалық технологияларды дамыту туралы ақпарат алмасу;

(e) Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақтың жоғары оқу орындарындағы мамандандырылған курстарының тыңдаушыларымен алмасуға жәрдемдесу арқылы энергетикалық секторда, өзгелерімен қатар, басқарушы кадрларды даярлау және техникалық даярлау, сондай-ақ үздік тәжірибеге сәйкес бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу ;

(f) көпжақты энергетикалық форумдар, бастамалар мен ұйымдар шеңберіндегі ынтымақтастықты кеңейту ;

(g) білім және тәжірибе алмасудағы, сондай-ақ инновациялық технологияларды берудегі, оның ішінде басқару және энергетикалық технология саласындағы ынтымақтастық салаларын қамтиды.

## **206-БАП**

### **Көмірсутекті энергетика**

Көмірсутекті энергетика саласындағы ынтымақтастық мына салаларды қамтиды:

(a) энергетика көздерін, өнім берушілерді, көлік маршруттары мен тасымалдау әдістерін әртараптандыруға бағытталған инфрақұрылымды қоса алғанда, нарықтық қағидаттарға сәйкес ортақ мүддені білдіретін қолданыстағы энергетикалық инфрақұрылымды жаңғырту мен кеңейту және болашақтағы энергетикалық инфрақұрылымды дамыту, сондай-ақ жаңа өндірістік қуаттар құру және энергетикалық , оның ішінде электр энергетикалық инфрақұрылымның, тұтастығын, тиімділігін, қорғалуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету ;

(b) озық тәжірибеге сәйкес бәсекеге қабілетті, ашық және кемсітпейтін энергетикалық нарықты реттеуші реформалар арқылы дамыту ;

(c) энергия ресурстарына сұраныстың кемсітпейтін негізде қоршаған ортаға тигізетін әсері мен қатерін барынша азайта отырып, болжамдылығы мен тұрақтылығын , қамтамасыз етуді қоса алғанда, энергия тасымалдаушылар саудасының ұзақ мерзімді тұрақтылығын және қауіпсіздігін жақсарту мен нығайту ;

(d) энергетикалық секторда, оның ішінде өндіру, жасау, бөлу және тұтыну кезінде қоршаған ортаны қорғаудың жоғары деңгейіне және орнықты дамуға жәрдемдесу ;

(e) аварияларды болдырмау, авариядан кейінгі талдау, оған ден қою саясаты және салдарларды жою тәжірибесімен алмасу, сондай-ақ апат болған жағдайда

жауапкершілік және заң практикасы мәселелері бойынша озық тәжірибемен алмасу арқылы теңіздегі барлау және көмірсутектердегі өндіру қауіпсіздігін нығайту.

## **207-БАП**

### **Жаңартылатын энергия көздері**

Ынтымақтастық мына салаларда жүзеге асырылады:

(a) реттеу, сертификаттау және стандарттау мәселелері бойынша, сондай-ақ технологиялық даму бойынша ынтымақтастықты қоса алғанда, жаңартылатын энергия көздерін экономикалық және экологиялық тұрғыдан негіздеп дамыту;

(b) қазақстандық және еуропалық мекемелер, зертханалар мен жеке сектордың кәсіпорындары арасындағы, оның ішінде болашақ энергиясын және жасыл экономиканы құру үшін озық тәжірибені енгізу мақсатында бірлескен бағдарламаларды жүзеге асыру арқылы алмасуларға жәрдемдесу;

(c) бірлескен семинарлар, конференциялар және оқыту бағдарламаларын өткізу, тұрақты негізде ашық қолжетімді ақпараттармен және статистикалық деректермен, сондай-ақ жаңартылатын энергия көздерін дамыту туралы ақпараттармен алмасу.

## **208-БАП**

### **Энергия тиімділігі және энергия үнемдеу**

Көмір саласында, ілеспе газды жағу (және ілеспе газды пайдалану) кезінде, сондай-ақ ғимараттарда, электр аспаптары мен көліктерді пайдалану кезінде, энергия тиімділігін және энергия үнемдеуді ілгерілетудегі ынтымақтастық, өзгелерімен қатар:

(a) энергия тиімділігі жөніндегі саясат, заңнамалық және нормативтік құқықтық базалар мен іс-қимыл жоспарлары туралы ақпарат алмасу;

(b) энергия тиімділігі және энергия үнемдеу саласында тәжірибе және ноу-хау алмасуға жәрдемдесу;

(c) энергия тиімділігі және энергия үнемдеу саласындағы инновациялық технологиялар мен шешімдерді енгізу үшін жобаларға, оның ішінде көрсету жобаларына бастама жасау және оларды іске асыру;

(d) осы баптың мақсаттарына қол жеткізу мақсатында энергия тиімділігі саласындағы оқу бағдарламалары мен оқу курстары арқылы жүзеге асырылады.

## **6-ТАРАУ**

### **КӨЛК САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ**

## 209-БАП

Т а р а п т а р :

- (a) орнықты көлік жүйелерін дамытуға жәрдемдесу мақсатында көлік саласындағы ынтымақтастықты кеңейту және нығайту;
- (b) көлік жүйелерінің әлеуметтік және экологиялық аспектілеріне ден қою;
- (c) тиімді, қауіпсіз және сенімді көлік операцияларын ілгерілету;
- (d) өз аумақтары арасындағы негізгі магистральдық көлік байланыстарын нығайту саларында ынтымақтасады.

## 210-БАП

Осы тарауда айтылған ынтымақтастық, өзгелерімен қатар, мына салаларды қамтиды :

- (a) көлік саясаты бойынша озық тәжірибе алмасу;
- (b) жолаушылар мен жүктердің қозғалысын жақсарту, мейлінше тығыз нарықтық ықпалдасуға қол жеткізу мақсатында әкімшілік, техникалық және басқа да кедергілерді жою арқылы көлік ағынын арттыру, көлік тораптарын жақсарту және инфрақұрылымды жаңғырту;
- (c) ақпарат алмасу мен өңірлік және халықаралық деңгейдегі бірлескен қызмет және қолданылатын халықаралық келісімдер мен конвенцияларды орындау;
- (d) теңіз көлігінің қауіпсіздігі және орнықты дамуы бойынша озық тәжірибемен алмасу.

Қазақстан Республикасы Еуропалық Одақтың мүше мемлекеттерімен авиация саласындағы өзінің екіжақты келісімдерін Еуропалық Одақ заңнамасына сәйкес келтіреді.

## 211-БАП

Осы тарауда қамтылатын мәселелер бойынша тұрақты диалог жүргізіледі.

## 7-ТАРАУ

### ҚОРШАҒАН ОРТА САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

## 212-БАП

Тараптар қоршаған ортаны қорғау саласындағы орнықты дамуға және тиісінше басқаруға жәрдемдесе отырып, қоршаған орта мәселелері бойынша ынтымақтастықты дамытады және нығайтады.

Ынтымақтастық :

- (a) қоршаған ортаға байланысты бағалау, мониторинг және бақылау;
- (b) қоршаған ортаны қорғау саласында білім беру және хабардар болушылықты арттыру, ақпаратқа қол жеткізуді жақсарту, шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуын кеңейту және қоршаған орта мәселелері бойынша сот төрелігіне қол жеткізу;
- (c) қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнама;
- (d) ауаның сапасы;
- (e) қалдықтарды басқару;
- (f) теңіз ортасын қоса алғанда, су сапасын басқару;
- (g) озық су үнемдеуші технологияларды ілгерілетуді қоса алғанда, су ресурстарын бақылау және басқару;
- (h) биологиялық және ландшафттық әралуандылықты сақтау және қорғау;
- (i) орман шаруашылығын тұрақты басқару;
- (j) өнеркәсіптік ластану және өнеркәсіптік шығарындылар;
- (k) химикаттарды сыныптау және қауіпсіз басқару;
- (l) Қазақстан Республикасының және Еуропалық Одақтың «жасыл экономика» саласындағы бастамалары; және
- (m) балық шаруашылығын орнықты дамыту саласындағы саясатпен байланысты өзара тәжірибе алмасу салаларында жүзеге асырылады.

## 213-БАП

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық Тараптардың өзара келісуі бойынша, өзгелерімен қатар:

- (a) технологиялар, ғылыми-техникалық ақпарат алмасу және қоршаған ортаны қорғау саласындағы зерттеу қызметі;
- (b) қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманы және әдіснамаларды жетілдіру бойынша тәжірибе алмасу нысандарында жүзеге асырылады.

## 214-БАП

Тараптар қоршаған ортаны қорғау саласындағы тиісті көпжақты келісімдер шеңберінде қоршаған ортаны қорғау мәселелерін шешуге және ол бойынша ынтымақтастыққа ерекше назар аударады және ынтымақтастықты өңірлік деңгейде нығайтуға келіседі.

Тараптар қоршаған орта мәселелерін басқа секторларға интеграциялауды ілгерілетуде, оның ішінде озық тәжірибе алмасу, білімді және құзыреттілікті, экологиялық білімді арттыру және осы тарауда көрсетілген салаларда хабардар болушылықты арттыру арқылы тәжірибе алмасады.

## **8-ТАРАУ**

### **КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ**

#### **215-БАП**

Тараптар климаттың өзгеруіне қарсы күрес және климаттың өзгеруіне бейімделу бойынша ынтымақтастықты дамытады және нығайтады. Ынтымақтастық теңдік пен өзара пайда негізінде Тараптардың мүдделерін ескере отырып және осы саладағы екіжақты және көпжақты міндеттемелер арасында орындалған өзара тәуелділікті назарға ала отырып жүзеге асырылады.

#### **216-БАП**

Ынтымақтастық ұлттық және халықаралық деңгейлердегі, оның ішінде:

- (a) климаттың өзгеруі салдарын жеңілдету;
- (b) климаттың өзгеруіне бейімделу;
- (c) климаттың өзгеруі мәселелерін шешуге нарықтық және нарықтық емес тәсілдер;
- (d) жаңа, қауіпсіз және тұрақты төмен көміртекті және бейімделу технологияларын зерттеу, әзірлеу, көрсету, өндіру және тарату;
- (e) климаттың өзгеруі саласында сараптамалық білімдермен алмасу және басқа секторларды қолдау;
- (f) хабардар болуды арттыру, білім беру және оқыту салаларындағы шараларға ықпал етеді.

#### **217-БАП**

Тараптар, өзгелерімен қатар, ақпарат және сараптамалық білімдермен алмасады, бірлескен зерттеу қызметін және мейілінше таза технологиялар бойынша ақпарат алмасуды жүзеге асырады, өңірлік және халықаралық деңгейлерде, оның ішінде БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясы сияқты Тараптарға қолданылатын көпжақты табиғат қорғау келісімдерге байланысты бірлескен қызметті және қолданылуына қарай тиісті агенттіктер шеңберінде бірлескен қызметті жүзеге асырады.

## **9-ТАРАУ**

### **ӨНЕРКӘСПІ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ**

#### **218-БАП**

Тараптар өнеркәсіп саласындағы, оның ішінде өңдеу өнеркәсібін одан әрі әртараптандыру және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін пәрменді ынталарды және қолайлы жағдайларды дамыту мәселелері бойынша ынтымақтастықты дамытады және нығайтады.

Осы мақсатта Тараптар озық тәжірибемен және практикамен алмасу арқылы мына:

- (a) ресурстарды пайдаланудың өнімділігі мен тиімділігі;
- (b) ДСҰ және Тараптардың басқа да қолданылатын қағидалары талаптарына негізделген өнеркәсіп салаларын мемлекеттік қолдау шаралары;
- (c) интеграцияны тереңдету жағдайында өнеркәсіптік саясатты іске асыру;
- (d) өнеркәсіп саясатын іске асырудың тиімділігін арттыру құралдары;
- (e) өңдеу өнеркәсібіндегі инвестициялық белсенділік, оның энергия тұтынуын төмендету, сондай-ақ еңбек өнімділігі саясатын іске асыру саласында тәжірибе алмасу;
- (f) жаңа өндірістік технологияларды дамыту, өнеркәсіптің жоғары технологиялық салаларын қалыптастыру, білім мен технологиялар беру, сондай-ақ инновациялық кластерлерге арналған негізгі инфрақұрылым мен қолайлы жағдайларды одан әрі дамыту үшін жағдайлар жасау;
- (g) өзара түсіністік пен ашықтықты ілгерілету, іскерлік ортаны жақсарту мақсатында тау-кен өндіру өнеркәсібі мен шикізат материалдары өндірісіндегі инвестиция мен сауда және энергетикалық емес өндіруші өнеркәсіпте, атап айтқанда, металл кені мен өнеркәсіптік минералдар өндіру бойынша ақпарат алмасу мен ынтымақтастыққа жәрдемдесу;
- (h) өңдеу өнеркәсібіндегі адам ресурстарының әлеуетін арттыру;
- (i) Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақ кәсіпорындары арасындағы іскерлік бастамалар мен өнеркәсіптік кооперацияны ілгерілету секторларында ынтымақтасады.

Осы Келісім Тараптар арасында өнеркәсіп саласындағы мейлінше кең ынтымақтастықты Тараптар жоққа шығармайды, бұл туралы жекелеген уағдаластықтар жасалуы мүмкін.

## **10-ТАРАУ**

### **ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПОРЫНДАР САЛАСЫНДАҒЫ**

### **ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ**

#### **219-БАП**

Тараптар шағын және орта кәсіпорындардың (ШОК) табысты дамуы мен құрылуына ықпал ететін іскерлік ортаны дамытуға жәрдемдесу мақсатында ШОК саласындағы ынтымақтастықты дамытады және нығайтады. Тараптар осы мақсатқа қол жеткізу үшін мына:

- (a) ШОК-ты дамыту саласындағы саясат туралы ақпарат алмасу;
- (b) кәсіпкерлікті негізгі дағдылардың бірі ретінде нығайтатын бастамалар бойынша о з ы қ т ә ж і р и б е а л м а с у ;
- (c) екі Тараптың да бизнес қауымдастықтары арасында мейілінше тығыз диалог арқылы байланыстарға жәрдемдесу;
- (d) халықаралық нарыққа қол жеткізу үшін ШОК-тың әлеуетін қолдау бойынша т ә ж і р и б е а л м а с у ;
- (e) нормативтік құқықтық базаның ШОК-қа ықпал етуін жақсарту саласында т ә ж і р и б е а л м а с у ;
- (f) ШОК үшін қаржыландыруға қол жеткізу бойынша озық тәжірибе алмасу салаларында ынтымақтасады.

## 11-ТАРАУ

### КОМПАНИЯЛАР ТУРАЛЫ ЗАҢНАМА САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

#### 220-БАП

Тараптар болжамды және ашық бизнес ортасы бар нарықтық экономиканың жұмыс істеуі жағдайында компаниялар және корпоративтік басқару туралы заңнама салаларындағы, сондай-ақ бухгалтерлік есеп және аудит саласындағы қағидалардың және практиканың тиімді жиынтығының маңыздылығын таниды және осы саладағы реттемелік жақындасуға жәрдемдесудің маңыздылығын атап көрсетеді.

Т а р а п т а р м ы н а д а й :

- (a) ұйымның және тіркелген компаниялардың өкілдігі туралы ақпараттың ұсынылуы және осындай ақпаратқа айқын және жеңіл тәсілмен қол жеткізу мақсатында және соған байланысты озық тәжірибе алмасу;
- (b) халықаралық стандарттарға, атап айтқанда, ЭЫДҰ стандарттарына сәйкес корпоративтік басқару саясатын одан әрі дамыту;
- (c) листингтік компаниялардың шоғырландырылған есептілігі үшін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын (ХҚЕС) енгізуге және дәйекті қолдануға ж ә р д е м д е с у ;
- (d) бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік қағидаларын, оның ішінде ШОК-қа қ а т ы с т ы ж а қ ы н д а с т ы р у ;
- (e) аудитор мен бухгалтер кәсіптерін реттеу және қадағалау;
- (f) кәсіби ұйымдардың, аудиторлық ұйымдар мен аудиторлардың стандарттар мен этикалық нормаларды сақтауы арқылы аудиторлардың кәсіби деңгейін арттыру мақсатында аудиттің халықаралық стандарттары мен Бухгалтерлердің халықаралық федерациясының (БХФ) этика кодексі мәселелері бойынша ынтымақтасады.

## **12-ТАРАУ**

### **БАНК ІСІ, САҚТАНДЫРУ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ**

#### **221-БАП**

Тараптар тиімді заңнама мен практиканың маңыздылығына қатысты келісімін білдіреді және қаржылық көрсетілетін қызметтер саласында мынадай:

- (a) қаржылық көрсетілетін қызметтерді реттеуді жетілдіру;
- (b) инвесторлар мен қаржылық көрсетілетін қызметтерді пайдаланушыларды тиімді және тиісті қорғауды қамтамасыз ету;
- (c) жаһандық қаржы жүйесінің тұрақтылығына және тұтастығына жәрдемдесу;
- (d) реттеуші және қадағалау органдарын қоса алғанда, қаржы жүйесінің әртүрлі қатысушылары арасындағы ынтымақтастықты ілгерілету;
- (e) тәуелсіз және тиімді қадағалауға жәрдемдесу мақсаттарында ынтымақтасады.

Тараптар тұрақты қаржы жүйелерін қамтамасыз ету мақсатында танылған халықаралық стандарттарға реттеушілік тұрғыдан жақындастыруға жәрдемдеседі.

## **13-ТАРАУ**

### **АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ**

#### **222-БАП**

Тараптар ақпараттық және коммуникациялық технологияларға (АКТ) кеңінен қол жеткізу және қолжетімді бағалар бойынша көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту арқылы азаматтар мен кәсіпорындар игілігіне арналған ақпараттық қоғамды дамыту бойынша ынтымақтастыққа жәрдемдеседі. Бұл ынтымақтастық АКТ нарығындағы бәсекелестікті дамытуға және оның ашықтығына жәрдемдесуге, сондай-ақ осы секторға инвестициялар тартуға бағытталған.

#### **223-БАП**

Ынтымақтастық, өзгелерімен қатар, ақпарат және ақпараттық қоғамның бастамаларын іске асыру бойынша, атап айтқанда:

- (a) АКТ секторы үшін тиімді нормативтік құқықтық базаны дамытуға;
- (b) кеңжолақты қолжетімділікті дамытуға;



- (с) үйлесімді электрондық көрсетілетін қызметтерді дамытуға;
- (d) деректерді қорғауды қамтамасыз етуге; және
- (е) роуминг қызметін дамытуға бағытталған озық тәжірибе алмасуды қамтиды.

## **224-БАП**

Тараптар Қазақстан Республикасындағы және Еуропалық Одақтағы АКТ, оның ішінде электрондық коммуникациялар саласындағы реттеушілер арасындағы ынтымақтастыққа жәрдемдеседі.

## **14-ТАРАУ**

### **ТУРИЗМ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ**

## **225-БАП**

Тараптар туристік сектордағы экономикалық өсудің, әлеуетін нығайтудың, жұмыспен қамту және алмасу генераторы ретінде бәсекеге қабілетті және орнықты туристік саланы дамытуды күшейту мақсатында туризм саласында ынтымақтасады.

## **226-БАП**

**Ы н т ы м а қ т а с т ы қ                    м ы н а :**

- (a) жергілікті қоғамдастықтардың, атап айтқанда, ауылдық аудандардағы қоғамдастықтардың тұтастығы мен мүдделерін құрметтеу;
- (b) мәдени және тарихи мұраны сақтаудың маңыздылығы; және
- (c) туризм мен қоршаған ортаны сақтау арасындағы өзара ілгерінді іс-қимыл қағидаттарына негізделеді.

## **227-БАП**

**Т а р а п т а р                    м ы н а д а й :**

- (a) ақпарат, озық тәжірибе, практика және ноу-хау, оның ішінде инновациялық технологиялар бойынша алмасу;
- (b) туризмді орнықты дамытуды қолдау үшін мемлекеттік, жеке және жұртшылық арасында стратегиялық әріптестікті орнату;
- (c) туристік өнімдер мен нарықтарды, инфрақұрылымды, адам ресурстары мен институционалдық құрылымдарды ілгерілету және дамыту, сондай-ақ туристік көрсетілетін қызметтер үшін тосқауылдарды анықтау және оларды жою;
- (d) тиісті құқықтық, әкімшілік және қаржылық аспектілерді қоса алғанда, тиімді саясат пен стратегияны әзірлеу және іске асыру;

(е) қызмет көрсету стандарттарын арттыру үшін туризм саласында оқыту және әлеуметтік арттыру; және

(f) жергілікті халықты тарта отырып, туризм мен туризмнің басқа да түрлерін тұрақты негізде дамыту және ілгерілету тақырыптарына назар аударады.

## **15-ТАРАУ**

### **АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ АУМАҚТАРДЫ ДАМУЫ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ**

#### **228-БАП**

Тараптар ауыл шаруашылығын және ауылдық аумақтарды дамытуға, атап айтқанда, саясат пен заңнаманы бірте-бірте жақындастыру арқылы жәрдемдесу мақсатында ынтымақтасады.

#### **229-БАП**

Ынтымақтастық, өзгелерімен қатар, мынадай:

(a) ауыл шаруашылығын және ауылдық аумақтарды дамыту саясатының өзара түсіністігіне жәрдемдесу;

(b) ауыл шаруашылығын және ауылдық аумақтарды дамыту саясатын жоспарлау, бағалау және іске асыру бойынша озық тәжірибе алмасу;

(c) ауыл тұрғындарының әлеуметтік және экономикалық әл-ауқатын арттыру үшін ауылдық аумақтарды дамыту саясатына қатысты білім және озық тәжірибе алмасу;

(d) ауыл шаруашылығы өндірісін жаңғыртуға және оның орнықтылығына жәрдемдесу;

(e) ауыл шаруашылығы секторының бәсекеге қабілеттілігі мен тиімділігін және нарықтардың ашықтығын арттыру;

(f) ауыл шаруашылығы мен тамақ өнімдерінің географиялық нұсқаулары бойынша, сапа саясаты мен оны бақылау тетіктері бойынша, тамақ өнімі қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша және ауыл шаруашылығының органикалық өнімдерінің өндірісін дамыту бойынша тәжірибе алмасу;

(g) білім тарату және ауыл шаруашылығы өндірушілерін жаңа әдістерге оқытуға жәрдемдесу;

(h) агроөнеркәсіптік инвестициялық жобалардағы, атап айтқанда, мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығын дамытуға байланысты ынтымақтастыққа жәрдемдесу;

(i) агроөнеркәсіп өндірісінің тұрақты дамуына және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу мен бөлуге қатысты саясат бойынша тәжірибе алмасу салаларын қамтиды.

## 16-ТАРАУ

# ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ, ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ, ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ ЖӘНЕ ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕРДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

## 230-БАП

Тараптар диалогтың дамуына жәрдемдеседі және ХЕҰ-ның Лайықты еңбек жағдайларын қамтамасыз ету саласындағы күн тәртібін, жұмыспен қамту, өмір сүру және еңбек жағдайлары, денсаулық сақтау және жұмыс орнындағы қауіпсіздік, әлеуметтік диалог, әлеуметтік қорғау, әлеуметтік инклюзивтілік, кемсітушілікке жол бермеу, сондай-ақ екінші Тараптың аумағында заңды тұратын және жұмыс істейтін қызметкерлерге әділ қарым-қатынас жасау саласындағы саясатты ілгерілетуде ынтымақтасады.

## 231-БАП

Тараптар 230-бапта көрсетілген мақсаттарға, оның ішінде:

- (a) өмір сүру саласын арттыру және үздік әлеуметтік ортаны қамтамасыз ету;
- (b) барлық қызметкерлер үшін әлеуметтік инклюзивтілікті және әлеуметтік қорғау деңгейін арттыру және сапа, қолжетімділік пен қаржылық орнықтылық тұрғысынан әлеуметтік қорғау жүйесін жаңғырту;
- (c) кедейлікті төмендету, әлеуметтік топтасуды арттыру және халықтың осал топтарын қорғау;
- (d) әрбір Тараптың халықаралық стандарттардан және конвенциялардан туындайтын міндеттемелеріне сәйкес жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелеріндегі кемсітушілікке қарсы күресу;
- (e) еңбек нарығындағы белсенді шараларға жәрдемдесу және жұмыспен қамту қызметінің тиімділігін арттыру;
- (f) еңбек жағдайлары лайықты жаңа және мейілінше сапалы жұмыс орындарын ашу;
- (g) өмір сүру және еңбек жағдайларын, сондай-ақ жұмыс орнында денсаулық сақтау мен қауіпсіздік деңгейін жақсарту;
- (h) әйелдердің әлеуметтік және экономикалық өмірге қатысуына жәрдемдесу және жұмыспен қамту, білім беру, кәсіптік оқыту, экономика, қоғамдық өмір салаларында және шешімдер қабылдау процесінде ерлер мен әйелдер үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету арқылы гендерлік теңдікті нығайту;

(і) еңбек заңнамасының сапасын арттыру және қызметкерлерді жақсы қорғауды  
қ а м т а м а с ы з е т у ;

(j) әлеуметтік әріптестердің әлеуетін арттыруды қоса алғанда, әлеуметтік диалогты кеңейту және ілгерілету салаларындағы ынтымақтастық және тәжірибе алмасу арқылы қол жеткізуге ұмтылады.

## **232-БАП**

Тараптар ХЕҰ-ның қолданылатын конвенцияларын тиімді орындау бойынша өз міндеттемелерін тағы да растайды.

Тараптар 2006 жылғы БҰҰ-ның Экономикалық және әлеуметтік кеңесінің Жұмыспен толық және өнімді қамту мен баршаға арналған лайықты жұмыс мәселелері бойынша министрлік декларациясын назарға ала отырып, жұмыспен толық және өнімді қамту мен баршаға арналған лайықты жұмыс орнықты дамудың негізгі элементтері болып табылатындарын мойындайды.

Тараптар 1998 жылғы ХЕҰ-ның Еңбек саласындағы негіз қалаушы қағидаттар мен құқықтар туралы декларациясына сәйкес барлық мүдделі тараптардың, атап айтқанда, әлеуметтік әріптестерді тиісті әлеуметтік саясатын әзірлеуге және осы Келісім бойынша Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақ арасындағы ынтымақтастыққа қ а т ы с у ы н к ө т е р м е л е й д і .

Тараптар барлық тиісті форумдар мен ұйымдар шеңберінде лайықты жұмыс, жұмыспен қамту және әлеуметтік саясат мәселелері бойынша ынтымақтастықты нығайтуға ниет білдіреді.

## **17-ТАРАУ**

### **ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ**

## **233-БАП**

Тараптар адам денсаулығын сақтау деңгейін арттыру және денсаулық сақтау саласындағы жалпы құндылықтар мен қағидаттарға сәйкес денсаулық сақтау саласындағы теңсіздікті төмендету мақсатында, сондай-ақ орнықты даму мен экономикалық өсудің алғышарты ретінде халықтың денсаулығын қорғау саласындағы ынтымақтастықты дамытады.

## **234-БАП**

Ынтымақтастық инфекциялық және инфекциялық емес аурулардың, оның ішінде барлық саясаттардағы денсаулық сақтау аспектілерін ескеретін медициналық ақпарат алмасу, тәсілдерді ілгерілету, халықаралық ұйымдармен, атап айтқанда, Дүниежүзілік

денсаулық сақтау ұйымымен ынтымақтастық және 2003 жылғы Денсаулық сақтау ұйымның Темекіге қарсы күрес жөніндегі негіздемелік конвенциясы мен Халықаралық медициналық-санитариялық қағидалар сияқты денсаулық сақтау саласындағы халықаралық шарттарды орындауға жәрдемдесу арқылы, алдын алуға және бақылауға бағытталады.

## **V БӨЛІМ**

### **ЕРКІНДІК, ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ӘДІЛЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ**

#### **235-БАП**

##### **Заңның үстемдігі және адамның құқықтары мен негізгі еркіндіктерді құрметтеу**

Тараптар осы Бөлім бойынша өз ынтымақтастығында, сот органдарының тәуелсіздігін, сот төрелігіне қол жеткізуді және әділ сот талқылауына құқықты қоса алғанда, заң үстемдігі қағидатын ілгерілетуге және адамның құқықтары мен негізгі еркіндіктерін құрметтеуге ерекше мән береді.

Тараптар институттардың жұмыс істеуін нығайтуда, оның ішінде заңдарды орындау, соттық қудалау, сот төрелігін іске асыру және жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес саласында ынтымақтасады.

#### **236-БАП**

##### **Құқықтық ынтымақтастық**

Тараптар келіссөздерге, азаматтық сот ынтымақтастығы бойынша тиісті көпжақты конвенцияларды және атап айтқанда, Жекеше халықаралық құқық жөніндегі Гаага конференциясының конвенциясын ратификациялау мен орындауға қатысты азаматтық және коммерциялық істер бойынша ынтымақтастықты дамытады.

Тараптар қылмыстық-құқық саласында, оның ішінде өзара құқықтық көмек көрсету бойынша ынтымақтастықты нығайтады. Ол орындылығына қарай және қолданылатын рәсімдер сақталынатын кезде Еуропа Кеңесінің Қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы конвенцияларына Қазақстан Республикасының қосылуын және оларды Қазақстан Республикасының орындауын, БҰҰ-ның тиісті халықаралық құжаттарын орындауды және Еуроәділетпен ынтымақтастықты қамтуы мүмкін.

#### **237-БАП**

##### **Дербес деректерді қорғау**

Тараптар дербес деректерді қорғаудың жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін еуропалық және халықаралық құқықтық құжаттар мен стандарттарды назарға ала отырып, озық тәжірибе мен практика алмасу арқылы ынтымақтасады.

Ол қажет болған кезде және қолданылатын рәсімдерге қарай Дербес деректерді автоматтандырылған түрде өңдеу кезінде жеке тұлғаларды қорғау туралы Еуропа Кеңесінің Конвенциясына және оған қосымша Хаттамаға Қазақстан Республикасының қосылуы мен оны Қазақстан Республикасының орындауын қамтуы мүмкін.

## **238-БАП**

### **Көші-қон, баспана және шекараларды басқару**

#### **саласындағы ынтымақтастық**

1. Тараптар өздері мән беріп отырған көші-қон ағындарын басқарудың маңыздылығын растайды. Ынтымақтастық Тараптар арасындағы өзара консультацияларға негізделеді және қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

2. Тараптар заңсыз көші-қонның алдын алу және оған қарсы күрес бойынша ынтымақтастық шеңберінде:

(а) Қазақстан Республикасының Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттің аумағында заңсыз негізде жүрген өзінің кез келген азаматтарын мүше мемлекеттің сұрау салуы бойынша және негізсіз кідіртпей реадмиссиялауды жүзеге асыруына; және

(б) Еуропалық Одаққа әрбір мүше мемлекеттің Қазақстан Республикасының аумағында заңсыз негізде жүрген өзінің кез келген азаматтарын Қазақстан Республикасының сұрау салуы бойынша және негізсіз кідіртпей реадмиссиялауды жүзеге асыруына келіседі.

3. Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттер өзінің азаматтарын 2-тармақтың мақсаттары үшін, осы бапта айтылғаннан басқа, одан әрі ресмиліксіз және негізсіз кідіртпей жеке басын куәландыратын тиісті құжаттармен қамтамасыз етеді. Егер реадмиссиялауға жататын адамның өз азаматтығын дәлелдейтін қандай да бір құжаттары немесе басқа дәлелдемелері болмаса, Қазақстан Республикасының немесе мүдделі мүше мемлекеттің құзыретті дипломатиялық және консулдық өкілдіктері мүдделі мүше мемлекеттің немесе Қазақстан Республикасының өтініші бойынша осы адаммен оның азаматтығын анықтау үшін одан әрі ресмиліксіз және негізсіз кідіртпей әңгімелесу жүргізу үшін шаралар қолданады.

4. Тараптар, өзгелерімен қатар, Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақ арасындағы Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттердің реадмиссия жөніндегі нақты міндеттемелерді, оның ішінде басқа да мемлекеттердің азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың реадмиссиясы бойынша міндеттемелерді реттейтін келісім бойынша келіссөздер жүргізу мүмкіндігін қарастыру мақсатында,

сондай-ақ Қазақстан Республикасының және Еуропалық Одақтың азаматтары үшін визалық режимді жеңілдету туралы келісім бойынша келіссөздерді қатар жүргізу мүмкіндігін қарастыру мақсатында Көші-қон мен ұтқырлықтың жаһандық тәсілдеріне сәйкес көші-қонға байланысты тиісті мәселелер бойынша тұтастай қамтитын диалогты орнатуға келіседі.

## **239-БАП**

### **Консулдық қорғау**

Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасында өкілдігі бар Еуропалық Одаққа кез келген мүше мемлекеттің дипломатиялық және консулдық биліктері Қазақстан Республикасында тұрақты өкілдігі жоқ Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттің кез келген азаматына Еуропалық Одаққа осы мүше мемлекеттің азаматтарына қорғау көрсетілетін жағдайлар сияқты қорғау көрсететініне келіседі.

## **240-БАП**

### **Ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес**

Тараптар өздерінің қаржылық және тиісті қаржылық емес секторларын тұтастай қылмыстық әрекеттен және, атап айтқанда, есірткімен байланысты қылмыстардан түскен табыстарды жылыстату үшін, сондай-ақ терроризмді қаржыландыру үшін пайдаланудың алдын алу мақсатында Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобы қабылдаған қылмыстық табыстарды жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық стандарттарға сәйкес ынтымақтасады. Мұндай ынтымақтастық қылмыстық табыстардан түскен активтер немесе қаражат өтелгенге, оларға тыйым салынғанға, олар тәркіленгенге және қайтарылғанға дейін жалғасады.

Ынтымақтастық Тараптардың тиісті заңнамалары мен халықаралық міндеттемелері шеңберінде тиісті ақпарат алмасуға мүмкіндік береді.

## **241-БАП**

### **Есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес**

Тараптар есірткімен байланысты мәселелерге, атап айтқанда, есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының заңсыз айналымы мәселелеріне теңгерімді және интеграцияланған тәсіл бойынша ынтымақтасады. Есірткіге қарсы күрес саласындағы саясат пен әрекет тыйым салынған есірткінің заңсыз айналымын, есірткіні жеткізу мен оларға сұранысты қысқартуға, алдын алу шараларын кеңейтуге, адам құқықтарын ескере отырып, емдеу мен сауықтыруға бағытталған құзыретті органдар арасындағы үйлестіру мен күшейтілген ынтымақтастықты кеңейту арқылы тыйым салынған

есірткіні, психотроптық заттарды және олардың прекурсорларын жеткізуге және олардың сұранысына қарсы күрес бойынша құрылымдарды күшейтуге бағытталған.

Ынтымақтастық есірткілермен байланысты зиянды азайтуға, синтетикалық есірткілерді шығаруға және пайдалануға қарсы күреске және есірткі мен психотроптық заттарды заңсыз дайындау кезінде пайдаланылатын прекурсорлар ағынын тиімді түрде болдырмауға қол жеткізуге де бағытталады.

Тараптар осы мақсаттарға қол жеткізу үшін ынтымақтастық әдістері бойынша келіседі. Әрекеттер тиісті халықаралық конвенциялар мен құжаттарға және Еуропалық Одақ - Орталық Азияның Есірткіге қарсы күрес жөніндегі іс-қимылдар жоспарына сәйкес жалпыға бірдей танылған қағидаттарға негізделген.

## **242-БАП**

### **Ұйымдасқан және трансұлттық қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес**

Тараптар, контрабанданы және адам саудасын, есірткінің заңсыз айналымын, заңсыз қару саудасын, жымқыруды, алаяқтықты, контрафакцияны, құжаттарды қолдан жасауды, мемлекеттік және жеке сектордағы сыбайлас жемқорлықты қоса алғанда, ұйымдасқан, экономикалық, қаржылық және трансұлттық қылмыстық әрекеттің барлық нысандарының алдын алу және оларға қарсы күрес мақсатында осы саладағы өздерінің қолданыстағы халықаралық міндеттемелерін толық орындау арқылы ынтымақтасады.

Тараптар құқық қорғау органдары арасында екіжақты, өңірлік және халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға, оның ішінде, Еуропалық Одақтың агенттіктерімен озық тәжірибе алмасуға және ықтимал ынтымақтастыққа жәрдемдеседі.

Тараптар, атап айтқанда, 2000 жылғы Біріккен Ұлттар Ұйымының Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес конвенциясында (БҰҰ ТҰҚК) және оған үш Хаттамада және 2003 жылғы БҰҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес конвенциясында бекітілген тиісті халықаралық стандарттарды тиімді орындауға міндеттенеді. Ынтымақтастық, орындылығына қарай және қолданылатын рәсімдер сақталынатын кезде Қазақстан Республикасының Еуропа Кеңестің сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі тиісті құжаттарына қосылуын және оларды Қазақстан Республикасының орындауын қамтуы мүмкін.

## **243-БАП**

### **Киберқылмысқа қарсы күрес**

Тараптар коммуникациялық желілерді және ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып немесе осындай желілер мен жүйелерге қарсы жасалған қылмыстық



әрекеттердің алдын алу және оған қарсы күресу мақсатында ынтымақтастықты, оның ішінде озық тәжірибе алмасу арқылы ынтымақтасуды нығайтады.

## **VI БӨЛІМ**

### **ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ БАСҚА ДА БАҒЫТТАРЫ**

#### **1-ТАРАУ**

#### **БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ**

##### **244-БАП**

Тараптар Қазақстан Республикасында білім беру және оқыту жүйелерін жаңғыртуға жәрдемдесу және Еуропалық Одақтың саясаты мен практикасына жақындасу мақсатында білім беру және оқыту саласында ынтымақтасады. Тараптар өмір бойы оқуға жәрдемдесу үшін ынтымақтасады және білім беру мен оқытудың барлық деңгейіндегі ынтымақтастық пен ашықтықты көтермелейді. Бұдан өзге, Тараптар институционалдық аралық ынтымақтастықты нығайтуға, студенттердің, профессорлық-оқытушы және әкімшілік персоналдың, зерттеушілер мен жастардың ұтқырлығын көтермелеуге және ақпарат пен тәжірибе алмасуды көтермелеуге бағытталған шараларға ерекше мән береді.

Тараптар еуропалық және халықаралық стандарттар және озық тәжірибеге сәйкес білім беру жүйесі қызметін бірыңғай үйлестіруге жәрдемдеседі.

#### **2-ТАРАУ**

#### **МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ**

##### **245-БАП**

Тараптар өзара түсінісу және өздерінің тиісті мәдениетін білуді жақсарту үшін мәдени әралуандылықты құрметтейтін мәдениет саласындағы ынтымақтастыққа жәрдемдеседі.

Тараптар мәдени алмасуларға жәрдемдесу және әртүрлі мәдени салалардағы бірлескен бастамаларды көтермелеу үшін тиісті шаралар қолдануға ұмтылады.

Тараптар көпжақты халықаралық шарттар және Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі ұйымы (ЮНЕСКО) сияқты халықаралық ұйымдар шеңберінде консультациялар жүргізеді және өзара тиімді ынтымақтастықты дамытады. Тараптар, өзгелерімен қатар, 2005 жылғы ЮНЕСКО-ның өзін-өзі мәдени таныту әралуандығының нысандарын қорғау және көтермелеу туралы конвенциясының

қағидаттарын ілгерілету және БҰҰ Бас Ассамблеясы жариялаған 2013-2022 жылдарға арналған Халықаралық мәдениеттер жақындасуының онжылдығы шеңберінде жобаларды іске асыру мақсатында мәдени әралуандық мәселелері бойынша да пікір алмасады.

Тараптар бірлескен қызметке, бағдарламалар мен жоспарларға, сондай-ақ шығармашылық қызметкерлер мен мәдениет ұйымдары қызметкерлерін оқыту мен олардың әлеуетін нығайту саласындағы озық тәжірибе алмасуға жәрдемдеседі.

### **3-ТАРАУ**

## **ЗЕРТТЕУЛЕР ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛАР САЛАСЫНДАҒЫ ҢНТЫМАҚТАСТЫҚ**

### **246-БАП**

Т а р а п т а р :

(а) өзара пайда негізінде және зияткерлік меншік құқықтарын тиісінше және тиімді қорғау жағдайында азаматтық зерттеулер мен ғылыми-технологиялық әзірлемелердің барлық салаларындағы және

(b) инновацияларды дамытуды ынталандыру мақсатында ынтымақтастыққа жәрдемдеседі.

### **247-БАП**

Ң н т ы м а қ т а с т ы қ :

(а) саясат жөніндегі диалог пен ғылыми және технологиялық ақпарат алмасуды;

(b) технологиялық бизнес-стартаптарды, кластерлік даму және қаржыландыруға қол жетімділікті қолдау құралдарын қоса алғанда, инновацияларға және зерттеулер мен әзірлемелерді коммерцияландыруға қатысты ақпарат және озық тәжірибе алмасуды;

(с) әрбір Тараптың тиісті зерттеу және инновациялық бағдарламаларына барабар қол жеткізуді және жеңілдетуді;

(d) Қазақстан Республикасының зерттеу ұйымдарының зерттеу әлеуетін арттыруды және олардың Еуропалық Одақтың Зерттеулер мен инновациялар жөніндегі негіздемелік бағдарламасына және Еуропалық Одақ қаржыландыратын басқа да ықтимал бастамаларға қатысуына жәрдемдесуді;

(е) зерттеулер және инновациялар саласындағы бірлескен жобаларды әзірлеу мен ілгерілетуді;

(f) бірлескен зерттеу және инновациялық жобалардың нәтижелерін коммерцияландыруға жәрдемдесуді;

(g) Тараптардың ішкі нарығына жаңа технологиялардың енуін жеңілдетуді;

(h) ғалымдар, зерттеушілер және екі Тарапта да зерттеу және инновациялық қызметке қатысатын басқа да қызметкерлер үшін оқыту және ұтқырлық бағдарламалар ұйымдастыруды;

(i) қолданылатын заңнама шеңберінде осы Келісім қамтитын қызметке қатысатын зерттеушілердің еркін жүріп-тұруына, сондай-ақ осындай қызметте пайдалануға арналған тауарлардың трансшекаралық өткізілуіне жәрдемдесуді; және

(j) зерттеулер мен инновациялар саласындағы, оның ішінде өзара келісу негізінде өңірлік тәсілдер мен бастамалар арқылы ынтымақтастықтың басқа да нысандарын қамтиды.

## **248-БАП**

247-бапта айтылған ынтымақтастық бойынша қызметті жүзеге асыру кезінде оны 261 және 262-баптарда айтылған Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақ арасындағы қаржылық ынтымақтастықтың неғұрлым кең шеңберінде жүргізілетін өңірлік және басқа да қызметпен біріктіруге ұмтылу керек.

## **4-ТАРАУ**

### **БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ЖӘНЕ ДЫБЫС-БЕЙНЕ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ**

## **249-БАП**

Тараптар бұқаралық ақпарат құралдары және дыбыс-бейне саласындағы, оның ішінде ақпарат алмасу және журналистер мен басқа да бұқаралық ақпарат құралдары, кино және дыбыс-бейне саласындағы басқа да қызметкерлерді оқыту арқылы ынтымақтастыққа жәрдемдеседі.

## **250-БАП**

Тараптар қолданылуына қарай ЮНЕСКО мен Еуропа Кеңесінің конвенцияларын қоса алғанда, қолданылатын халықаралық конвенцияларда айқындалған стандарттардың негізінде бұқаралық ақпарат құралдарының тәуелсіз және кәсіби болуына жәрдемдесу бойынша ақпарат және озық тәжірибе алмасуды жүзеге асырады.

## **5-ТАРАУ**

### **АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ**

## **251-БАП**

Тараптар кездесулер мен консультациялар нысанында диалогты жалғастырып, нығайтады және азаматтық қоғамның рөліне қатысты мынадай:

(а) әрбір Тараптың азаматтық қоғам өкілдеріне екінші Тарап пайдаланатын мемлекеттік институттармен және әлеуметтік әріптестермен консультациялар және диалог процестерімен танысуға мүмкіндік бере отырып, атап айтқанда, азаматтық қоғамның мемлекеттік саясатты әзірлеу процесіне одан әрі қатысуы мақсатында Қазақстан Республикасында және Еуропалық Одақта азаматтық қоғамның барлық секторлары арасындағы байланыстарды нығайту мен ақпарат және тәжірибе алмасу;

(b) азаматтық қоғамның Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақ арасындағы қатынастарға, атап айтқанда, осы Келісімді орындауға қатысуын қамтамасыз ету;

(с) азаматтық қоғамда зор әлеуетті, тәуелсіздік пен ашықтықты арттыруға жәрдемдесу және оның Тараптардың экономикалық, әлеуметтік әрі саяси дамуындағы рөлін қолдау мақсаттарында ынтымақтасады.

Тараптар Қазақстан Республикасының және Еуропалық Одақтың үкіметтік емес ұйымдары арасындағы қатынастарды орнатуды қолдайды.

Тараптар адам құқықтары саласындағы қызметті жүзеге асыратын тиісті институттар мен үкіметтік емес ұйымдарды қолдайды. Тараптар ынтымақтастық бағдарламалары туралы барлық қажетті ақпаратпен кем дегенде жылына бір рет ресми және тұрақты түрде алмасады.

## **6-ТАРАУ**

### **СПОРТ ЖӘНЕ ДЕНЕ БЕЛСЕНДІЛІГІ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ**

## **252-БАП**

Тараптар халықтың барлық жастағы топтары арасында саламатты өмір салтын дамытуға жәрдемдесу, спорттың әлеуметтік функциялары мен білімдік құндылықтарын қолдау үшін және допинг, нәсілшілдік және зорлық-зомбылық сияқты спортқа төнетін қауіптерге қарсы күресу мақсатында спорт пен дене белсенділігі саласындағы ынтымақтастыққа жәрдемдеседі. Ынтымақтастық, атап айтқанда, ақпарат және озық тәжірибе алмасуды қамтиды.

## **7-ТАРАУ**

### **АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ**

## **253-БАП**

Тараптар табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың қатерлерін өзінің аумағында да жаһандық ауқымда да басқару қажеттігін таниды.

Тараптар өз қоғамдары мен инфрақұрылымдарының орнықтылығын арттыру мақсатында, өздерінің табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу, олардың зардаптарын жеңілдету, оларға әзір болу және оларды жою жөніндегі шараларды жақсарту және тиісінше төтенше жағдайлардың қатерлерін жаһандық басқару нәтижелерін жақсарту мақсатында екіжақты және көпжақты саяси деңгейлерде ынтымақтасу ниетін растайды.

Ынтымақтастық қажетті ресурстар болған кезде:

(а) азаматтық қорғау саласында қызметті жүзеге асыратын құзыретті органдардың, басқа да ұйымдар мен жеке тұлғалардың өзара іс-қимылын;

(b) егер қажет болса, төтенше жағдайлар кезінде өзара көмекті үйлестіруді;

(с) төтенше жағдайларға әзірлік туралы халықтың хабардарлығын етуді арттыру бойынша тәжірибе алмасуды;

(d) азаматтық қорғау саласында және ерте хабардар ету жүйесін пайдалану бойынша мамандарды даярлауды, қайта даярлауды, олардың біліктілігін арттыру мен оларды оқытуды қолдайды.

## **8-ТАРАУ**

### **ҒАРЫШ ҚЫЗМЕТІ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ**

#### **254-БАП**

Тараптар қажеттілігіне қарай азаматтық ғарыштық зерттеулер және әзірлемелер саласындағы ұзақ мерзімді ынтымақтастыққа жәрдемдеседі. Тараптар өздерінің тиісті ғарыш қызметінде өзара толықтыруды көздейтін бастамаларға ерекше назар аударады.

#### **255-БАП**

Тараптар спутниктік навигация, Жерді бақылау, ғарыштық зерттеулер саласында және Тараптардың мүдделеріне сәйкес басқа да салаларда ынтымақтаса алады.

## **9-ТАРАУ**

### **ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ**

#### **256-БАП**

Тараптар тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың жоғары деңгейін қамтамасыз ету және өздерінің тұтынушылардың құқықтарын қорғау жүйелерінің үйлесімділігіне қол жеткізу мақсатында ынтымақтасады.

Ынтымақтастық, орындылығына қарай:

(а) тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы саясат бойынша, оның ішінде өнімнің сапасы мен қауіпсіздігіне қойылатын талаптар бойынша және нарықты қадағалау жүйесін ұйымдастыру мен ақпарат алмасу тетігі бойынша озық тәжірибе алмасуды ;

(b) тұтынушылардың құқықтарын қорғау жүйелері бойынша, оның ішінде тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы заңнама мен оны қолдану, тұтыну тауарларының қауіпсіздігі, тұтынушылардың хабардар болуын арттыру, тұтынушылардың құқықтары мен мүмкіндіктерін және тұтынушыларды қорғау құралдарын кеңейту бойынша тәжірибе алмасуға жәрдемдесуді;

(с) лауазымды адамдарды және тұтынушылардың мүдделерін білдіретін басқа да адамдарды оқытуды қамтамасыз етуді;

(d) тәуелсіз тұтынушылар ұйымдарын және тұтынушылар өкілдері арасындағы байланыстарды дамытуды көтермелеуді қамтуы мүмкін.

## **10-ТАРАУ**

### **ӨҢІРЛІК ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ**

#### **257-БАП**

Тараптар өмір сүру жағдайын жақсарту және Тараптардың әлеуметтік және экономикалық дамуына барлық өңірлердің қатысуын арттыру мақсатында өңірлік саясат саласындағы өзара түсіністік пен екіжақты ынтымақтастыққа жәрдемдеседі.

#### **258-БАП**

Тараптар әлеуетті өсіру шараларын әзірлеу мен өңірлік экономикалық және іскерлік желілерді нығайтуға жәрдемдесу мақсатында қолданыстағы халықаралық келісімдер мен уағдаластықтарға сәйкес жергілікті және өңірлік биліктердің өңірлік ынтымақтастыққа қатысуын қолдайды және нығайтады.

#### **259-БАП**

Тараптар осы Келісімде қамтылған салалардың, өзгелерімен қатар, көлік, энергетика, коммуникациялық желілер, мәдениет, білім беру, зерттеулер, туризм, су

ресурстары және қоршаған ортаны қорғау, азаматтық қорғау салаларында және өңірлік ынтымақтастыққа жататын басқа да салаларда өңірлік ынтымақтастық элементтерін дамытуды нығайтады және көтермелейді.

## **11-ТАРАУ**

### **МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ**

#### **260-БАП**

1. Тараптар мемлекеттік және азаматтық қызмет саласындағы халықаралық озық тәжірибені қолдану және мемлекеттік және азаматтық қызметшілердің әлеуетін өсіру және оларды кәсіби дамыту мен оқыту бойынша тәжірибе және білім алмасуға ықпал етеді.

2. Тараптар мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасын жақсартуға бағытталған шаралар туралы және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет саласындағы Өңірлік хаб шеңберінде көпжақты ынтымақтастықты ілгерілету мақсатында бірлескен күш-жігер туралы диалогқа ықпал етеді.

3. 2-тармақта көрсетілгендер шеңберінде, Тараптар, өзгелерімен қатар:  
(a) сарапшылар алмасуға;  
(b) семинарлар ұйымдастыруға; және  
(c) оқыту қызметін ұйымдастыруға жәрдемдесу арқылы ынтымақтасады.

## **VII БӨЛІМ**

### **ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ**

#### **261-БАП**

Тараптар жан-жақты әріптестік пен өзара мүдделілік, тепе-тең қатынас, ашықтық, болжамдылық және Тараптар мүдделерін өзара қорғау қағидаттары негізделген ағымдағы қаржылық және техникалық ынтымақтастықты жалғастырады және нығайтады.

Осы Келісімнің мақсаттарына қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасы Еуропалық Одақтан гранттар мен қарыздар нысанында, мүмкіндігінше Еуропалық инвестициялық банкпен және басқа да халықаралық қаржы институттарымен әріптесе отырып, қаржылық көмек алады.

Қаржылық көмек Еуропалық Одақтың көп жылғы қаржылық негіздемелік құралдарын<sup>1</sup> реттейтін регламенттерге сәйкес, атап айтқанда, сарапшылармен алмасу, зерттеулер жүргізу, форумдар, конференциялар, семинарлар және оқыту курстарын

ұйымдастыру нысанында, бағдарламалар мен даму жобаларын қолдау мен іске асыру үшін гранттар нысанында берілуі мүмкін. Еуропалық Одақтың қаржыландыруына Қаржылық регламент<sup>2</sup> және Іске асыру қағидалары<sup>3</sup> қолданылады.

Қаржылық көмек Еуропалық Одақ Қазақстан Республикасымен консультациялардан кейін әзірлеген жыл сайынғы іс-қимылдар бағдарламаларына негізделеді.

Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақ бағдарламалар мен жобаларды қоса қаржыландыра алады. Тараптар қаржылық және техникалық ынтымақтастық жөніндегі бағдарламалар мен жобаларды үйлестіреді және барлық көмек көздері туралы ақпарат алмасады.

ЭБДҰ-ның көмек тиімділігі туралы Париж декларациясында, Еуропалық Одақтың Техникалық ынтымақтастықты реформалау жөніндегі базалық стратегиясында, Еуропалық есеп палатасының баяндамаларында айқындалған және Еуропалық Одақтың Қазақстан Республикасындағы іске асырылған және ағымдағы ынтымақтастық бағдарламалары тәжірибесінің қорытындылары бойынша көмектің тиімділігі Еуропалық Одақтың Қазақстан Республикасына қаржылық көмек беруіне негіз болып табылады.

-----  
<sup>1</sup>Атап айтқанда, 2014-2020 жылдарға арналған Ынтымақтастықты дамыту үшін қаржылық құралдарды бекітетін Еуропалық Парламент пен Кеңестің 2014 жылғы 11 наурыздағы № 233/2014 Регламенті (ЕО) (ЕО-ның Ресми журналы, L 77, 15.3.2014. 44 б.) және Еуропалық Одақтың сыртқы қызметті қаржыландыру құралдарын іске асыруға арналған жалпы қағидалар мен рәсімдерді белгілейтін Еуропалық Парламент пен Кеңестің 2014 жылғы 11 наурыздағы № 236/2014 Регламенті (ЕО) (ЕО-ның Ресми журналы, L 77, 15.3.2014. 95 б.).

<sup>2</sup>Еуропалық Одақтың ортақ бюджетіне қолданылатын қаржылық қағидалар туралы және Кеңестің № 1605/2002 Регламентінің (ЕО, Еуроатом) күшін жоятын Еуропалық Парламент пен Кеңестің 2012 жылғы 25 қазандағы № 966/2012 Регламенті (ЕО, Еуратом) (ЕО-ның Ресми журналы, L 298, 26.10.2012. 1 б.).

<sup>3</sup>Еуропалық Одақтың ортақ бюджетіне қолданылатын қаржылық қағидалар туралы Еуропалық Парламент пен Кеңестің № 966/2012 Регламентін (ЕО, Еуратом) қолдану қағидалары туралы Комиссияның (ЕО) 2012 жылғы 29 қазандағы № 1268/2012 Өкілеттілік регламенті (ЕО-ның Ресми журналы, L 362, 31.12.2012. 1 б.).

## 262-БАП

Тараптар тиімді қаржылық басқару қағидаттарына сәйкес қаржылық және техникалық көмек көрсетеді және Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақтың



қаржылық мүдделерін қорғауда ынтымақтасады. Тараптар бұзушылықтардың<sup>1</sup>, алаяқтықтың, сыбайлас жемқорлықтың және Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақтың бюджетіне нұқсан келтіретін кез келген басқа да заңсыз әрекетті болдырмау және оларға қарсы күресу үшін осы Келісім қамтитын салаларда өзара құқықтық және басқа да көмек көрсету арқылы тиімді шаралар қолданады.

Осы Келісімді орындау барысында Тараптар арасында жасалуы мүмкін кез келген одан кейінгі келісімдер немесе қаржыландыру құралдары жергілікті жерлердегі тексерулер мен инспекцияларды реттейтін қаржылық ынтымақтастық туралы нақты е р е ж е л е р д і к ө з д е й д і .

-----  
<sup>1</sup>Кеңестің Еуропа Қоғамдастықтарының қаржылық мүдделерін қорғау туралы 1995 жылғы 18 желтоқсандағы № 2988/95 регламентінде (ЕО, Еуратом) анықталғандай, «бұзушылық» - экономикалық оператордың әрекеті немесе әрекетсіздігі салдарынан, Еуропалық Одақтың ортақ бюджетіне немесе ол басқаратын бюджеттерге немесе Еуропалық Одақ атынан тікелей жинақталған өз қаражатынан алынатын табыстың қысқартылуы немесе жоғалуы есебінен немесе ақталмаған шығыстар есебінен нұқсан салдарынан болған немесе болуы мүмкін Еуропалық Одақ заңнамасының, осы Келісімнің немесе бұдан туындайтын келісімдердің немесе келісімшарттардың ережелерін кез келген бұзуды білдіреді.

## **263-БАП**

Қолда бар ресурстарды оңтайлы пайдалану үшін Тараптар Еуропалық Одақ салымдарының басқа қаржы көздерінен, үшінші елдерден және халықаралық қаржы институттарынан алынатын салымдармен тығыз үйлестікте жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

## **264-БАП**

### **Болдырмау**

Тараптар Еуропалық Одақ қаражаты есебінен қаржыландырылатын және Қазақстан Республикасының қаражаты есебінен қоса қаржыландырылатын операциялардың тиісті түрде орындалуын тұрақты тексеріп отырады және Еуропалық Одақтың қаржы қаражатына және Қазақстан Республикасының қоса қаржыландыру қаражатына нұқсан келтіретін бұзушылықтарды, алаяқтықты, сыбайлас жемқорлықты және кез келген басқа да заңсыз әрекетті болдырмау үшін барлық тиісті шараларды қолданады. Тараптар қолданылған кез келген алдын алу шаралары туралы бір-біріне хабарлайды.

## **265-БАП**

### **Ақпарат беру**

Тараптар бір-бірін, атап айтқанда, Қазақстан Республикасының құзыретті органдарын және Алаяқтықпен күрес жөніндегі Еуропалық бюросын Еуропалық Одақтың қаржы қаражаты мен Қазақстан Республикасының қоса қаржыландыру қаражатын пайдалануға байланысты алаяқтықтың, сыбайлас жемқорлықтың немесе басқа да бұзушылықтың болжанған немесе нақты жағдайлары туралы хабардар ете отырып, х а б а р л а й д ы .

Тараптар осы бапқа байланысты қолданылған кез келген шаралар туралы бір-біріне хабарлайды.

## **266-БАП**

### **Жергілікті жерлердегі тексерулер**

Жергілікті жерлерде Еуропалық Одақтың қаржылық көмегіне қатысты тексерулерді Алаяқтықпен күрес жөніндегі Еуропалық бюро Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының құзыретті органдарымен тығыз ынтымақтастықта дайындайды және өткізеді.

Алаяқтықпен күрес жөніндегі Еуропалық бюро осы Келісім шеңберінде Кеңестің № 2185/96<sup>1</sup> Регламентіне (Еуратом, ЕО) және Еуропалық Парламент пен Кеңестің № 883/2013<sup>2</sup> Регламентіне (ЕО, Еуратом) сәйкес Еуропалық Одақтың қаржылық мүдделерін қорғау үшін жергілікті жерлерде тексеру жүргізуге уәкілетті.

-----  
<sup>1</sup>Кеңестің алаяқтық пен басқа да бұзушылықтардан Еуропалық Одақтың қаржылық мүдделерін қорғау үшін Еуропалық Комиссия жүргізетін жергілікті жерлердегі тексерулер және инспекциялар туралы 1996 жылғы 11 қарашадағы № 2185/96 Регламенті (Еуратом, ЕО) (Еуропалық Одақтың Ресми журналы, L 292, 15.11.1996. 2 б.)

<sup>2</sup>Алаяқтықпен күрес жөніндегі Еуропалық бюро (АКЕБ) жүргізетін тергеп-тексерулерге қатысты және Еуропалық Парламент пен Кеңестің № 1073/1999 Регламентінің (ЕО, Еуратом) және Кеңестің № 1074/1999 Регламентінің (Еуратом) күшін жоятын Еуропалық Парламент пен Кеңестің 2013 жылғы 11 қыркүйектегі № 883/2013 Регламенті (ЕО, Еуратом) (Еуропалық Одақтың Ресми журналы, L 248, 18.09.2013 . 1 б.).

## **267-БАП**

### **Тергеп-тексеру және соттық қудалау**

Қазақстан Республикасының құзыретті органдары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Еуропалық Одақтың қаржы қаражатына және Қазақстан Республикасының қоса қаржыландыру қаражатына нұқсан келтіретін алаяқтықтың, сыбайлас жемқорлықтың және кез келген басқа заңсыз әрекеттің болжанған және нақты жағдайларына тергеп-тексеру және соттық қудалау жүргізеді. Қолданылуына қарай және ресми сұрау салу бойынша Алаяқтықпен күрес жөніндегі Еуропалық бюро Қазақстан Республикасының құзыретті органдарына осы міндетті орындауға жәрдем көрсете алады.

## **VIII БӨЛІМ**

### **ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ НЕГІЗДЕР**

#### **268-БАП**

##### **Ынтымақтастық кеңесі**

1. Осымен Ынтымақтастық кеңесі құрылады. Ол осы Келісімнің орындалуын қадағалауды және оған тұрақты шолуды жүзеге асырады. Кеңес жылына бір рет министрлер деңгейінде отырыс өткізеді. Ол осы Келісім шеңберінде туындайтын кез келген маңызды мәселелерді және осы Келісімнің мақсаттарына қол жеткізу үшін өзара мүдделілікті білдіретін кез келген басқа да екіжақты немесе халықаралық мәселелерді қарайды.

2. Ынтымақтастық кеңесі осы Келісімнің мақсаттарына қол жеткізу үшін осы Келісімде көзделген жағдайларда оның шеңберінде шешімдер қабылдайды. Мұндай шешімдер қабылданған шешімдерді орындау үшін тиісті шаралар қолданатын Тараптар үшін міндетті болып табылады. Ынтымақтастық кеңесі ұсынымдар да бере алады. Ол өз шешімдері мен ұсынымдарын Тараптар өздерінің тиісті ішкі рәсімдерін аяқтағаннан кейін олардың арасында келісу бойынша қабылдайды.

3. Ынтымақтастық кеңесінің III Бөлімнің (Сауда және кәсіпкерлік) кез келген тиісті ережелеріне нұқсан келтірмей, Тараптар арасындағы келісім негізінде осы Келісімге қосымшаларды жаңарту немесе оларға өзгерістер енгізу бойынша өкілеттігі бар.

4. Ынтымақтастық кеңесі өзінің кез келген өкілеттіктерін, оның ішінде міндетті шешімдер қабылдау жөніндегі өкілеттіктерін Ынтымақтастық комитетіне бере алады.

5. Ынтымақтастық кеңесі Тараптар өкілдерінен тұрады.

6. Ынтымақтастық кеңесін Қазақстан Республикасының өкілі мен Еуропалық Одақтың өкілі кезек-кезекпен басқарады.

7. Ынтымақтастық кеңесі өзінің рәсімдер қағидаларын бекітеді.

8. Әрбір Тарап 278-бапқа сәйкес осы Келісімді орындауға немесе түсіндіруге байланысты кез келген дауды шешу үшін Ынтымақтастық кеңесінің жүгіне алады.

## 269-БАП

### **Ынтымақтастық комитеті және мамандандырылған кіші комитеттер**

1. Осымен Ынтымақтастық комитеті құрылады. Ол Ынтымақтастық кеңесінің өз міндеттерін орындауына жәрдем көрсетеді.

2. Ынтымақтастық комитеті Тараптардың әдетте аға лауазымды адамдар деңгейіндегі өкілдерінен тұрады.

3. Ынтымақтастық комитетін Қазақстан Республикасының өкілі мен Еуропалық Одақтың өкілі кезек-кезекпен басқарады.

4. Ынтымақтастық комитеті осы Келісімде көзделген жағдайларда және сол үшін өзіне Ынтымақтастық Кеңесі өкілеттіктер берген салаларда шешімдер қабылдайды. Бұл шешімдер қабылданған шешімдерді орындау үшін тиісті шаралар қолданатын Тараптар үшін міндетті болып табылады. Ынтымақтастық комитеті өз шешімдерін Тараптар өздерінің тиісті ішкі рәсімдерін аяқтағаннан кейін олардың арасындағы келісім бойынша қабылдайды. Оның міндеттеріне Ынтымақтастық кеңесінің отырыстарын дайындау да кіреді.

5. Ынтымақтастық комитеті ІІІ Бөлімге (Сауда және кәсіпкерлік) байланысты тиісті мәселелерді қарау үшін арнайы құрамда отырыс өткізе алады.

6. Ынтымақтастық комитеті мамандандырылған кіші комитеттерді немесе оған өз міндеттерін орындауда жәрдемдесуі мүмкін кез келген басқа да органдарды құру туралы шешім қабылдай алады және мұндай кіші комитеттердің немесе органдардың құрамы мен міндеттерін және олардың жұмыс істеу тәртібін айқындайды.

7. Ынтымақтастық кеңесі өз рәсімдер қағидаларында Ынтымақтастық комитетінің және Ынтымақтастық кеңесі құрған кез келген кіші комитеттің немесе органның міндеттері мен жұмыс істеу тәртібін айқындайды.

## 270-БАП

### **Парламенттік ынтымақтастық комитеті**

1. Осымен Парламенттік ынтымақтастық комитеті құрылады. Ол, бір жағынан, Қазақстан Республикасы Парламентінің мүшелерінен және екінші жағынан, Еуропалық Парламент мүшелерінен тұрады әрі бұл олардың кездесуге және пікір алмасуға арналған форумы болып табылады. Ол өзі белгілеген уақыт аралықтарында отырыс өткізеді.

2. Парламенттік ынтымақтастық комитетінің қызметі Қазақстан Республикасының Парламенті мен Еуропалық Парламентінің арасындағы өзара пайдалы және тиімді парламенттік ынтымақтастықты дамытуға бағытталған.

3. Парламенттік ынтымақтастық комитеті өз рәсімдер қағидаларын белгілейді.

4. Парламенттік ынтымақтастық комитетін оның рәсімдер қағидаларында жазылған

ережелерге сәйкес Қазақстан Республикасының Парламенті мен Еуропалық Парламент  
к е з е к - к е з е к п е н б а с қ а р а д ы .

5. Парламенттік ынтымақтастық комитеті Ынтымақтастық кеңесінен осы Келісімнің орындалуына қатысты ақпарат сұрата алады, ол Комитетке сұрау салынған ақпаратты б е р е д і .

6. Парламенттік ынтымақтастық комитетіне Ынтымақтастық кеңесінің шешімдері және ұсынымдары туралы хабарланады.

7. Парламенттік ынтымақтастық комитеті Ынтымақтастық кеңесіне ұсынымдар бере алады.

## **IX БӨЛІМ**

### **ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

#### **271-БАП**

##### **Соттар мен әкімшілік органдарға қол жеткізу**

Осы Келісім шеңберінде әрбір Тарап екінші Тараптың жеке және заңды тұлғаларына олардың жеке және мүлдіктік құқықтарын қорғауы үшін өзінің құзыретті соттары мен әкімшілік органдарына кемсітуден еркін түрде және өзінің жеке және заңды тұлғалары сияқты жағдайларда қолжетімділікті қамтамасыз етуге міндеттенеді.

#### **272-БАП**

##### **Өкілеттіктер беру**

Егер осы Келісімде өзгеше айқындалмаса, әрбір Тарап реттеушілік, әкімшілік немесе импорттық немесе экспорттық лицензиялар немесе басқа да экономикалық қызметке лицензиялар беру, коммерциялық операцияларды мақұлдау немесе квоталарды, алымдарды немесе басқа да төлемдерді белгілеу бойынша өкілеттіктер сияқты басқарудың кез келген деңгейіндегі басқа да мемлекеттік өкілеттіктері берілген тұлға осы өкілеттіктерді орындау кезінде сол Тараптың осы Келісім бойынша міндеттемелеріне сәйкес әрекет етуін қамтамасыз етеді.

#### **273-БАП**

##### **Төлем теңгеріміне байланысты қиыншылықтар мен сыртқы қаржылық қиындықтар жағдайындағы шектеулер**

1. Егер Тарап төлем теңгеріміне байланысты елеулі қиыншылықтарды немесе сыртқы қаржылық қиындықтарды бастан кешірсе, немесе егер осындай қауіп болса, ол капитал қозғалысын, төлемдерді немесе аударымдарды қозғайтын қорғау немесе

шектеу шараларын белгілеуі немесе сақтауы мүмкін.

2. 1-тармақта аталған шаралар:

(а) Тарапқа қатысты осыған ұқсас жағдайларда Тарап болып табылмайтын мемлекеттер үшін белгіленген режимге қарағанда қолайлылығы кем режим белгілемейді;

(b) қолданылуына қарай Халықаралық валюта қоры келісімінің Баптарына сәйкес келеді;

(с) екінші Тараптың коммерциялық, экономикалық және қаржылық мүдделеріне қажетсіз нұқсан келтіруді болдырмайды;

(d) уақытша болып табылады және 1-тармақта көрсетілген жағдайлардың жақсаруына қарай біртіндеп жойылады.

3. Тауар саудасы кезінде Тарап өзінің төлем теңгерімін немесе сыртқы қаржылық ұстанымын қорғау үшін шектеу шараларын белгілей алады немесе сақтай алады. Мұндай шаралар 1994 ж. ТСБК-ға және 1994 ж. ТСБК-ның Төлем теңгеріміне қатысты ережелері туралы уағдаластыққа сәйкес келеді.

4. Көрсетілетін қызметтер саудасы кезінде Тарап өзінің төлем теңгерімін немесе сыртқы қаржылық ұстанымын қорғау үшін шектеу шараларын қолдана алады. Мұндай шаралар КҚСБК-ге сәйкес келеді.

5. 1 және 2-тармақтарда аталған шектеу шараларын сақтайтын немесе белгілейтін кез келген Тарап екінші Тарапты олар туралы дереу хабардар етеді және мүмкіндігінше қысқа мерзімде оларды жоюдың уақытша жоспарын ұсынады.

6. Егер шектеулер осы бапқа сәйкес белгіленсе немесе сақталса, Ынтымақтастық комитетінде, егер консультациялар осы Келісімнің шеңберінен тыс өткізілмейтін болса, осындай консультациялар тез арада өткізіледі.

7. Консультациялар барысында, өзгелерімен қатар:

(а) қиындықтардың сипаты мен дәрежесі;

(b) сыртқы экономикалық және сауда ортасы; немесе

(с) қолданылуы мүмкін басқа да түзету шаралары сияқты факторларды назарға ала отырып, тиісті шараларға алып келген төлем теңгеріміне байланысты қиыншылықтар немесе сыртқы қаржылық қиындықтар бағаланады.

8. Консультацияларда кез келген шектеу шараларының 1 және 2-тармақтарға сәйкестігі мәселелері қаралады.

9. Мұндай консультациялар барысында Тараптар барлық статистикалық деректер мен шетелдік валютаға, валюта резервтеріне және төлем теңгеріміне қатысты ХВҚ ұсынған басқа да фактілерді мойындайды және қорытындылар мүдделі Тараптың төлем теңгерімі мен сыртқы қаржылық ұстанымына ХВҚ жасаған бағасына негізделеді.

## 274-БАП

### Қауіпсіздіктің өмірлік маңызы бар мүдделеріне байланысты шаралар

Осы Келісімде ешнәрсе де:

(a) кез келген Тараптан ақпараттың ашылуы өз қауіпсіздігінің өмірлік маңызы бар мүдделеріне қайшы келеді деп есептейтін қандай да бір ақпаратты ұсынуын талап ету;

(b) кез келген Тарап өз қауіпсіздігінің өмірлік маңызы бар мүдделерін қорғауға қажетті деп есептейтін:

(i) қару, оқ-дәрі немесе әскери материалдар өндіруге немесе олардың саудасына байланысты;

(ii) қарулы күштерді жабдықтау мақсатында тікелей немесе жанама жүзеге асырылатын экономикалық қызметке байланысты;

(iii) ыдырайтын немесе синтездік материалдарға немесе олар алынған материалдарға байланысты;

(iv) ұлттық қауіпсіздік үшін немесе қорғаныс мақсаттары үшін қажетті мемлекеттік сатып алуға байланысты; немесе

(v) соғыс немесе халықаралық қатынастардағы басқа төтенше жағдайлар уақытында қабылданған кез келген әрекетті қолдануы үшін кедергі болу;

(c) кез келген Тараптың халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау мақсатында қабылдаған міндеттемелерін орындау үшін кез келген әрекетті қолдануы үшін кедергі болу ретінде түсіндірілмейді.

## 275-БАП

### Кемсітпеушілік

1. Осы Келісімде қамтылған салаларда және ондағы жекелеген ережелерге нұқсан келтірместен:

(a) Қазақстан Республикасы Еуропалық Одаққа және оған мүше мемлекеттерге қатысты қолданатын уағдаластықтар Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттердің немесе олардың жеке немесе заңды тұлғаларының арасында қандай да бір кемсітушілікке әкеп соқтырмайды;

(b) Еуропалық Одақ немесе оған мүше мемлекеттер Қазақстан Республикасына қатысты қолданатын уағдаластықтар Қазақстан Республикасының жеке немесе заңды тұлғаларының арасында қандай да бір кемсітушілікке әкеп соқтырмайды.

2. 1-тармақ өздерінің орналасқан жеріне қатысты бірдей емес жағдайдағы салық төлеушілерге Тараптардың өз салық заңнамасының тиісті ережелерін қолдану құқығына нұқсан келтірмейді.

## **276-БАП**

### **Салық салу**

1. Осы Келісім салық салу шараларына осы Келісімнің ережелерін орындау үшін қолданылуы қажет шамада ғана қолданылады.

2. Осы Келісімде ешнәрсе де қосарланған салық салуды болдырмау туралы келісімдердің, салық жөніндегі басқа келісімдердің салық жөніндегі ережелеріне немесе ұлттық салық заңнамасының ережелеріне сәйкес салық салуды болдырмаудың немесе салықтардан жалтарудың жолын кесуге бағытталған кез келген шараларды қабылдануына немесе қолдануына кедергі ретінде түсіндірілмейді.

## **277-БАП**

### **Міндеттемелерді орындау**

1. Тараптар осы Келісім бойынша өз міндеттемелерін орындау үшін қажетті кез келген шараларды қолданады. Олар осы Келісімде айқындалған мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

2. Тараптар осы Келісімді түсіндіруге немесе орындауға және Тараптар арасындағы қатынастардың басқа да тиісті аспектілеріне қатысты кез келген мәселені талқылау үшін кез келген Тараптың сұрау салуы бойынша тиісті арналар арқылы бір бірімен жедел консультациялар өткізеді.

3. Әрбір Тарап осы Келісімді түсіндіруге немесе орындауға қатысты кез келген дауды 278-бапқа сәйкес Ынтымақтастық кеңесіне береді.

4. Ынтымақтастық кеңесі дауды 278-бапқа сәйкес және міндетті шешім қабылдау арқылы реттей алады.

## **278-БАП**

### **Дауларды реттеу**

1. Тараптардың арасында осы Келісімді түсіндіруге немесе орындауға қатысты дау туындаған жағдайда, кез келген Тарап екінші Тарапқа және Ынтымақтастық кеңесіне даулы мәселені шешу қажеттігі туралы ресми сұрау салуды ұсынады. III Бөлімді (Сауда және кәсіпкерлік) түсіндіруге немесе орындауға қатысты даулар шегінбелік тәртібінде тек III Бөлімнің (Сауда және кәсіпкерлік) 14-тарауында (Дауларды реттеу) ғана реттеледі.

2. Тараптар өзара қолайлы шешімге мүмкіндігінше қысқа мерзімде қол жеткізу мақсатында 268-бапта көзделгеніндей Ынтымақтастық кеңесі шеңберінде адал ниетті консультацияларға қосылу арқылы дауды шешуге ұмтылады. Дауға қатысты консультациялар Ынтымақтастық комитетінің немесе Тараптардың келісуі бойынша немесе кез келген Тараптың сұрау салуы бойынша 269-бап негізінде құрылған кез



келген басқа тиісті кіші комитеттің немесе органның отырыстарында да өткізілуі мүмкін. Консультациялар жазбаша нысанда да өткізілуі мүмкін.

3. Тараптар Ынтымақтастық кеңесіне, Ынтымақтастық комитетіне немесе басқа да тиісті кіші комитетке немесе органға жағдайды мұқият зерделеу үшін қажетті барлық ақпаратты береді.

4. Егер Ынтымақтастық кеңесі 277-бапта көзделгеніндей, мәселені реттеу бойынша міндетті шешім қабылдаса немесе ол дау аяқталды деп жарияласа, дау шешілген болып есептеледі.

5. Консультациялар барысында ашылған барлық ақпарат құпия болып қалады.

## **279-БАП**

### **Міндеттемелер орындалмаған жағдайдағы тиісті шаралар**

1. Егер 278-бапқа сәйкес дауды реттеу туралы ресми сұрау салудың хабардар ету күннен бастап үш ай ішінде мәселе шешілмесе және егер шағым берген Тарап екінші Тарап осы Келісім бойынша міндеттемелерін орындамады деп есептесе, ол, III Бөлімді (Сауда және кәсіпкерлік) түсіндіруге немесе орындауға қатысты дауларды қоспағанда, тиісті шаралар қолдануы мүмкін.

2. Осы баптың 1-тармағынан шегінбелік тәртіппен, кез келген Тарап:

(a) 1969 жылғы Халықаралық шарттар құқығы туралы Вена конвенциясының 60-бабының 3-тармағы мағынасы бойынша халықаралық құқықтың жалпы нормаларымен санкцияланбаған осы Келісімнің күші жойылған; немесе

(b) екінші Тарап осы Келісімнің 1 және 11-баптарында көрсетілген осы Келісімнің кез келген елеулі элементтерін бұзған жағдайда, халықаралық құқыққа сәйкес осы Келісімге қатысты тиісті шараларды дереу қолдана алады.

Мұндай жағдайларда екінші Тарап тиісті шаралар туралы дереу хабардар етіледі. Екінші Тараптың сұрау салуы бойынша консультациялар 20 күнге дейінгі кезең ішінде жүргізіледі. Осы кезеңнен кейін шара қолданылады.

3. Тиісті шараларды таңдау кезінде осы Келісімнің жұмыс істеуін мейлінше аз дәрежеде бұзатын және бұзушылықтың сипаты мен күрделілігіне мөлшерлес болып табылатын шараларға басымдық беріледі. Ынтымақтастық кеңесі мұндай шаралар туралы дереу хабардар етіледі және олар бойынша дереу консультациялар өткізіледі, олардың барысында әрбір Тараптың қарастырылатын бұзушылықты жоюға құқығы бар.

## **280-БАП**

### **Ресми құжаттарға жұртшылықтың қол жеткізуі**

Осы Келісімнің ережелері Тараптардың ресми құжаттарға жұртшылықтың қол жеткізуіне қатысты тиісті заңнамасын қолдануға нұқсан келтірмейді.

## 281-БАП

### Күшіне енуі, уақытша қолданылуы, қолданыс мерзімі және қолданысын тоқтату

1. Осы Келісім Тараптар осы мақсат үшін қажетті рәсімдерді аяқтағаны туралы дипломатиялық арналар арқылы Еуропалық Одақ Кеңесінің Бас Хатшылығын хабардар еткен күннен кейінгі екінші айдың бірінші күні күшіне енеді.

2. III Бөлім (Сауда және кәсіпкерлік), егер онда өзгеше көзделмесе, 1-тармақта көрсетілген күшіне ену күнінен бастап, Қазақстан Республикасы сол күнге ДСҰ-ның мүшесі болған жағдайда, қолданылады. Егер Қазақстан Республикасы осы Келісім күшіне енген күннен кейін ДСҰ-ға мүше болса, III Бөлім (Сауда және кәсіпкерлік), егер онда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасы ДСҰ-ға мүше болған күнінен бастап қолданылады.

3. 1 және 2-тармақтарға қарамастан, Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақ өздерінің тиісті ішкі рәсімдері мен заңнамасына сәйкес, қолданылуына қарай, осы Келісімді тұтастай немесе оның бір бөлігін уақытша қолдана алады.

#### 4. У а қ ы т ш а қ о л д а н у :

(a) Қазақстан Республикасы осы Келісімді ратификациялағаны туралы Еуропалық Одақты хабардар еткен; және

(b) Еуропалық Одақ осы Келісімнің уақытша қолданылатын бөліктерін тиісті жағдайларда көрсете отырып, Қазақстан Республикасын қажетті рәсімдерді аяқтағаны туралы хабардар еткен күннен кейінгі бірінші айдың бірінші күнінен басталады.

5. Осы Келісімнің III Бөлімі (Сауда және кәсіпкерлік), егер онда өзгеше көзделмесе, 4-тармақта көрсетілген уақытша қолдану күнінен бастап, Қазақстан Республикасы сол күнге ДСҰ-ның мүшесі болған жағдайда, уақытша қолданылады. Егер Қазақстан Республикасы осы Келісімнің уақытша қолданылуы басталған күннен кейін, бірақ ол күшіне енгенге дейін ДСҰ-ның мүшесі болса, III Бөлім (Сауда және кәсіпкерлік), егер онда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасы ДСҰ-ға мүше болған күнінен бастап у а қ ы т ш а қ о л д а н ы л а д ы .

6. Осы Келісімнің қосымшалары мен оған хаттамаларды қоса алғанда, оның тиісті ережелерінің мақсаттары үшін осындай ережелердегі «осы Келісімнің күшіне енуі күніне» жасалған кез келген сілтеме осы Келісімнің 4 және 5-тармақтарына сәйкес ол уақытша қолданылатын күнге жататын ретінде де ұғынылады.

7. 1995 жылғы 23 қаңтарда Брюссельде қол қойылған және 1999 жылғы 1 шілдеден бастап қолданылатын, Бір жағынан, Қазақстан Республикасы мен екінші жағынан, Еуропалық Қоғамдастықтардың және оларға мүше мемлекеттердің арасындағы әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісімнің қолданысы осы Келісім күшіне енгеннен кейін тоқтатылады.

Осы Келісімнің уақытша қолдануы 1995 жылғы 23 қаңтарда Брюссель қаласында қол қойылған және 1999 жылғы 1 шілдеден бастап қолданылатын, Бір жағынан, Қазақстан Республикасы мен екінші жағынан, Еуропалық Қоғамдастықтардың және оларға мүше мемлекеттердің арасындағы әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісімнің ережелерін қамтымайтын шамада, сол ережелердің осы Келісімнің уақытша қолдану кезінде қолданылуы жалғасады.

8. Осы Келісім 7-тармақта аталған келісімді ауыстырады. Тараптар арасындағы барлық басқа шарттардағы көрсетілген келісімге жасалған сілтемелер осы Келісімге қатысы бар ретінде түсіндіріледі.

9. Осы Келісім кез келген Тарап дипломатиялық арналар арқылы екінші Тарапқа жіберген жазбаша хабарлама арқылы оның қолданысын тоқтату мүмкіндігі беріле отырып, шектелмеген мерзімге жасалады. Қолданысын тоқтату Тараптардың бірі осы Келісімнің қолданысын тоқтату туралы хабарламаны алғаннан кейін алты ай өткен соң күшіне енеді. Қолданысты мұндай тоқтату хабарлама алынғанға дейін осы Келісім бойынша басталған ағымдағы жобаларға қатысты болмайды.

10. Кез келген Тарап дипломатиялық арналар бойынша екінші Тарапқа жіберген жазбаша хабарлама арқылы уақытша қолдануды тоқтата алады. Уақытша қолдануды тоқтату Тараптардың бірі осы Келісімнің уақытша қолданылуын тоқтату туралы хабарламаны алғаннан кейін алты айдан соң күшіне енеді. Мұндай уақытша қолдануды тоқтату хабарлама алынғанға дейін осы Келісім бойынша басталған ағымдағы жобаларға қатысты болмайды.

## **282-БАП**

Тараптар арасындағы осы Келісімнің қолданылу аясына жататын ынтымақтастықтың жекелеген салаларындағы қолданыстағы халықаралық шарттар осы Келісімде реттелетін олардың жалпы екіжақты қатынастарының бір бөлігі болып саналады және жалпы институционалдық базаның бөлігін құрайды.

## **283-БАП**

1. Тараптар өзара келісім бойынша ынтымақтастық деңгейін арттыру мақсатында осы Келісімге өзгерістер енгізуі, оны қайта қарауы және кеңейтуі мүмкін.

2. Тараптар өздерінің арасында осы Келісімнің қолданылу аясына жататын кез келген салада жекелеген халықаралық шарттар жасасу арқылы оны толықтыра алады. Тараптар арасындағы мұндай жекелеген халықаралық шарттар осы Келісімде реттелетін олардың жалпы екіжақты қатынастарының ажырамас бөлігі болып табылады және жалпы институционалдық базаның бөлігін құрайды.

## **284-БАП**

### **Қосымшалар мен хаттамалар**

Осы Келісімге қосымшалар мен хаттамалар оның ажырамас бөлігі болып табылады.

## **285-БАП**

### **Тараптарды айқындау**

Осы Келісімнің мақсаттары үшін «Тараптар» термині, бір жағынан, Қазақстан Республикасын және екінші жағынан, өздерінің тиісті өкілеттіктеріне сәйкес Еуропалық Одақты немесе оған мүше мемлекеттерді немесе Еуропалық Одақты және оған мүше мемлекеттерді білдіреді.

## **286-БАП**

### **Аумақтық қолданылуы**

Осы Келісім Қазақстан Республикасының аумағына және Еуропалық Одақ туралы шарт пен Еуропалық Одақтың жұмыс істеуі туралы шарт және осы шарттарда көзделген талаптарға сәйкес қолданылатын аумақтарға қолданылады.

## **287-БАП**

### **Теңтүпнұсқалы мәтіндер**

Осы Келісім қазақ, орыс, ағылшын, болгар, мажар, голланд, грек, дат, испан, италия, латыш, литва, мальта, неміс, поляк, португал, румын, словак, словен, фин, француз, хорват, чех, швед және эстон тілдерінде екі данада жасалды әрі барлық мәтіндердің күші біредей.

Осыны куәландіру үшін тиісті өкілдер осы Келісімге қол қойды.

## **I ҚОСЫМША**

### **46-БАПҚА СӘЙКЕС АЛЫП ҚОЮЛАР**

#### **А. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЛЫП ҚОЮЛАРЫ**

Қазақстан Республикасы ұлттық режим бойынша міндеттемелерге сәйкес келмейтін кез келген шараны төменде көрсетілген тәртіппен сақтау немесе белгілеу құқығын өзіне қалдырады:

1. Жер қойнауын пайдалану секторы

1.1. Қазақстан Республикасындағы жер қойнауын пайдалану Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы (яғни еншілес компания) нысанында құрылуды талап

е т е д і .

1.2. Мемлекеттің жер қойнауын пайдалану құқығын (немесе оның бір бөлігін) және/немесе жер қойнауын пайдалану құқықтарымен байланысты объектіні алуға басым құқығы бар .

## 2. Стратегиялық ресурстар мен объектілер

Қазақстан Республикасы Еуропалық Одақтың жеке немесе заңды тұлғалары бақылайтын заңды тұлғаларға және олардың Қазақстан Республикасы аумағында құрылған филиалдарына, егер Қазақстан Республикасында стратегиялық ресурстарды пайдалану және/немесе стратегиялық объектілерді сатып алу құқықтарының сол бір елдердің бір тұлғасының немесе тұлғалар тобының қолында шоғырлануына алып келуі мүмкін болса, Қазақстан Республикасында мұндай пайдалану немесе сатып алу бойынша мәмілелер жасасуға рұқсат беруден бас тарта алады. Осы шартты сақтау Қазақстан Республикасының тиісті заңнамасында айқындалған үлестес тұлғаларға катысты да міндетті болып табылады<sup>1</sup>. Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік мүдделерінде Қазақстан Республикасының стратегиялық ресурстары мен объектілеріне меншік құқығына және меншік құқығын беруге шектеулер белгілей алады.

## 3. Жылжымайтын мүлік

3.1. Ауыл шаруашылығын/ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу немесе орман шаруашылығын жоспарлау мақсаттары үшін пайдаланылатын жер Еуропалық Одақтың жеке немесе заңды тұлғалары бақылайтын заңды тұлғалардың және олардың Қазақстан Республикасы аумағында құрылған филиалдарының жеке меншігінде бола алмайды. Еуропалық Одақтың жеке немесе заңды тұлғалары бақылайтын заңды тұлғаларға және олардың Қазақстан Республикасы аумағында құрылған филиалдарына ұзарту мүмкіндігімен он жылға дейінгі мерзімге ауыл шаруашылығын/ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу мақсаттары үшін уақытша жер пайдалану құқығы берілуі мүмкін.

3.2. Еуропалық Одақтың жеке немесе заңды тұлғалары бақылайтын заңды тұлғалары және олардың Қазақстан Республикасының аумағында құрылған филиалдары үшін Қазақстан Республикасының шекара маңы аймағында, шекара маңы аумағында және теңіз порттарында орналасқан жер учаскелерін жеке иеленуіне тыйым салынады .

3.3. Еуропалық Одақтың жеке немесе заңды тұлғалары бақылайтын заңды тұлғалары және олардың Қазақстан Республикасының аумағында құрылған филиалдары үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасына іргелес жатқан ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін жалға алу шектелген.

3.4. Еуропалық Одақтың жеке немесе заңды тұлғалары бақылайтын заңды тұлғаларға және олардың Қазақстан Республикасының аумағында құрылған филиалдарына тұрақты жер пайдалану құқығы берілмейді.

4.1. Қазақстан Республикасының егемендігіне немесе оның юрисдикциясына жататын теңіз және ішкі суларындағы биологиялық ресурстарға және балық аулау орындарына қол жеткізу және оларды пайдалану, егер өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының туын көтеріп жүзетін және Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген балық аулау кемелері үшін шектеледі. Еуропалық Одақтың заңды тұлғаларының Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы нысанында құрылған еншілес компанияларына тиесілі балық аулау кемелеріне Қазақстан Республикасының туын көтеріп жүзуге тыйым салынбайды.

4.2. Белгілі бір салада немесе су аймағында жануарлар әлемін пайдалану құқығын беру кезінде Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына басымдық беріледі.

5. Лицензиялау мақсаттары үшін құруды талап ету

Халық денсаулығына қауіпсіздікке немесе ұлттық қауіпсіздікке байланысты маңызды себептер бойынша лицензиялануға жататын тауарларды өндіретін компаниялар Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы нысанында құрылады.

6. Континенттік қайраң

Қазақстан Республикасының континенттік қайраңы шегінде шектеулер енгізілуі мүмкін.

-----  
<sup>1</sup>«Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415 Қазақстан Республикасының Заңының 64-бабы және «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» 1998 жылғы 22 сәуірдегі № 220-І Қазақстан Республикасының Заңының 12-бабы

## **В. ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ АЛЫП ҚОЮЛАРЫ**

Еуропалық Одақ қолданылуына қарай мүше мемлекеттер бойынша ерекшеленетін ұлттық режим бойынша міндеттемелерге сәйкес келмейтін кез келген шараны төменде көрсетілгендей сақтау немесе белгілеу құқығын өзіне қалдырады.

1. Тау-кен өндіру және мұнай мен табиғи газды өндіруді қоса алғанда, ашық өндіру

Еуропалық Одаққа кейбір мүше мемлекеттерде шектеулер қолданылуы мүмкін; Еуропалық Одақ Қазақстан Республикасының жеке немесе заңды тұлғалары бақылайтын, үлесіне Еуропалық Одақ мұнайы немесе табиғи газы импортының 5%-дан астамы тиесілі заңды тұлғаларға қатысты шектеулерді қолдана алады.

2. Мұнай өнімдері, газ, электр энергиясы, бу, ыстық су және жылу өндірісі

Еуропалық Одақтың кейбір мүше мемлекеттерінде шектеулер қолданылуы мүмкін; Еуропалық Одақ Қазақстан Республикасының жеке немесе заңды тұлғалары бақылайтын, үлесіне Еуропалық Одақтың мұнайы немесе табиғи газы импортының 5%-дан астамы тиесілі заңды тұлғаларға қатысты шектеулерді қолдана алады.

3. Балық аулау

Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттердің егемендігіне немесе юрисдикциясына

жататын теңіз суларындағы биологиялық ресурстарға және балық аулау орындарына қол жеткізу және оларды пайдалану, егер өзгеше көзделмесе, Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттің туын көтеріп жүзетін және Еуропалық Одақтың аумағында тіркелген балық аулау кемелері үшін шектеледі.

4. Жерді қоса алғанда, жылжымайтын мүлікті иемдену

Еуропалық Одаққа кейбір мүше мемлекеттерде Қазақстан Республикасының жеке немесе заңды тұлғалары бақылайтын заңды тұлғалардың жерді қоса алғанда, жылжымайтын мүлікті иемденуіне шектеулер қолданылуы мүмкін.

5. Аң аулауды қоса алғанда, ауыл шаруашылығы

Еуропалық Одаққа кейбір мүше мемлекеттерде Қазақстан Республикасының жеке немесе заңды тұлғалары бақылайтын, ауыл шаруашылығы кәсіпорнын құруға ниеті бар заңды тұлғаларға қатысты ұлттық режим қолданылмайды; Қазақстан Республикасының жеке немесе заңды тұлғалары бақылайтын заңды тұлғалардың жүзімдіктерді иемденуі хабарлауға немесе қажет болған жағдайда рұқсат алуға жатады.

6. Балық өсіру қызметі

Еуропалық Одақ аумағында балық өсіру қызметіне ұлттық режим қолданылмайды.

7. Ыдырайтын немесе синтездік материалдарды немесе олар алынған материалдарды өндіру және қайта өңдеу

Еуропалық Одаққа кейбір мүше мемлекеттерде шектеулер қолданылуы мүмкін.

## II ҚОСЫМША

### 48-БАПТЫҢ 2-ТАРМАҒЫНА СӘЙКЕС ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚОЛДАНАТЫН ШЕКТЕУЛЕР

Көрсетілетін қызметтерге байланысты емес секторға ішкі корпоративтік ауысуларды (ІКА) тартатын Еуропалық Одақтың заңды тұлғасы тауарларды өндірумен айналысуға тиіс<sup>1</sup>.

ІКА-ны менеджерлер мен мамандар ретінде жұмысқа тұрғызу экономикалық орындылыққа арналған тестің талаптарына сәйкес келеді<sup>2</sup>. Қазақстан Республикасы ДСҰ-ға кіргеннен кейін 5 жылдық кезең өткен соң экономикалық орындылыққа арналған тест қолданылмайды<sup>3</sup>.

ІКА саны әрбір санат шегінде кем дегенде үш адамды құрайтын персоналы бар компанияларда басшылардың, менеджерлердің және мамандардың жалпы санының 50% - ы мен шектеледі.

Тараптың ІКА келуі мен уақытша болуына уәкілетті органның жыл сайын беретін рұқсаттары негізінде үш жылға дейінгі мерзімге рұқсат етіледі.

-----

<sup>1</sup>Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар шеңберінде ІКА-ны тарту, Қазақстан Республикасының ДСҰ-ға қосылуы туралы хаттамаға сәйкес жүзеге асырылатын болады.

<sup>2</sup>Жұмыс істеуге рұқсат құзыретті органның дерекқорында лайықты кандидаттарды іздеу аяқталып, бұқаралық ақпарат құралдарында бос лауазымдар туралы хабарлама жарияланғаннан кейін ғана беріледі. Аталған рәсімдер бір айдан аспайтын уақыт алады. ІКА-ға рұқсат, егер компания өзінің талаптарына сәйкес келетін жергілікті үміткерді анықтамаса, аталған рәсімдер аяқталғаннан кейін ғана беріледі.

<sup>3</sup>Келуге, болуға және жұмыс істеуге қатысты басқа қалған талаптардың, заңдар мен нормативтік құқықтық актілердің қолданылуы жалғастырылады.

### **III ҚОСЫМША**

## **III БӨЛІМНІҢ (САУДА ЖӘНЕ КӘСПКЕРЛІК) 8-ТАРАУЫНЫҢ (МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ) ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ**

### **1-БӨЛІК**

#### **Сатып алуына ережелер қолданылатын орталық мемлекеттік органдар**

Осы Келісімнің 120-бабы 2-тармағының (с) тармақшасында аталған шекті мәндер:  
Құрылыс қызметтерін қоспағанда (осы қосымшаның 4 және 5-бөліктері), тауарлар мен көрсетілетін қызметтер үшін 300 000 арнайы қарыз алу құқықтары (АҚҚ)  
Құрылыс қызметтері үшін (осы қосымшаның 6-бөлігі) 7 миллион АҚҚ

Қазақстан Республикасына қатысты:

- Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі
  - Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі
  - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі
  - Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі
  - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі
- Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі
  - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
  - Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
  - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
  - Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі
- Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас



жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі  
- Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық  
Е с к е р т у .

Жоғарыда көрсетілген мемлекеттік органдар үшін сатып алу рәсімін ұйымдастыруды және жүргізуді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған бір ұйым жүзеге асыра алады.

Е у р о п а л ы қ О д а қ қ а қ а т ы с т ы :

ДСҰ-ның мемлекеттік сатып алу жөніндегі келісімінің 1-тіркемесіне Еуропалық Одақтың 1-қосымшасында санамаланған Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттердің орталық мемлекеттік органдары. Осы Келісімнің III Бөлімі (Сауда және кәсіпкерлік) 8-тарауының (Мемлекеттік сатып алу) қолданылу аясы осы тізімдегі (\*) жұлдызшамен белгіленген мекемелерді және онда аталған қорғаныс министірліктерін қамтымайды.

Е с к е р т у .

Сатып алушы ұйымдардың тізімі, жеке құқықтық субъектілігі болмаған жағдайда, Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттің кез келген саналаманған сатып алушы ұйымының кез келген бағынысты мекемесін де қамтиды.

## **2-БӨЛІК**

### **Сатып алуына ережелер қолданылатын өңірлік және жергілікті мемлекеттік органдар**

Осы Келісімнің 120-бабы 2-тармағының (с) тармақшасында аталған шекті мәндер:  
Құрылыс қызметтерін қоспағанда (осы Қосымшаның 4 және 5-бөліктері), тауарлар мен көрсетілетін қызметтер үшін 400 000 арнайы қарыз алу құқықтары (АҚҚ)  
Құрылыс қызметтері үшін (осы қосымшаның 6-бөлігі) 7 миллион АҚҚ

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н а қ а т ы с т ы :

- Алматы облысының әкімдігі
- Атырау облысының әкімдігі
- Ақтөбе облысының әкімдігі
- Ақмола облысының әкімдігі
- Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі
  - Жамбыл облысының әкімдігі
- Батыс Қазақстан облысының әкімдігі
  - Қарағанды облысының әкімдігі
  - Қызылорда облысының әкімдігі
  - Қостанай облысының әкімдігі
  - Маңғыстау облысының әкімдігі
  - Павлодар облысының әкімдігі
- Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі

- Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі
  - Астана қаласының әкімдігі
  - Алматы қаласының әкімдігі
- Е с к е р т у .

Жоғарыда көрсетілген мемлекеттік органдар үшін сатып алу рәсімдерін ұйымдастыруды және жүргізуді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған бір ұйым жүзеге асыра алады.

Е у р о п а л ы қ      О д а қ қ а      қ а т ы с т ы :

Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттердің барлық өңірлік мемлекеттік органдары

Е с к е р т у .

Осы Келісімнің мақсаттары үшін «өңірлік мемлекеттік органдар» Статистика үшін аумақтық бірліктердің жалпы сыныпталуын (NUTS) белгілеу туралы Еуропалық Парламенттің және Кеңестің 2003 жылғы 26 мамырдағы № 1059/2003 (ЕО) регламентінде аталған<sup>1</sup>, 1 және 2 Аумақтық бірліктердің номенклатурасына (NUTS) жататын әкімшілік бірліктердің сатып алушы ұйымдары ретінде түсіндіреді.

-----  
<sup>1</sup>Еуропалық Одақтың ресми журналы (ОЖЕУ L154, 21.6.2003, 1 б.)

### 3-БӨЛІК

#### Сатып алуына ережелері қолданылатын барлық қалған мекемелер

(жоқ)

### 4-БӨЛІК

#### Қамтылатын тауарлар

Қазақстан Республикасына және Еуропалық Одаққа қатысты:

1. Егер осы Келісімде өзгеше көзделмесе, осы Келісім осы қосымшаның 1-3-бөліктерінде санамаланған ұйымдар сатып алатын барлық тауарларды сатып алуға қ о л д а н ы л а д ы .

2. Осы Келісімнің 137-бабында аталған тауарлардың тізбесі:

Мына кестеде көзделген Дүниежүзілік кеден ұйымының Тауарлар сипаттамасы мен кодталуының үйлестірілген жүйесі (ҮЖ) номенклатурасы кодтарының нөмірлері осы Келісімнің 137-бабында аталған тауарларды айқындайды. Сипаттама тек ақпарат үшін беріледі.

№	ҮЖ коды	Тауар тобы
1	0401-0402	Сүт және кілегей
2	0701-0707	Жеуге болатын кейбір көкөністер
3	2501-2530	Минералды металл емес басқа бұйымдар

4	2801-2940	Белгілі бір химиялық заттар мен өнімдер
5	3101-3826	Белгілі бір химиялық заттар мен өнімдер
6	3917	Пластмассадан жасалған құбырлар, түтікшелер, шлангтер және олардың фитингтері
7	4801	Орамдардағы немесе парақтардағы газет қағазы
8	4803	Дәретханалық қағаз сулықтары немесе бет сүртуге арналған сулықтар, сүлгілер немесе жаялықтар және шаруашылық-тұрмыстық немесе санитариялық-гигиеналық мақсаттардағы қағаздың басқа да түрлері
9	5101-6006	Тоқыма материалдары мен тоқыма бұйымдары
10	7201-8113	Бағалы емес металдар мен бағалы емес металдардан жасалған бұйымдар
11	8201-8311	Машиналар мен жабдықтардан басқа, металдан жасалған дайын бұйымдар
12	8429	Бұрылмайтын және бұрылатын қайырмасы бар бульдозерлер, грейдерлер, тегістегіштер, скреперлер, механикалық күректер, экскаваторлар, бір шөмішті тиеуіштер, тығыздау машиналары мен өздігінен жүретін жол тегістейтін тығыздағыштар
13	8501-8517	Белгілі бір машиналар мен жабдықтар
14	8535-8548	Белгілі бір электр жабдықтары
15	870130	Шынжыр табанды тракторлар
16	870190	8701-дегі басқа да тракторлар (8709 тауар позициясындағы тракторлардан басқа)
17	8702	Жүргізушіні қоса алғанда, 10 немесе одан көп адамды тасымалдауға арналған моторлы көлік құралдары
18	8703	Жүк-жолаушы автомобиль-фургондары мен жарыс автомобильдерін қоса алғанда, жеңіл автомобильдер және негізінен адамдарды тасымалдауға арналған өзге де моторлы көлік құралдары (8702 тауар позициясындағы моторлы көлік құралдарынан басқа)
19	8704	Жүк тасымалдауға арналған моторлы көлік құралдары
20	8705	Жолаушыларды немесе жүктерді тасымалдау үшін пайдаланылатындардан басқа, арнайы мақсаттағы моторлы көлік құралдары (мысалы, авариялық жүк автомобильдері, автокрандар, өрт сөндіру көлік құралдары, автобетон-араластырғыштар, жол тазалауға арналған автомобильдер, су себу-жуу автомобильдері, автошеберханалар, рентген қондырғылары бар автомобильдер)
21	8716	Тіркемелер мен жартылай тіркемелер; өзге де өздігінен жүрмейтін көлік құралдары; олардың бөлшектері
22	8802	Тікұшақтар мен ғарыш аппараттары
23	940350	Ұйықтайтын төсек үлгісіндегі ағаш жиһазы
24	9405	Шамдар мен жарықтандыру жабдығы

## 5-БӨЛІК

### Қамтылатын көрсетілетін қызметтер

Қазақстан Республикасына және Еуропалық Одаққа қатысты:  
Осы Келісім осы қосымшаның 1-3-бөліктерінде санамалаған ұйымдардың ДСҰ (

MTN.GNS/W/120) көрсетілетін қызметтері секторларының Сыныптау тізімінде<sup>1</sup> қамтылғандай БҰҰ-ның негізгі өнімнің Алдын ала жасалған жіктемесінің (НӨЖ) 51-бөліміне сәйкес айқындалған мынадай көрсетілетін қызметтерді сатып алуына қолданылады:

Сипаттама	НӨЖ №
Телекоммуникациялық көрсетілетін қызметтер	752 <sup>2</sup>
Қаржылық аудиторлық көрсетілетін қызметтер	86211
Бухгалтерлік аудиторлық көрсетілетін қызметтер	86212
Нарықты зерттеу жөніндегі көрсетілетін қызметтер	86401
Басқару саласындағы консультациялық қызметтер	865
Басқару саласындағы консультациялық қызметке байланысты көрсетілетін қызметтер	866 <sup>3</sup>
Сәулет саласындағы көрсетілетін қызметтер	8671
Инженерлік көрсетілетін қызметтер	8672
Кешенді инженерлік көрсетілетін қызметтер	8673
Қала құрылысы және ландшафты жобалау жөніндегі көрсетілетін қызметтер	8674
Шектес ғылыми және техникалық салалардағы консультациялық қызметтер	8675 <sup>4</sup>

<sup>1</sup>Сатып алушы ұйымдар заңда, нормативтік құқықтық актіде немесе әкімшілік ережеде белгіленген эксклюзивті құқыққа сәйкес басқа ұйымнан сатып алуға міндетті көрсетілетін қызметтерді қоспағанда.

<sup>2</sup>Қазақстан Республикасына қатысты, ҚҚСБК бойынша Қазақстан Республикасының Ерекше міндеттемелері тізбесінде көзделген телекоммуникациялық қызметтер көрсетуге лицензиясы бар Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына шетелдік спутниктік байланыс операторлары көрсететін қызметтерді қоспағанда, спутниктік байланысты қоса алғанда, жергілікті телекоммуникациялық қызметтерді және радиокommуникациялық қызметтерді қоспағанда.

<sup>3</sup>Төрелікті және татуластыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді қоспағанда.

<sup>4</sup>Шекара белгілеу, аэротүсірілім және аэрокартография мақсатында жер бетін зерделеуді қоспағанда және ҚҚСБК бойынша Қазақстан Республикасының Ерекше міндеттемелері тізбесінде көзделген НӨЖ 86754 қоспағанда.

Е с к е р т у :

Қамтылатын көрсетілетін қызметтерге ҚҚСБК бойынша әрбір Тараптың Ерекше міндеттемелері тізбесінде белгіленген шектеулер мен талаптар қолданылады.

## 6-БӨЛІК

### Қамтылатын құрылыс қызметтері

Қазақстан Республикасына және Еуропалық Одаққа қатысты:  
Осы Келісім осы қосымшаның 1-3-бөліктерінде санамаланған ұйымдардың НӨЖ-де санамаланған барлық құрылыс қызметтерін сатып алуына қолданылады.

Е с к е р т у .

Қамтылатын көрсетілетін қызметтерге КҚСБК бойынша әрбір Тараптың Ерекшелік міндеттемелері тізбесінде белгіленген шектеулер мен талаптар қолданылады.

## 7-БӨЛІК

### Жалпы ескертулер

Қазақстан Республикасына қатысты:

1. Осы Келісімнің III Бөлімінің (Сауда және кәсіпкерлік) 8-тарауы (Мемлекеттік с а т ы п а л у ) м ы н а л а р д ы :

(a) азық-түлік қауіпсіздігі мақсаттары үшін сатып алуды қоса алғанда, ауыл шаруашылығын қолдау бағдарламаларына және адамзаттың тамақтану бағдарламаларына (мысалы, азық-түліктік көмек көрсету, оның ішінде жедел ізгілік көмекті қоса алғанда) жәрдемдесу мақсатында жүзеге асырылатын ауыл шаруашылығы ө н і м д е р і н с а т ы п а л у д ы ;

(b) хабар таратушылардың бағдарламалық материалдарды иемденуі, әзірлеуі, шығаруы немесе бірлесіп шығаруы мақсатында сатып алуды және эфирлік уақытқа а р н а л ғ а н к е л і с і м ш а р т т а р д ы ;

(c) «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі № 303-III Заңның 41-бабының 3-тармағына сәйкес мәліметтері мемлекеттік құпияны құрайтын тауарларды, көрсетілетін қызметтерді с а т ы п а л у д ы ;

(d) ғарыш кеңістігін бейбіт мақсатта зерделеу және зерттеу саласындағы сатып алуды, ғарыш қызметі саласында бірлескен жобалар мен бағдарламаларды іске асыру кезіндегі х а л ы қ а р а л ы қ ы н т ы м а қ т а с т ы қ т ы ;

(e) тек табиғи монополиялар немесе мемлекеттік монополиялар беретін тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді с а т ы п а л у д ы ; немесе

(f) егер осы қосымшаның 5-бөлігінде өзгеше көзделмесе, қаржылық көрсетілетін қызметтерді с а т ы п а л у д ы қ а м т ы м а ы д ы .

2. Осы Келісімнің III Бөлімінің (Сауда және кәсіпкерлік) 8-тарауы (Мемлекеттік сатып алу) шағын бизнестің немесе аз ұлттар өкілдерінің иелігіндегі кәсіпорындардың немесе мүмкіндіктері шектеулі адамдарды жалдайтын кәсіпорындардың пайдасына кез келген резервтік шараға қолданылмайды. Резервтік шара тауарды немесе көрсетілетін қызметті беруге айрықша құқық сияқты преференциялардың кез келген нысанын немесе баға бойынша кез келген преференцияны білдіреді.

3. Осы Келісімнің III Бөлімінің (Сауда және кәсіпкерлік) 8-тарауы (Мемлекеттік сатып алу) сатып алуына ережелер қолданылмайтын ұйымның атынан сатып алуына

ережелер қолданылатын ұйым жүзеге асыратын сатып алуға қолданылмайды.

4. Сатып алушы ұйымдардың осы Келісімде өздерінен-өзі қамтылмаған тауарлардың немесе көрсетілетін қызметтердің бөліктерін сатып алуы қамтылатын сатып алу ретінде қарастырылмайды.

5. Осы қосымшаның 1 және 2-бөліктерінде көрсетілген сатып алушы ұйымдардың ауыз су, энергетика, көлік және пошта секторы саласындағы қызметке байланысты сатып алуы, егер осы қосымшаның 3-бөлігінде қамтылмаса, осы Келісімде қамтылмайды.

Еуропалық Одаққа қатысты:

1. Осы Келісімнің III Бөлімінің (Сауда және кәсіпкерлік) 8-тарауы (Мемлекеттік сатып алу) мыналарды:

(а) ауыл шаруашылығын қолдау бағдарламаларына және адамзаттың тамақтану бағдарламаларына (мысалы, азық-түліктік көмек көрсету, оның ішінде жедел ізгілік көмек) жәрдемдесу мақсатында жүзеге асырылатын ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алуды; және

(б) хабар таратушылардың бағдарламалық материалдарды иемденуі, әзірлеуі, шығаруы немесе бірлесіп шығаруы үшін сатып алуды және эфирлік уақытқа арналған келісімшарттарды қамтымайды.

2. Осы қосымшаның 1 және 2-бөліктерінде көрсетілген сатып алушы ұйымдардың ауыз су, энергетика, көлік және пошта секторы саласындағы қызметке байланысты сатып алуы, егер осы қосымшаның 3-бөлігінде қамтылмаса, осы Келісімде қамтылмайды.

3. Аланд аралдарына қатысты Аустрия, Финляндия және Швецияның Еуропалық Одаққа кіруі туралы шартқа Аланд аралдары туралы № 2 Хаттаманың ерекше талаптары қолданылады.

4. Қорғаныс және қауіпсіздік саласындағы ұйымдардың сатып алуына қатысты қамтылатын сатып алулар сезімтал емес және әскери емес материалдар болып табылатын тауарлармен шектеледі.

5. Сатып алушы ұйымдардың осы Келісімде өздерінен-өзі қамтылмайтын тауарлардың немесе көрсетілетін қызметтердің бөліктерін сатып алуы қамтылатын сатып алу ретінде қарастырылмайды.

## IV ҚОСЫМША

### III БӨЛІМНІҢ (СУДА ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК) 8-ТАРАУЫНА (МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ) СӨЙКЕС САТЫП АЛУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ ЖӘНЕ ХАБАРЛАНДЫРУЛАРДЫ ЖАРИЯЛАУҒА АРНАЛҒАН БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ

#### 1-БӨЛІК

Сатып алу туралы ақпаратты жариялауға арналған  
бұқаралық ақпарат құралдары

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА қатысты:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы сайты:

<http://goszakup.gov.kz>

Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі

<http://adilet.zan.kz>

ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚҚА қатысты:

Еуропалық Одақтың ресми журналы

<http://simap.europa.eu>

БЕЛЬГИЯ

Заңдар, король жарлықтары, министрлік шешімдері, министрлік құжаттары  
- le Moniteur Belge

Сот практикасы - Pasicrisie

БОЛГАРИЯ

Заңдар және нормативтік құқықтық актілер - Държавен вестник  
(Мемлекеттік газет)

Сот шешімдері - [www.sac.government.bg](http://www.sac.government.bg)

Жалпыға бірдей қолданылатын әкімшілік қағидалары мен кез келген  
рәсімдер - [www.aop.bg](http://www.aop.bg) және [www.cpc.bg](http://www.cpc.bg)

ЧЕХ РЕСПУБЛИКАСЫ

Заңдар мен нормативтік құқықтық актілер - Sbírka zákonů České republiky  
(Чех Республикасы заңдарының жинағы)





Бәсекелестікті қорғау жөніндегі басқарма қаулылары - Collection of Rulings of the Office for the Protection of Competition

#### ДАНИЯ

Заңдар және нормативтік құқықтық актілер - Lovtidende

Сот шешімдері - Ugeskrift for Retsvaesen

Әкімшілік қағидалар мен рәсімдер - Ministerialtidende

Мемлекеттік сатып алу жөніндегі апелляциялық кеңестің қаулылары - Konkurrenterådets Dokumentation

#### ГЕРМАНИЯ

Заңнама және нормативтік құқықтық актілер - Bundesanzeiger

Сот шешімдері - Entscheidungssammlungen des Bundesverfassungsgerichts, Bundesgerichtshofs, Bundesverwaltungsgerichts, Bundesfinanzhofs sowie der Oberlandesgerichte

#### ЭСТОНИЯ

Заңдар, нормативтік құқықтық актілер және жалпыға бірдей қолданылатын әкімшілік қағидалар - Riigi Teataja

Эстония Жоғарғы сотының сот шешімдері - Riigi Teataja (3-бөлік)

#### ИРЛАНДИЯ

Заңнама және нормативтік құқықтық актілер - Iris Oifigiúil (Ирландия Үкіметінің ресми газеті)

#### ГРЕКИЯ

Грек Республикасының ресми журналы - Εφημερίδα της Κυβερνήσεως της Ελληνικής Δημοκρατίας

#### ИСПАНИЯ

Заңнама - Boletín Oficial del Estado

Сот қаулылары - ресми жарияланбайды

#### ФРАНЦИЯ

Заңнама - Journal Officiel de la République française

Сот практикасы - Recueil des arrêts du Conseil d'Etat

Deuxième partie des décisions des tribunaux administratifs



## ХОРВАТИЯ

Narodne novine (ресми газет) - <http://www.nn.hr>

## ИТАЛИЯ

Заңнама - Gazzetta Ufficiale

Сот практикасы - ресми жарияланбайды

## КИПР

Заңнама - Кипр Республикасының ресми газеті (Επίσημη Γραμμερία τ  
Δημοκρατίας)

Сот шешімдері: Жоғарғы Биік Сот шешімдері - Баспах  
(Αποφάσεις Ανωτάτου Δικαστηρίου 1999 - Τυπογραφείο της Δημοκρατίας)

## ЛАТВИЯ

Заңнама - "Latvijas Vēstnesis" (Ресми газет)

## ЛИТВА

Заңдар, нормативтік құқықтық актілер, әкімшілік ережелер - "Valstyb  
Žinios" (Литва Республикасының ресми газеті)

Сот шешімдері, сот практикасы - Литва Жоғарғы сотының бюллетені  
"Teismų praktika"; Литва Әкімшілік сотының бюллетені "Administracin  
teismų praktika"

## ЛЮКСЕМБУРГ

Заңнама - Memorial

Сот практикасы - Pasicrisie

## МАЖАРСТАН

Заңнама - Magyar Közlöny (Мажарстанның ресми журналы)

Сот практикасы - Közbeszédési Értesítő - a Közbeszerezések Tanácsa

Hivatalos Lapja (Мемлекеттік сатып алу бюллетені - Мемлекеттік сатып а  
жөніндегі кеңестің ресми журналы)

## МАЛЬТА

Заңнама - Government Gazette

**НИДЕРЛАНД**

Заңнама - Nederlandse Staatscourant және/немесе Staatsblad

Сот практикасы - ресми жарияланбайды



## АУСТРИЯ

Заңнама - Österreichisches Bundesgesetzblatt Amtsblatt zur Wiener Zeitung  
Сот шешімдері, сот практикасы - Sammlung von Entscheidungen des  
Verfassungsgerichtshofes Sammlung der Entscheidungen des  
Verwaltungsgerichtshofes - administrativrechtlicher und finanzrechtlicher Teil  
Amtliche Sammlung der Entscheidungen des OGH in Zivilsachen

## ПОЛЬША

Заңнама - Dziennik Ustaw Rzeczypospolitej Polskiej (Зандар журналы  
Польша Республикасы)  
Сот шешімдері, сот практикасы - "Zamówienia publiczne w orzecznictwie  
Wybrane orzeczenia zespołu arbitrówi Sądu Okręgowego w Warszawie"  
(Варшаваның Торелік комиссиялары мен Оңірлік соты шешімдерінің  
жинағы)

## ПОРТУГАЛИЯ

Заңнама - Diário da República Portuguesa 1a Série A e 2a série  
Заң жарияланымдары - Boletim do Ministério da Justiça  
Colectânea de Acordos do Supremo Tribunal Administrativo;  
Colectânea de Jurisprudencia das Relações

## РУМЫНИЯ

Зандар және нормативтік құқықтық актілер - Monitorul Oficial al României  
(Румынияның ресми журналы)  
Сот шешімдері, жалпыға бірдей қолданылатын әкімшілік қағидалар және  
кез келген рәсімдер - [www.anrmar.ro](http://www.anrmar.ro)

## СЛОВЕНИЯ

Заңнама - Official Gazette of the Republic of Slovenia  
Сот шешімдері - ресми жарияланбайды

## СЛОВАКИЯ

Заңнама - Zbierka zákonov (Зандар жинағы)  
Сот шешімдері - ресми жарияланбайды

## **ФИНЛЯНДИЯ**

Suomen Säädoskokoelma - Finlands Författningssamling (Финляндия заңнамалық актілерінің жинағы)

## **ШВЕЦИЯ**

Svensk Författningssamling (Швеция заңнамалық актілерінің жинағы)

## **ҰЛЫБРИТАНИЯ**

Заңнама - Ұлыбританияның жария ақпарат кеңсесі (HM Stationery Office)

Сот практикасы - Law Reports

«Мемлекеттік органдар» - Ұлыбританияның жария ақпарат кеңсесі (HM Stationery Office)

## **2-БӨЛІК**

Хабарландыруларды жариялауға арналған бұқаралық ақпарат құралдары

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА** қатысты:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы сайты:

<http://goszakup.gov.kz>

**ЕУРОПАЛЫҚ ОДАКҚА** қатысты:

Еуропалық Одақтың ресми журналы

<http://simap.europa.eu>

## **V ҚОСЫМША**

### **III БӨЛІМНІҢ (САУДА ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК)**

### **14-ТАРАУЫНА (ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУ) СӘЙКЕС ТӨРЕЛІК РӘСІМНІҢ ҚАҒИДАЛАРЫ**

Ж а л п ы е р е ж е л е р

1. Осы Келісімнің III Бөлімінің (Сауда және кәсіпкерлік) 14-тарауында (Дауларды реттеу) және осы қағидаларға сәйкес:

(a) «кеңесші» төрелік комиссиядағы талқылауға байланысты Тарапқа консультациялар мен жәрдемдесу үшін осы Тарап жалдаған адамды білдіреді;

(b) «төреші» осы Келісімнің 177-бабына сәйкес құрылған төрелік комиссияның мүшесін білдіреді;

(c) «көмекші» төрешіні тағайындау шарттарына сәйкес зерттеу жүргізетін немесе осы төрешіге көмек көрсететін адамды білдіреді;

(d) «шағым берген Тарап» осы Келісімнің 176-бабы бойынша төрелік комиссияны құруға сұрау салған Тарапты білдіреді;

(e) «өзіне қарсы шағым берілген Тарап» осы Келісімнің 173-бабында көрсетілген ережелерді бұзды деп болжамдалған Тарапты білдіреді;

(f) «төрелік комиссия» осы Келісімнің 177-бабына сәйкес құрылған комиссияны білдіреді;

(g) «Тараптың өкілі» осы Келісім бойынша дау мақсаттары үшін Тарап тағайындаған қызметкерді немесе кез келген басқа да адамды білдіреді;

(h) «күн» күнтізбелік күнді білдіреді;

(i) «жұмыс күні» мемлекеттік мерекеден, сенбіден және жексенбіден басқа, кез келген күнді білдіреді.

2. Тараптар төрешілердің сыйақылары мен шығыстарын қоса алғанда, ұйымдастырушылық мәселелерден туындайтын шығыстарды бөледі.

#### Х а б а р л а м а л а р

3. Консультациялар туралы сұрау салу мен төрелік комиссияны құру туралы сұрау салу екінші Тарапқа электрондық пошта, факс, тапсырысты пошта, курьер немесе олардың жіберілуінің жазылғанын растайтын кез келген басқа да байланыс құралдары арқылы жеткізіледі.

4. Әрбір дау Тарапы және төрелік комиссия, консультациялар туралы сұрау салу мен төрелік комиссияны құру туралы сұрау салудан басқа, кез келген құжатты екінші Тарапқа және тиісті жағдайларда төрешілердің әрқайсысына электрондық пошта және факс, тапсырысты пошта, курьер немесе олардың жіберілуінің жазылғанын растайтын кез келген басқа да байланыс құралдары арқылы жеткізеді. Егер өзгеше дәлелденбесе, электрондық пошта арқылы жіберілген хабарлама оны жіберген күні жеткізілген болып есептеледі. Егер қандай да бір ілеспе құжаттар құпия болып табылса немесе электрондық пошта арқылы жіберу үшін тым үлкен болса, құжатты жіберетін Тарап осы құжатты екінші Тарапқа және тиісті жағдайларда төрешілердің әрқайсысына басқа электрондық форматта бір күн ішінде электрондық пошта арқылы жеткізілуін қамтамасыз ете алады. Мұндай жағдайларда құжатты жеткізетін Тарап электрондық пошта арқылы екінші Тарапқа және тиісті жағдайларда төрешілердің әрқайсысына құжаттың жіберілгені туралы ақпарат береді және оның мазмұнын белгілейді.

5. Барлық хабарламалар тиісінше Қазақстан Республикасының Үкіметіне және Еуропалық Комиссияның Сауда жөніндегі Бас директорына жолданады. Рәсім



қағидаларының 3 және 4-қағидаларына сәйкес осы Келісімнің III Бөлімі (Сауда және кәсіпкерлік) қолданыла бастағаннан бастап 30 күн ішінде Тараптар электрондық байланыс үшін детальдармен алмасады. Тараптар бір-бірін және тиісті жағдайларда төрелік комиссияны электрондық пошта мекенжайларындағы немесе басқа да электрондық байланыс құралдарындағы кез келген өзгерістер туралы кідіріссіз х а б а р д а р е т е д і .

6. Төрелік комиссиядағы талқылауға байланысты кез келген сұрау салудағы, хабарламадағы, жазбаша құжаттағы немесе басқа да құжаттағы елеусіз кеңселік қателер, өзгерістерді нақты көрсете отырып, жаңа құжатты дереу жеткізу арқылы т ү з е т і л у і м ү м к і н .

7. Егер құжатты жеткізудің соңғы мерзімі сенбіге, жексенбіге немесе Қазақстан Республикасының немесе Еуропалық Одақтың мемлекеттік мереке күніне түссе, жеткізудің соңғы мерзімі келесі жұмыс күні болып есептеледі. Егер құжат Тарап үшін демалыс күні сол Тарапқа жеткізілсе, ол келесі жұмыс күні жеткізілген болып есептеледі. Құжатты алу күні оны жеткізу күні болып есептелуге тиіс.

Т ө р е л і к т і ң б а с т а л у ы

8. (a) Егер осы Келісімнің 177-бабына немесе осы Рәсім қағидаларының 19, 20 немесе 47-қағидаларына сәйкес төрелік комиссияның кез келген мүшесі жеребе бойынша таңдалса, онда жеребе шағым берген Тарап айқындаған уақытта және орында өткізіледі және олар туралы өзіне қарсы шағым берілген Тарапқа дереу хабарланады. Өзіне қарсы шағым берілген Тарап, егер ол мұндай шешім қабылдаса, жеребе кезінде қатыса алады. Кез келген жағдайда, жеребе қандай да бір Тараптың/Тараптардың қ а т ы с у ы м е н ө т к і з і л е д і .

(b) Егер осы Келісімнің 177-бабына немесе осы Рәсім қағидаларының 19, 20 немесе 47-қағидаларына сәйкес төрелік комиссияның кез келген мүшесі жеребе бойынша таңдалса және Ынтымақтастық комитетінің онда екі төрағасы болса, екі төраға немесе олардың өкілдері немесе, басқа төраға немесе оның өкілі жеребеге қатыспаған жағдайда, бір төраға жеребені жүзеге асырады.

(c) Тараптар сайланған төрешілерді олардың тағайындалғаны туралы хабардар етеді .

(d) Осы Келісімнің 177-бабында айқындалған рәсімге сәйкес тағайындалған төреші тағайындалғаны туралы хабарланған күннен бастап бес күн ішінде төрелік комиссияның мүшесі ретінде жұмыс істеуге өзінің дайын екенін Ынтымақтастық к о м и т е т і н е р а с т а ы д ы .

(e) Егер дау Тараптары өзгеше уағдаласпаса, Тараптар төрелік комиссия құрылған кезден бастап жеті күн ішінде төрелік комиссиямен жеке не басқа байланыс құралдары арқылы кездесу өткізеді. Тараптар мен төрелік комиссия Тараптар немесе төрелік комиссия орынды деп есептейтін мәселелерді, оның ішінде төрешілерге төленуге жататын сыйақы мен шығыстар мәселелерін айқындайды. Сыйақы мен шығыстар ДСҰ

стандарттарына сәйкес келеді.

9. (а) Егер Тараптар төрешілер таңдалған күннен бастап бес күн ішінде өзгеше уағдаласпаса, төрелік комиссияның міндеттеріне:

*«дау тараптары қолданатын, Келісімнің тиісті ережелері аясында төрелік комиссияны құру туралы сұрау салуда көрсетілген мәселені зерделеу, қаралатын шараның 173-бапта көрсетілген ережелерге сәйкестігі туралы шешім шығару және осы Келісімнің 180, 181, 182 және 195 баптарына сәйкес баяндама жіберу» кіреді.*

(б) Тараптар төрелік комиссияны келісілген тапсырма туралы ол келісілген кезден бастап үш күн ішінде хабардар етуге тиіс.

Б а с т а п қ ы ұ с ы н у л а р

10. Шағым берген Тарап өзінің бастапқы жазбаша ұсынуын төрелік комиссия құрылған күннен кейін 20 күннен кешіктірмей жолдайды. Өзіне қарсы шағым берілген Тарап өзінің жазбаша қарсы ұсынуын бастапқы жазбаша ұсынуды алған күннен кейін 20 күннен кешіктірмей жолдайды.

Т ө р е л і к к о м и с с и я л а р д ы ң ж ұ м ы с ы

11. Төрелік комиссияның төрағасы оның барлық отырыстарында төрағалық етеді. Төрелік комиссия төрағаға әкімшілік және рәсімдік шешімдерді қабылдау өкілеттіктерін бере алады.

12. Егер осы Келісімнің III Бөлімінің (Сауда және кәсіпкерлік) 14-тарауында (Дауларды реттеу) өзгеше көзделмесе, төрелік комиссия өз қызметін кез келген құралдардың, оның ішінде телефон, факсимиль немесе компьютер байланысының көмегімен жүзеге асыра алады.

13. Төрелік комиссияның талқылауларына төрешілер ғана қатыса алады, бірақ төрелік комиссия көмекшілеріне өз талқылауларына қатысуға рұқсат бере алады.

14. Кез келген баяндаманың жобасын жасау төрелік комиссияның айрықша жауапкершілігі болып қалады және басқаларға берілмеуге тиіс.

15. Егер осы Келісімнің III Бөлімінің (Сауда және кәсіпкерлік) 14-тарауының (Дауларды реттеу) ережелерінде және осы Келісімге V-VII қосымшаларда қамтылмайтын рәсімдік мәселе туындаса, төрелік комиссия Тараптармен консультациялар өткізгеннен кейін осы ережелерге үйлесімді тиісті рәсімді қабылдай алады.

16. Егер төрелік комиссия өз талқылаулары үшін, осы Келісімнің III Бөлімінің (Сауда және кәсіпкерлік) 14-тарауында (Дауларды реттеу) белгіленген мерзімдерден басқа, кез келген мерзімді өзгерту немесе кез келген басқа да рәсімдік немесе әкімшілік түзету қажеттілігі бар деп есептесе, ол дау Тараптарына өзгерістердің немесе түзетулердің себептері туралы және қажетті уақыт кезеңі немесе түзетулер туралы жазбаша нысанда ақпарат береді.

А у ы с т ы р у

17. Егер төреші осы Келісімнің III Бөлімінің (Сауда және кәсіпкерлік) 14-тарауына (

Дауларды реттеу) сәйкес төрелік талқылауға қатыса алмаса, одан шықса немесе осы Келісімге VI қосымшада жазылған Мінез-құлық кодексінің талаптарын сақтамауына байланысты ауыстырылуға тиіс болса, ауыстыру осы Келісімнің 177-бабына және осы Рәсім қағидаларының 8-қағидасына сәйкес таңдалады.

18. Егер дау Тарапы төреші Мінез-құлық кодексінің талаптарына сәйкес келмейді және осы себеп бойынша ауыстырылуға тиіс деп есептесе, бұл Тарап даудың екінші Тарапына Мінез-құлық кодексін төрешінің елеулі бұзуы негізінде жатқан мән-жайлар туралы растама алған күннен бастап 15 күн ішінде хабарлама жолдайды.

19. Егер дау Тарапы төрағадан басқа, төреші Мінез-құлық кодексінің талаптарына сәйкес келмейді деп есептесе, дау Тараптары консультациялар өткізеді және егер олар төрешіні ауыстыру қажеттілігі туралы келісімге келсе, осы Келісімнің 177-бабына және осы Рәсім қағидаларының 8-қағидасына сәйкес жаңа төрешіні таңдайды.

Егер дау Тараптары төрешіні ауыстыру қажеттілігі туралы келісімге келмесе, кез келген дау Тарапы төрелік комиссия төрағасына осы мәселені қарауға сұрау сала алады, оның шешімі түпкілікті болып табылады.

Егер осындай сұрау салуға сәйкес төраға төреші Мінез-құлық кодексінің талаптарына сәйкес келмейді деп есептесе, жаңа төреші осы Келісімнің 177-бабына және осы Рәсім қағидаларының 8-қағидасына сәйкес таңдайды.

20. Егер Тарап төрелік комиссия төрағасы Мінез-құлық кодексінің талаптарына сәйкес келмейді деп есептесе, Тараптар консультациялар өткізеді және, егер олар төрағаны ауыстыру қажеттілігі туралы келісімге келсе, осы Келісімнің 177-бабына және осы Рәсім қағидаларының 8-қағидасына сәйкес жаңа Төрағаны таңдайды.

Егер Тараптар төрағаны ауыстыру қажеттілігі туралы келісімге келмесе, Тараптардың кез келгені осы Келісімнің 196-бабының 1-тармағында айтылған төрағалардың кіші тізіміндегі адамдар резервінің қалған мүшелері ішінен біреуінің аталған мәселені қарауы туралы сұрау сала алады. Оның есімін Ынтымақтастық комитетінің төрағасы немесе оның өкілі жеребе бойынша анықтайды. Осындай түрде таңдалған адамның төрағаны ауыстыру қажеттілігі туралы шешімі түпкілікті болып табылады.

Егер осындай түрде таңдалған тұлға қазіргі төраға Мінез-құлық кодексінің талаптарына сәйкес келмейді деп есептесе, ол осы Келісімнің 196-бабының 1-тармағында айтылған төрағалардың кіші тізіміндегі адамдардың қалған резервінен жеребе бойынша жаңа төрағаны таңдайды. Жаңа төрағаны таңдау осы тармақта көрсетілген шешім қабылданған күннен бастап бес күн ішінде жүзеге асырылады.

21. Төрелік комиссияның талқылаулары осы Рәсім қағидаларының 18, 19 және 20-қағидаларында көзделген рәсімдерді орындау үшін қажетті кезеңге тоқтатыла тұрады.

Т ы ң д а у

22. Төрелік комиссия төрағасы дау Тараптарымен және төрелік комиссияның басқа да мүшелерімен консультациялардан кейін тыңдаудың күні мен уақытын

тағайындайды және оны дау Тараптарына жазбаша нысанда растайды. Бұл ақпаратты, егер тыңдау жұртшылық үшін жабық болмаса, сот талқылауын логистикалық әкімшіліктендіруге жауапты Тарап та жариялайды. Егер Тарап қарсы болмаса, төрелік комиссия тыңдауды өткізбеу туралы шешім қабылдай алады.

23. Егер Тараптар өзгеше уағдаласпаса, егер шағым берген Тарап Қазақстан Республикасы болып табылса, тыңдау Брюссельде және егер шағым берген Тарап Еуропалық Одақ болып табылса, Астанада өткізіледі.

24. Егер Тараптар осыған келіссе, төрелік комиссия қосымша тыңдау шақыра алады.

25. Барлық төрешілер кез келген тыңдаулар кезінде қатысады.

26. Мына адамдар талқылаудың жұртшылық үшін ашық немесе жабық екеніне қарамастан, тыңдауға қатыса алады:

(a) дау Тараптарының өкілдері;

(b) дау Тараптарының кеңесшілері;

(c) әкімшілік персонал, ауызша аудармашылар, жазбаша аудармашылар және стенографисттер; және

(d) төрешілердің көмекшілері.

Дау Тараптарының өкілдері мен кеңесшілері ғана төрелік комиссияға жүгіне алады.

27. Тыңдау өткізілетін күнге дейін бес күн бұрыннан кешіктірмей, дау Тарапы төрелік комиссияға тыңдауда осы Тараптың атынан ауызша дәлелдерді келтіретін немесе таныстырылым жасайтын адамдар мен тыңдауға қатысатын басқа да өкілдер немесе кеңесшілер есімдерінің тізімін жолдайды.

28. Төрелік комиссия шағым берген Тарапқа және өзіне қарсы шағым берілген Тарапқа бірдей уақыттың берілуін қамтамасыз ете отырып, тыңдауды мынадай тәртіппен өткізеді:

Дәлел

(a) шағым берген Тараптың дәлелі

(b) өзіне қарсы шағым берілген Тараптың дәлелі

Дәлелді теріске шығару

(a) шағым берген Тараптың дәлелі

(b) өзіне қарсы шағым берілген Тараптың қарсы дәлелі.

29. Төрелік комиссия тыңдау барысында кез келген уақытта кез келген дау Тарапына сұрақ қоя алады.

30. Төрелік комиссия әр тыңдаудың стенограммасын дайындауды және оны мүмкіндігінше қысқа мерзімде дау Тараптарына жеткізілуін қамтамасыз етеді. Дау Тараптары стенограммаға өз түсіндірмелерін бере алады және төрелік комиссия бұл түсіндірмелерді қарай алады.

31. Әрбір дау Тарапы тыңдау өткен күннен бастап он күн ішінде тыңдау кезінде туындаған кез келген мәселе бойынша қосымша жазбаша ұсыну бере алады.

32. Төрелік комиссия талқылау барысында кез келген уақытта дау Тарапының біреуіне немесе дау Тараптарының екеуіне де жазбаша нысанда сұрақ қоя алады. Әрбір дау Тарапы төрелік комиссия қойған кез келген сұрақтардың көшірмесін алады.

33. Дау Тарапы төрелік комиссияның сұрақтарына өзінің жазбаша жауабының көшірмесін екінші дау Тарапына жолдайды. Әрбір дау Тарапының екінші Тараптың жауабына жазбаша түсіндірме беруге мүмкіндігі бар, олар осындай жауап алынған күннен бастап бес күн ішінде жолдануға тиіс.

Қ ұ п и я л ы л ы қ

34. Даудың әрбір Тарапы және оның кеңесшілері даудың екінші Тарапы құпия ретінде белгілеп, осы Тарап төрелік комиссияға ұсынған кез келген ақпаратты құпия ретінде қарайды. Егер дау Тарапы төрелік комиссияға өзінің жазбаша ұсынуларының құпия нұсқасын ұсынса, сондай-ақ ол екінші Тараптың сұрау салуы бойынша және сұрау салынған не ұсынылған күннен кейін, олардың қайсысы кешірек болуына қарай, 15 күннен кешіктірмей, жұртшылық үшін ашуға болатын, оның ұсынуларында қамтылған ақпараттың құпия емес қысқаша мазмұнын және ашылмайтын ақпарат неліктен құпия болып табылу түсініктемесін жолдайды. Екінші Тарап ұсынған ақпаратқа сілтеме жасаған кезде ол екінші Тарап құпия ретінде белгілеген кез келген ақпаратты ашпаған жағдайда, осы Рәсім қағидаларда дау Тарапына жұртшылық үшін өзінің жеке ұстанымы туралы мәлімдемелерді ашуға ештеңе кедергі болмайды.

Егер Тараптың ұсынулары мен дәлелдерінде құпия ақпарат қамтылса, төрелік комиссия жабық отырыста жиналады. Егер тыңдау жабық отырыста өткізілсе, дау Тараптары мен олардың кеңесшілері төрелік комиссия тыңдауының құпиялылығын сақтауға тиіс.

Төрелік комиссия баяндамасының құпия емес нұсқасы

35. Егер төрелік комиссияның баяндамасында Тарап құпия ретінде белгілеген ақпарат қамтылса, төрелік комиссия өз баяндамасының құпия емес нұсқасын дайындайды. Тараптарға баяндаманың құпия емес нұсқасы бойынша өз түсіндірмелерін беруге мүмкіндік беріледі және төрелік комиссия баяндамасының түпкілікті құпия емес нұсқасын дайындаған кезде, олардың түсіндірмелерін назарға алады.

Б і р ж а қ т ы б а й л а н ы с т а р

36. Төрелік комиссия екінші Тарап болмаған кезде Тараппен кездеспейді немесе байланыс ұстамайды.

37. Төрелік комиссияның бірде-бір мүшесі басқа төрешілер болмаған кезде дау Тараптарының біреуінің немесе екеуінің талқылау нысанасының кез келген аспектісін талқылай алмайды.

Консультативтік қорытындылар

38. Егер Тараптар төрелік комиссия құрылған күннен бастап үш күн ішінде өзгеше

уағдаласпаса, төрелік комиссия, дау Тараптарының үкіметтерінен тәуелсіз болып табылатын жеке және дау Тараптың аумағында құрылған заңды тұлғалардан ерікті жазбаша ұсынуларды, олар төрелік комиссия құрылған күннен бастап он күн ішінде жеткізілген және қысқа болған, әрі қосарлы аралықпен басылған 15 парақтан аспайтын және олардың төрелік комиссияның қарауындағы нақты немесе заң мәселесіне тікелей қатынасы болатын шартпен, қабылдай алады.

39. Ұсынуда жеке немесе заңды тұлға болуына қарамастан, ұсынуды жіберген тұлғаның сипаттамасы, оның ішінде оның азаматтығы немесе заңды тұлғаның құрылған жері, қызметінің сипаты, құқықтық мәртебесі, жалпы мақсаттары мен қаржыландыру көзі қамтылады және тұлғаның төрелік комиссия талқылауындағы мүддесінің сипаты көрсетіледі. Ұсыну осы Рәсім қағидаларының 42 және 43-қағидаларына сәйкес дау Тараптары таңдаған тілдерде жасалады.

40. Төрелік комиссия өзінің баяндамасында Рәсім қағидаларының 38 және 39-қағидаларына сәйкес келетін, алынған барлық ұсынуларды атап көрсетеді. Төрелік комиссия мұндай ұсынуларда көрсетілген дәлелерді баяндамасында пайдалануға міндетті емес. Кез келген мұндай ұсыну дау Тараптарына олардың түсіндірмелер жасауы үшін жеткізіледі. Дау Тараптарының түсіндірмелері ұсыну алынған кезден бастап он күн ішінде жеткізіледі және кез келген осындай түсіндірмелерді төрелік комиссия назарына алады.

#### Ш ұ ғ ы л ж а ғ д а й л а р

41. Осы Келісімнің III Бөлімінің (Сауда және кәсіпкерлік) 14-тарауында (Дауларды реттеу) көрсетілген шұғыл жағдайларда төрелік комиссия Тараптармен консультациялар жүргізгеннен кейін осы Рәсім қағидаларда көрсетілген мерзімдерді түзетеді және Тараптарды осындай түзетулер туралы хабардар етеді.

#### Ж а з б а ш а ж әне а у ыз ш а а у д а р м а

42. Осы Келісімнің 174-бабында көрсетілген консультациялар барысында және осы Рәсім қағидаларының 8-қағидасының (е)-тармағында көрсетілген кездесуден кешіктірмей, дау Тараптары төрелік комиссияға дейін талқылаудың жалпы жұмыс тілін келісуге ұмтылады.

43. Егер дау Тараптары жалпы жұмыс тіліне қатысты келісімге келе алмаса, әрбір Тарап жазбаша ұсынуларын өзі таңдаған тілде жасайды. Мұндай жағдайда бұл Тарап бір мезгілде егер, оның ұсынулары ДСҰ-ның жұмыс тілдерінің бірінде жасалмаса ғана, екінші Тарап таңдаған тілдегі аудармасын қамтамасыз етеді. Өзіне қарсы шағым берілген Тарап ауызша ұсынуларды Тараптар таңдаған тілдерге аудару жөнінде ш а р а л а р қ о л д а н а д ы .

44. Төрелік комиссияның баяндамалары дау Тараптары таңдаған тілде немесе т і л д е р д е ш ы ғ а р ы л а д ы .

45. Даудың кез келген Тарапы осы Рәсім қағидаларға сәйкес жасалған құжаттың кез келген аударылған нұсқалары аудармасының дәлдігі туралы түсіндірме ұсына алады.

46. Әрбір Тарап өзінің жазбаша ұсынымдарының аудармасына байланысты шығыстарды көтереді. Төрелік комиссияның баяндамасын аудару мақсаттары үшін жұмсалған кез келген шығыстар дау Тараптарының арасында теңдей бөлінеді.

Б а с қ а                    д а                    р ә с і м д е р

47. Осы Рәсім қағидалары осы Келісімнің 174-бабына, 184-бабының 2-тармағына, 185-бабының 2-тармағына, 186-бабының 3-тармағына және 187-бабының 2-тармағына сәйкес белгіленген рәсімдерге де қолданылады. Алайда, осы Рәсім қағидаларында белгіленген мерзімдерді төрелік комиссиясының баяндаманы сол басқа рәсімдерде қабылдауы үшін көзделген арнайы мерзімдерге сәйкес төрелік комиссия түзетеді.

## **VI ҚОСЫМША ІІІ БӨЛІМНІҢ (САУДА ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК) 14-ТАРАУЫНА (ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУ) СӘЙКЕС ТӨРЕЛІК КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІ МЕН МЕДИАТОРЛАРДЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ КОДЕКСІ**

А й қ ы н д а м а л а р

1. Осы Мінез-құлық кодексінде:

(a) «төреші» осы Келісімнің 177-бабына сәйкес ресми құрылған төрелік комиссияның мүшесін білдіреді;

(b) «кандидат» есімі осы Келісімнің 196-бабында көрсетілген төрешілердің тізіміне кірген және осы Келісімнің 177-бабына сәйкес төрелік комиссияның мүшесі ретінде сайлану үшін қарастырылатын адамды білдіреді;

(c) «көмекші» төрешіні тағайындау шарттарына сәйкес зерттеу жүргізетін немесе төрешіге көмек көрсететін адамды білдіреді;

(d) «талқылау», егер өзгеше айқындалмаса, осы Келісімнің ІІІ Бөлімінің (Сауда және кәсіпкерлік) 14-тарауына (Дауларды реттеу) сәйкес төрелік комиссияның т а л қ ы л а у ы н білдіреді;

(e) «персонал» көмекшілерден басқа, төрешіге қатысты төрешінің басшылығы мен бақылауындағы тұлғаларды білдіреді;

(f) «медиатор» осы Келісімге VII қосымшаға сәйкес медиация рәсімін жүргізетін т ұ л ғ а н ы білдіреді.

П р о ц е с т е г і                    м і н д е т т е р

2. Әрбір кандидат пен төреші дауларды реттеу тетігінің тұтастығы мен бейтараптығын сақтау мақсатында дәрекіліктен және дәрекілік көріністерінен аулақ болады, тәуелсіз және бейтарап болады, мүдделердің тікелей және жанама қайшылықтарынан аулақ болады және мінез-құлықтың жоғары стандарттарын сақтайды. Бұрынғы төрешілер осы Мінез-құлық кодексінің 15, 16, 17 және 18-қағидаларында белгіленген міндеттемелерді орындауға тиіс.

А қ п а р а т т ы                    а ш у                    ж ө н і н д е г і                    м і н д е т т е м е л е р

3. Осы Келісімнің ІІІ Бөлімінің (Сауда және кәсіпкерлік) 14-тарауына (Дауларды

реттеу) сәйкес төреші ретінде таңдалғаны расталғанға дейін кандидат өзінің тәуелсіздігіне немесе бейтараптығына әсер ету болжамдалған немесе талқылаулар негізді түрде дәрекілік пен біржақтылық көріністерін туғызатын кез келген мүддені, қатынастарды немесе мәселелерді ашады. Сол мақсатта осындай кез келген мүдделер, қатынастар мен мәселелер туралы білу үшін кандидат ақылға қонымды барлық күш - жігерін салады.

4. Кандидат немесе төреші осы Мінез-құлық кодексінің нақты немесе ықтимал бұзушылықтарға қатысты мәселелер туралы Тараптардың қарауы үшін жазбаша нысанда Ынтымақтастық комитетіне ғана хабарлайды.

5. Сайланғаннан кейін төреші осы Мінез-құлық кодексінің 3-қағидасында көрсетілген кез келген мүдделер, қатынастар немесе мәселелер туралы білу үшін ақылға қонымды барлық күш-жігерін салуды жалғастырады және оларды ашады. Ашу жөніндегі міндеттеме төрешіден талқылаулардың кез келген сатысында туындауы мүмкін кез келген осындай мүдделерді, қатынастарды немесе мәселелерді ашуды талап ететін тұрақты міндет болып табылады. Төреші осындай мүдделерді, қатынастарды немесе мәселелерді Тараптардың қарауы үшін Ынтымақтастық комитетіне жазбаша нысанда ақпарат беру арқылы ашады. Төрешілердің міндеттері

6. Сайланғаны расталғаннан кейін төреші жұмыс істеуге дайын болады және бүкіл талқылаулар барысында өз міндеттерін мұқият әрі уақтылы, әділдік түрде және ынтаммен орындайды.

7. Төреші талқылауда көтерілген және төрелік комиссияның баяндамасы үшін қажетті мәселелерді ғана қарайды және аталған міндетті кез келген басқа тұлғаға бермейді.

8. Төреші өзінің көмекшісі мен персоналының осы Мінез-құлық кодексінің 2, 3, 4, 5, 16, 17 және 18-қағидаларын білуін және оларды сақтауын қамтамасыз ету үшін барлық тиісті қадамдарды қолданады.

9. Төреші талқылауларға қатысты біржақты байланыстарға араласпайды. Төрешілердің тәуелсіздігі мен бейтараптығы

10. Төреші тәуелсіз және бейтарап, дәрекілік пен біржақтылық көріністерін жасаудан аулақ болуға және жеке мүдделіліктің, сыртқы қысымның, саяси пайымдаулардың, қоғамдық наразылық пен Тарапқа бейілділіктің немесе сыннан қорқудың ықпалында болмайды.

11. Төреші өз міндеттерін тиісті орындауын кез келген жағдайда шектейтін немесе шектей алатын тікелей немесе жанама ешқандай міндеттемелерді өзіне алмайды немесе қандай да бір пайда көрмейді.

12. Төреші кез келген өзінің немесе жеке мүдделерін жылжыту үшін төрелік комиссиядағы қызмет бабын пайдаланбайды. Төреші өзіне басқа тұлғалар ықпал етеді деген әсерді туғызуы мүмкін әрекеттерден аулақ болады.



13. Төреші қаржылық, іскерлік, кәсіби, жеке немесе әлеуметтік қатынастардың немесе міндеттердің өзінің мінез-құлқына немесе шешіміне ықпал етуіне жол бермейді.

14. Төреші өзінің бейтараптығына ықпал ете алатын немесе дәрежелік пен біржақтылық көріністерін негізді түрде туғыза алатын кез келген қатынастарға түсуден немесе кез келген қаржылық мүддені иеленуден аулақ болады.

Бұрынғы төрешілердің міндеттері

15. Барлық бұрынғы төрешілер өз міндеттерін орындаған кезде біржақтылық танытты немесе төрелік комиссияның шешімінен немесе баяндамасынан пайда көрді деген әсерді туғызуы мүмкін әрекеттерден аулақ болады.

Қ ұ п и я л ы л ы қ

16. Төреші де, бұрынғы төреші де осы талқылау мақсаттарын қоспағанда, талқылауға қатысты немесе талқылау барысында алған жария емес ақпаратты ешқашан ашпайды немесе пайдаланбайды және кез келген жағдайда осындай ақпаратты жеке пайда немесе басқалардың пайда көруі немесе басқалардың мүдделеріне теріс ықпал ету мақсатында жария етпейді немесе пайдаланбайды.

17. Төреші осы Келісімнің III Бөлімінің (Сауда және кәсіпкерлік) 14-тарауына (Дауларды реттеу) сәйкес төрелік комиссияның баяндамасын немесе оның бір бөлігін ол жарияланғанға дейін ашпайды.

18. Төреші немесе бұрынғы төреші кез келген уақытта төрелік комиссия талқылаған мәселелерді немесе кез келген төрешінің пікірін ашпайды.

Ш ы ғ ы с т а р

19. Әрбір төреші рәсімдерге жұмсалған уақыт және өзінің шығыстары, сондай-ақ көмекшілері мен персоналының уақыты мен шығындары туралы есепке алуды жүргізеді және олар туралы түпкілікті есепті дайындайды.

М е д и а т о р л а р

20. Төрешілерге немесе бұрынғы төрешілерге қолданылатын осы Мінез-құлық кодексінде сипатталған тәртіп *mutatis mutandis* медиаторларға қолданылады.

## **VII ҚОСЫМША**

### **III БӨЛІМНІҢ (САУДА ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК) 14-ТАРАУЫНА (ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУ) СӘЙКЕС МЕДИАЦИЯ ТЕТІГІ**

#### **1-БАП**

##### **Мақсаты**

Осы қосымшаның мақсаты медиатордың көмегімен тұтастай және жылдам рәсім арқылы өзара келісілген шешім табуға жәрдемдесу болып табылады.

# **А БӨЛІМІ**

## **МЕДИАЦИЯ ТЕТІГІНІҢ РӘСІМДЕРІ**

### **2-БАП**

#### **Ақпарат беру туралы сұрау салу**

1. Тарап медиация рәсіміне бастамашылық жасауға дейінгі кез келген уақытта Тараптар арасындағы саудаға немесе инвестицияларға теріс әсерін тигізетін шараға қатысты ақпарат туралы жазбаша сұрау салуды жібере алады. Сұрау салу жасалған Тарап сұрау салуды алған кезден бастап 20 күн ішінде сұрау салудағы ақпарат туралы өз түсіндірмелерін қамтитын жазбаша жауапты жолдайды.

2. Егер жауап беруші Тарап сұрау салуды алған кезден бастап 20 күн ішінде жауап бере алмаймын деп есептесе, кешіктіру себептерін көрсетіп және өз жауабын жолдай алатын шамалас қысқа мерзімді белгілеп, сұрау салушы Тарапты дереу хабардар етеді.

### **3-БАП**

#### **Рәсімге бастамашылық жасау**

1. Тарап екінші Тарапқа жазбаша сұрау салуды жолдау арқылы, Тараптардың кез келген уақытта медиация рәсіміне кірісуін сұрата алады.

Сұрау салу сұрау салушы Тараптың алаңдаушылығын айқын көрсету үшін жеткілікті деңгейде егжей-тегжейлі болып табылады және:

- (а) нақты қаралатын шараны айқындайды;
- (b) сұрау салушы Тараптың пікірі бойынша, аталған шара Тараптар арасындағы саудаға немесе инвестицияларға тигізіп отырған немесе тигізетін болжамды теріс ықпалы туралы мәлімдеме ұсынады; және
- (c) сұрау салушы Тараптың осы ықпал неліктен аталған шараға байланысты деп есептейтінін түсіндіреді.

2. Медиация рәсіміне бастамашылық Тараптардың өзара келісуі бойынша ғана жасалуы мүмкін. Егер сұрау салу 1-тармаққа сәйкес жасалса, сұрау салу жасалған Тарап сұрау салуға оң ниеттестікпен қарайды және оны алған кезден бастап он күн ішінде сұрау салушы Тарапқа өзінің жазбаша келісімін немесе бас тартуын жолдайды.

### **4-БАП**

#### **Медиаторды таңдау**

1. Тараптар осы қосымшаның 3-бабының 2-тармағында көрсетілген келісімді ұсынылған кезден бастап 15 күн ішінде медиатор туралы келісімге келуге ұмтылады.

2. Тараптар осы баптың 1-тармағында көрсетілген мерзімде медиатор туралы

келісімге келмеген жағдайда, кез келген Тарап Ынтымақтастық комитетінің төрағасына немесе төрағаның өкіліне медиаторды осы Келісімнің 196-бабының 1-тармағына сәйкес белгіленген тізімнен жеребе бойынша таңдауға өтініш жасай алады. Екі Тараптың өкілдері жеребеге қатысу үшін, жеткілікті түрде алдын ала хабардар етіле отырып, шақырылады. Кез келген жағдайда жеребе Тараптың/Тараптардың қатысуымен ө т к і з і л е д і .

3. Ынтымақтастық комитетінің төрағасы немесе төрағаның өкілі 2-тармаққа сәйкес жасалған сұрау салуды алған кезден бастап бес күннің ішінде медиаторды таңдайды.

4. Егер осы Келісімнің 196-бабының 1-тармағында аталған тізім осы қосымшаның 3-бабына сәйкес сұрау салу жасалған кезге қарай қалыптастырылмаса, медиатор Тараптардың біреуі немесе екеуі де ресми ұсынған тұлғалардың арасынан жеребе б о й ы н ш а т а ң д а л а д ы .

5. Егер Тараптар өзгеше уағдаласпаса, медиатор кез келген Тараптың азаматы б о л ы п т а б ы л м а й д ы .

6. Медиатор шара және оның саудаға тигізетін ықтимал салдарлары туралы айқын түсінік енгізу үшін, сондай-ақ өзара келісілген шешімге қол жеткізу үшін Тараптарға бейтарап және ашық түрде жәрдем көрсетеді.

7. Осы Келісімге VI қосымшада белгіленген Төрелік комиссияның мүшелері мен медиаторлардың Мінез-құлық кодексі медиаторларға *mutatis mutandis* қолданылады.

8. Осы Келісімге V қосымшада белгіленген Төрелік рәсімі қағидаларының 3-7 (Хабарламалар) және 42-46 (Жазбаша және ауызша аударма) қағидалары *mutatis mutandis* қолданылады.

## **5-БАП**

### **Медиация рәсімі қағидалары**

1. Медиатор тағайындалған кезден бастап он күн ішінде медиация рәсіміне бастамашылық жасаған Тарап медиаторға және екінші Тарапқа өзінің, оның ішінде қаралатын шараның әсері мен оның саудаға тигізетін ықпалына алаңдаушылығын егжей-тегжейлі жазбаша сипаттамасын жолдайды. Екінші Тарап аталған сипаттаманы алған кезден бастап 20 күн ішінде сипаттамаға жазбаша түсіндірме жібере алады. Кез келген Тарап өзі сәйкес келеді деп санайтын кез келген ақпаратты өзінің сипаттамасына немесе түсіндірмесіне енгізе алады.

2. Медиатор қаралатын шара және оның саудаға тигізетін ықтимал ықпалы туралы айқын түсінік енгізу үшін мейілінше қолайлы тәсіл туралы шешім қабылдай алады. Атап айтқанда, медиатор Тараптар арасында кездесулер ұйымдастыра алады, Тараптарға бірлесіп немесе жеке-жеке консультация бере алады, тиісті сарапшылардан немесе мүдделі тараптардан көмек сұрай алады немесе консультация ала алады және Тараптар сұраған кез келген қосымша қолдауды көрсете алады. Медиатор тиісті

сарапшылар мен мүдделі тараптардан көмек немесе консультациялар сұрар алдында  
Тараптармен консультация жүргізеді.

3. Медиатор қаралатын шараның осы Келісімге сәйкестігіне қатысты кеңес немесе оған түсіндірме бермейді. Медиатор кеңес бере алады және Тараптардың қарауы үшін шешімді ұсына алады. Тараптар ұсынылған шешімді қабылдауы немесе қабылдаудан бас тартуы немесе басқа шешім туралы уағдаласуы мүмкін.

4. Медиация рәсімі сұрау салу жолданған Тараптың аумағында немесе өзара келісім бойынша кез келген басқа жерде немесе кез келген басқа құралдардың көмегімен өткізіледі.

5. Тараптар медиатор тағайындалған кезден бастап 60 күн ішінде өзара келісілген шешімге қол жеткізуге ұмтылады. Түпкілікті уағдаластықты күту кезінде Тараптар ықтимал аралық шешімдерді қарастыра алады.

6. Өзара келісілген шешім немесе аралық шешім Ынтымақтастық комитетінің шешімі арқылы қабылдануы мүмкін. Өзара келісілген шешімдер жарияланады. Жұртшылыққа арналған ашық нұсқада Тарап құпия ретінде белгілеген ешқандай ақпарат қамтылмайды.

7. Тараптардың өтініші бойынша медиатор: (i) қаралатын шараның; (ii) кейінгі рәсімдердің; және (iii) кез келген қол жеткізілген өзара келісілген шешімнің, оның ішінде ықтимал аралық шешімдердің қысқаша сипаттамасын қамтамасыз ететін, Тараптарға фактологиялық баяндаманың жобасын жолдайды. Медиатор Тараптарға 15 күн ішінде баяндама жобасына түсіндірме беруге мүмкіндік береді. Осы кезең ішінде алынған Тараптардың түсіндірмелерін қарастырғаннан кейін медиатор 15 күн ішінде Тараптарға түпкілікті фактологиялық баяндаманы жолдайды. Фактологиялық баяндама осы Келісімнің қандай да бір түсіндірмелерін қамтымайды.

8. Рәсім:

(a) Тараптардың өзара келісілген шешімді қабылдауы, оны қабылдаған күні;  
(b) рәсімнің кез келген сатысында Тараптардың өзара уағдаластығы, осындай уағдаластық күні;

(c) Тараптармен консультациялардан кейін медиатордың медиациядағы бұдан кейінгі күш-жігерінің пайдасыз екені туралы жазбаша өтініші, осындай өтініш жасалған күні; немесе

(d) медиация рәсім шеңберінде өзара келісілген шешімдерді зерделегеннен кейін және кез келген кеңесті мен медиатор ұсынған шешімдерді қарастырғаннан кейін Тараптың жазбаша өтініші, осындай өтініш жасалған күні, арқылы тоқталады.

## **В БӨЛІМІ**

### **ОРЫНДАУ**

## **6-БАП**

### **Өзара келісілген шешімді орындау**

1. Егер Тараптар шешім туралы уағдаластыққа қол жеткізбесе, әрбір Тарап өзара келісілген шешімді келісілген мерзімде орындау үшін қажетті шаралар қолданады.

2. Орындаушы Тарап екінші Тарапты өзара келісілген шешімді орындау үшін қолданылған кез келген қадамдар немесе шаралар туралы жазбаша нысанда хабардар етеді.

## **С БӨЛІМІ**

### **ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

## **7-БАП**

### **Құпиялылық және дауларды реттеуге қатысы**

1. Егер Тараптар өзгеше уағдаласпаса және осы қосымшаның 5-бабының 6-тармағына нұқсан келтірмей рәсімнің барлық кезеңдері, оның ішінде кез келген кеңестер немесе ұсынылған шешім құпиялы болып табылады. Дегенмен, кез келген Тарап жұртшылыққа медиацияның орын алғаны туралы фактіні аша алады.

2. Медиация рәсімі осы Келісімнің III Бөлімінің (Сауда және кәсіпкерлік) 14-тарауы (Дауларды реттеу) немесе кез келген басқа келісім бойынша Тараптардың құқықтары мен міндеттемелеріне нұқсан келтірмейді.

3. Осы Келісімнің III Бөлімінің (Сауда және кәсіпкерлік) 14-тарауына (Дауларды реттеу) сәйкес медиация рәсімі басталғанға дейін консультациялар талап етілмейді. Алайда, Тарап медиация рәсімін бастамас бұрын осы Келісімде көзделген ынтымақтастық немесе консультациялар туралы басқа да тиісті ережелерді п а й д а л а н а д ы .

4. Тарап осы Келісім немесе кез келген басқа да келісім бойынша дауларды реттеу жөніндегі басқа рәсімдердегі:

(а) медиация рәсімі барысында екінші Тарап ұстанып отырған ұстанымға немесе осы қосымшаның 5-бабының 2-тармағына сәйкес жиналған ақпаратқа;

(б) екінші Тарап медиация нысанасы болып табылатын шараға қатысты шешім қабылдауға өзінің дайын екені туралы мәлімдеген фактіге; немесе

(с) медиатор жасаған ұсынымдар мен ұсыныстарға сүйенбейді немесе оларды дәлелдеме ретінде ұсынбайды және төрелік комиссия оларды назарға алмайды.

5. Медиатор осы Келісім немесе ДСҰ келісімі бойынша дауды реттеу барысында өзі медиатор болып табылған, сол бір мәселе қарастырылған талқылауда төрелік комиссия мүшесі ретінде жұмыс істей алмайды.

## **8-БАП**

### **Мерзімдер**

Осы қосымшада аталған кез келген мерзім Тараптар арасындағы өзара келісім бойынша өзгертілуі мүмкін.

## **9-БАП**

### **Шығындар**

1. Әрбір Тарап медиация рәсіміне қатысудан туындайтын өзінің жеке шығыстарын көтереді.

2. Тараптар ұйымдастырушылық мәселелері бойынша, оның ішінде медиатордың сыйақылары мен шығыстары бойынша шығыстарды бірге және теңдей көтереді. Медиатор сыйақысы осы Келісімге V қосымшада жазылған Рәсім қағидаларының 8-қағидасының (е)-тармағына сай төрелік комиссия төрағасы үшін көзделген сыйақыға сәйкес болады.

## **КЕДЕН ІСТЕРІНДЕГІ ӨЗАРА ӘКІМШІЛІК КӨМЕК ТУРАЛЫ ХАТТАМА**

### **1-БАП**

#### **Айқындамалар**

Осы Хаттаманың мақсаттары үшін:

(a) «кеден заңнамасы» Тараптар аумағында қолданылатын, тыйым салу, шектеу және бақылау жөніндегі шараларды қоса алғанда, тауарлардың импортын, экспорты мен транзитін және оларды кез келген кеден режиміне немесе рәсіміне сәйкес орналастыруды реттейтін кез келген құқықтық немесе нормативік ережелерді білдіреді;

(b) «өтініш беруші орган» осы Хаттамаға сәйкес көмек көрсету туралы сұрау салу салатын және осы мақсат үшін Тарап айқындаған құзыретті әкімшілік органды білдіреді;

(c) «сұрау салынатын орган» осы Хаттамаға сәйкес көмек көрсету туралы сұрау салуды алатын және осы мақсат үшін Тарап айқындаған құзыретті әкімшілік органды білдіреді;

(d) «дербес деректер» анықталған немесе анықталатын жеке тұлғаға байланысты кез келген ақпаратты білдіреді;

(e) «кеден заңнамасын бұзатын операция» кеден заңнамасының кез келген бұзушылығын немесе оны бұзу әрекетін білдіреді.

## 2-БАП

### Қолданылу саласы

1. Тараптар кеден заңнамасын бұзатын операциялардың алдын алу, оларды тергеп-тексеру және оларға қарсы күресу арқылы өзінің кеден заңнамасының дұрыс қолданылуын қамтамасыз ету үшін осы Хаттамада айқындалған тәртіппен және шарттарға сәйкес өз құзыреті аясында бір-біріне көмек көрсетеді.

2. Осы Хаттамада көзделген, кеден істеріндегі көмек осы Хаттаманы қолдану құзыреті бар, Тараптардың кез келген әкімшілік органына қолданылады. Ол қылмыстық істерде өзара көмек көрсетуді реттейін қағидаларға нұқсан келтірмейді және ақпаратты беруді сот органы рұқсат еткен жағдайлардан басқа, ол осы органның сұрау салуы бойынша өкілеттіктерді жүзеге асыру арқылы алынған ақпарат алмасуды қамтымайды.

3. Баждарды, салықтар мен айыппұлдарды жинауға байланысты мәселелер жөніндегі көмек осы Хаттамада қамтылмайды.

## 3-БАП

### Сұрау салу бойынша көмек

1. Өтініш беруші органның өтініші бойынша сұрау салынатын орган оған, кеден заңнамасын бұзатын операция болып табылатын немесе табылуы мүмкін көрсетілген немесе жоспарланып отырған қызмет туралы ақпаратты қоса алғанда, кеден заңнамасының дұрыс қолданылуына көзін жеткізуге мүмкіндік беретін барлық тиісті ақпаратты ұсынады.

2. Өтініш беруші органның өтініші бойынша сұрау салынатын орган оған:

(а) орындылығына қарай, тауарларға қолданылған кеден рәсімдерін көрсете отырып, Тарап аумағынан тауар экспортының және екінші Тарап аумағына импорттың мән-жайлары (фактілері мен шарттары) туралы;

(б) орындылығына қарай, тауарларға қолданылған кеден рәсімдерін көрсете отырып, Тарап аумағына тауар импортының және екінші Тарап аумағынан экспорттың мән-жайлары (фактілері мен шарттары) туралы ақпарат береді.

3. Өтініш беруші органның өтініші бойынша сұрау салынатын орган өзінің құқықтық немесе нормативтік ережелері шеңберінде:

(а) өздеріне қатысты кеден заңнамасын бұзу операцияларына тартылған немесе тартылды деп есептеуге жеткілікті негіздер бар жеке немесе заңды тұлғаларға;

(б) өздеріне қатысты кеден заңнамасын бұзу операциялары орын алды деп күдіктенуге жеткілікті негіздер бар, тауарларды сақтау орындарына;

(с) өздеріне қатысты кеден заңнамасын бұзу операциялары орын алды деп күдіктенуге жеткілікті негіздер бар тасымалданатын немесе тасымалдануға арналған

т а у а р л а р ғ а ;

(d) өздеріне қатысты кеден заңнамасын бұзу операциялары орын алды деп күдіктенуге жеткілікті негіздер бар тауарларды тасымалдауды жүзеге асыратын көлік құралдарына арнайы қадағалауды қамтамасыз ету үшін қажетті қадамдар жасайды.

#### **4-БАП**

##### **Ерікті түрде көмек көрсету**

Егер Тараптар кеден заңнамасының дұрыс қолданылуы үшін қажет деп есептесе, өздерінің жеке бастамасы бойынша және өздерінің құқықтық немесе нормативтік ережелеріне сәйкес, атап айтқанда:

(a) кеден заңнамасын бұзатын операция болып табылатын немесе солай түсінілетін және екінші Тарап үшін қызығушылық туғызуы мүмкін қызметке;

(b) кеден заңнамасын бұзатын операцияларды өткізген кезде пайдаланылатын жаңа құралдар мен әдістерге;

(c) кеден заңнамасын бұзатын операциялардың нысанасы болып табылатындығы белгілі болған тауарларға;

(d) кеден заңнамасын бұзатын операцияларға тартылған немесе тартылды деп есептеуге жеткілікті негіздер бар жеке немесе заңды тұлғаларға;

(e) кеден заңнамасын бұзатын операцияларда пайдаланылды, пайдаланылуда немесе пайдаланылуы мүмкін деп есептеуге жеткілікті негіздер бар көлік құралдарына қатысы бар ақпаратты ұсыну арқылы бір-біріне көмек көрсетеді.

#### **5-БАП**

##### **Жеткізу және хабардар ету**

Өтініш беруші органның өтініші бойынша сұрау салынатын орган соңғысына қолданылатын құқықтық немесе нормативтік ережелерге сәйкес сұрау салынатын органның аумағында орналасқан немесе құрылған адресатқа өтініш беруші органның шығатын және осы Хаттама қолданылатын кез келген құжаттарды жеткізу үшін немесе кез келген шешімдер туралы хабардар ету үшін барлық қажетті шараларды қолданады.

Құжаттарды жеткізуге немесе шешімдер туралы хабардар етуге сұрау салулар жазбаша нысанда сұрау салынатын органның ресми тілінде немесе осы орган үшін қолайлы тілде жасалады.

#### **6-БАП**

##### **Көмек көрсету туралы сұрау салулардың нысаны мен мазмұны**

1. Осы Хаттамаға сәйкес сұрау салулар жабаша нысанда жасалады. Оларға сұрау салуды орындау үшін қажетті құжаттар қоса беріледі. Қажет болған кезде, жағдайдың



жеделдігіне байланысты ауызша сұрау салулар қабылдануы мүмкін, бірақ олар дереу жазбаша нысанда расталуға тиіс.

2. 1-тармаққа сәйкес сұрау салулар мынадай ақпаратты қамтиды:

(a) өтініш беруші орган;

(b) сұрау салудың мақсаты мен себебі;

(c) сұрау салынатын шара;

(d) құқықтық немесе нормативтік ережелер мен басқа да тиісті құқықтық элементтер;

(e) тексеруге жататын жеке немесе заңды тұлғалар туралы мүмкіндігіне қарай нақты және толық мәліметтер;

(f) тиісті фактілер мен жүргізілген тексеру туралы мәліметтер;

(g) сұрау салуды орындау үшін қажетті өзге де кез келген тиісті ақпарат.

3. Сұрау салулар сұрау салынатын органның ресми тілінде немесе осындай орган үшін қолайлы тілде ұсынылады. Осы талап 1-тармаққа сәйкес сұрау салуға қоса берілетін кез келген құжаттарға қолданылмайды.

4. Егер сұрау салу 1-3-тармақтарда жазылған формальды талаптарға сәйкес келмесе, оның түзетілуі немесе сұратылуы мүмкін, сонымен бірге, қамтамасыз ету шаралары да жазылуы мүмкін.

## 7-БАП

### Сұрау салуларды орындау

1. Көмек көрсету туралы сұрау салуды орындау мақсатында сұрау салынатын орган өз жеке мүдделерінде немесе өз Тарапының басқа органдарының өтініші бойынша іс-қимыл жасағандай, органда бар ақпаратты ұсыну, тиісті тексерулерді жүргізу немесе оларды жүргізуге жағдайларды ұйымдастыру арқылы өз құзыреті мен қолда бар ресурстары шегінде әрекеттер етеді. Егер сұрау салынатын орган дербес іс-қимыл жасай алмаса, бұл оның сұрау салуы жолданған кез келген басқа органға да қолданылады.

2. Көмек көрсету туралы сұрау салулар сұрау салынатын Тараптың құқықтық немесе нормативтік ережелеріне сәйкес орындалады. Егер сұрау салу орындалмайтын болса, сұрау салушы Тарапқа бұл туралы дереу ақпарат беріледі.

3. Тараптың тиісті түрде уәкілеттік берілген қызметкерлері екінші Тараптың келісімімен және соңғысы айқындаған шарттарға сәйкес кеден заңнамасын бұзатын операция болып табылатын немесе табылуы мүмкін әрекетке байланысты және осы Хаттаманың мақсаттары үшін өтініш беруші органға қажетті ақпаратты алу үшін 1-тармаққа сәйкес сұрау салынатын органның немесе басқа да мүдделі органдардың кеңселерінде бола алады.

4. Қатысушы Тараптардың бірінің тиісті түрде уәкілеттік берілген қызметкерлері

екінші Тараптың келісімімен және соңғысы айқындаған шарттарға сәйкес соңғысының аумағында жүргізілетін тексерулерге қатыса алады.

## **8-БАП**

### **Ақпарат берілуге тиіс нысан**

1. Сұрау салынатын орган тексеру нәтижелерін тиісті құжаттармен, куәландырылған көшірмелермен немесе басқа да құжаттармен бірге жазбаша нысанда өтініш беруші органға хабарлайды.

2. Аталған ақпарат электрондық нысанда болуы мүмкін.

3. Құжаттардың түпнұсқалары куәландырылған көшірмелер жеткіліксіз болған жағдайларда ғана сұрау салу бойынша беріледі. Бұл түпнұсқалар бірінші мүмкіндік болған кезде қайтарылады.

## **9-БАП**

### **Көмек көрсету жөніндегі міндеттемеден ерекшеліктер**

1. Бір Тарап осы Хаттамаға сәйкес көмек:

(a) Қазақстан Республикасының немесе осы Хаттама бойынша көмек көрсету туралы сұрау салу жіберілген Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттің егемендігіне нұқсан келтіруі мүмкін; немесе

(b) мемлекеттік саясатқа, қауіпсіздікке немесе басқа да өмірлік маңызды мүдделерге, атап айтқанда осы Хаттаманың 10-бабының 2-тармағында көрсетілген жағдайларда нұқсан келтіруі мүмкін; немесе

(c) өнеркәсіптік, коммерциялық немесе қызметтік құпияны бұзады деп есептеген жағдайларда, көмек көрсетуден бас тартылуы мүмкін немесе белгілі бір шарттар немесе талаптар сақталған кезде ұсынылуы мүмкін.

2. Сұрау салынатын орган жүргізіліп жатқан тергеп-тексеруге, қудалауға немесе талқылауға кедергі жасауы мүмкін деген негізбен көмек көрсетуді кейінге қалдыруы мүмкін. Бұл жағдайда сұрау салынатын органға қажет болуы мүмкін мерзімдерді немесе шарттарды сақтай отырып, көмек көрсету мүмкіндігін айқындау мақсатында сұрау салынатын орган өтініш беруші органмен консультациялар өткізеді.

3. Егер өтініш беруші органға сұрау салынған жағдайда өзі көрсете алмайтын көмек қажет болса, ол өзінің сұрау салуында осы фактіге назар аударады. Онда сұрау салынатын орган осындай сұрау салуға қалай жауап беретіндігін шешеді.

4. 1 және 2-тармақтарда аталған жағдайлар туындаған кезде сұрау салынатын органның шешімі және осындай шешімнің себептері өтініш беруші органға кідіріссіз хабарлануға тиіс.

## 10-БАП

### Ақпарат алмасу және құпиялылық

1. Осы Хаттама бойынша қандай да болсын нысанда берілген кез келген ақпарат, әрбір Тарапта қолданылатын қағидаларға қарай құпиялы немесе шектеулі сипатта болады. Осы ақпаратқа қызметтік құпияға байланысты міндеттеме қолданылады және осы ақпаратты алған Тараптың тиісті заңдары, сондай-ақ Еуропалық одақтың институттарына қолданылатын тиісті ережелер негізінде ол осыған ұқсас ақпарат қамтамасыз етілетін қорғаумен қамтамасыз етіледі.

2. Дербес деректермен алмасу, егер оларды ала алатын Тарап оны ұсына алатын Тарапты тиісті есептейтін дәрежеде осындай деректерді қорғауға міндеттенген жағдайда ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

3. Осы Хаттамаға сәйкес алынған ақпаратты кеден заңнамасын бұзатын операцияларға қатысты қозғалған сот немесе әкімшілік істерде пайдалану осы Хаттаманың масаттарына арналған деп есептеледі. Осылайша, Тараптар өз хаттамаларында, есептері мен растамаларында, сондай-ақ сотқа берілген талқылаулар мен айыптауларда осы Хаттаманың ережелеріне сәйкес алынған ақпарат пен анықтама құжаттарын дәлелдеме ретінде қолдана алады. Осындай ақпаратты немесе осындай құжаттарға рұқсатты берген құзыретті орган осындай пайдалану туралы хабардар е т і л е д і .

4. Осы Хаттамаға сәйкес алынған ақпарат осы Хаттамада көрсетілген мақсаттар үшін ғана пайдаланылады. Егер Тараптардың бірі осы ақпаратты басқа мақсаттарда пайдаланғысы келсе, ол ақпарат ұсынған органның алдын ала жазбаша келісімін алады. Кейіннен осындай пайдалану, осы орган айқындаған кез келген шектеулерге жатады.

## 11-БАП

### Сарапшылар мен куәлар

Сұрау салынатын органың лауазымды тұлғасына осы Хаттамада қамтылатын мәселелерге қатысты сот немесе әкімшілік талқылаулар барысында берілген өкілеттіктер шегінде сарапшы немесе куә болуға уәкілеттік берілуі мүмкін және ол талқылау үшін қажет болуы мүмкін заттарды, құжаттарды немесе олардың куәландырылған көшірмелерін ұсына алады. Лауазымды тұлғаға сұрау салуды өтініш беруші орган жасайды және сұрау салуда, атап айтқанда, лауазымды тұлға қандай сот немесе әкімшілік органның алдында, қандай мәселелер бойынша және қандай сипатта ( лауазымда немесе біліктілікте) сөз сөйлейтіні көрсетілуге тиіс.

## 12-БАП

### Көмек көрсету бойынша шығыстар

Тараптар, орындылығына қарай, сарашылар мен куәларға арналған шығыстарды, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын ауызша және жазбаша аудармашыларға арналған шығыстарды қоспағанда, осы Хаттамаға сәйкес шығыстарды өтеу бойынша бір-біріне қойылатын барлық талаптардан бас тартады.

## 13-БАП

### Орындау

1. Осы Хаттаманы орындау, бір жағынан, Қазақстан Республикасының кеден органдарына және екінші жағынан, Еуропалық Комиссияның құзыретті органдарына және қажеттілігіне қарай Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдарына жүктеледі. Олар қолданыстағы, атап айтқанда, деректерді қорғау саласындағы қағидаларды ескере отырып, оны қолдану үшін қажетті барлық практикалық шаралар мен уағдаластықтар бойынша шешімдер қабылдайды.

2. Тараптар осы Хаттаманың ережелеріне сәйкес қабылданған егжей-тегжейлі орындау қағидаларына қатысты бір-бірімен консультациялар жасайды және одан әрі бір-біріне ақпарат береді.

## 14-БАП

### Басқа да келісімдер

1. Еуропалық Одақтың және Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттердің тиісті құзыреттерін назарға ала отырып, осы Хаттаманың ережелері:

(а) Тараптардың кез келген басқа халықаралық келісім немесе конвенция бойынша міндеттемелеріне әсер етпейді;

(б) Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одаққа жекелеген мүше мемлекеттері арасында жасалған немесе жасалуы мүмкін өзара көмек туралы келісімдерді толықтырады деп есептеледі; және

(с) осы Хаттамаға сәйкес алынған және Еуропалық Одақ үшін немесе Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттер үшін қызығушылық туғызуы мүмкін кез келген ақпараттың Еуропалық Комиссияның құзыретті қызметтері мен Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдары арасында берілуін реттейтін Еуропалық Одақтың ережелеріне әсер етпейді.

2. Осы баптың 1-тармағына қарамастан, осы Хаттаманың ережелері Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одаққа жекелеген мүше мемлекеттер арасында жасалған немесе жасалуы мүмкін өзара көмек туралы кез келген екіжақты келісімдердің ережелерінен соңғысының ережелері осы Хаттаманың ережелерімен үйлеспейтін бөлігінде б а с ы м д ы қ қ а и е .

3. Тараптар осы Хаттаманың қолданылуына байланысты мәселелерге қатысты Тараптар арасында кеден істері бойынша тұрақты диалог шеңберінде мәселелерді шешу үшін бір-бірімен консультациялар өткізеді.

Екі мың он бесінші жылғы жиырма бірінші желтоқсанда Астанада жасалды.

Совершено в Астане двадцать первого декабря две тысячи пятнадцатого года.

Съставено в Астана на двадесет и първи декемврид вехияди и петнадесетагодина.

Hecho en Astana, el veintiuno de diciembre de dos mil quince.

V Astanědnevacátěhoprvníhoprosincadvatisícepatnáct.

Udfærdiget i Astana den enogtyvende december to tusind og femten.

Geschehen zu Astana am einundzwanzigsten Dezember zweitausendfünfzehn.

Kahetuhandeviieteistkümnendaaastadetsembrikuukahekümneesimeselpäeval Astanas.

Έγινε στην Άστανα, στις είκοσι μία Δεκεμβρίου δύο χιλιάδες δεκαπέντε.

Done at Astana on the twenty first day of December in the year two thousand and fifteen.

Fait à Astana, le vingt et un décembre deux mille quinze.

Sastavljeno u Astanidvadesetprvogprosincadvijetisućepetnaeste.

Fatto a Astana, addì ventuno dicembreduemilaquindici.

Astanā, divi tūkstošipiecpadsmītāgadadivdesmitpirmajādecembrī.

PriimtadutūkstančīaipenkioliktuometuģuodžiodvidešimtpirmādienāAstanoje.

KeltAsztanában, a akétezer-

tizenötödikévdécemberhavánakhuszonegyediknapján.

Magħmulf'Astana, fil-wieħed u għoxrinjumta' Dicembrufis-sena elfejn u ħmistax.

Gedaan te Astana, eenentwintig december tweeduizend vijftien.

Sporządzono w Astanie dnia dwudziestego pierwszego grudnia roku dwa tysiące piętnastego.

Feito em Astana, em vinte e um de dezembro de dois mil e quinze.

Întocmitla Astana la douăzecișiunudecembriedouămiiicincisprezece.

V Astanedvadsiatehoprvéhodecembradvetisícpätnást'.

V Astani, dneenaindvajsetegadecembraletadvatisočpetnajst.

Tehty Astanassa kahdentenakymmenentenäensimmäisenä päivänä joulukuuta vuonna kaksituhattaviisitoista.

Som skedde i Astana den tjugoförsta december år tjugohundrafemton.

Р Қ А О - н ы ң

е с к е р т п е с і !

Бұдан әрі Келісімнің ағылшын тіліндегі мәтіні берілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК